6. История Казахстана с ее конкретными памятниками, событиями и судьбами личностей вошла в образ мышления, повседневный быт людей как национальное достояние. Воспитание историей оказывает реальное содействие формированию казахстанской толерантности, патриотизма, менталитета, идентичности. Достаточно вспомнить, например, возмущение общественности, вызванное некорректными историческими вопросами ЕНТ или вольным отношением рекламщиков Алматы к портретным изображениям Курмангазы и Пушкина. Не менее остро реагируют казахстанцы на высказывания высокопоставленных лиц и крупных ученых стран дальнего и ближнего зарубежья относительно национальной истории и государственности. Подобная активная позиция свидетельствует о том, что труд учителей, педагогов, ученых-историков не пропал даром.

В целом, ученые добились больших успехов в воссоздании научной картины прошлого Казахстана. Она известна и понятна профессионалам, хотя отдельные сюжеты, этапы и выводы требуют уточнения, доработки, широкого обсуждения, чего не скажешь относительно восприятия движения истории массовым читателем, слушателем и зрителем. Старшее поколение наших граждан обладает поверхностными сведениями из истории Казахстана. Для кого-то она не является фактором формирования гражданской и национальной идентичности. Есть и другие противоречивые моменты и нестыковки. План Нации позволит ускорить приближение исторической науки к истине. Ибо в нем предусмотрено эффективное участие государства в наращивании потенциала науки.

5. Будущее рядом

Из пяти институциональных реформ три непосредственно связаны с государственным строительством. Ими являются: «Формирование профессионального государственного аппарата», «Обеспечение верховенства закона», «Формирование подотчетного государства». Они вкупе с остальными определяют будущее страны и людей, в том числе и науки.

Будущее исторической науки Казахстана зависит от правильного решения организационных вопросов с учетом мнения самых ученых. Среди них судьбоносное значение имеют государственное регулирование и координация исторических исследований. В этом нет никакого ограничения творческой свободы личности, более того, координирующая миссия уполномоченного органа пока не распространяется дальше распределения финансовых средств.

Государственное регулирование и координация научных поисков необходимы во избежание параллелизма, дублирования, мелкотемья, т.е. для повышения эффективности выделяемых средств (финансовых, материальных, технических и др.). Они имеют прямое отношение к обеспечению национальной безопасности. Безответственная игра с историей похожа на мину замедленного действия, последствия которой могут быть непредсказуемыми и ужасными. Ответственный поиск исторической истины же и объективность призваны объединять народы и государства. Поэтому считаем весьма важными 91 и 92-е шаги пятого направления «Формирование подотчетного государства», предписывающие переход государственного управления к госуправлению по конкретным результатам, формирование компактной системы государственного планирования.

В основе планирования лежит научное предвидение. И в этом случае есть над чем размышлять. К примеру, преобразование Национальной академии наук в республиканское общественное объединение (2003 г.) положило начало росту значения и доли вузовской науки. Этот процесс логически перерос в слияние ряда НИИ с КазНТУ им. К.И. Сатпаева и Казахским аграрно-техническим университетом им. С.Сейфуллина, в интеграцию 10 НИИ, расположенных в «Гылым Ордасы», с КазНУ им. аль-Фараби (2014 г.). Вполне возможно, что со временем НИИ исторического профиля войдут в состав крупных вузов.

План Нации призывает продолжить работу над ошибками. Он, как указано в преамбуле, закладывает коренные преобразования в обществе и государстве, главная цель которых – «лечение системных заболеваний», а не сглаживание их «внешних симптомов». Таковые наблюдаются и в области исторической науки. Они отчетливо проявились на фоне нынешнего кризиса. Одни научные коллективы продолжают получать многомиллионные субсидии, другие сидят на голом пайке, хотя оба участвуют в программе «Народ в потоке истории».

К числу организационных упущений относится неравномерное развитие научных отраслей и специальностей. Вызывает беспокойство состояние физической антропологии. Ни один исторический или биологический факультет Казахстана не ведет подготовку антропологов. Не налажено изучение мировой истории, особенно соседних государств – Китая, России, Центральной Азии. Казахстану нужен институт всеобщей истории. Пришло время открыть институт этнологии, т.к. этого требует многонациональный состав населения республики. Остро ощущается дефицит в специалистах со знанием древних и средневековых языков.

На рубеже веков дала сбои организация работы по укреплению кадрового потенциала науки. За 24 года независимости выросло новое поколение ученых-историков. Их средний возраст составляет 40-45 лет (в 1991 году им исполнилось 16-21 год). Однако социально-профессиональный уровень историков, прошедших научную аттестацию в первое десятилетие XXI в., существенно уступает уровню специалистов советской эпохи. Необходимо на порядок поднять качество подготовки PhD.

В советское время кандидат наук, не говоря уже о докторе наук, профессоре, пользовался большим авторитетом и влиянием. По уровню дохода он стоял наравне с секретарем райкома КПСС, с его мнением считались во всех инстанциях культуры, образования и науки. Переход же к рынку, осуществлённый без должного научного сопровождения, вытеснил ученых на обочину жизни. Негативные явления охватили в тот период и процесс защиты кандидатских и докторских диссертаций. В итоге в историческую науку пришло немало плагиаторов. Для оздоровления социально-профессиональной и морально-нравственной атмосферы в научной среде стоит разработать систему мер, по образцу 1-15 шагов Плана Нации, исключаящую карьерное продвижение лжеученых.

Истинная наука делается умом и талантом настоящих ученых, а не теми, кто является случайным обладателем диплома или аттестата об ученом звании и степени. Именно благодаря талантливым людям не погас свет науки в период средневековья, в эпоху колониализма, в условиях тоталитаризма. Так будет всегда.

6. Шаг в будущее

План Нации начинает работать с 2016 г. Но уже сегодня субъекты нашего общества выявляют свои силы, варианты и ресурсы для участия в нем. Желая идти в ногу со временем, а также в целях повышения эффективности гуманитарных наук, в частности исторических исследований, предлагаем следующее:

1. Создать в структуре Комитета науки Министерства образования и науки РК Департамент (управление) по координации и планированию научно-инновационных процессов. Это позволит установить оптимальный баланс между проектами программно-целевого и грантового финансирования. Мы полагаем, что две трети инвестиций по историческим проектам должна быть направлена на выполнение государственных заказов (ПЦФ), одна треть – на инициативные проекты самих ученых (ГФ). В этой связи большие задачи и ответственность возлагаются на Высшую научно-техническую комиссию, Национальный научный совет, Национальный конгресс историков, на руководителей НИИ и исторических факультетов.

2. Актуальна координация тематики научных поисков, осуществляемых коллективами НИИ и факультетов гуманитарного профиля независимо от их ведомственной принадлежности. Стоит подумать о создании межведомственной координационной комиссии Национального конгресса историков.

3. Пока от случая к случаю организована работа с коллегами из дальнего и ближнего зарубежья по объединенной их усилий вокруг конкретной научной проблемы. Мы практически не используем возможности и ресурсы Международного комитета исторических наук. Поучителен опыт сотрудничества

Ассоциации историков Китая с данной организацией, приведший к проведению 22-го Международного Конгресса исторических наук в Жинане 23-29 августа 2015 г. В рамках Конгресса было организовано более 100 научных мероприятий, в которых участвовало не менее 1000 историков из всех континентов.

4. В контексте международного сотрудничества весьма перспективно финансирование научных проектов, реализуемых под руководством известного казахстанского и зарубежного ученого. Итоги и опыт работы этого коллектива, подробно освещенные посредством СМИ, должны стать достоянием всего научно-исторического сообщества.

5. Настало время привести объем педагогических нагрузок отечественного профессорско-преподавательского состава (ППС) национальных университетов в соответствие со стандартами лучших вузов мира. Львиная доля ученых-историков Казахстана нынче сосредоточена в университетах и институтах. Пока, к сожалению, КПД их профессиональной деятельности красит больше педагогическую сферу, нежели научную.

6. История – наука синкретичная. Вне нее нельзя понять суть и содержание процессов во времени и пространстве. С другой стороны, миссия исторической науки выполняема лишь тогда, когда она опирается на достижения и передовые методы общественно-гуманитарных и естественно-технических наук. Следовательно, есть необходимость в возрождении работы методологических семинаров с участием философов, литераторов, экономистов, математиков, информатиков, политологов, всех тех, кто не равнодушен к прошлому Казахстана.

Историческая наука обращена в прошлое, но ее открытия освещают людям путь из настоящего в будущее. Выступая 29 апреля 2015 года на инаугурации Президента переизбранный Глава государства Н.А. Назарбаев раскрыл суть институциональных реформ как модернизации нации. «Именно качество нации, – говорил он, – сила духа народа, способность принять вызовы времени и идти только вперед было и будет определяющим фактором успеха государства».

Служение народу продолжается. Историческая наука должна находиться в гуще процесса ради благополучия всех казахстанцев и в интересах современного государства для всех.

ДІНИ ТАТУЛЫҚ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАЛЫПТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ

Борбасов С. – Қазақ ұлттық аграрлық университеті, с.ғ.д., профессор

Ізглеуова С. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, ф.ғ.д., доцент

Түйіндеме

Мақалада қазіргі Қазақстан қоғамында ерекше маңызға ие болып отырған діни үрдістер мен діни қатынастар мәселесі талқыланады. Бұл үрдістегі қайшылықтар, қауіптер мен ауытқулар бағаланады. Негізгі қайшылық елдегі басым конфессиялар арасында емес екендігі көрсетіледі. Қауіпті ауытқу Қазақстан мұсылман қауымы арасында болып отыр. Елдегі мұсылмандардың аз ғана бөлшегі вахабистік, салафиттік ағымдардың жетегінде жүр. Қауіп осы топтың әлемдік исламистік экстремистік топтармен одақтасуында болып отыр. Ел Үкіметі, құқық қорғау органдары, білім ошақтары діни экстремизмнің алдын алу шараларын қалай ұйымдастыру керек деген мәселе сөз болады.

Тірек сөздер: діни экстремизм, дін саясаты, конфессиялар, исламизм, миссионерлер, діни ахуал, ханафи мазһабы.

Мемлекет қауіпсіздігі көпжақты, күрделі құбылыс. Оның басты ерекшелігі егер мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бір элементі істен шығатын болса мемлекетке дағдарыс, тіптен күйреу қаупі туындайды. Ал қауіпсіздікке жауап беретін сегменттер өте көп. Олар: елдің шекаралық қауіпсіздігі, экономикалық тәуелсіздігі, халықтың әлеуметтік мәселелерінің шешіліп отыруы, азық-түліктің жеткілікті болуы, экологиялық катастрофаларға жол бермеу, ақпараттық қауіпсіздік т.б. қоғамдық қатынастардың маңызды салалары. Ал, Қазақстан сияқты полиэтникалық және поликонфессиялық мемлекет үшін жоғарыдағы қауіпсіздік факторларымен қатар елдегі діни ахуалды реттеу, немесе діни қауіпсіздіктің маңызы арта түсуде. Қазақстанда бұл мәселе тәуелсіздік үрдістерімен қатарлас пайда болды. Демократиялық, ашық және плюралистік мемлекет құруға ұмтылған Қазақстанға әлемдегі түрлі бағыттары, түрлі мақсаттары бар діни ағымдар мен секталар лап қойды. Олар әсіресе, тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында елде өздерін еркін сезініп, миссионерлік қызметтерін жандандырды. Ондаған мың қазақстандықтар түрлі мазмұндағы, мақсаттағы діни ағымдар мен секталарға мүше болды. Жаңа діндердің арасында діни экстремизмді, терроризмді уағыздайтын ағымдар да болды. Олар да қазақ жерінде өздерінің бүлдірушілік жұмыстарын бастады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген «Адам және азамат» бостандықтары туралы жалпыадамзаттық құндылықтарды қорғайтын баптарды елдегі дәстүрлі емес діни ағымдар мен секталар өздерінің эгоистік мақсаттарына пайдаланды. Олар идеологиялық және саяси әралуандықты діни әралуандықпен алмастыруға, ал ар-ұждан бостандығын толыққанды діни бостандықты уағыздаумен алмастыруды мақсат етті. Елдегі діни топтар осы мақсаттарына біршама жетті де. Қазақстан халқының біршама бөлшегінің дәстүрлі ислам мен православия діндерінен безінуіне жол берілді. Елде діни экстремистік, радикалды топтар пайда бола бастады. Олар өз жақтастарын көбейтумен белсенді айналысты. Мысалы, 1991–2011 жылдарда елдегі діни ұйымдар саны 671-ден 4551-ге өскен /1/. 20 жыл арасында діни ұйымдар 7 есеге жуық көбейген. Ал, ресми тіркелмеген құпия, латентті жұмыс жүргізіп жатқан ұйымдар мен үйірмелердің саны қаншама екендігі белгісіз. Елдегі діни білім беру жүйесінің әлсіздігінен дін қызметкерлерін дайындауды Сауд Арабиясы, Турция, Ливан, Иордания, Пәкістан сияқты елдерден шыққан миссионерлер өз қолына алды. Осы мемлекеттердің медреселерінде оқыған шәкірттер Қазақстандағы дәстүрлі ислам дінінен аулақтап кетті. Олардың біршамасы радикалистік, экстремистік ислам топтарының идеологиясын қабылдады. Заңсыз қарулы топтар құрылды. Бұл діни топтар шетелдік исламдық террористік топтармен байланыстар орнатты. Мысалы, 2008–2012 жылдар аралығында 5 жылда Қазақстанда террористік қылмыстары үшін 148, экстремистік әрекеттері үшін 160 адам сотталды. Тек, 2012 жылы ғана терроризм мен діни экстремизмге байланысты 142 қылмыс әшкерленіп, 40 адам террористік ұйымдарға мүше болғандығы үшін ұсталды /2/. Діни топтардың террористік әрекеттері Алматы, Атырау, Тараз, Ақтөбе қалаларында және бірнеше аудан орталықтарында орын алды. 2011 жылдан бастап Қазақстан халқы террористік актілермен бетпе-бет жолықты. Елдегі террористік әрекеттерді түгел дерлік діни исламистік бағыттағы топтар жасады. Сондықтан Қазақстанда діни экстремизмнің қаупі арта түсті.

Елдегі күрделі діни ахуалға байланысты Қазақстан Республикасы Президенті 2011 жылы қазанның 11-де «Діни қызмет және діни бірлестік туралы Қазақстан Республикасының заңына» қол қойды /3/. Заң мемлекеттің зайырлық сипатына негізделді. Сонымен қатар мемлекеттік билік елдегі діндердің теңдігі мен дін бостандығын мойындай отыра ханафи бағытындағы ислам мен православиялық христиан діндерінің Қазақстанда ерекше рөл атқаратындығын танытындығын ескертеді. Заң елдегі діни ахуалда шиеленістер мен қайшылықтарға жол бермеуді көздеді. Діни араздықты қоздырып елдегі саяси тұрақтылықпен қоғамдық келісімді шайқалтуды мақсат еткен мүдделі топтардың әрекеттеріне тиым салды. Ол үшін діни ағымдар мен секталардың идеалық мазмұнымен, қызметтерінің мақсаттарына сараптама жасап, елдің Конституциясы мен заңдарына сәйкес келетіндігін бағалау, сараптау жұмысы заңдастырылды. Шетелден келген діни конфессиялар ерекше назарда ұсталатын болды. Заңға сәйкес елдегі діни конфессиялар мен діни ұйымдар қайта тіркеуден өткізілді. Ал, мемлекеттік тіркеуден өтпеген конфессиялар мен ұйымдар заңсыз деп есептелінді.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңға» сәйкес елдің діни алаңы біршама ретке келтірілді. Қазақстандағы діни конфессиялардың 46 емес, 17 екендігі анықталды. Діни ұйымдармен, бірлестіктер саны 4551-ден 3088-ге дейін азайтылды. Осылайша елдегі діни ұйымдар саны 32% қысқарды. Әділет министрлігі ұсынысымен елдегі тіркеуден өтпеген 32 діни бірлестіктер сот шешімімен таратылды. Ал, елдегі дәстүрлі діндердің 2228 мешіті, православиялық христиандардың 261 приходы қайтадан тіркелді. Қайта тіркеуден кейін де елдегі конфессияаралық тепе-теңдік өзгермеді. Ислам діни ұйымдары – 72%, православия – 9%, католиктік – 3%, протестандық – 14%, қалған діни конфессиялар 2% құрады. Елде буддистік, иудейлік діни конфессиялар да өз қызметтерін жалғастырды.

Заңға негізделіп елдегі діни ұйымдар саны азайтылғанымен діни ахуал дұрыс арнаға бірден түскен жоқ. Қазақстанда діни экстремизм негізінде болатын радикализм мен терроризм құбылысы сақталды. Өздерінің түпкі мақсаттарын жасыратын дінді жамылып мемлекеттік құрылысқа қарсы агрессиялық әрекеттер жүргізетін, этносаралық, діни татулықты бұзып, ел халқын бөлшектеуді көздейтін көптеген ұйымдар мен секталар жұмыстарын жалғастыра берді. Әсіресе, уахабшылар, салафиттер сияқты діни мұсылмандық ағымдар жастарды өз соңынан ертіп, оларды Әбу Ханифа мазхабы ағымындағы, дәстүрлі ислам дінінен ауытқытты.

Уахабшылар бүгінгі қазақ қоғамына бөлшектену қаупін тудыратын ағымға айналды. Олар тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында діни курстар, қайырымдылық қорларын, араб тілін оқыту үйірмелерін ашып жастарды өзіне тартты. Араб елдеріне уахабшылықты оқыған жастар да болды. Олар елде уахабшылық идеологияны таратуды қолға алды. Өздерін салафиттерміз деп те таныстырды. Уахабилін негізін XVIII ғасырда Недж қаласында өмір сүрген діндар Мұхаммед ибн әл-Абдул-Уахаб салған /5/. Оның мақсаты – «бұрынғы ислам сахабаларының тазалығын қайтадан жаңғырту». Сенім мәселесінде құранды бұлжытпай орындау жолындағы фанатизм. Басқа діни нанымдар, ағымдармен күресте экстремизм

позициясын ұстану. Уаһхабиліктің қағидаттары: Таухид – бар құдайға сену, дінге қосылған түрлі жаңалықтардан бас тарту (бидға), діни сенімсіздікті айыптау (такфир) және кәпірлермен соғысу (джихад), Аллаға серік қосу (ширк). Осылар арқылы уаһхабилер қазақи төл салт дәстүрлерді жоққа шығарып, тиым салуды көздейді. Елдегі Конституция мен заңдарды орындау міндетті емес. Конституцияға бағыну – құдайға сену формуласын бұзу болады. Ондай адам көп құдайға табынушы (мүшрік, кәпірдің бір түрі). Пенделер жазған Конституцияны құдай сөзімен тең көріп, бағыну Алланы жоққа шығарумен бірдей, - деген бүгінгі құқықтық, зайырлы мемлекет қағидаларын бұзуды ұсынды.

Демек уаһхабшылар ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік құндылықтарын қажетсіз деп тапты. Құқықтық, демократиялық мемлекет құру мақсатын түкке тұрмайтын әрекет ретінде бағалап, құдай жолын бұзу деп айыптайды.

Уаһхабизм бүгінде көптеген діни экстремистік ұйымдардың идеологиясына айналды. Әл-Кайда, Талибан, Өзбекстан ислам қозғалысы, Хизб – ут Тахрир, салафиттер, Орта Азия моджахтереның жамағаты, Ал-Акса азат шегушілер бригадасы, Хамас, Джуид, ал Халифат (Халифат солдаттары) сияқты ұйымдар уаһхабистік діни сенімді ұстануда /6/. Олар кәпірлер қатарына мұсылман емес барлық конфессиялар өкілдерін ғана емес уаһхабистік ағымды ұстанбайтын мешіттерді, суфизмді де жатқызады. Олар үшін демократия, зайырлы қоғам, коммунизм идеяларын ұстанатындар да, кәпірлер. Уаһхабистік ағымның арасындағы «Әт Такфир уәл Нишра» ұйымы, яғни такфиршілер ислам дінінің шарттарын толық орындамаған адамды мұсылман санамайды. Мәселен, намаз оқымаған адамды кәпір санап, ондайларға қол көтеріп, қару кезенуге рұқсат береді. Демократиялық, зайырлы мемлекеттер кәпірлер елі болғандықтан, олар Құран талаптарымен басқарылмағандықтан ол елде 5 уақыт намаз бен жұма намазын мешіттерде оқуға болмайды деп есептейді.

Уаһхабилік сенімге кірген көбінесе 16-40 арасындағы жас азаматтар. Кәпірлерге қарсы күрес идеясымен уланған 150-ден астам қазақ азаматтарының 2013 жылы Сириядағы соғысқа аттанғаны туралы дерек Қазақстан қоғамына қатты әсер етті. Олар әділетті жиһадқа шығып шейіт болуды көздеген /7/. Қазақ жастары жиһад ұғымын дұрыс білмей жүр. Дін мамандарының айтуынша Құранда жиһад туралы сөз 35 жерде айтылады. Тек оның төрт жерінде ғана соғысу ретінде қолданылған. Террористік бағыттағы исламдық топтар кәпірлерге қарсы тоқтаусыз соғыс жүргізу идеясында осы қағидаларды ұран етуде. Алайда Құранда жиһад «Қасиетті соғыс» емес адамның өз кемшіліктеріне, тәрбиесіздігіне, қараңғылығына қарсы күресі ретінде түсіндіріледі. Мұсылман діни әдебитінде «жиһад» сенім үшін күрес деп бағаланып, оның негізгі формалары айтылады: - « Жүрек жиһады», немесе «Нафс жиһады» - нәпсімен күресу, адам өз бойындағы жаман қасиеттерден арылуы жолындағы күресі. Құранның көптеген сүрелерінде халық алдындағы үш үлкен жиһад туралы қойылады. Ол алдымен адамның өз тәрбиесі, жетілуі, одан кейін ұрпақты дұрыс тәрбиелей білуі; қараңғылықпен, жалқаулықпен күресу яғни білім, ілім алу. Сонымен қатар «Тіл жиһады» - жақсылықты қостау, жаманшылыққа тиым салу; «қол жиһады» - адамгершілік нормаларын бұзушыларды тиісінше жазалау шараларын жүргізу /8/.

Басым көпшілік діни ғалымдар мен дінтанушылар сүрелерде кездесетін «жиһад ұғымының» гуманистік мазмұны терең екендігіне сенімді. Ол– Алла жолында адалдықты, адамгершілікті, қайырымдықты, қарапайымдылықты ту етіп, алып жүру. «Жиһад» араб тілінен аударғанда «тырысу», «күш салу», «мақсатқа жетуде барлық қиыншылықтарға төзу», «Алла жолында дүние мүлкінді ғана құрбандыққа шалу емес, жан-тәніңмен еңбек ету, күшінді жұмсау» деген мағына береді.

Демек, вахабистік ағымдағы «жиһадты» түсіндіру, оның жолына шақыру ислам дінінің ізгілікті мақсат мұраттарын бұрмалаушылық. Оның мақсаты – дінді жамылып, жастарды жалған ұрандармен соңына ертіп мемлекеттің саяси тұрақтылығын шайқалту, Қазақстан халқының бірлігімен татулығын бұзу. Діни радикалистік ағымдардың көкейкесті арманы билікке, байлыққа қол жеткізіп, халықты діни фанатизм рухында тәрбиелеп басқа халықтарға қарсы қою. Әлемдік ислам уммасын ислам емес әлеммен соғыстыру. Бұл мақсат өте қауіпті әлемдік катастрофаға бастайтын мақсат екендігі анық. Діни радикалистік топтарға бейбітшілік, демократия, халықтың әл-ауқатының, өмір сапасының жақсаруы бірінші маңызды дүниелер емес, оларға керегі халықтардың дін жолымен, ауытқымай жүруі. Ол үшін ұлттық құндылықтар, салт дәстүрлер мен мәдениеттер де құрбан болуы керек деп есептейді. Діни радикализм өркениетті адамзат жеткен демократиялық және гуманистік құндылықтарды дінмен қауыштыруды зиянды санайды.

Осындай «Хизб-ут-тахрир» ұйымы Қазақстанның оңтүстік, батыс өңірлерінде белсенді жұмыс жүргізді. Бұл ұйым діни сауаты жоқ жастарды «Біртұтас мұсылман халифатын» құру идеясында үгіттеуде. Ұйымды басқарушы «Азаттық партиясы» талабы бойынша «мемлекеттік шекара мойындалмайды» /9/. Әлем мұсылмандары тек бір ислам мемлекетінде бір халифа басшылығымен өмір сүруге тиісті.

«Хизб-ут-тахрир» ұйымы қатаң тәртіпке бағынған, нақты құрылымы бар иерархиялық бағынатын, жасырын жұмыс жүргізу әдістерін, қаржылындыру жолдарын меңгерген ұйымға айналып көптеген елдерде соның ішінде Қазақстанда белсенді әрекетке көшті. Бұл ұйымның мақсаттары Қазақстанның тәуелсіздігіне қауіпті екендігі бергілі. Халықты діни бөлшектеу арқылы мемлекеттіліктің іргесін шайқалтуды көздеді.

Қазақстан халқының ұлттық құндылықтары мен адамгершілік келбетіне зияндылық жасауды мақсат тұтқан қауіпті секталардың бірі Иегова куәгерлері. Оған кіргендер әнұран айтпайды, қолдарына қару ұстамайды, әскерге барып Отанын қорғауға қатыспайды. Бұл діни секта адамзатқа жат қылықтарды уағыздауда. Оның мүшелері үшін отбасы құндылықтары мойындалмайды. Әке-шеше, ата-ана, баланың арасындағы туыстық сезімдер түкке тұрғысыз нәрселер ретінде төмендетіледі. Орталығы АҚШ-та орналасқан бұл сектаның ең көп мүшелері Жапонияда, одан кейін Оңтүстік Кореяда, содан соң Қазақстанда жинақталған /10/.

Ел халқын жасампаз еңбектен, өзара татулықтан, мемлекетті саяси тұрақтылықтан аулақтатуды көздеген діни ағымдар мен секталар елдің ұлттық қауіпсіздігін шайқалта бастағандығын көреміз. Сирияға барып келген 150 қазақ жастары елге қайтып келген соң жиһад идеясын өз елінде іске асыруды қолға алса не болмақ? Халықтың дәстүрлі өмір салтын бұзатын, оны мәдениет, білім, өнер, музыка, театр мектептерден шеттетуді мақсат еткен діни топтар Қазақстанның әлеуметтік тұтастығына зиян келтіре бастауы шындыққа айналды. Діни бөлінушілік терроризм мен экстремизм құбылыстарын өршітті.

Өкінішке орай дамыған батыс мемлекеттерінің өзінде діни ұйымдар мен олардың қызметтері туралы біркелкі, бірауызды көзқарас жоқ. Қазақстанда тиым салынған «Хизб-ут-Тахрир» ұйымы Ұлыбританияда ешқандай қауіпсіз діни ағым ретінде емін-еркін қызмет етуде. Ағылшын сарапшылығы бұл діни ағым қолына қару алып Англияға қауіп төндіріп, елдің заңдарын бұзып отырған жоқ деп есептейді. Ал Қазақстан сарапшылары «Хизб-ут-Тахрир» ұйымынан ел тәуелсіздігіне зор қауіп бар деп біледі. «Мұсылман бауырлар» ұйымында түрлі мемлекеттер әртекті қатынас жасады. Египетте олар парламентке еніп отыр /11/. Европаның дамыған елдерінде мұсылмандардың санының көбейе түсуі бұл діннің батыстағы ықпалында күшейтуде. Батыс қоғамы исламофобиядан арылып, ислам дінінің ізгілікті, гуманистік мазмұнына ден қоюда бұл құбылыс қазір евроислам деп аталып, ислам құндылықтарын Еуропа қоғамы мен ғылымына жақындастыру үрдісі басталды. Олар мәселенің негізгі исламға экстремистік сипат беретін идеялардан, құбылыстардан ада ету деп есептейді. Евроислам өкілдері нағыз таза ислам дінінің терроризм мен экстремизмге ешқандай қатысы жоқ екендігін танытуға ұмтылуда. Евроислам өкілдері радикалистік, исламистік топтарды ислам дінінің ізгілікті мазмұнын бұрмалаушылар ретінде көрсетуде.

Сонымен қатар көптеген діни радикалистік бағыттағы топтарды араб мемлекеттерінің қаржыландыратыны Батыс қоғамын алаңдатуда. Өкінішке орай ислам уммасын әлсірету мақсатында ислам дінін түрлі ағымдарға, секталарға бөлшектеу жұмыстарын Батыс елдерінің арнаулы құпия органдарыда жүргізуде деген деректер бар. Әсіресе, террористік, исламистік топтарды американдық, британдық арнаулы мекемелер дайындаудан, қайта дайындаудан өткізетіні белгілі болып отыр. Олардың мақсаты түптің-түбінде «американ халқының ұлттық қауіпсіздігін қорғау».

АҚШ билігі жеке бір дінді қолдамайды. Онда мемлекет жеке дінге басымдылық беретін мемлекеттік дін концепциясынан бас тартқан. Оның себебі АҚШ-тағы көпдінділік, ел халқының діни біртектілігінің болмауы. Сондықтан ресми идеологияда жалпы американдық мақсат- міндеттер мен құндылықтар діни құндылықтардан жоғары тұр. Олар үшін діни бірегейленуден гөрі американдық ортақ бірегейлену маңызды. АҚШ-та діндердің маңыздылығына қарай классификациялау, діндерге жекелеп қамқорлық көрсету міндетті емес. Дінді таңдау, оны қолдау әрбір азаматтың жеке мәселесі болып табылады. АҚШ-тағы арнаулы қауіпсіздік қызметі қоғамға қауіпті діни ұйымдар мен топтардың әрекеті мен қызметін қатаң бақылап отырады. Кейінгі жылдарда АҚШ-та діни радикалистік бағыттағы топтардың мүшелері ерекше бақылауға алынған. Ал, Европада діндер арасында теңдік жоқ. Дәстүрлі діндерге, шіркеулерге мемлекет қамқорлық жасап протекционистік саясат ұсталынады. Зайырлы мемлекеттегі жаңа діндер билік тарапының ешқандай қамқорлық көрмейді.

Қазақстан демократиялық транзит кезеңінде елге көптеген жалған және жасанды діндерді еңгізіп алды. Бұл ретте дианетика және сапентология сектасының негізін қалаушы рон Хаббардтің «миллионер болғын келсе жаңа дінді ойлап тап» деген қағидалық сөзін де ұмытпау керек. Қазақстандағы ашық қоғам орнату, плюрализм ахуалын әлемдік криминал өз мүддесіне пайдалануды көздеді. Ислам әлемінің бай мемлекеттері Орта Азия мен Қазақстанда арабтықты жақтайтын діни радикализмді өршітуге ұмтылуда. Табиғи ресурстарға бай Қазақстан олар үшін арман, майлы жілік. Сауд Арабиясында, Катарда, Кувейтте, Египет

пен Турцияда діни оқу оқып келген жастар елде «Дұрыс исламды» насихаттауға көшті. Ғасырлар бойы қалыптасқан қазақтың салт-дәстүрлері, тарихи таныммен үндескен Ханифа мазхабаның діни ұстанымдары қателік, ислам дінін бұрмалау деп танылды. Қоғамдық саяси, рухани мәдени өмір тек қана құран талаптарына сәйкес жүргізіліп, ұйымдастырылуы керек, - деген пікір үстемдік құруды көздеді. Сонымен қатар Қазақстандағы діни ахуалды кришнаиттер, иеговалар, бахауилер, сатанистер, ақ ағайындар, елуіншілер, құдай балалары тағы басқа секталық сипаттағы діни ұйымдардың белсенді жұмыс істеуі күрлендіре түсті. Олардың түрлі католиктік бағыттары елдің көптеген қалаларында өз шіркеулерін салып орнығып Батыстағы орталықтармен тығыз қарым-қатынастар орнатты. Көптеген діни секталардың басшылығына тәрбиеленіп дайындалған қазақ ұлтының өкілдері келді. Олар елдегі дәстүрлі исламның Ханифа мазхаба мен православия діндеріне қарсы белсенді күрес жүргізе бастады.

Жалған діндермен секталардың мақсаты азаматтардың сеніміне еніп, олардың жүрегін жаулау, үгіт насихаттарымен ел халқын мемлекетшілдіктен, отаншылдықтан аулақтату. Жалған діндер миссионерлері Қазақстанда ондаған мың адамдарды сондарынан ерте алды. Кезінде Кеңес Одағына қарсы күрес үшін ұйымдастырылған түрлі діни ұйымдардың орталық штаб пәтерлері Лондонда немесе Батыс Еуропаның басқа ірі қалаларында орын тепкені белгілі. Қазір бұл ұйымдардың басшыларының көздегендері Қазақстандағы саяси және этникалық тұрақтылықты шайқалту және өздерінің неғұрлым баюы. Сондықтан олар Қазақстан азаматтарын дұрыс жолдан тайдыруға, өз мақсаттарына пайдалануға тырысып бағуда. Өкінішке орай ел халқының біршама бөлігінің жалған діндердің, секталардың, жасанды ғылыми және культтық ағымдардың соңына ергені шындық.

Түрлі емшілер, экстрасенстер, жұлдызнамашылар қасиетті Алла атын, құран сөздерін пайдалана отырып халықты соңына ілестіруді мақсат етуде. БАҚ, теледидарда ғылыммен ешқандай қатысы жоқ, медицинадан аулақ мазмұндағы телебағдарламалардың көбеюі де халықтың санасын улауда. Халықтың діни сауатының нашарлығы, оның елдегі негізгі діни конфессиялардың мән мағынасы мен мақсаттарын түсінбеуі діни ахуалды күрделендіре түсуде. Халықтың діни бірлігінің бұзылуы, оның қарама-қайшылықты дүниетанымға бет бұруы мемлекеттік қауіпсіздікке зиянын тигізуде. Сепаратизм, экстремизм, радикализм мен терроризм құбылыстарының етек алуына ел халқының діни бөлшектенуі, өзара діни қайшылықтарға бой алдыруы да себеп болуде.

Қазақстанда діни ахуалды ретке келтірудің тиімді жолдарын табудың, күшті дін саясатын іске асырудың маңызы арта түсуде. Алдымен, жалпы ұлттық топтасуды және саяси тұрақтылықты нығайтуға ықпал ететін қауқары бар мемлекеттік идеологияны қалыптастыру маңызды. Мұндай идеология Қазақстан қандай ел, оның мақсат-міндеттері қандай, қоғам қайда бара жатыр деген өзекжарды сұраққа жауап беріп, демократиялық және ашық қоғам құндылықтары мен мұраттарын халыққа жақсылап ұғындырып беруі керек. Сонда халық отаншыл және мемлекетшіл болады. Өз елі, өз отаны, өз жері ғана бақыт әкелетінін білетін азамат, діни саяси бөлектенуге, елінің бірлігін әлсірететін әрекеттерге еш уақытта бармайды. Діннің қандай пайдасы бар, оның тәрбиелік, ізгілік потенциалын қалай пайдаланамыз деген мәселені теориялық тұрғыдан да қолданбалық тұрғыдан да шешіп алу маңызды. Сонымен қатар діндерді түсіндіруді, діндер атауларын нақты белгілеуді жолға қою зәрулік. Нақты білімдер арқылы ғана конфессионалдық саясатты, дін туралы заңнаманы бүгінгі күн талаптарына сәйкестендіруге болады. Қазақстан заңдарында жалған діндер, террористік, экстремистік бағыттағы діни ағымдар мен секталардың бағалары берілуі қажеттілік. Қоғамдық тыныштыққа зиянды қандайда болмасын діни ұйымдардың қызметтеріне тиым салынатындай заңдық алаң болуы шарт. Қазақстанды дәстүрлі исламның Абу Ханифа мазхабымен, православия шіркеуінің бірлесіп жұмыс істеуі де керек. Олар мемлекеттік ұйымдармен ынтымақтаспаса елдегі діни алауыздықтарға тиым сала алмайды.

1. Тусунбекова Л. Борьба за души: арбитрам выступит Закон // *Казахстанская правда*. 2011. 15 сентябрь. – С.3.

2. Сенбай В. Бүгінгі қазақстандық террорист кім? // *Айқын*. – 2012. 23 қараша.

3. Қазақстан Республикасының Заңы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» // *Егемен Қазақстан*. 2011.15 қазан. – 7 б.

4. Лама Шәріп Қайрат «Қазақстанның діни алаңы тазартылды» // *Егемен Қазақстан*. 2012. 25 қазан. – 9 б.

5. Бектен М. Діни ағымдардың Қазақстанға ықпалы қандай? // *Айқын*. – 2012. 6 қазан. – 5 б.

6. Иса Д. Бүгінгі күннің қауіп азамат соғысына алып баруы мүмкін // *Жас Алаш*. 2013. 26 қараша. – 3 б.

7. Серік Г. Адамдыққа жат нәрсе // *Класс Тіме*. – 2013. 11 желтоқсан. – 6 б.

8. Лама Шариф Қайрат. Джихад - это не “священная война”, “а борьба со своим невежеством” // *Казахстанская правда*, 2013. 25 июня. – С.7.

9. Өмірбек Оңғар қажы. Жат ниет - пиял білімсіз теріс бағыт бағдардың жемісі // *Түркістан* 2005.13 қазан. –5 б.

10. Бекмұратұлы С. Секталардың сойқаны – Иегова. Алматыда оның 7 мыңнан астам мүшелері бар екен // *Алматы ақшамы* 2007. 15 мамыр. – 6 б.

11. Кируницианов Ю. В поисках истины // *Вечерний Алматы*. 2013. 18 июня. – С. 8.

12. Грибанов А. Макаренко Л. Религия – это всегда совесть // *Вечерний Алматы*. 2013. 24 октября. – С. 5.

Резюме

В статье рассматривается проблема религиозных процессов и религиозных отношений, которые имеют ключевое значение для современного казахстанского общества. Оцениваются противоречия, угрозы и девянтные явления в этом процессе. Серьезные отклонения наблюдаются внутри мусульманского общества страны. Незначительная часть казахстанских мусульман оказались под влиянием вахабитских и салафитских течений. Действующие в различных странах исламские экстремистские группы жаждет союза с этой группой. Именно в этом заключается основная угроза для казахстанского общества. Правительство, правоохранительные органы, организация образования вырабатывают пути и методы предотвращения угрозы религиозного экстремизма.

Ключевые слова: религиозный экстремизм, конфессий, исламизм, миссионерство, религиозная политика, религиозная ситуация, масхаб ханафи.

Summary

The problem of religious processes, and religious relationships that are crucial to modern Kazakhstan society. Estimated contradictions, threats and devyantnye phenomenon in the process. Serious deviations observed vnturi Muslim community of the country. A small part of the Kazakh Muslims were influenced by Wahhabi and Salafi currents. Operating in various countries islamiskie extremist groups eager to alliance with this group. Herein lies the main threat to the Kazakhstan society. Government, law enforcement, educational organization develop ways and means of preventing the threat of religious extremism.

Keywords: religious extremism, religions, Islamism, missionary, religious politics, religious situation, maskhab Hanafi.

УДК 94 (574)

ТҮРКІ БИЛЕУШІЛЕРІНІҢ ДІНИ-ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ: ҚАРАХАН МЕМЛЕКЕТІНЕН ӘБІЛҚАЙЫР ХАНДЫҒЫНА ДЕЙІН

Нұртазина Н.Д. – *Абай атындағы ҚазҰПУ,*

Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы

Түйіндеме

Автор өз мақаласында ортағасырлық тарихи деректер негізінде түркі мемлекеттерінің Х-ХV ғғ. билеушілерінің діни ұстанымдарының ерекшеліктері мен ұстанымдары қарастырылады. Исламның және ішкі-сыртқы халықаралық қатынастардың арасындағы байланыстар мен көшпелілер қоғамының және мемлекеттің исламдануына хандық тұрғыдан көрініс табуы анықталады. Хандықтардың саяси элитасы рухани күшке ие болып, мұсылмандық жаңашылдықты қолдайтын білім мен мәдениетке, ғылымның дамуына өз әсерін тигізді. Түрік билеушілері мұсылмандықтың шариғат жолдарын мемлекеттілікті нығайту мен орталықтандыру саясатына, сондай-ақ, Шығыстың мұсылман елдерімен халықаралық байланыстар түзуге бағыттады.

Тірек сөздер: түріктер, мемлекет, ислам, идеология, даму, халықаралық байланыстар

Орталық Азия тарихындағы алғашқы түркі ислам мемлекеті Қарахан қағанаты (Х-ХІІ ғғ.) болғаны белгілі. Оның негізін салушы Сатұқ Боғра хан (915-955 ж.) ислам дінін қабылдаған тұңғыш түркі билеушісі ретінде ғұмырының соңына дейін (96 жыл өмір сүрген) осы дінге қатысты бұлжымас саясат жүргізді. Ол исламды ресми түрде 943 жылдан кейін қабылдады, ханның мұсылманша екінші есімі Әбд әл-Кәрім болды.

Жетісу мен Шығыс Түркістанды мекен еткен түркілер осы ұлы тарихи тұлғаға дін жолын таңдағандарға аруағы қолдау көрсететін әулие ретінде құрметпен қарады. Қашқарлық аңыздар бойынша болашақ қағанға оның жас шағында сопылық ислами мифологиядағы қасиетті Қызыр Ата (Хизр) аңшылық кезінде алдынан алғашқыда қоян бейнесінде кез болып бата берген деседі. Аты аңызға айналған қаған жайлы тарихшы Жамал Қаршидің еңбегінде мынадай жолдар бар: «Сатұқ Бұғра-хан әл Муджахид Абд әл-Карим ибн Базир Арслан-хан ибн Танғла [Билға] Бахур [Нахур] Кадр-хан (деген) Афрасиаб ибн Пушанғ ибн Алп ибн Рисман әулетінен шыққан... ол әл-амир ар-Рашид Абд әл-Малик ибн Нух ас-Саманидің билік құрған кезінде Қашғар мен Фарғана аумағында түркі хақандарының арасынан бірінші болып ислам дінін қабылдады» [1, 101 б.].

Дәстүрлі дереккөздерінде Сатұқ он екі жаста болғанда бірде Бұхарадан Қашқарға келген керуендегі адамдардың намаз оқығанын көріп, олардың не істеп жатқанын сұрағаны жайлы мәлімет бар. Саманилер мемлекетінің дін өкілдерінің берген түсініктері мен оның өзінің алыстан келген мұсылмандардың

өмірінен байқап, түйгендері Сатұқтың дін жайында терең ойланып өзінің алғашқы тұжырымын жасауға алып келеді. Ол: «Бұл Құдай құлшылық жасауға соншалықты лайық екен, әрі оның пайғамбарының соңынан еру дұрыс болар» деп қорытынды жасайды.

Шоқан Уәлиханов түркілерге қатысты жинаған мәліметтерінде болашақ қарахандық ханның исламды қабылдауына саманилік дін насихатшысы, қожа, ғалым және саудагер Әбу Наср ас-Самани ықпал еткенін жазған. Саманидің өзі аса діндар адам болған, бірде оның түсіне Мұхаммед пайғамбар еніп, Түркістанда оны «әзірше кәпір бейнесінде», бірақ болашақ имандылық жолындағы күрескер Сатұқты дінге шақыру құрметті миссиясы күтіп тұрғаны жайлы қуанышты хабарды жеткізеді. Келесі жолы оған түсінде Пайғамбар келіп: «Тұр орнынан. Ол туды. Бар да ізде» дейді. Әбу Наср Самани-қожа Түркістанға баруға жолға шығады, сөйтіп Қашқарда жас Сатұқты табады [2, 117-118 б.].

Ислам тарихшылары Сатұқ Боғра ханның өмірбаянынан келесі сакральды (киелі) сюжетті жиі келтіріп отырған. Бірде ол таңғажайып түс көреді: көктен бір адам түсіп, оған түркі тілінде: «Исламды қабылда! Сен бұл өмірде де, о дүниеде де табысты боласың!» дейді [3, 64 б.]. Ортағасырлық тарихшылар берген түсініктемелерге сәйкес дәл осы жағдай ханның жеке басы мен бүкіл елдің тағдырында шешуші рөл ойнаған қарардың қабылдануына апарған делінеді.

Исламға апарар жол ешқашан оңай болмаған. Сатұқ Боғра хан мен оның жақтастарының исламды қабылдауы тарихында көне әдет пен жаңа діннің қақтығысы, исламның қажеттігін түсінген қоғамның рухани авангарды мен бетбұрысқа қарсы топтың арасындағы қарама-қайшылықтар тәрізді оқиғалар болып тұрды. Бір болжам бойынша, жиырма бес жасына дейін, яғни ұзақ уақыт бойы Сатұқ пұтқа табынушы жақындарының ашу-ызасынан жасқанғандықтан исламды жасырын ұстанып келген.

Өкінішке орай, қарлұқтардың сол кездегі билеушісі, Сатұқтың ағасы Оғұлшақ исламға қарсылық білдірген. Сондықтан, имандылық жолындағы бейбіт тәсілдердің барлығы таусылғанда мұсылман-қарлұқтар Саманилер мемлекетіндегі дін бауырларын көмекке шақыруға мәжбүр болды. Нәтижесінде Сатұқ Қашқарда билік басына келіп, жаңа мұсылман түркі мемлекеті құрылды. Бірақ, тіпті Сатұқ Боғра Қара ханның және ұрпақтарының билігі тұсында елдің шығысынан исламды қабылдамаған пұтқа табынушы түркілердің шабуылы толастамады, Қарахандықтар олармен ұзаққа созылған шайқастар жүргізумен болды. Ол соғыстар жайлы мәліметтер түркі фольклоры бойынша Махмұд Қашқари жинаған материалдарда сақталған.

Сатұқ Боғра ханның ұрпақтарының күш-жігері арқасында ислам түркілер арасында барған сайын нығая түседі. 955 ж. мұрагерлікпен таққа келген Сатұқтың ұлы Мұса Арыслан ханның тұсында ислам Қарахан қағанатының мемлекеттік діні болып жарияланды. Мұсаның кезінде 960 ж. шамасында Жетісу тұрғындары жаппай ислам дініне өтеді. Мұса Арыслан хан «*Шихаб ад-даула уа заһир ад-да'уа*» – «Мемлекеттің нұры мен дауаттың (дінге шақыру) тірегі» – деген ерекше лақапқа ие болған.

Алғашқы Қарахан әулетінің хандарының асқан діндарлығы, шарап ішпегені, шарифатты барынша сақтауға тырысқаны мәлім болған. Олардың дүниетанымын В.Бартольд шынайы сипаттаған: «Қарахандықтар үшін дін билік жүргізудің құралы болып қана қойған жоқ; дін қағидалары мемлекет басындағылар үшін де міндетті болды, біздің байқағанымыздай, олар шарап ішуден бас тартқан. Осы билеушілердің арасында діннің ықпалымен әділетті патша идеалын шын ниетпен жүзеге асырғысы келгендердің де болуы әбден мүмкін жағдай» [4, 368 б.]. Бұл сөздерді ислам дінін қабылдаған басқа да ортағасырлық түркі-монғол хандарына қатысты толығымен айтуға әбден болады.

Дереккөздер Қарахандық билеуші Харұн Боғра-хан бен Сүлейман тұлғасы жайлы (ұлы ғалым Махмұд Қашқари оның ұрпағы саналады) исламды қорғаушы, ғалымдарды жоғары бағалаушы деген сипаттамалар береді: «Боғра-хан діндар, мейірімді, әділ, жақсы мінезді адам болған, ғалымдар мен дін жолындағыларды жақын тартатын еді, оларды құрметтеп, сый-сияпат көрсететін». Басқа бір Қарахан билеушісі Арыслан-хан Ахмед *тасаууф* адамдарына яғни сопылықтың данагөйлеріне өте жақын болған. Ол өз жанында бұхаралық шейх Хасан ибн Йусуф әл-Бұхари ас-Саманиді ұстапты. Шейх аса тақуа, аскет болған, ас ретінде тек жеміс қана жеген; қағанның өзі шейхты «әке» деп атаған делінеді.

Қарахандықтар «ең ұлы және билікке лайықты патшалар өздерінің жанында ғұламаларды, өз заманының ең дана адамдарын ұстайды; олар (патшалардың) адамгершілігінің сақшылары тәрізді болады» деген исламның даналығын жақсы түсінген. Осы дәстүрге сәйкес түркі қағандары айналасына «жүрек адамдарын» (сопыларды, философтарды, ғалымдарды) шақырып, олардан мемлекет құру жөнінде кеңес алып отырған. Сондықтан Шығыста мінсіз «қайырымды» қоғам құру тақырыбындағы трактаттар пайда болған.

Ұлы ойшыл және ақын Жүсіп Баласағұн (XI ғ.) қарахандық билеушінің өтініші бойынша «Құтадғу билиг» («Құтты билік») поэмасын жазған еді. Қарахан мемлекетінің азаматы болған Жүсіп Баласағұн «дамыған идеология, заң нормалары, этика, ғылымдар мен филологиялық пәндер жүйесін пайдаланатын

бұл діннің (ислам) орталықтандырушы рөлін, халықтың жалпы мәдени дамуындағы әлеуетті мүмкіндіктерін тиісті дәрежеде бағалай білген» [5, 115 б.]. Байсалдылыққа, Алла тағалаға ғибадат етуге шақыру, рухани құндылықтардың басымдығын қорғауда Жүсіп Баласағұн тікелей Қасиетті Құран, Хадис, суфизм қағидаларын басшылыққа алады. Поэманың негізгі кейіпкерлерінің бірі – Одғұрмыш есімді «Құдай жолындағы» тақуа адам.

Түркі әлемінде исламның тарауына Селжүктер әулеті – ислам дінін қабылдап, жаңа түркі-мұсылман династиясының негізін құрған оғыз-түркілердің қосқан үлесі теңдессіз. Селжүк оғыз жұртының беделді әскери қолбасшыларының бірі болған. Әдетте исламды қабылдау алдында туындайтын рухани дағдарысқа тән сипатты белгі – жауластық пен таусылмас даудың оғыз тайпаларының ортасында да туғанын көріп, одан біржола шаршаған кезде Селжүк өз жақтастарымен Жент қаласының маңына көшіп барады, «онда ислам дінін қабылдап, бақытқа қол жеткізеді» [6, 24 б.]. Бұл оқиға зерттеушілердің пайымдауынша 922 ж. дейін болған. Селжүк пен оның ұрпақтары Хорасанның шейхтарымен берік рухани одақ құрады.

Сырдария маңындағы қалалардың тұрғындарымен біріге отырып Селжүк қарапайым халықты шектен тыс салықтан титықтатқан мәжүси (язычник) оғыздардың көсемдерімен ұрысқа шығады. Селжүктің Арыслан, Микаил және Мұса атты ұлдары да исламның өркениеттік бастауларынан гөрі қантөгіске толы мағынасыз соғыстары бітпейтін бұрынғы өмірді артық санаған оғыздармен ұзаққа созылған жиһат жүргізді. Ағайындар арасындағы осы тектес соғыстар мәжүси-оғыздарға материалдық кірістің көзі ретінде пайдалы болды, себебі, олар әдетте бір бірінен мол олжаны тартып алатын еді, ал тұтқынға түскендерді Шығыс елдеріне жаппай құлдыққа сатып отыратын. Оғыздар мен қыпшақтар арасындағы бұл сорақы жағдайға тек ислам діні ғана тоқтау сала алды.

Ислам мен бейбіт даму жолында жүргізілген күресте Селжүктің ұлы Микаил мерт болды. Қара зұлматты біржола тоқтатып, Ұлы Селжүктердің атағы мен әулет даңқына қол жеткізу Микаилдың екі ұлы, Селжүктің немерелері - Тоғрыл-бек Мұхаммед пен Чағры-бек Дәуіттің тағдырына бұйырылған іс болды. Ағалы-інілі екеу, болашақ сұлтандар қатал діни білім мен тәрбие алған еді, екеуі де елінің ақылды, ержүрек, асыл текті азаматы болып өсті. Дәл осы тәрізді батырлар оғыздардың кейінгі миф-аңыздарындағы кейіпкерлердің прототиптері болғаны сөзсіз. Мұсылман дәстүрі Микаил ұлдарының зор жеңісін олардың діндарлығымен, шейхтардың оларға берген батасымен байланыстырады. Нақтылайтын болсақ, олардың билігіне сәттілік тілеп, ақ батасын берген ортағасырлық танымал ақын, әрі сопы Әбу Сайид б. Әби-л-Хайр Мейһани есімі аталады.

Тұңғыш «Ұлы Селжүк» Тоғрыл-бек Мұхаммед болды, ол – түркі-ислам тарихындағы аса көрнекті тұлға, қолбасшы, қуатты мемлекеттің негізін салушы, әрі сүннилік дін бағытын қорғаушы. Тоғрыл-бек 1040 ж. Хорасанда орналасқан мешітте жұма хұтбасы кезінде салтанатты түрде ұлы сұлтан болып жарияланды. Селжүк сұлтандарының өмірінде ислам маңызды орын алды. Тоғрыл-бектің жазбалары арасынан оның Алла тағалаға арнаған дұғаларын кездестіруге болады: «А, Құдай, әлемдердің билеушісі, Сен кімге қаласаң соған билік бересің, кімнен аламын десең, соның билігін қайтып аласың, қалаған пендеңе абырой беріп, қажет болса беделінен айырасың, барлық нығмет өз қолыңда, ақиқатында, не істеймін десең де құдіретің жетеді!».

Селжүк мемлекетінің билеушілері ғалымдарға үнемі құрмет көрсетіп, өнер мен поэзияға қолдау беріп отырды. Алып-Арыслан, Мәлік, Санжар сұлтандар меценат ретінде белгілі болды. Алып-Арыслан мен Мәлік-шахтың атабегі (тәрбиешісі) және уәзірі ортағасырлық атақты ғалым және саяси қайраткер Низам әл-Мүлк болды. Ұлы сұлтан Санжар шейх Қожа Ахмет Йасауидің мүридін болды деген пікір бар. Санжар сұлтанның Самарқанд шейхтарына хат жазып, сыйлықтар жіберіп тұрғаны жөнінде де деректер сақталған.

Тағдыры, дүниетанымы және саяси көзқарасының қалыптасуында ислам түбегейлі рөл атқарған ұлы түркі билеушісі Әмір Темір (Темірлан) болды. Ол тұста Шағатайлық монғол ұлысының бір бөлігі саналатын Мәуараннаһрда Темірдің билікке келуінің өзі объективті дамудың көрінісін танытты, себебі, өлкенің ислам негізінде саяси интеграциялану, монғол-шағатайлардың жергілікті түркі-мұсылман мәдениетімен біржола және түбегейлі бірігу қажеттілігі айқын түрде туған болатын. Көреген саясаткер ретінде Әмір Темір исламның мемлекет құрылымы мен қоғамдық өмірді нығайтушы, тәртіпке салушы және ынтымақтастырушы фактор ретіндегі зор маңызын тереңнен таныды. Ол шарият заңдары мен ислам талаптарының орындалуын қатаң түрде бақылап, өзі де оларды қалтқысыз орындап отырды. Әмір Темірдің атақты «Заңдар жинағында» былай делінген: «Мен өз билігімді исламға негіздедім», «Тәжірибем маған дін мен шариятқа сүйенбейтін билік өзінің күш-қуатын ұзақ сақтап тұра алмайтынын дәлелдеді» [7, 117, 113 б.].

Әмір Темір реформаларының прогрессивті сипаты, ол негізін қалаған мықты бір орталықтан басқарылатын ислам мемлекетінің құрылуы ғылыми әдебиетте «Темірлік ренессанс» аталатын теңдесі жоқ

мәдени өрлеу арқылы расталады. Темірдің атын тарихта қалдырған ең көрнекі істерінің бірі - Қожа Ахмет Йасауи мавзолейін салуы болды. Діни-сәулеттік кешеннің қайталанбас үлгісі аймақтың рухани интеграциясына күш берді, түркі жерінде ислам беделінің артуына қызмет етті. Зиярат (қасиетті адамның қабіріне бару) тәжірибесіне қоса, өлген жанға діндармен «көршілес» болуының пайдасы жайындағы Пайғамбардың хадисін есте ұстай отырып культтік кесене қабырғасына дүниеден қайтқан хандар мен басқа да ұлы адамдар жерлене бастады.

Алтын Орда (Жошы ұлысы) тарихында Берке және Өзбек хандар исламның қорғаушылары ретінде аса дараланды. Жошының үшінші ұлы Берке 1253 ж. Бату ханның билігі тұсында-ақ исламды қабылдады. Ал Бату-хан – Шыңғыс ханның сүйікті немересі және Алтын Орданың негізін салушы – өзі ислам дінін қабылдаса да, алайда мұсылман көпестерге жан-жақты қолдау көрсетіп отырған. Әл-Жузжәни жазғандай: «Ол (Бату) барынша әділ және мұсылмандардың досы... Ордасында намазхандар жиналатын, имам және азаншысы бар мешіттер ашылған болатын». Исламды оның әкесі - Қыпшақ даласына қатты бауыр басқан Жошы ханның өзі ұнатқан дейді. Бейбітшілік пен жасампаздыққа жаны жақын ол өз ағалары мен әкесінің шектен тыс шапқыншылық әрекеттерін мақұлдамаған. Қатарында Жошының ұлдары бар монғолдардың жаңа ұрпағы Мәуараннаһр, Хорезмнің діни бірлестіктері тарапынан жүргізілген діни уағыздар нәтижесінде қыпшақ-мұсылмандармен жақын араласа келіп, исламды танып-білуге саналы түрде ден қоя бастады.

Тарихшы Әбілғазы айтып жеткізген нұсқа бойынша Берке исламға Бұхарадан керуенмен келген екі көпес арқылы бет бұрған. Болашақ хан ислам діні бойынша сауатын алдымен Дешті-Қыпшақта ашып, кейіннен Мәуараннаһр қалаларында білімін жалғастырған болуы мүмкін. Осы мақсатпен Берке Дешті-Қыпшақтан оңтүстікке, ортаазиялық қалаларға аттанып, Бұхарада сол заманғы белгілі сопы шейхтардың бірі -Наджмеддин Кубраның ізбасары, Сейф ад-дин Бахарзимен кездескен; осы ұстаздан сабақ алған.

Берке хан исламды қабылдағаннан кейін қыпшақтар мен монғолдардың өміріне шариғат ережелерін енгізе бастаған. Берке ханның ордасында шарап ішуге, доңыз етін жеуге тыйым салынған. Ханның отыз мың санды әскері толығымен мұсылман болған, әскерде жұма намазын оқу тәртібі орнатылып, әрбір салт аттының жанында намаз уақыты туғанда ғибадат жасауға қажет жайнамазы бірге жүрген. Орыс тарихшылары Берке хан өнер мен ғылымды жақсы көргенін, сарайында ғалымдар мен суретшілерді ұстағанын жазған.

Мұсылман авторларының айтуынша, «оның (Берке) қасында үнемі әйгілі тәпсірші ғалымдар, хадисшілер, заңгерлер және қазылар болатын. Оның өзінің діни кітаптары өте көп болатын, мәжілістері мен кеңестерінің көбі ғалымдармен өтетін. Оның сарайында үнемі шариғат ғылымдары бойынша пікірталастар жүреді. Мұсылмандық істерде ол ерекше қатаң, әрі аса талапшыл еді» [8, 17 б.].

Берке хан ол кезде Каирде тұратын халифпен хат алмасып, одан сый-құрмет ретінде шапан алған. Мысырда ол кезде тегі түркі-қыпшақ Бейбарыс сұлтан бастаған мәмлүктер билік құрып тұрды. Мәмлүктер қыпшақ даласымен тығыз байланыс орнатуға мүдделі болды. Отандық және еуразиялық тарихтың ең маңызды парақтарының бірі – Алтын Орданың мәмлүктер билеген Мысырмен дипломатиялық және мәдени байланыстары. Онда басты байланыстырушы рөлді ислам факторының атқарғаны шындық.

Сұлтан Бейбарыс тарихи отанында рухани салада білім беретін мамандар, діни әдебиетті көптеп жібере отырып Түркі Даласында діннің нығаюына ықпалдық жасады. Сол кезеңде Мысырда өмір сүрген халифтің өзі Берке ханға сыйға құнды ислами жәдігерлер жіберді, олардың арасында аңыз бойынша мұқабасы атлас матамен көмкеріліп, қою қызыл қорапқа салынған, халифа Осман өз қолымен көшіріп жазған Қасиетті Құран болғаны айтылады.

Сұлтан Бейбарыстың Алтын Орданың қыпшақ хандарына жасаған сыйлары ислам өркениетінің салтанаты мен құдыретін айқындағаны сөзсіз. Олар көшпелі түркілердің жүрегінде мұсылман Шығысы мен оның билеуші падишахтарына ерекше құрмет пен сүйіспеншілік тудыруға тиісті болды. Сондай-ақ араб дереккөздері бойынша алыс Мысыр елінен жеткен сыйлықтар арасында қымбат парсы кілемдері, тамаша үлгіде жасалған ыдыс-аяқ, әр түрлі қару-жарақ, қара нәсілді қызметшілер, хандарға шығыс мәнерінде ас әзірлейтін аспаздар болған. Алтын Орда билеушісіне жіберілген сый-сыяпат арасында араб сәйгүліктері мен түйелер, тоты, керік (жираф), үйретілген маймылдар да болған. Ондай сирек кездесетін аңдар мен құстар, тамаша кілемдер мен қымбат маталар, әсем қолөнер бұйымдарының Дешті Қыпшақтың қарапайым, аңғал көшпелі халқын, әсіресе, монғолдарды таңғалдырып, оларға психологиялық тұрғыдан әсер етпеуі мүмкін емес еді. Әрине, бұл да діннің нығаюы мен ислам өркениетінің беделін арттыруға жанама фактор болып табылады.

Түркілер мен қазақ тарихындағы ұлы тұлға Өзбек Мұхаммед ханның исламды насихаттауға сіңірген еңбегі жоғары бағалауға әбден лайық. Қазіргі Қазақстанның солтүстік, орталық, батыс және шығыс облыстары енген Жошы ұлысын исламдандыру ісі осы көрнекі тұлғаның еншісіне бұйырылды, ал оның билік еткен тұсы Алтын Орданың саяси қуатының биік шыңға жеткен тұсы болатын. Өзінің асқан

діндарлығы, бұлжымас саясаты арқылы Өзбек Мұхаммед хан (1312-1342жж.) дала билеушілерінің арасында жоғары атақ-даңққа қол жеткізді.

Түркілердің ауызша тараған тарихы бойынша ханның ислам дініне бет бұруына әулие-сопылар ықпал еткен, олардың арасында батырлар жырының белгілі кейіпкері Түклас Баба болған, ол қазақ эпосындағы батырлардың рухани пірі Баба Түкті Шашты Әзиз тұлғасымен сәйкестендіріледі. Басқа жазба ескерткіштерде Өзбек ханның исламды қабылдауына себепкер ретінде әулие Зеңгі баба есімі аталады.

Бұл оқиға Өзбектің билікке келгеніне сегіз жыл өткен соң, яғни хижра бойынша 720 ж. (1320/1321 жж.), ал «түркі жыл санауы бойынша тауық жылы» болған. Хорезмнің танымал шейхтарының бірі Сейіт Ата көшпелі түркілердің рухани тәрбиесіне аса зор үлес қосқан. Дәстүр бойынша, Сейіт Ата монғол ханына мұсылманша Мұхаммед есімін қойған соң ол Сұлтан Мұхаммед Өзбек-хан аталған. Дін саласында Өзбек-ханға кейіннен шейх Нұғман ад-Дин әл-Хорезми рухани жетекшілік жүргізген.

Ислам дереккөздерінде ақылды, әрі жігерлі ханның билігі жайында: «Оның билігі тұсында бұрын дінсіздік, дағдарыс, зұлымдықтың мекені болған Дешті Қыпшақ Аллаға сенетін елге айналды, онда қайырымдылық мекемелері мен ғибадат орындары ашылды» деп жазылды [8, 128 б.]. Еділ өзені бойындағы Сарай қаласын шетелдік саяхатшылар «өте әсем, әрі өте үлкен қала» деп сипаттап, онда ғылым мен мәдениеттің гүлденіп, белгілі ғалымдар мен ақындардың өмір сүргенін жазады.

Дешті Қыпшақта исламды нығайтуға бағытталған саясатты Өзбек ханның ұлы Жәнібек хан жалғастырды. Жәнібек хан (Қазақ Хандығының негізін салушы Жәнібекпен шатастыруға болмайды) түркілер арасында текті, әділ және дана билеуші ретінде биік абыройға ие болған. Шығыс дереккөздері бойынша ол «мұсылмандардың билеушісі», «өте әділ, діндар» және т.б. сипаттарға ие. Қазақ дәстүрі бойынша хан әдетте «Әз Жәнібек» деген құрметті есімге ие («азиз» – араб т. «әулие, қасиетті» мағыналарын береді).

Алтын Орда ханы Дешті Қыпшақтың мәдени тұрғыда басқа ислам елдерінен кейін қалмауына баса көңіл бөлді. Жәнібек хан өзінің мәдениет саласында қолданған саясатының басты мақсаты ретінде өркениет тарату, көшпелі түркі және түркіленген (монғол) элитаны араб-парсы әдебиеті, ғылымы, философиясымен таныстыруды көздеді. Қазақ төрелерінің оқу-ағарту саласына бұрылуы Өзбек және Жәнібек хандар тұсынан бастау алатынын ескерген дұрыс. Басқаша айтқанда, бұл кезеңде ислам Ұлы Далада жан-жаққа әрі тереңдей тарады.

Монғолдар дәуірінен кейінгі барлық түркі саяси құрылымдары – Ақ Орда, Көшпелі өзбек мемлекеті, Ноғай Ордасы, Моғолстан, Сібір хандығы, Астрахан хандығы және т.б мемлекеттерінде ислам Шыңғыс ұрпақтарының басты назарда ұстаған ісі болып қала берді. Бұл мемлекеттердің барлығында ислам басты идеология болып саналды. Академик В.Бартольд монғол шапқыншылығынан кейінгі дәуірдегі Еуразия түркі мемлекеттерінің барлығын «мұсылман мемлекеттері» деп атаған. Мысалы, дереккөздердің бірінде Көк Орда билеушісі Тоқтының ұлы Тоғрыл хан жайлы мынадай мәлімет беріледі: «үнемі Құран оқып, Аллаға ғибадат етуші еді, жақсы әдет-ғұрыптар қалыптастырып, өзінен соң жағымды тәртіп орнатып кетті» [8, 127 б.].

Ноғай Ордасы тарағаннан соң оның біраз бөлігі Қазақ Хандығының құрамына енгені белгілі, ал оның аумағындағы ислам жайында қазіргі заманғы ресейлік тарихшы В.Трепалов былай деп жазады: «Бірқатар жағдайлар ноғайлар арасында мұсылман қоғамының орнағанына куә болады. Айталық, халықаралық келісім-шарттарды бекіту барысында Құранның беделі өте жоғары болған»; орыс дереккөздері ноғай мырзаларының өз нөкерлерімен «киіз үйлерде азан шақырып», «шапандарын жайып жіберіп, аяқ киімдерін шешіп тастап намаз оқитынын» т.б. жеткізген.

«Тақуа, діндар» деп аталатын адамдардың бірі Ерзен хан, ол қазақ хандарының тікелей арғы бабасы саналатын Ұрыс Мұхаммед ханның атасы болып келеді. Ерзен хан «Отырар, Сауран, Жент және Баршыкенттегі медресе, ханака, мешіт және басқа қайырымдылық мекемелерінің басым көпшілігін» салған [8, 129 б.]. Ортағасырлық ислам тарихшыларының билеушілердің барлығы жайында бірдей жағымды пікір білдіріп отырмағанын айтқан дұрыс; олардың еңбектерінде кейбір хандардың қатыгездігі, әділетсіздігі, озбырлығы жайлы мәліметтер де жиі кездеседі.

Түркі этникалық негізде құрылған мемлекет Моғолстан тарихында Тоғлұқ Темір хан тұсындағы исламға қатысты жүргізілген саясат жайында Мұхаммед Хайдар Дулати былай дейді: «... Тоғлұқ Темір ханға дейін исламды Барақ хан, Барақтан кейін Кебек хан қабылдаған, алайда ол хандар, сондай-ақ моғолдар ұлысы исламнан дұрыс жол таба алмады, одан бас тартып, өздерінің бұрынғы қалыптарына қайтып барғанда тозаққа түсетіндердің алды болып шықты. Ал мына күдіретті хан мен оның бақытты ұлысы тура жолға түсті» [9, 32-33 б.]. Бұл айтылғандар Жарық пен Түнектің мәңгі күресі жайлы философиялық ойды растау үшін аса маңызды, ол күрестің өзі кез келген озық дінмен қатар туады. Бұл ой дана билеуші исламның нұрынан кері таятын хаос пен анархия күштеріне қарсы тұруға дайын болуы қажеттігін еске салады.

XVI ғ. басына қарай Моғолстан барлық жағынан ислам елі саналды, ал кейіннен бұл территория Қазақ Хандығының құрамына енді. Моғолстанның белгілі ханы Жүніс хан шарифатты толығымен сақтаған аса тақуа адам болған. «Тарих-и Рашидиде» Жүніс хан бастаған Жетісу тұрғындарының ортаазиялық атақты шейх Қожа Насираддин Ұбайдоламен (Қожа Ахрар) кездесуі жайлы әңгіме бар, Жүніс хан кейіннен оның мүридi (шәкірті) болған.

«Тарих-и Рашидидің» авторы Жүніс ханды барлық шағатай хандарының ішіндегі ең көрнекі, теңдессіз тұлға ретінде атай келіп, оның жеке басына деген таңданысын ашық айтады: «Оған дейінгі шағатай хандарының ешбірі қырық жылдан артық өмір сүрмеген, олардың көпшілігі қырыққа жетпеген, ал бұл бақытты хан жетпіс төрт жыл өмір сүрген. Өмірінің соңында ол тәубеге келіп, тариқатты қабылдаған... оған өз заманының ең белгілі шейхтарымен кездесіп, сұхбаттасу нәсіп болған. Осы бақытты адамның көптеген жақсы қасиеттері бар еді: ол Құран оқып, хат жазған, ақындық дарыны және шешендігі де бар, каллиграфия мен сурет өнерін де шебер меңгерген, оған тек таңдаулы адамдарға ғана бұйырылатын нәзік өнер түрлері дарып, мысалы, ол музыка аспабында ойнап, ән айтуды ұнатады. Он екі жыл бойы ол мәулана Шарафаддин Әли Йазди (Әмір Темір дәуірінің аса көрнекі тарихшысы – *авт.*) жанында болған, әрі оның шәкірті саналған».

Басқа бір моғолстандық хан Мансұр «бәлкім, өз уақытының бестен бір ғана бөлігін мемлекет басқару ісіне арнайтын, ал қалған уақытының барлығы Құран жаттап, намаз оқу, Алланы ұлықтаумен өтетін... ол қарапайым болуға, бойын ресмиліктен алыс ұстауға тырысты, өзін басқа адамдармен қатар қоя білді» [9, 155 б.]. Шарифатты терең білгендер қатарында дәруіштерді, ғалымдарды және тақуаларды аса құрметтеген Сұлтан Ахмад хан да болды. Моғолстан түркі мемлекетінің дәл сондай білімдер билеушілерінің қатарында Сұлтан Саид хан да тұрды, ол Қазақ мемлекетіне ресми сапармен барып, Қасым ханмен кездесіп қайтқаны белгілі. Саид хан – түркі және парсы тілдерінде бірдей еркін сөйлеген түркі билеушісінің тұлғасы.

XV ғ. екінші жартысында пайда болған және сол кездегі мұсылман авторлары «мамлакат» және «даулат» сияқты араб терминдерімен атаған Қазақ Хандығы өзінен алдыңғы Моғолстан, Ақ Орда, Көк Орда, Ноғай Ордасы, Сібір хандығы, Көшпелі өзбек мемлекеті және т.б. мемлекеттермен тығыз байланыста, тарихи сабақтастықта болды. Алайда Қазақ хандығы ең алдымен Көшпелі өзбек мемлекетіне қатысты «еншілес» саналды.

Көшпелі өзбек мемлекетіндегі дін, оқу-ағарту және мәдениетке берілген төмендегі сипаттама (басқаша атауы – «Әбілхайыр хан мемлекеті») қазақтарға да тікелей қатысты. Себебі, алдымен «бөлініп кеткен», «еркін» мағыналарын беретін «қазақ» сөзімен аталғандар шын мәнінде Жәнібек сұлтан мен Керей сұлтан бастаған «көшпелі өзбек одағының» ру- тайпаларының бір бөлігі болған. Сол кезде алғашқы қазақтар – қазіргі кең-байтақ Қазақстанның аумағында орналасқан «Көшпелі өзбек мемлекетінің» бұрынғы тұрғындары екенін есте ұстау керек.

Жалпы алғанда, Ұлы империя Алтын Орданың жарқыншақтары болғандықтан, кейінгі орта ғасырлардағы Еуразияның түркі мемлекеттерінің барлығына біртекті мәдени-өркениеттік сипаттар тән болды, атап айтқанда, олардың халқы үшін түркі тілі, исламның ресми дәрежесі, Шыңғыс әулетінің бір бұтағының саяси билігі мен қожа әулеттерінің рухани билігі ортақ саналды. Аталған мемлекеттер билеушілерінің арасындағы күрес түбегейлі, бітіспес жанжал түрінде болған емес, өзінің түпкі мәні бойынша бұл Жошы мен Шағатай тектерінің әулетаралық бақталастығы ғана еді. Кезектескен шабуылдар мен жорықтар бейбітшілік пен тығыз ынтымақтастықпен алмасып тұрды, оған ислам дінбасыларының ықпалы күшті болды, сондай-ақ, татулыққа жетуде әулетаралық некелер де айтарлықтай рөл ойнады.

«Көшпелі өзбек мемлекеті» аталған Әбілхайыр хан мемлекеті бір мезгілде ортағасырлық ислам мемлекеті мен көшпелі түркі державасының барлық сипаттарына ие болды. «Мемлекеттің құрылымы көшпелі держава құрылымын сақтап қала берді, алайда, онда көшпенділердің ру басыларымен қатар дін өкілдері де сыйлы орындарға ие болды, таққа мемлекеттің жаңа басшысын отырғызу кезінде монғолдардан қабылданған киізге салып көтеру рәсімі сақталды, алайда бұл рәсімді орындауға дәруіш шейхтар да қатысты» [4, 269 б.].

Әбілхайыр Хандығының ресми идеологиясы болып сүнни-ханафи бағытындағы ислам діні жарияланды. Соттық-заңгерлік негізге шарифат алынды, діни және заң мәселелеріндегі ең беделді қызмет – жоғары қазы сайланатын болды. «Тарих-и Әбілхайр хани» дереккөзінің мазмұнында айтылғандай, діни биліктің иелері мемлекет өмірінде айрықша маңызды рөл атқарды [10, 143 б.]. Оқу-ағарту ісіне – мектеп, медресе ашуға аса зор мән берілді, халық Меккеге қажылыққа барды.

«Көшпелі өзбектердің» көсемі Әбілхайыр ханды (оны XVIII ғ. Кіші жүз қазақтарын билеген басқа Әбілхайыр ханмен шатастырмау керек) замандастары «тақуа» деп атаған. Ол мемлекеттің рухани тірегі деп санап өзінің айналысында қожаларды жақын ұстаған. Әбілхайыр ханның әскерлері жылнамашылардың шығармаларында «ислам қорғаны» аталады. Сол кезеңнің басқа да мұсылман билеушілері сияқты

хан мешіт, медреселер ашып, мавзолейлер (кесенелер) тұрғызған. Сонымен бірге Әбілхайыр хан Мәуараннаһр билеушісі Мырза Ұлықбектің қызына үйленгенін де атап өту керек. Бұл атақты әйел Рабия Сұлтан бегім болған, оның мазары Қожа Ахмет Йасауи мавзолейінің аумағында орналасқан. Әбілхайыр ханның өзі де Қожа Ахмет Йасауи кешенінде жерленгені мәлім.

Әбілхайыр ханның ұлдары мен немерелері де терең білім алған ханзадалар болды. Осы жерде мұның өзі хан отбасына ғана тән артықшылық болмағанын айта кеткен дұрыс: барлық сұлтандарға білім мен тәрбие арнайы бір жүйе бойынша берілетін болған. Сөзсіз, ол жол арқылы болашақ қазақ хандары Жәнібек пен Керей де жүріп өткен. Төре-сұлтандардың барлығы Құранды, ислам негіздерін, араб және парсы тілдерін, Шығыстың классикалық поэзиясын білген, музыкадан және каллиграфиядан жан-жақты хабардар болған. «Тарих-и Қыпшақи» еңбегінде Әбілхайыр ханның ұлы Шах Будағ-сұлтан жайлы «оның бұйрығы бойынша парсы тілінен түркі тіліне аудармалар жасалып жатты» деген мәлімет айтылады [10, 389 б.].

Әбілхайыр ханның сүйікті немересі XVI ғ. басында көшпелі өзбектерді бастап Мәуараннаһрды жаулап алған («Өзбекстан» терминін сол жаққа ауыстырып алып кеткен) атақты Мұхаммед Шайбани хан өз заманының ең білімді адамдарының бірі болған. Ол Дешті Қыпшақтың бір бөлігі мен Сырдария бойындағы қалаларды қайтару үшін қазақтармен ұзақ соғысқанмен, оның араб, парсы тілдерін жетік біліп, өлең жазғанын, ғылым мен өнердің барлық салаларында терең білімі болғанын мойындау керек.

1. *История Казахстана в персидских источниках. Джамал ал-Карши. ал-Мулхакат би-с-сурах. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 416 с.*

2. *Валиханов Ч.Ч. Самани // Собр. Соч. т. 4. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – С. 32-328.*

3. *Материалы по истории киргизов и Киргизии (Извлечения из арабских, персидских и тюркских исторических и географических сочинений X-XIX вв.). – Вып. 1. – Москва: Наука, 1973. – 280 с.*

4. *Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия // Собр. соч. в 9 т. Т. 1. – Москва: Изд.Вост.лит, 1963. – С. 45-597.*

5. *Жаксылыков А.Ж. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. Типология, эстетика, генезис. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 422 с.*

6. *Ал Хусайни, Садр ад дин Али. Ахбар ад даулат ас селджукия (Сообщения о Сельджукском государстве) / Пер. с араб. – М.: Наука, 1980. – 273 с.*

7. *Уложение Тимура // Гамерлан. Эпоха. Личность. Деяния. – Москва: «Гураш», 1992 – с. 110-185.*

8. *Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – Т. 2. – Москва: Изд. АН СССР, 1941 – 308 с.*

9. *Дулати, Мухаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди (Рашидова история). – Алматы: Санат, 1999. – 656 с.*

10. *Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII вв. (Извлечения из перс. и тюрк. сочинений) – Алма-Ата: Наука, 1969. – 651 с.*

Резюме

На основе средневековых исторических источников анализируются принципы и особенности религиозной политики правителей тюркских государств X-XV вв. Определена взаимосвязь между внешней и внутренней политикой, ислама и международных отношений, роль личных воззрений и субъективной позиции хана в исламизации государства и общества кочевников. Политическая элита ханств стала духовным авангардом, модернизаторами и реформаторами, меценатами, поддерживавшими мусульманское образование, духовенство, культуру и науку. Тюркские правители использовали шариат для укрепления государства и централизации, для расширения международных связей со странами мусульманского Востока. В своей политике исламизации государства они опирались на суфийских учителей, ходжей и сейидов, имели государственных советников и идеологов из выдающихся ученых и теологов своего времени.

Ключевые слова: тюрки, государство, ислам, идеология, развитие, международные связи

Summary

On the basis of the medieval historical sources, the author analyzes the principles and features of the religious policy of the rulers of Turkic states X-XV centuries A.D. It were determined the relationship between foreign and domestic policy, Islam and international relations, the role of personal beliefs and subjective position of the Khans in the Islamization of the polities and societies of the Nomads. The political elites of Khanates were spiritual vanguard, modernizers and reformers, philanthropists, as they supported Muslim education, Muslim clergy, culture and science. The Turkic rulers used Sharia law to strengthen the state, for its centralization, for the expansion of international relations with the countries of the Muslim East. In his policy of official Islamization they relied on Sufi teachers, Hodgas and Seyyids and also had government advisers and ideologists among the greatest scientists and theologians.

Key words: The Turks, polity, Islam, ideology, development, international relations

УДК 907 (036.2) 12

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОРҒАНЫС ӨНЕРКӘСІБІ ЗАУЫТТАРЫ: ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ (XX ғ. 40-ж. I-жартысы)

(ҚР БҒМ 2015 жылдың 12 ақпанындағы № 281 гранты аясында)

Байдильдина С.Х. – т.ғ.к., Алматы энергетика және байланыс университетінің доценті

Түйіндеме

Мақалада автор XX ғасырдың 40-жылдары республикамызда қорғаныс өнеркәсібінің алғашқы зауыттары пайда болу және олардың қалыптасу тарихы қиын да күрделі кезеңмен тұспа-тұс келгендігіне тоқталады. Сонымен, соғыс жағдайында олардың көпшілігінің Халық Комиссариаттары мен Орталық Жоспарлау органдарының тиісті дәрежедегі қолдауларына ие болмай қалған кездері сипатталады. Кәсіпорындардың қаржыландырылмай, құрал-жабдық, материалдармен қамтамасыз етілмей, майдан үшін қажет әскери өнімді өндіруге қажетті шаралар жасалмағаны баяндалады және тарихи фактілермен дәлелдер келтіріледі.

Дегенмен, соғыс жылдары республикамыздағы қорғаныс өнеркәсібіне қызмет еткен бұл кәсіпорындардың ондағы мыңдаған жұмысшылар мен инженер-техниктердің әскери өнімнің түрлерін өндіріп, жеңіске өз үлестерін қосқандығы сөзсіз еді.

Тірек сөздер: қорғаныс, кәсіпорындар, зауыттар, фабрикалар, қорғаныс-өнеркәсіп кешендері, қорғаныс кәсіпорындары, әскери өнім, эвакуация, Халық Комиссариаты.

Кеңестер Одағының әскери-өнеркәсіп кешені тарихы бойынша іргелі еңбектің авторы, профессор Н.С. Симоновтың көрсеткеніндей, Қорғаныс өнеркәсібі Халық Комиссариаты 1939 жылы бірнеше дербес Авиациялық, Кеме жасау, Қару-жарақ және Оқ-дәрі Халық Комиссариаттарына бөлінді. Олардың әрқайсысы ондаған зауыттар, ғылыми-зерттеу институттары, құрылыс трестері мен оқу орындарын біріктірді. Мәселен, Авиациялық Халық Комиссариаты алғашқы жылы-ақ 86 зауыт, 9 ҒЗИ, 5 құрылыс трестерін, 7 институт пен 15 техникумды, Кеме жасау Халық Комиссариаты 41 зауыт, 10 ҒЗИ, 5 құрылыс тресті мен 9 институт және 11 техникумды, Қару-жарақ Халық Комиссариаты 38 зауыт, 8 ҒЗИ, 4 құрылыс тресті мен 8 институт және 13 техникумды біріктірсе, Оқ-дәрі жасау Халық Комиссариаты 53 зауыт, 12 ҒЗИ, 5 құрылыс тресті мен 8 институт және 13 техникумды біріктіреді [1]. Бұл әскери-өнеркәсіп зауыттары 1 және 2-топтағы әскери өнімді өндіруге мамандандырылып, 3-топтағы өнімді шығару Жалпы машина жасау, Ауыр және Орта машина жасау, Химия өнеркәсібі Халық Комиссариаттары жанындағы «қордағы» («запастағы») өнеркәсіптер құзырына берілді.

Ұлы Отан соғысының басталуымен өнеркәсіптің барлық саласы химия өнеркәсібі, металлургия, машина жасау, жылу-энергетикалық, тамақ, т.б. соғыс жағдайына көшірілгендігі белгілі.

1941 жылдың 16 тамызында КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен Б(б)КП Орталық Комитеті «өте құпия» грифімен № 1976-891сс қаулысын шығарды. Қаулыға сәйкес «Поволжье, Орал, Батыс Сібір, Қазақстан мен Орта Азия аудандарында шұғыл түрде әскери-өнеркәсіп базасын қалыптастыру және осы қаулы негізінде бекітілген әскери - шаруашылық жоспарды орындау мақсатында аталмыш аудандарға Оқ-дәрі жасау Халық Комиссариаты, Авиаөнеркәсіп Халық Комиссариаты, Қару-жарақ Халық Комиссариаты және басқа да бірнеше Халық Комиссариаттарының өнеркәсіп кәсіпорындарын көшіру» көзделді [2]. Қаулы 1941 жылдың IV кварталы мен 1942 жылы база аясында өндірілуі тиіс әскери өнімнің жоспарын бекітті. Олардың қатарында самолет, химиялық қару-жарақ түрлері, авиамотор, әскери кеме жасау, танк, артиллерия түрлері, оқ-дәрі, миномет, т.б. шығару жүктелді [3].

Бұған дейін-ақ Б(б)КП Орталық Комитетінің Саяси Бюросы 1941 жылдың 23 маусымында Оқ-дәрі жасау Халық Комиссариатына қарасты 65 әскери кәсіпорын мен 600 «азаматтық» зауытты оқ-дәрі, қару-жарақ өндіруге жұмылдыру туралы шешім қабылдап үлгерген еді.

Осы шешім-қаулылар негізінде 1941 жылдың жаз-күз айларында КСРО-ның батыс өңірлерінен барлығы 1 360 ірі өнеркәсіп кәсіпорындары шығыс аудандарға көшірілді. Олардың ішінде 455-і Оралға, 210-ы Батыс Сібірге, 250-і Қазақстан мен Орта Азияға жөнелтілген еді [4].

Кәсіпорындарды көшіру, белгіленген жерге жеткізіп орналастыру мен оларды іске қосу мемлекеттік қорғаныс кешенінің қызметіне басшылық етуші Жоғарғы орган – КСРО Мемлекеттік Қорғаныс Комитетіне (МҚК) тапсырылды. Бұл міндеттерді жүзеге асыру Комитеттің 1941 жылдың 7 тамызындағы «Эвакуацияланған кәсіпорындарды орналастыру тәртібі туралы», 1941 жылдың 29 қазанындағы «Волга, Урал, Сібір, Орта Азия мен Қазақстанға көшірілген зауыттарды қалпына келтіру кестесіне» сәйкес қолға алынды.

Нәтижесінде алғашқы жеті ай (1941 жылдың шілдесі мен 1942 жылдың 1 наурызы аралығы) ішінде республикамызға қорғаныс өнеркәсібінің 22 кәсіпорны көшіріліп әкелініп, олардың 13-і бірден пайдалануға берілді [5]. Кәсіпорындар КСРО-ның кеме жасау, электр өнеркәсібі, танк өнеркәсібі, оқ-дәрі жасау, ауыр машина жасау өнеркәсібі сияқты бірнеше Халық Комиссариаттарына қарасты еді.

Алғашқы кәсіпорындардың сипаты, орналасуы мен дайындауы тиіс әскери өнім түрлері, алғашқы жоспарлары туралы мәліметтерді Қ(б)КП ОК Қорғаныс өнеркәсібі бөлімінің 1942 жылдың наурыз-сәуір айларына «өте құпия» грифімен бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес төмендегі кестеден байқаймыз [6]:

1-кесте

Қ(б)КП ОК Қорғаныс өнеркәсібі бөлімінің 1942 жылдың наурыз-сәуір айларына жұмыс жоспары

№№	Кәсіпорындар атауы мен бағынатын ведомствосы	Тұрғылықты жері	Дайындайтын өнім түрі	1942 жылдың наурызына жоспар
<i>Солтүстік-Қазақстан облысы</i>				
1	№ 641 зауыт, Электрөнеркәсібі Халық Комиссариаты	Петропавл қ.	Әскери радиостанциялар	1 кв. – 2 200 дана Наурыз - 1 000 дана
2	№ 233 зауыт, Электрөнеркәсібі Халық Комиссариаты	Петропавл қ.	Дыбыс аулаушылар	Жылдық жоспар - 240 дана Наурыз -50 дана
3	№ 347 зауыт, Кеме жасау Халық Комиссариаты	Петропавл қ.	КБ-3 миначасы АГ миначасы ПГМ-1 миначасы Сақтандыру аспаптары мен қорғасын қалпақшалар Минаның №7 бөлшегі, т.б.	Жыл.жоспар - 2 500 дана 500 дана 1 000 дана 2 000 дана 100 000 дана
4	№ 239 зауыт, Кеме жасау Халық Комиссариаты	Петропавл қ.	М-08 миначасы ГВ-М корпусы ЗАБ-500, ЭП миначасы, РГ	240 дана 3 000 дана 3 000 дана 200 дана 20 дана
5	Электр оқшаулау материалдары зауыты, Электрөнеркәсібі Халық Комиссариаты	Петропавл қ.	Авиация, танк және электр өнеркәсіптері үшін оқшаулау материалдары	Жыл.жоспар - 25 млн рубль
6	№ 621 зауыт, Оқ-дәрі жасау Халық Комиссариаты	Көкшетау қ.	Авиациялық жарықша және тұтанғыш бомбалар	Мәлімет жоқ
<i>Қостанай облысы</i>				
7	№ 507 зауыт, Тоқыма өнеркәсібі Халық Комиссариаты	Қостанай қ.	Зауыт жөндеу жағдайында. Оқ-дәрі, жасанды жібек	Мәлімет жоқ
8	№ 222 зауыт, Танк өнеркәсібі Халық Комиссариаты	Тоғызақ қ.	№41 бөлшек, №50 бөлшек, №10 бөлшек	1 кв.-63 000 дана Наурыз-22 000 дана
9	№ 263 АЭФ Басқармасының авиамастерскойы	Қостанай қ.	Мәлімет жоқ	Мәлімет жоқ
10	№ 278 АЭФ Басқармасының авиамастерскойы	Қостанай қ.	Мәлімет жоқ	Мәлімет жоқ
<i>Батыс Қазақстан облысы</i>				
11	№ 231 зауыт, Кеме жасау өнеркәсібі Халық Комиссариаты	Орал қ.	Торпедоларды жарықтандыру үшін құралдар	1 кв. 1 650 т.р
12	Усманыск зауыты, Минометті қаруландыру Халық Комиссариаты	Орал қ.	Мәлімет жоқ	Мәлімет жоқ
<i>Оңтүстік Қазақстан облысы</i>				
13	№ 234 зауыт, Танк өнеркәсібі Халық Комиссариаты	Шымкент қ.	Арнайы пресстер	38 машина
<i>Қарағанды облысы</i>				
14	Пархоменко атындағы зауыт	Қарағанды қ.	120 – миначасы, ХАБ-200, ППК-41(ерістік), көтергіш крандар	2 500 дана 2 500 дана Жоспар жоқ Жоспар жоқ

15	№ 317 зауыт, Оқ-дәрі жасау Халық Комиссариаты	Ақмола қ.	45мм артиллериялық снарядтар	Мәлімет жоқ
<i>Ақтөбе облысы</i>				
16	Рентген зауыты	Ақтөбе қ.	ПМ-1-2 подрывные машиналар, әуе қорғанысының арнайы қондырғылары үшін жоғары вольтты түзеткіштер	1 кв. жоспар – 1 400 т.р.
<i>Алматы қаласы</i>				
17	Ворошиловград зауыты, Ауыр машина жасау Халық Комиссариаты	Алматы қ.	Артиллериялық снарядтар, авиабомбалар, Авиабомбаларды тұтандырушылар	500 дана 500 дана 15 000 дана
18	Авиациялық институт, Авиаөнеркәсібі Халық Комиссариаты	Алматы қ.	76мм артиллериялық снарядтар	2 000 дана
19	№ 242 зауыт, АӘФ Басқармасының	Алматы қ.	Сердюк гранатасының бөлшектері	40 000 дана
20	№ 1 механикалық зауыт, ҚазКСР машина жасау өнеркәсібі ХК	Алматы қ.	76 мм снаряд корпустарын құю	28 800 дана
21	№ 2 механикалық зауыт, ҚазКСР машина жасау өнеркәсібі ХК	Алматы қ.	Сердюк гранатасының бөлшектері	40 000 дана
22	№ 3 механикалық зауыт, ҚазКСР машина жасау өнеркәсібі ХК	Алматы қ.	76 мм артиллериялық снарядтар	6 600 дана

Кестеден кәсіпорындардың дайындауы тиіс әскери өнімдері түрлерінің сан-алуандығын байқау қиын емес. Минаның бірнеше түрлері, Сердюк гранатасының бөлшектері, 76мм артиллериялық снарядтар, әуе қорғанысының арнайы қондырғылары үшін жоғары вольтты түзеткіштер, авиабомбалар, радиостанциялар, т.б. Сонымен қатар кесте кәсіпорындардың негізінен республиканың өнеркәсіп орталықтарына орналастырылып, басым бөлігінің Алматы қаласы (6 кәсіпорын) мен Солтүстік Қазақстан облысында (6 кәсіпорын) шоғырланғандығын көрсетеді. Сол себепті де болса керек, КСРО ХКК Төрағасының орынбасары В.Молотов 1942 жылдың 7 қыркүйегіндегі № 17 236-рс «өте құпия» өкімімен «Петропавл қаласы 2-санатты тәртіптегі елді-мекендер қатарына жатқызылып, қалада паспорттық тәртіп» енгізеді [7].

Соғыстың алғашқы айларында эвакуацияланған кәсіпорындар қатарында Қорғаныс өнеркәсібі бөліміне берілген нөмірленген бұл кәсіпорындардың сыртында тағы 54 өнеркәсіп кәсіпорындары салалық бөлімдерге өтті [8].

1946 жылдың 27 ақпанындағы Қ(б)КП Орталық Комитетінің Хатшысының орынбасары Поляков Анықтамасына сүйенсек, елдің қорғаныс өнеркәсібіне қызмет еткен осы кәсіпорындар Ұлы Отан соғысы жылдары мынадай жекелеген оқ-дәрі, қару-жарақ түрлерін өндірген екен: 4,5 млн дана 82 мм мина, бұл 2 000 дивизияны қамтамасыз етеді; түрлі калибрлі (ұсақ, орта және ірі) 4.0 млн дана снарядтар, 650 тонна оқ, 43 мың дана түрлі теңіз миаларын өндірген [9]. Осы уақыт ішінде Қазақстан қорғаныс өнеркәсібі зауыттары қару-жарақтың электр торпедосы, су асты миалары сияқты жаңа түрлерін дайындауды меңгерді.

1942-1945 жылдар аралығында кәсіпорындардағы жұмысшылар мен инженер-техниктер саны үздіксіз өсу үстінде болды. Егер 1942 жылы 8 000 жұмысшы болса, 1945 жылы 21 302-ге жетті. Инженер-техниктер құрамы 1 589 адамнан 3 230-ға өсті. Осы жылдар ішінде 12 000-нан астам жас жұмысшылар дайындалып, 78%-ды құрады. Өндірістегі әйелдер саны 50%-ды көрсетті, мұның соғыс жағдайындағы қалыпты жағдай екендігі анық. Тағы бір назар аударатын нәрсе, ол өндіріс орындарындағы қазақтар үлесінің тым аз мөлшері, яғни 8%-ды құрауы еді [10].

Елдің қорғаныс өнеркәсібіне қызмет еткен осы кәсіпорындар мен зауыттардың жылдық есептеріне шолу, республика басшылығының өндірістік жоспарлардың орындалу барысы туралы ақпараттары мен есептеріне талдау, олардың қалыптасу тарихынан біраз мәселелердің (мекен-жайы, басқару аппараты, жоспарлары, өнім түрлері, кадр мәселесі, зауыттардың жетістіктері мен кәсіпорын жұмысын тежеуші факторлар, өндіріс орындарының әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымдары, жалпы күнделікті өмірі, т.б.) мән жайын анықтауға мүмкіндік береді.

Бұған дейін де тақырып төңірегіндегі жекелеген зауыт-кәсіпорындарға қатысты алғашқы мақалалар

топтамасында осы алғашқы қорғаныс зауыттарының тыныс-тіршілігі, елдің қорғаныс өнеркәсібіндегі ролі мен орны туралы сөз қозғалған [11].

Кәсіпорындардың Шығысқа көшірілуі қашанда «ерлік эпопеясы» ретінде көрсетіліп келді және мұның еш дау тудырмайтыны ақиқат. КСРО халқы ерліктің ерен үлгісін көрсетті.

Дегенмен, бұл шараның қарбалас шұғыл жағдайда жүзеге асуы себепті мемлекеттік аппараттың ұйымдастыру жұмыстарындағы жіберген олқылықтары мен қателіктері де аз емес еді. Деректер кәсіпорындар құрал-жабдықтарының есепке алынбай жөнелтілуі, белгіленген жерге уақытында әрі толықтай жетпеуі, сол себепті монтаж жұмыстарының кешіктірілуі, маман жұмысшылардың жетіспеуі, т.с.с. себептерден алғашқы кездерде өнім өндіру жоспарларының орындалмауының жүйелі түрде орын алғанын дәлелдейді.

Мәселен, елдің қорғаныс өнеркәсібіне қызмет еткен осы зауыттардың 1942 жылғы есептеріне шолу төмендегідей келеңсіз оқиғаларға куә етеді. КСРО Электр Өнеркәсібі Халық Комиссариатына қарасты № 641 зауыттың (Петропавл қаласында орналасқан –Б.С.) 1942 жылғы тауар өнімі бойынша жоспары 69,6%-ға, жалпы өнімі 71,0%-ға, орындалса, Көкшетау қаласында қоныс тепкен КСРО оқ-дәрі Халық Комиссариаты жанындағы № 621 зауытта бұл көрсеткіштер тауар өндірісі бойынша 57,0%, жалпы өнім бойынша 51,2%-ды құраған. 1942 жылы 16 қаңтарда Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің шешімімен Көкшетау қаласында ұйымдастырылған аз мөлшерлі двигателдер жасау зауыты өз жұмысын 1942 жылдың III кв. бастауы себепті тауар өнімін не бәрі 6,3%-ға, жалпы өнімін 22,3% -ға орындаған екен. Осылайша, жылдық жоспар үш зауытта да орындалмаған [12].

Кәсіпорындардың жылдық есептеріне сүйеніп олардың жұмысын тежеген факторларды анықтауға болады. Олардың қатарында Халық Комиссариаттары, тиісті органдар, ұйымдар мен кәсіпорындар тарапынан қажетті шикізаттар мен материалдардың, құрал-жабдықтардың уақытында бөлінбеуі немесе жеткізілмеуі, қуат көзімен жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмеуін атауға болады. Әсіресе, қуат көзімен қамтамасыз етудің сын көтермеуі кейінгі жылдары да байқалды.

Зауыттардың тығыз қоныстанған жері Петропавл қаласында әскери өнім дайындаушы зауыттар ғана емес, сонымен қатар қаладағы барлық республикалық, жергілікті және кооперативтік өндіріс орындарын электр қуатымен қамтамасыз ететін Петропавл Жылу Қуат Орталығына ұзақ уақыт бойы көмірдің жеткізілмеуі себепті мемлекеттік жоспар орындалмай, кәсіпорындар тіпті жұмыстарын тоқтатуға мәжбүр болған. Бұл жағдай Қ(б) КП ОК Хатшысы Н.Скворцовты қатты алаңдатып, Л.Берияға жолдаған хаттарынан нәтиже шығара алмай, Б(б)КП ОК-не Маленковқа жазуға мәжбүр болады: «...Учитывая, что указанные заводы производят в основном боеприпасы и вооружения ЦК КП(б)К дважды обращался к тов. Берия 19.12. 44г. и 9.01.45 г. с просьбой оказать содействие в снабжении углем, так Главснабуголь телеграммой от 12 января сообщил, что 10 января отгружено для петропавловской ТЭЦ 1 190 тонн вместо 6000 тонн установленных планом. Во избежания полной остановки ТЭЦ и замораживания аппаратуры, а также обеспечения выполнения плана января месяца промышленного города Петропавловска ЦК КП(б) Казахстана просит Вашего личного указания о внеочередной отгрузке Петропавловской ТЭЦ 6000 тонн угля предусмотренных планом» [13]. Кәсіпорындар үшін аудай қажет жанар май, қуат көзімен қамтамасыз ету Алматы машина жасау зауытында да күн тәртібіндегі бірінші кезекте тұрған мәселеге айналды. Бұған кәсіпорын директоры Макеевтің бірнеше хаттары дәлел: «...Завод производит исключительно боеприпасы малых и больших калибров, казалось бы, он должен был бы обеспечиваться бензином, по выделенным нарядам, в первую очередь, однако, практически это не так и в каждом отдельном случае приходится получать бензин только после обращений к секретарю Обкома партии тов. Кулитову, к секретарю КП(б)К тов. Койшегулову, и Зам. Пред. СНК тов. Заговельеву и их длительных переговоров с управлением Главнефтебьга...» [14].

Деректерге шолу кәсіпорындардың жұмысын тежеуші фактордың бірі – олардағы еңбек тәртібінің соғыс жағдайындағы талаптарға жауап бермейтіндігі екендігін аңғартады. Зауыттардың 1944 жылғы жылдық есептеріне талдау барысында № 641 зауытта 50 жұмыс орнын тастап кету, 181 жұмысқа келмей қалу, № 347 зауытта 148 жұмыс орнын тастап кету, 250 жұмысқа келмеу, № 239 зауытта 227 жұмыс орнын тастап кету, 289 жұмысқа келмей қалу фактілері орын алған [15].

Мұрағат деректеріне сүйеніп соғыс жағдайында орын алған мұндай проблемалардың туындау себептерінің қатарында мыналарды атауға болады: жұмысшы кадрлардың киіммен, аяқ киіммен қамтамасыз етілмеуі, тұрғын үй мәселелерінің шешілмеуі, күнделікті тұрмыс жағдайлары үшін қажет бірінші кезектегі мәселелердің шиеленісуі, т.б. Мәселен, 1942 жылдың қаңтар айында Ворошиловград зауытынан келген 270 инженер-техниктер мен жұмысшылардың 59-ы 60м², 100 адам 200м² бөлмелерге орналастырылады. Оларға зауыт асханасынан тамақ жіберілмеген және ас үй плиткасының болмауынан ас әзірлеу мүмкін болмаған [16].

Соғыс жағдайында орын алатын үлкен проблеманың бірі, әрине, еңбек ресурстарын шоғырландыру мәселесі. Қорғаныс зауыттарының құрылысы мен негізгі өндіріс орындарын жұмыс күшімен қамтамасыз

ету мәселесі КСРО ХКК-де күн тәртібінен түспеді. Қару-жарақ Халық Комиссариатының ұсынысымен КСРО ХКК 1942 жылдың 28 мамырындағы № 785-405с Бұйрығымен жергілікті тұрғындардан 2 000 адамды, фабрика-зауыт жұмыстарына оқыту мектептерінің түлектерінен 101 адамды оқ-дәрі Халық Комиссариатына қарасты № 621 зауыттың құрылыс жұмыстары мен негізгі өндірісіне жұмылдыруға рұқсат етілді. Осы зауыттың 1942 жылғы жылдық есебіне сүйенсек, кәсіпорын жұмысына жергілікті тұрғындар есебінен 800 адам, фабрика-зауыт жұмыстарына оқыту мектептерінің түлектерінен 150 адам, ерікті түрде жалданғандар 1 406 адам, басқа кәсіпорындардан ауысқандар есебінен 89 адам зауыт жұмысына тартылған [17]. Бұл құбылыс жоғарыда аталған барлық кәсіпорындарға тән еді.

Тылдағы жұмысшылар мен маман кадрлардың күрт қысқаруы себепті мәселені шешудің бір жолы – түзеу- еңбек лагерлері мен КСРО ПД Халық Комиссариатының колониялары (ГУЛАГ) болды. Дегенмен, бұл «контингентпен» жұмыстың да өз қиындықтары болғандығы белгілі.

Осылайша, XX ғасырдың 40-жылдары республикамызда қорғаныс өнеркәсібінің алғашқы зауыттары пайда бола бастады. Олардың қалыптасу тарихы қиын да күрделі кезеңмен тұспа-тұс келді. Соғыс жағдайында олардың көпшілігінің Халық Комиссариаттары мен Орталық Жоспарлау органдарының тиісті дәрежедегі қолдауларына ие бола алмаған кездері де аз болған жоқ. Кәсіпорындардың құрылысы уақытында қаржыландырылмай, құрал-жабдық, материалдармен өз деңгейінде қамтамасыз етілмей, майдан үшін ауадай қажет әскери өнімді өндіруге дайын болмаған тұстарды да бастан кешірді.

Дегенмен, соғыстың сұрапыл жылдары республикамызға табан тіреп, елдің қорғаныс өнеркәсібіне қызмет еткен бұл кәсіпорындардың, ондағы мыңдаған жұмысшылар мен инженер-техниктердің әскери өнімнің сан-алуан түрін өндіріп, жеңіске өз үлестерін қосқандығы сөзсіз еді.

1. Симонов Н.С. Военно-промышленный комплекс СССР в 1920-50-е годы: темпы экономического роста, структура, организация производства и управление. – М.: РОССПЭН, 1996. // Книга на сайте: militera.lib.ru/research/simonov_ns/index.html

2. ҚР ОММ, 1137-қор, Інс-тізбе, №9 тізбе, 242-н.

3. ҚР ОММ, 1137-қор, Інс-тізбе, №9 тізбе, 252-256-нн.

4. Симонов Н.С. Аталған еңбек.

5. ҚР ПМ, 708-қор, 6/1 – тізбе, 611-іс, 23-н.

6. ҚР ПМ, 708-қор, 6/1 – тізбе, 611-іс, 4-н.

7. ҚР ПМ, 708-қор, 6/2 – тізбе, 2-іс, 1589-н.

8. Рассекреченная война: «особые папки» ЦК КП (б)К Казахстана. 1941-1945 гг. Сборник документов. – Алматы: ДП «Эдельвейс», 2010. – 604 с. – С.246-247.

9. ҚР ПМ, 708-қор, 10 – тізбе, 1648-іс, 1-2-нн.; 7/1-тізбе, 997-іс, 20-н.

10. ҚР ПМ, 708-қор, 10 – тізбе, 1648-іс, 3-4-нн.;

11. Байдильдина С.Х. ВПК Казахстана: первые заводы оборонной промышленности (АЗТМ НКТМ СССР, начало 40-х гг. XX в.). //Казахстан – Спектр. – 2010. - №3. – С. 126-131.; № 692 Ақтөбе рентген зауыты (XXғасырдың 40-жылдары) //Международная научно-теоретическая конференция «Касымбаевские чтения». – Алматы. - 2010. - С.211-214.; Қазақстанның ӘӨК: қорғаныс өнеркәсібінің алғашқы зауыттары (№ 621 зауыт). //Вестник КазНПУ им.Абая, Серия «Исторические и социально-политические науки». – 2010. - №1 (24). – С. 36-39.

12. ҚР ПМ, 708-қор, 6/1 – тізбе, 612-іс, 15-16-нн, 40-43-нн.

13. ҚР ПМ, 708-қор, 9 – тізбе, 1505-іс, 12-н.

14. ҚР ПМ, 708-қор, 6/1 – тізбе, 1737-іс, 107-н., 1717-іс, 5-н.

15. ҚР ПМ, 708-қор, 8 – тізбе, 1757-іс, 27-30-нн., 59-65-нн.; 1756-іс, 17-22-нн.

16. ҚР ПМ, 708-қор, 6/1 – тізбе, 631-іс, 25-н.

17. ҚР ПМ, 708-қор, 6/2 – тізбе, 10-іс, 68-н.; 6/1 – тізбе, 612-іс, 42-н.;

Резюме

Статья посвящена истории эвакуации, размещения и становления первых заводов оборонной промышленности в Казахстане. В статье анализируются процессы создания материально-технической базы, производственной и социально-бытовой инфраструктуры заводов, трудности и результаты создания предприятий. Также рассматриваются роль и место оборонных предприятий Казахстана в годы Великой Отечественной войны.

Ключевые слова: Оборонно-промышленный комплекс, оборонные предприятия, военный продукт, эвакуация, Народный Комиссариат.

Summary

The article considers the history of the evacuation, accommodation and establishment of the first factories of the defense industry in Kazakhstan. The article analyzes the process of the material and technical base creating, production and social infrastructure, the difficulties and the results of the enterprises creation and development. It also describes the role and place of the defense plants of Kazakhstan in during the Great Patriotic War.

Keys words: Military-industrial complex, defense companies, the military product, evacuation, People's Commissariat.

ВОЛОСТНЫЕ УПРАВИТЕЛИ В КАЗАХСКИХ СТЕПЯХ ЗАПАДНО-СИБИРСКОГО ВЕДОМСТВА: ОСОБЕННОСТИ УТВЕРЖДЕНИЯ ИХ В ДОЛЖНОСТИ В XIX – НАЧАЛЕ XX вв.

*Далаева Т.Т. – к.и.н., доцент кафедры истории Казахстана им. акад. Т.С. Садыкова
КазНПУ им.Абая*

Аннотация

Должность волостного управителя была впервые введена в Казахской степи сибирского ведомства по административной реформе 1822 года. Согласно «Уставу о сибирских казахах» первоначально в момент образования волости в составе внешнего округа предполагалось закрепить их за султанами, принявшими основные положения Устава, закрепив возможность передачи должности волостного султана по прямой линии своему сыну или близкому родственнику (дяде, брату). Утверждение кандидатуры султана в должности волостного зависит от областного правления. Если по Уставу на должность волостного управителя могли претендовать только султаны, то затем российские власти столкнулись с тем, что наряду с султанами в некоторых родовых группах казахов большое влияние имели бии и старшины.

С введением новых норм по Временному Положению 1868 г., с увеличением количества кибиток в волости до 2000, вводится институт выборных, которые и стали теперь определять через баллотировку кандидатуры на должность волостного и его кандидата. Обычным явлением становится борьба «противных партий» за выдвижение и выбор своих представителей на должности местного общественного управления. Острая борьба велась за получение возможности мало чем ограниченной власти на местах.

Ключевые слова: система местного административного управления в степных областях, волостной управитель, дореволюционный период, местная администрация

Исследование проблем формирования и функционирования института волостных в Казахской степи в XIX – начале XX вв. включает следующие основные направления: 1) реализация реформ управления Казахскими землями в контексте политики Российской империи и механизм создания волостной административной системы; 2) история формирования института волостных управителей, характеристика социального статуса и социального состава, 3) полномочия и основные функции института волостных; 4) роль волостных в деятельности волостных судов.

В дореволюционной литературе почти нет специальных исследований по проблеме организации волостной административной системы и истории института волостных управителей, представлены лишь разъяснительные руководства официального характера.

Из дореволюционных исследований следует уделить внимание работам Гейнса А.К., который в мае 1865 г. назначен на службу при главном управлении генерального штаба для особых поручений и в том же году, в составе законодательной Степной комиссии объехал Казахские степи. Для нас интересны его наблюдения, в частности относительно волостной системы на территории Западно-Сибирского генерал-губернаторства он делает следующие заметки: «Роды не пересекают свои территориальные границы. Каждая волость (по положениям Сперанского) по преимуществу составляется из аулов одного и того же рода. Границы летних и зимних кочевков каждого рода составляют и границы их территориальных владений» [1, С. 229]. Вместе с тем ознакомившись с ситуацией в Туркестанском генерал-губернаторстве в 1866 г., он составил свое мнение о необходимости распространения волостной системы и на территории Туркестанского генерал-губернаторства: «... для административных целей и принимая в соображение, что существующее у киргизов (казахов) Западной Сибири подразделение на волости и аулы вполне применено к волостным и сельским обществам в России, Комиссия признала полезным, для управления киргизами (казахами) в Туркестанском генерал-губернаторстве, образовать волости и аулы, тем более, что все вообще киргизы (казахи) по понятиям и образу жизни имеют много общего между собою, а, следовательно, если в Сибири деление на волости принесло благоприятные результаты, то нет повода предполагать, чтобы здесь тоже самое могло иметь неудовлетворительные последствия». [2, с.18-19]. Свои соображения Гейнс А. К изложил в работе «Объяснительная записка к положению и штатам военно-народного управления Семиреченской и Сыр-Дарьинской областей» [3].

В советской казахстанской историографии одним из первых вопрос о формировании института волостных управителей и организации волостной административной системы на территории Казахской степи поднимает Зиманов С.З. [4]. Он подходит к изложению данной проблемы в контексте изучения

реформ 1822-1824 гг. Ценность его взглядов заключается в постановке ключевых вопросов по проблеме организации волостей, в частности он обращает внимание на влияние родового состава казахского населения в определении и закреплении волостей в составе внешних округов сибирского ведомства. Научные взгляды Зиманова С.З. не потеряли своей актуальности и в наши дни, его труды получили второе переиздание [5].

В современных исследованиях проблема организации волостной системы управления и института волостных в Российской империи в XIX – начале XX вв. представлена уже довольно широко. Безусловно, исследование данной проблемы приобретает свою популярность у российских историков. Можно говорить о региональных исследованиях данной проблематики в современных российских публикациях. Отдельно хотелось бы остановиться на содержании научных работ российских ученых по изучению особенностей функционирования института волостных и системы волостной административной системы в степных областях. В частности, можно отметить публикации Ибрагимов Р.М. [6], Безвиконной Е.В. [7], Суворовой Н.Г. [8]. Перечисленные авторы исследуют разные аспекты организации и специфики местного управления на территории степных областей в XIX - начале XX вв.

В сравнительном плане интересны сведения о волостной и аульной административной системе управления у кыргызского населения, которые приведены в работе Маматовой А.[9].

Отдельно хотелось бы сказать о статье Тынысова Б.А. «Расселение казахов на территории Омского Прииртышья (конец XIX — первая треть XX в.)» [10]. На основе архивных материалов, статистических источников и данных, собранных в ходе этнографических экспедиций, им изучена динамика расселения казахского населения Омского Прииртышья, определены основные этапы и показан процесс перехода к оседлому образу жизни. Тынысов Б.А. делает вывод: «Как правило, казахи селились родственными, первоначально небольшими, компактными группами, но на определенной территории. С течением времени, в результате внутреннего движения казахов, происходило закрепление этих территорий за крупными родовыми единицами. Такое родовое деление земель было положено в основу установления административных единиц»[10, с. 142.].

В современной казахстанской исторической науке проблема изучения института волостных и особенностей организации волостной системы управления сравнительно недавно получила свою актуализацию. Речь идет об исследованиях данной проблемы в разрезе регионов и областей дореволюционного Казахстана. Следует отметить научные публикации д.и.н. Сайфулмаликовой С.С. на материалах Туркестанского генерал-губернаторства [11], исследователя Калиевой Г.К. также на материалах Туркестанского края [12], профессора Мусабалиной Г.Т. на материалах Семипалатинской области [13].

Особенности создания волостей в Актюбинском уезде во второй половине XIX в. становится предметом изучения в работе профессора Султангалиевой Г.С.[14]. Специфику организации первых волостей рассматривает Далаева Т.Т. на территории внешних округов в период реализации реформы 1822 г.[15].

Таким образом, проблема организации волостной системы управления в Казахской степи носит актуальный характер в связи с необходимостью системного и целостного изучения этого вопроса в контексте проводимых Российской империей административных реформ XIX века.

Должность «волостного управителя» впервые вводилась в период реализации реформы 1822 г. на территории Среднего жуза. Согласно «Уставу о сибирских казаках» создавались внешние округа, которые в своем составе подразделялись на 15- 20 волостей. Султаны были признаны «высшим и почетнейшим между казахами сословием»[16, с. 106.]. За ними сохранили право управлять округами и волостями. Получение должности волостного управителя основывалось на выборе наиболее авторитетного султана, которого родовые подразделения и их главы готовы были признать. Вместе с тем, предполагалось закрепить «право на управление волостями только по одной прямой нисходящей линии и по первородству» [16, с. 94]. Однако, в случае «ежели султан не имеет наследника, то брат его или ближайший родственник не иначе заступает его место, как по действительному выбору целой волости и с утверждения областного правления» [16, с.94]. Таким образом, впервые осуществляя административную реформу в Казахской степи по «Уставу» 1822 г. российская администрация сделала ставку на сохранение властных позиций для представителей родственных групп из султанского сословия, очевидно надеясь найти в их лице опору для реализации своих планов. Так, предлагалась не только передача должности волостного по прямой линии, но и в составе аппарата управления волостной султан «имеет при себе помощником по своему назначению, сына или ближайшего родственника» [16, с. 98]. Для осуществления делопроизводства волостному султану будет направлен письмоводитель,

знающий русский и татарский языки. Таким образом, уже в ходе организации и открытия первых волостей сразу происходило оформление местного управленческого аппарата в составе волостного султана, который получал «звание чиновника 12-го класса [16, с. 95], его помощника – как правило, родственника, и письмоводителя. По штатному расписанию «Устава» 1822 г. было определено жалование - 150 руб. в год. Волостным султанам вменялось «исполнение всех предписанных правил, охранение общей и частной безопасности и вообще спокойствия и тишины в волостях» [16, с. 98].

Российская администрация в лице Омского областного начальства и управления в ходе реализации реформы 1822 г. столкнулась с тем обстоятельством, что не везде в создаваемых волостях султаны были единственными кандидатами на должность волостного. Конкуренцию им составили старшины и бии. Так, например, по сведениям о составе волостей и возглавлявших их управителях за 1831 г. по Кокчетавскому внешнему округу: султанов – 9, из них 3 с обер-офицерскими чинами; старшин – 9, из них 5 с обер-офицерскими чинами, имеющих 12 класс – 2 и 2 – просто старшины; две волости - без управителя [17]. При этом, у старшин в управлении - 2933 кибитки, без управителя - 790 кибиток; у султанов – 4470 кибиток. Всего в Кокчетавском внешнем округе – 8193 кибитки. Совсем иная картина в Каркаралинском внешнем округе. По данным ведомости о волостях и управителях за 1831 г. Всего 21104 кибитки, из них 17570 – в управлении султанов, 3044 – в управлении старшин, 490 – без управителя. В числе волостных: султанов – 18, из них 1 - с обер-офицерским чином, 1 – титулярный советник: лишь в одной волости – в должности волостного перечислены 2 старшин, но еще не утверждены в этом; и одна волость - без управителя. [18] Очевидно, что состав внешних округов и в общем количественном отношении, и в соотношении султанского сословия и бийско- старшинских групп не соответствует объявленным правилам Устава 1822 г.

The missile launch also has the potential to draw the U.S. military further into North East Asia. While the U.S. presence in the region is good for Australia's interests, the chance of further confrontation between the US and China and a general deterioration in their relations is not. Ultimately, Australia has little influence in disputes between the US and China, and has no place and sometimes no desire to become involved in resolving the North Korean issue. A middle power state like Australia has limited options in responding to major power shifts in its region. Australia is extremely vulnerable to changeovers among the great powers and shifting balances of power. Its approach for the past years has been to seek security within the great power system in Asia through an alliance with the United States.

Australia belongs to Asia-wide institutions, including the ASEAN Regional Forum and the East Asian Summit. Nevertheless, the limits to multilateral security institutions are obvious in the Asian region. These institutions deal with security issues in only a generic trend, and do not focus directly on dominant security issues in Northeast Asia. Moreover, neither the ARF nor the EAS have the institutional capacity to go beyond ritualistic declarations of "common concern" and "identity building".¹¹ Achieving little substantive progress since the mid 1990s when it was set up, the ARF has failed to demonstrate its relevance to tackling the more intense security dilemmas and challenges that confront Northeast Asia.

As Allan Gyngell mentioned, Australia has a long-standing preference for multilateral approaches to dealing with key foreign policy challenges, which in turn mirrors a belief that "as a middle-sized power, Australia alone cannot shape the world and that the country's interests are best served by encouraging the development of international norms and laws that would help balance Australia's relative weakness".¹²

Conclusion

Australia and South Korea being middle power states share similar values, but they are still different in their path, attitude and public debates in middle powerism. It is explained by many factors such as geographical location, neighborhood countries and some historical factors. For instance, it is clearly apparent in their approaches to tackle with North Korean issue, where both states have limited opportunities.

Both states agree on the goal that North Korea should be denuclearized, open itself to the world, pursue economic and social reforms, and respect human rights. Disagreements are over the tactics, which would best bring North Korea to the path towards those outcomes. The main concern was if it is best to engage North Korea

⁹ Jae-Ho Chung, "The New South Korean Administration's Security Challenges: Back to the Future, Again?" *Council on Foreign Relations* (March 2013).

¹⁰ Hayley Channer, "North Korean missile launch: the good and the bad for Australia" *Australian Strategic Policy Institute* (Dec 2012).

¹¹ Andrew O'Neill, "Australia's Emerging Security Challenges in Northeast Asia: The Blind Alley of Multilateralism" (Feb 2009): p.189. Available at <http://www.kas.de/wf/en/>

¹² Allan Gyngell, "Australia's Emerging Global Role" *Current History* (March 2005): p. 100.

and entice it into changing its actions and relations with the outside world, or is it better to contain the problem and coerce North Korea into either changing or stopping its “bad behavior”?

One of the common limitations is Sino-U.S. relation, which intensified the dilemma for middle powers. South Korea and Australia are continuing to be stable in security alliance relationship with the United States, but nowadays it is more cautious economically and even politically, given concerns about Sino-North Korean relations. In this case, South Korea is more at the epicenter of that relationship since the Korean Peninsula is the place where Sino-U.S. relations face their main test.

Hopefully, Park’s administration seems to be ready and willing to take flexible and practical actions. When a country is more of a dependent than an independent variable of international politics, as is the case with South Korea, pragmatism derives from action rather than statements.¹³ It might be better to slightly detach from “trust”, a term promoted during Park’s campaign as the foundation of her foreign policy. Building trust is very important, especially in South Korean domestic politics, but trust alone is insufficient in dealing with many interstate issues. In reality, sometimes maintaining some strategic suspicion could be more fruitful in international politics.

In case of Australia, it is expected to take bigger initiatives since it is a leading middle power in Asia-Pacific region, but unfortunately Australia is also tied by the presence of great powers and their overlapping interests. It is well known that Korean peninsula is one of the most serious security issues facing whole Asia-Pacific region, and any initiatives in such vulnerable issue as security requires the assistance of major powers. However, there is enough room where Australia could actually perform its middle power role and behave according to its characteristics.

Australia is a state that could play an essential role by being a neutral force for diplomatic interactions with North Korea. Exactly because Australia is a respected member of the international community, but is not directly involved in security issues with North Korea, it can play a role more flexible than those of the directly involved countries. This role can be as indirect as opening limited economic or cultural exchanges with North Korea, or a more direct role in diplomatic areas by being a site for discussion and dialogue with North Korea. Thus, Australia can play a strong supporting role precisely because it is not directly involved.

The problem with any policies towards North Korea is that proliferation becomes the most important and primary focus leaving almost no room for anything else to be addressed, because negotiations over proliferation have proven so intractable. That is why third countries that are not directly involved with the proliferation issue, such as Australia, might have the opportunity to propose economic or cultural exchanges in ways that would avoid rewarding the regime, and at the same time offer the greater possibility to North Korea for interaction with the outside world. Although resolution of the North Korean issue may appear distant and difficult, continuous efforts on the part of all countries are the only path forward.

Bibliography:

- Allan Gyngell, “Australia’s Emerging Global Role” *Current History* (March 2005).
- Andrew F. Cooper, “Middle Power Leadership and the Evolution of the G20”. Working Paper No.11-02 (Hill’s Governance Centre at Yonsei University, Seoul, August 2011).
- Andrew O’Neill, “Australia’s Emerging Security Challenges in Northeast Asia: The Blind Alley of Multilateralism” (Feb 2009). Available at <http://www.kas.de/wf/en/>
- Carl Ungerer, “The ‘Middle Power’ Concept in Australian Foreign Policy, *Australian Journal of Politics and History*, Vol.53, No.4 (2007), pp. 538-551.
- David Hundt, “Middle Powers and the Building of Regional Order: Australia and South Korea Compared” *Korea Observer* Vol. 42, No.1 (Spring 2011): pp. 61-94.
- Eytan Gilboa, “The Public Diplomacy of Middle Powers” *Public Diplomacy Magazine* (University of Southern California, Summer 2009).
- Gareth Evans and Bruce Grant, “Being an Effective Middle Power” *Australia’s Foreign Policy in the World of the 1990s*, (Melbourne University Publishing, 1995): pp. 344-348.
- Gilbert Rozman, “Option 5: Rethinking Middle Power Diplomacy” *The Asan Forum* (an online Journal), (June 2015).
- Hayley Channer, “North Korean missile launch: the good and the bad for Australia” *Australian Strategic Policy Institute* (Dec 2012).
- Jae-Ho Chung, “The New South Korean Administration’s Security Challenges: Back to the Future, Again?” *Council on Foreign Relations Press* (March 2013).
- James Cotton, “Middle Powers in the Asia Pacific: Korea in Australian Comparative Perspective” *Korea Observer*, Vol. 44, No. 4 (Winter 2013) pp. 593-621.

¹³ Jae-Ho Chung, “The New South Korean Administration’s Security Challenges: Back to the Future, Again?” *Council on Foreign Relations Press* (March 2013).

Jeffrey Robertson, "South Korea as a Middle Power: Capacity, Behavior, and Now Opportunity" *International Journal of Korean Unification Studies* Vol.16, No. 1 (2007): pp. 151-175.

Mark Beeson, "Can Australia save the world? The limits and possibilities of middle power diplomacy", *Australian Journal of International Affairs*, Vol.65, No.5 (2011): pp. 563-577.

Matthew Sussex, "The Impotence of Being Earnest? Avoiding the Pitfalls of 'Creative Middle Power Diplomacy'" *Australian Journal of International Affairs* 65, no. 5 (2011): pp. 545-562.

Michelle Arrouas, "Kim Jong Un: The Situation on the Korean Peninsula Is 'Very Grave'", *Time* (April 2014).

Park Geun Hye, "A New Kind of Korea: Building Trust between Seoul and Pyongyang" *Foreign Affairs* Vol. 90, No. 5 (Sep/Oct 2011): p. 14.

Sook-Jong Lee, "South Korea as a new middle-power seeking complex diplomacy" *EAI Asia Security Initiative Working Paper* (Seoul, Sep 2012).

Түйіндеме

Бұл мақалада Азия-Тынық мұхит аймағындағы орташа державалардың рөлі және олардың алдыларында тұрған мәселелері қарастырылады. Соңғы уақытта осы аймақта "орташа держава" деген термин өте танымалы болып келді. Дәстүрлі орташа держава ретіндегі Австралия мен дамушы орташа держава ретіндегі Оңтүстік Корея ең көрнекті аймақтық орташа державалар болып саналады. Екі мемлекет те әлемдік орташа держава болуға және Азия-Тынық мұхит өңіріндегі аймақтық көсбасшыға айналуға мүдделі. Дегенмен олар өз мақсаттарына жету жолында әр түрлі кедергілерге тап болуда. Оның ішінде елеулі мәселелерінің бірі Солтүстік Корея мәселесі. Мақалада екі мемлекеттің мақсаттары, айқындамалары және жалпы тактикаларының ұқсастығы мен айырмашылықтары анықталады. Ол айырмашылықтар географиялық жағдай, шекаралас мемлекеттер және тарихи ерекшеліктер сияқты әр түрлі факторларға байланысты. Мақалада Солтүстік Корея мәселесін шешу әлі де күрделі және оңай еңсерілмейтін мәселе деген қорытынды шығарылынады. Алайда, екі мемлекет өз мақсаттарына жету үшін бар күшін салуда.

Тірек сөздер: орташа держава, Оңтүстік Корея, Австралия, Солтүстік Корея, сыртқы саясат, дипломатия, мемлекеттік-пікірлес, қауіпсіздік, шиеленіс, қиындық, көпжақты көзқарас.

Аннотация

В данной статье раскрываются роли средних держав в Азиатско-Тихоокеанском регионе и проблемы с которыми они сталкиваются. В последнее время термин "средняя держава" стал очень популярным в этом регионе. Наиболее выраженными региональными средними державами являются Австралия, известной как традиционная средняя держава, и Южная Корея, являющейся представителем развивающихся средних держав. Оба государства, Австралия и Южная Корея заинтересованы в том, чтобы стать мировой средней державой и региональным лидером в Азиатско-Тихоокеанском регионе. В то же время, они сталкиваются с различными препятствиями на пути достижения своих целей и одним из значимых проблем является северокорейский вопрос. В статье анализируются сходства и разногласия по поводу целей, позиций и всеобщей тактики двух государств. Различия объясняются многими факторами, такими как географическое положение, соседствующие государства и исторические особенности, которые будут более подробно описаны в данной статье. В статье делается вывод, что решение северокорейского вопроса все еще отдаленная и нелегкая задача. Тем не менее, постоянные усилия со стороны обеих стран являются основным путем к продвижению вперед и достижению желаемого.

Ключевые слова: средние державы, Южная Корея, Австралия, Северная Корея, внешняя политика, дипломатия, государства-единомышленники, безопасность, напряженность, вызов, многосторонний подход.

САЯСИ ТАРИХ ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ

ӘОЖ 94 (574) 12

МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУЫ

Берлібаев Б.Т. – *т.ғ.д., профессор,*
Орынбекова Д.С. – *т.ғ.к., профессор*

Түйіндеме

Бұл мақала Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған. Мақалада Қазақ хандығының пайда болуына оған дейінгі бүгінгі Қазақстан территориясында өмір сүрген бірнеше мемлекеттердің әсер еткендігі дәлелденген. Авторлардың болжамы бойынша Қазақстан деп аталатын қазіргі мемлекетті Астана қаласындағы «Қазақ елі» монументі итермелеп тұрғандай, «Қазақ еліне» ауыстырған дұрыс. Авторлар Жетісу жерінде өмірге келген Ежелгі Үйсін Елі тұрғындарының алғаш рет түрік тілін қолданысқа енгізгенін ескеріп, Қазақ мемлекеттілігінің басталуы да дәл сол елден өрбітуді шындыққа жанастырады. Қытай деректеріне сүйеніп жазылған осы мақаланың негізі, қазақ мемлекеттілігінің басталуы біздің заманымыздан бұрынғы дәуірлердің жемісі екендігін дәлелдеу. Мақала авторларының көрсетуі бойынша Қазақстанның мемлекеттілігі бүгінгі күндері кейбір елдердің басшылары айтып жүргендей, тек Қазақ хандығының құрылған XV ғасырдан басталмайды. Қазіргі қазақ жерінде Қазақ хандығына дейін де 20-ға жуық мемлекеттерінің болғандығын ескерген авторлар, Қазақ хандығын сол мемлекеттердің тарихи жалғасы болғанын түсіндірген.

Тірек сөздер: Президент, халық, Қазақ хандығы, мемлекет, «Ұлы Дала Елі, Хиши, Нәнді би, бек, абыз, «Қазақстан», «Қазақ елі», «Алтын адам», Силы би, Албан, Қаз.АКСР, Қаз.КСР, «стан», «әскери қосын» «Қаһармандық», «Жасампаздық», «Болашақ», «Бірлік».

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің 2015 жылға арнаған «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» деп аталатын кезекті Жолдауында 2015 жылы күзде Қазақ хандығының **550** жылдығын атап өту керектігін жариялап, халқымызды бір жадыратып тастаған еді [1]. Сондағы қараша айынан басталған дүбірлі мәселені атап өтуге бүкіл еліміз болып ерекше мән беріп, кіріскелі міне, 1 жылдың жүзі болуға қарады: мектептерден бастап, ЖОО-на дейін, гуманитарлық институттардан бастап, барлық деңгейдегі әкімшіліктер мен білім департаменттерінде жанағы болатын Ұлы тойға байланысты ірілі-ұсақты іс-шаралар жаппай өткізіліп келеді. Осылардың ішінде 2015жылдың 7-9 қазан аралығында болып, Тараз қаласында ұйымдастырылған **«Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Ұлы Дала Елі» халықаралық форумы»** мен **«Орталық Азия: аймақтағы халықтардың ынтымақтастығы» – «ЖІБЕК ЖОЛЫНДАҒЫ СҰХБАТ»** - деп аталған *Халықаралық дөңгелек столдың* орны бөлек [2]. Өйткені дәл осы іс-шаралардың барысында Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өтудің қорытындысы шығарылып, қазақ мемлекеттілігінің мәртебесі дәлелденді, мемлекеттіліктің Қазақ хандығына дейінгі ұзақ тарихының бұлтартпас шындығының беті ашылып, кейбір елдердің басшыларының дәстүрлі болжамдары мен күмәндарына шектеу қойылды.

Хош делік, қазақ халқы кез-келген тойды жоғары қарқынмен, салтанатты түрде өткізе алады. Бұған ешкімнің күмәні бола қоймас. Ал біздің осы мақаладағы айтарымыз елдік, қағандық, хандық, патшалық, орда, сұлтандық және империя деген түсініктердің байыбына барып, біздің елдегі мемлекеттіліктің ұзақ тарихының болғанын дәлелдеу.

Әне бір жылдары, шамасы 2004 жыл болу керек, Алматы қаласының 150 жылдығы дегенді сылтауратып, негізін патша жендеттері салған Верный бекінісінің 150 жылдығын тойлап, халықты шығырман ойда қалдырғанымыз бар еді. Сондағы қала әкімі В. Храпунов болса, әлімжеттік жасап, мүйізі қарағайдай тарихшы-археологтармен санаспай, қазақтардың емес, казактардың тойын дүбірлетіп өткізгені есімізден кетпейді. Ал шын мәнінде, Алматы қаласының іргесі 150 жыл бұрын емес, одан 7-8 ғасыр әрде жатқан

еді. Көрнекті археолог К.М. Байпақов оның солай екенін талай рет дәлелдеген болатын. Сол сияқты қазақ хандығы өзінің іргесін 1465 жылы көтеріп, биыл оған 550 жыл толып отырса, тарихшылардың да тоқтамы осы. Осы арада, қазақ жерінде тарихта алғаш рет түрік тілінде сөйлеген Үйсін Елін ескерусіз қалдыруға болмайды. Олай дейтініміз, берідегі Анадолу түріктері өздерін Түрік Иліміз десе, бұл сөздің қазақша мағынасы үйсіндерден басталған Ел деген түсінікті береді.

Қытай деректері бойынша, Үйсіндер Іле өңіріне қоныс аударғанға дейін, хұндардың (ғұн) батыс жағындағы, қазіргі **Хыши** дәлізін мекендеген шағын ел болған кезде, олардың көсемін **Нәнді би** деген. Осы Нәнбі би көрші шапқыншылығынан қаза болғанда, оның баласы **Елжау би** жаңа туған бала екен. Оны хұн тәңірқұты Мөде бауырына басып, тәрбиелеген. Елжау би өсе келе ата кегін қайтару үшін Тәңірқұттан рұқсат алып, ежелден қазіргі Іле өзені алқабын мекендеп келген **сақтарды** ығыстырған **Ұлы йүзілерге** шабуыл жасап, оларды талқандап, солардың жеріне орнығады.

Елжау бидің он баласы болған. Ол тақ мұрагерлігіне немересі **Жөншіні (Күнсүй)** отырғызады. Одан кейін таққа оның немерелес туысы **Оңғай би** отырғанда, Үйсін елі кемеліне келе дамыды. Бұл даму б.з.б. 20 жылдарда Үйсін елінде Күнби болған **Силы биге** дейін жалғасты. Бұдан кейін Үйсін елі бұрынғы күш-қуатынан айырылды [3].

Біз, осы жоғарыда айтылған ежелгі Үйсін Елі билеушілерінің «би» - деп аталуы тарихынан аңғаратынымыз, «би» дыбыстық сөзінің қазақ Елі тарихының билік жүйесіне ұласуы. Өйткені қазақтар Ресейдің отарлауына дейін өздерінің тайпа басшыларын би деп атап келген. (Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би т.б.) Сол сияқты, Қытай деректері бойынша Үйсін Еліндегі билік жүйесіндегі ірі лауазым иелерін абыз (бас бағам), ұлыс бегі (ұлық, әкім), Орда бегі (орталық ұлық әкімі) деп атаса, мұндай лауазымға еліктеп қойылған адам атаулары қазірдің өзіндегі Қазақ елінің ішінде жетіп жығылады. Мысалы Сары абыз, Шоған абыз, Ернарар абыз, Ұлықбек, Жәнібек, Қалқабек, Түрбек, Изатбек, Сақабек, Мырзабек, Мұсабек, Ақылбек, Кенжебек, Жамалбек деген атаулар соның дәлелі. Бұл фактілер, әсіресе «бек» - деген жалғаулар, ежелгі үйсіндердің бүкіл қазақ халқының арғы атасы екендігін анықтай түседі.

Сонда, мемлекет ретінде бүгінгі қазақ жерінде алғаш рет түрік тілінде сөйлеуді бастаған Ежелгі Үйсін Елі ұғымы мен одан кейінгі қазақ жерін көктей өткен хұндар мен осы жерде мемлекеттіліктің жүйесін орнықтырып, территориясын қалыптастырған бірнеше қағанаттар мен сұлтандықтарды, патшалықтар мен Ордалар ұғымын орысшаға аударғанда империя деген түсінікті береді. Демек, қазақ хандығының іргесін көтеруі – тек қазақ атын иеленген халықтың хандық билігінің басталуы ғана. Немесе, сонау б.з.д. ІҮ ғасырдан бергі қазіргі қазақ жеріндегі бірде пайда болып, бірде жойылып кетіп отырған 20-ға жуық ірілі-ұсақты мемлекеттердің XV ғасырдағы **Қазақ хандығы** атауымен келесі бір жалғасын табуы еді [4]. Айналып келгенде, қазақ жеріндегі мемлекеттіліктің басталуы осы жерде ең алғаш түрік тілінде сөйлеуді бастаған Ежелгі Үйсін Елінен тараса керек. Тіпті, берідегі XI-XII ғасырлардағы Керей, Найман ұлыстары мен Шыңғысханның әкесі мен өзі жақын тартқан Қоңырат пен Жалайыр мемлекеттік бірлестіктері Шыңғысхан құрған империяға дейін-ақ іргелі Ел болғандарын қалайша жоққа шығарамыз.

Егер біз, Шыңғысхан құрған империядан әріге барсақ, VI-VII ғасырларда түрік тілінің қазаққа жақын диалектілерімен сөйлеген қырғыздар мен ұйғырлар қазақ мемлекеттілігінен 8-9 ғасыр әрде жүрсе, қазақтардың мемлекеттілігі қалайша ХҮ ғасырға шегерілген? Әрине, біздің бұл пікіріміз, қазақ хандығының пайда болған уақытына нұқсан келтірмейді. Дегенмен, Керей мен Жәнібек сұлтандар бұрынғы Үйсін Елі жайлаған Моғолстан жеріне қайта келіп, ата дәстүрімен оның салтын жаңғыртып, қайтадан мемлекет іргесін көтерсе, бұл-Ежелгі Үйсін сияқты Елдің ошағын сөндірмей, тағы да мемлекет болуға ұмтылуды білдіріп, сол кездің өзінде қазіргі Егеменді еліміздің сәулесінің көрінгенін байқатады. Бірақ, осыдан кейінгі қазақ жеріндегі мемлекеттіліктің атауы не бәрі бес ғасыр ішінде тағы да үш рет өзгерді: 1920 ж. - Қаз. АКСР, яғни Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы; 1936 ж. -Қаз.КСР, немесе Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы; 1991 ж. - Қазақстан Республикасы. Бұл әрине, тәуелсіз мемлекет болғанмен, нақты аталуына келгенде 1920 және 1936 жылдардағы «Қазақ» атауынан айрылып, «Қазақстан» атауына ие болды. Дегенмен осы арада, тарих дөңгелегін кері бұрып, бір ғана деректі мысалға алсақ, 2005 жылдың соңына қарай қолымызға жеткен қытай деректері осыған дейін сақ тұқымы делініп келген «Алтын адамның» үйсін бекзадасы екендігін дәлелдеді [5]. Ал енді көрнекті тарихшы Т.Омарбековты сөйлетсек, ол тіпті жаңағы үйсін бекзадасын Ежелгі Үйсін Елі құрамындағы арғы албандар тайпасын таратқан Албан деп аталған тұлғаның дәл өзі дейді [6]. Бұның өзі тарихы сақтардан басталған бүгінгі қазақтардың ежелгі тілі бұрынғы «үнді-иран тілдестер» деген күмәнді тұжырымды санамыздан өшіріп тастауға әкеледі. Осыған байланысты тәуелсіз елдің тарихи білімінің методологиялық ұстанымында түркі тілдестердің мемлекет ретінде дүниеге келуін үйсіндерден туындататын басымдықтың рөлін күшейуге жетелейді. Дәл осы әдіснамалық ұстанымды тарих ғылымында орнықтыру

Қазақстанның тәуелсіздігін тұрақтандырудың да кілті болып табылады. Тіпті «ауыл» деген терминнің үйсіндерден таралғанымен санассaq, бірнеше ауыл құрамалары «ел» деген мемлекеттік мәні бар ұғымға жеткізгенін мойындауға итермелейді. Ал түркі тіліндегі «ел» түсінігі күні бүгінде мемлекет түсінігі ретінде санамыздан мықтап тұрып орын алып отыр. Сонда «Қазақстан» деген атаудың өзін «Қазақ елі» деген күнде бұның мағынасының өзгермейтіні кімге болса да түсінікті. Ал «стан» деген «қазақ» сөзіне тіркескен сөзді белгілі энциклопедиялар арқылы орысшадан аударсақ, «үйездің әкімшілік-саяси бөлімі» деген ұғымды, кейде «әскери қосын» деген ұғымды береді. Демек, «Қазақстан» термині Ресей отарлаушылығының кезінде, тек сол мемлекеттің ыңғайына сәйкес ойластырылған атау ғана [7]. Қазір, бұндай тұжырымға үрке қарайтындар – саясат жетегіндегі адамдар. Олар: «Қазақ жеріндегі өзге ұлттарды қайтеміз?» дегенді тілге тиек етеді. Ойлап қарасақ, қазіргі қазақтар ол ұлттардың біреуіне де тәуелді емес және олардың ешқайсысын ешуақытта өз жеріне шақырған емес. Қайта қазір ол ұлттар, қазақтарға ризашылық білдіріп жүр. Себебі қазақтардың бауырмашылдығы мен қонақжайлығы оларды ел ішіне еркін ендіріп жіберді. Бұл арадағы қазақ саясаттану ғалымдары мен жоғары әкімшіліктің кемшілігі - басқа ұлттардың осы ерекшеліктерін дәріптей алмаушылығында. Сондықтан болашақта, жоғарыдағы үйсін елін мойындау ұстанымының негізінде «Қазақстан» атауын «Қазақ елі» деп өзгерту күн тәртібінде тұр.

Бүгінде Қазақстан Республикасының елордасы Астана қаласында орналасқан «Қазақ елі» деп аталатын мәдени-архитектуралық монумент бар. Монумент 2009 жылы ашылды [8].

Қазіргі Астана қаласындағы «Қазақ елі» монументінің жанындағы алаңда Тәуелсіздік сарайы, «Шабыт» өнер сарайы, «Әзірет Сұлтан» мешіті, Бейбітшілік және келісім сарайы сияқты қоғамдық-саяси маңызы бар еліміздің басты нысандары орналасқан. Түсіне білген адамға осының өзі бүгінгі «Қазақстанның» аталу болашағының жаңағы «Қазақ елі» монументімен байланыстылығын білдіреді. Онда «Халық пен Президент», «Қаһармандық», «Жасампаздық», «Болашақ» және «Бірлік» деген идеяларға негізделген архитектуралық топтамалар бар. Бірақ бәрібір, алдыңғы төрт идеялардың бәрі Қазақстан халқының тәуелсіздік алғандағы шаттанған сезімдерін бейнелеген «Бірлік» атты мүсіндік композицияға топтастырылған. Бұл нені білдіреді? Бұл дегеніміз, қазіргі Қазақстан халықтарының бірлігі баянды болған сайын және олардың мемлекеттік тілге бой алдыруы күшейіп, оған деген ықылас-пейілдері артқан сайын болашақта Қазақ елі деп аталатын мемлекетке де жақындай түсеміз деген идеяны білдіреді.

Осы орайда, 2015 жылының басынан бері Қазақ хандығының 550 жылдығына байланысты бүкіл ел өңірінде болған түрлі деңгейдегі ғылыми конференциялар қазіргі кезеңдегі қазақ мемлекеттілігіне қатысты тарихи-білімдік ой-сана мәселесінің алдында күрделі методологиялық міндеттер тұрғанын байқатты: **Оның біріншісі**, бұрын кеңес өкіметі өз мүддесіне айналдырған тарихи-білімдік дамуды дайын схема түрінде көрсетуден бас тарту болса, **екінші** мемлекеттілік мәселесіндегі тарихи-білімдік ой-сананың танымдық шеңберін кеңейтіп, осы саланың өзіндік дамуын көрсету міндеті тұр. Әрине, бұл міндеттерді бірден шешу мүмкін емес. Алдымен, оларды шешу үшін, Ұлы далада интегратор болып қалып отырған қазақтардың ғана емес, бүкіл түркі тілдес халықтардың да тарих ғылымындағы жан-жақты ізденістері қажет. Ал **үшіншісі**, «Мәдени мұра» ұлттық бағдарламасы негізінде жинақталған мемлекеттілік мәселесіне қатысты ғылыми еңбектер, санадағы қоғамдық формациялар түсінігінен бас тартқан кезеңде жарияланғанына қарамастан, оларда көрсетілген құнды пікірлер жиынтығы жан-жақты жүйеленбей отыр. Соған қарамастан, сондағы авторлардың және басқа да зерттеушілердің көне түркілердің елдіктері мен қағандықтарға қатысты пікірлерінен ой түйіндеп, түбі бір түркі халықтар тарихының бүгінгі жеткен жетістіктерін екшелеп, сұрыптап, жинақтай келе болашақта ешкім дау тудырмайтын жаңа тұжырымдар мен қорытындылар жасауға толық мүмкіндік береді деген ойдамыз.

1. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» // Түркістан. – 2014. – 23 қаңтар. – 5-6 бб.

2. «Қазақ хандығы мыңжылдықтар тоғысында: тарихи сабақтастық және қазіргі кезең» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның МАТЕРИАЛДАРЫ, ТОМ I. – 29-30 мамыр 2015 ж. – «Тараз университеті» баспасы, 2015., Университет тынысы. – М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті. – мамыр 2015 жыл., Наследие предков экспедиция завершила работу. – Знамя труда. – Жамбылская областная газета четверг, 8 октября 2015 года., Тамыры терең, тарихы тұнық қазақ елі. - Университет тынысы. – М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті. – 2015 жыл. 7 қазан.

3. Ежелгі Үйсін Елі / Құрастырушы Ш.Ахметұлы. – Үрімжі: ҚХР Шынжаң Халық баспасы, 2005. – 386 б

4. Ұлы көш жолымен. Қазақ хандығының құрылуына қатысты археологиялық қазбалар, жазба деректер, шежіре-аңыздар мен жер-су атауларына байланысты ғылыми зерттеулер. – Тараз: Тараз университеті, 2015. – 293 б. Тюркологияның қазіргі ахуалы халықаралық конференцияда сөз болды // Ана тілі. – 2011. – 21 мамыр. – 1 маусым.

5. Ежелгі Үйсін Елі / Құрастырушы Ш.Ахметұлы. – Үрімжі: ҚХР Шынжаң Халық баспасы, 2005. – 386 б

6. «Қзақ Елі» және ел басқарудағы билер дәстүрін жаңғырту (Қожбанбет би тағылымы). Жауапты шығарушы: Б.Т. Берлібаев Бақдәулет Тұрбекұлы. Сүйерқұлұлы Қожбанбет бидің өнегелі істеріне байланысты өткізілген республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: «Leader offset printing баспаханасы», 2014. – 38-43 бб.

7. Берлібаев Бақдәулет Тұрбекұлы. Қазақстанда тарихи білімнің қалыптасуы мен дамуы: тарихи-теориялық зерттеу (1920-2001 жж.) - тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация.- Қазақстан Республикасы. – Алматы, 2010. – 6 б.

8. <https://kk.wikipedia.org/www.akorda.kz>

Аннотация

Данная статья посвящена 550-летию Казахского ханства. В статье убедительно доказывается, что источником появления Казахского ханства послужили несколько государств, существовавшие на территории Казахстана до его возникновения.

По убеждению авторов, нынешнее государство, так называемое Казахстан, необходимо переименовать на «Казак елі», этому подталкивает монумент «Казак елі», возвышающийся в г. Астане.

В статье акцентируется внимание на то, что истоки казахского государства берут начало с древнеуйсунского государства, эта идея будет более правдивой, так как жители этого государства первыми начали использовать тюркский язык.

В целом, в статье обосновывается идея о том, что корни казахской государственности согласно китайским источникам начинаются до нашей эры.

Ключевые слова: Казахское ханство, Президент, народ, государство, государственность, нация, источники, территория

Summary

This article is dedicated to 550 anniversary of the Kazakh Khanate. The article convincingly proved that the origin of the Kazakh Khanate were several states, which existed in the territory of Kazakhstan prior to its emergence.

According to the authors, the current state, the so-called Kazakhstan, must be renamed to "Kazakh Eli", it pushes the monument "Kazakh Eli" towering in Astana.

The article focuses on the fact that the origins of the Kazakh state originate with Ancient Uisyn state, this idea will be more truthful, as residents of this state were the first who used the Turkish language.

Keywords: In general, the article explains the idea that beginnings of Kazakh statehood according to Chinese sources begin in B.C.

УДК 1(091) (574)

ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ МЕН ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК АХУАЛЫ

Дакенов М. – т.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры,
Жолдыбаева С.А. – С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ
Илгидаева С.М. – С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ

Түйіндеме

Аталған мақалада ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік ахуалы сөз етіледі. Ресей бодандығын қабылдағаннан кейінгі қазақ даласының бөліске түсуі, қазақ жерлерінің талан-таражға түсуі, ел билеу ісінің өзгеріске ұшырауы ХХ ғасыр басында тарих сахнасына шыққан жүздеген алып тұлғалардың шыңдала түсуіне, ой-пікірлерінің пісіп жетіле түсуіне негіз болды. ХІХ ғасырдың екінші жартысы ХХ ғасырдың басындағы қазақ елінің әлеуметтік хал-ахуалын арнайы ізденіске тақырып жасасақ, дәлелді деректер баршылық болғанымен, оларды қазіргі заман талаптарына сай, жан-жақты сатылап саралау үшін кешегі күнге дейін ғылыми сананы шырмал келген сыңаржақ идеология құрсауынан шығуымыз қажет ететіні белгілі құбылыс.

Тірек сөздер: жарғы, миграция, шекаралық комиссия, губерния, революция, отар, бодандық.

Қазақ жері ғасырлар бойы көрші мемлекеттердің шабуыл нысанасына айналып келгендіктен ХVІІІ ғасырдың алғашқы жартысында қазақтардың бір бөлігі Ресейдің қол астына кіріп, бағынуға мәжбүр болғандығы тарихтан белгілі.

Осы кезеңнен бастап, Ресейде болған әлеуметтік өзгерістердің қазақтар тарапынан қабыл алынып, өздерінен күшті солтүстік көршілеріне деген бағыныштылығының арта түскендігі байқалады. Ресейдегі бұл әлеуметтік өзгерістің жемісті болғандығы сондай, олар енді қазақтардың тұрмысы мен салт-саналары туралы, оларды зерттеп білу қажеттілігі жайлы жиі айта бастады. Мұның негізінде әкелік «қамқорлық»

(бірінші жағынан) және «ризашылық» (екінші жағынан) қатынастары жатқан болатын. Мәселен, Сперанскийдің 1822 «Сібір қазақтары» туралы жарғысындағы қоғам өміріндегі өзгерістерге көп жол беріледі. Жарғы қазақтарға тән ғасырлар бойы қалыптасқан басқару жүйесін жоққа шығарып, оның орнына әлеуметтік бөлудің «Еуропалық тәсілдерін» танытты. Осының нәтижесінде патша әкімшілігі орта жүздегі хандық билікті жойып, оның орнына округтер мен приказдар құрды. Осы жарғының негізінде кіші жүз Орынбор шекаралық комиссиясына бағынатын болды. Мұның барлығы ақыр аяғында қазақтардың оған қарсылық көрсетіп, көтеріліске шығуына жол ашты [1, 198 б.].

Халық көтерілістері, қазақтардың өздерін сыртқы жаулардан қорғау әрекеті (әсіресе, Хиуа, Бұқара, Қокан, Қытай елдерінің оның ішінде Ресейге де қарсылық көрсетулері) отарлық басқару тұсында ерекше орын алды. Ал, орыстар қазақтарды өз діндеріне бағындыру мақсатында басқарудың еуропалық үлгісін оларға күштеп таңды. Осының барлығы ұлттық сананың дамуына ұзақ жылдар бойы қасақана құрылған тор болып келді. Ал, жергілікті байлардың қанау тәсілдерімен патша әкімшілігінің ауыр алым-салықтары, қазақтардың күш көрсетуі – қазақ халқын қайыршылыққа әкеп тіреді. Мәселен, XIX ғасырдың жетпісінші жылдарында Орал, Есім, Ор және Қаратал, Лепсі, Ақсу, Іле және т.б. өзендерді бойлай орналасқан ұшан теңіз алқапты қазақтар иемденді. XIX ғасырдың соңында олардың саны жүз мың адамнан асып кетті. Патша үкіметі оларға қазақтардың жерлерінен жер беріп, көптеген жеңілдіктер жасап, ал қазақтарды Сахарада пайдаланатын ұрда қолшоқпарына айналдырды.

Қазақ жерін отарға айналдыру саясатының тиімді түрі миграция тәсілі болды. Егер Қазақстанға Ресейдің орталығы мен оңтүстігінен 1986 жылға дейін 294 мыңнан астам адам көшіріліп әкелінсе, 1906-1910 жылдары олардың саны 770 мыңға артты.

Ел билеуші жергілікті бай-манаптардың халық санасына үнемі «Ресей мемлекеті бізге бар жақсылық жасауда» деген, қоғамдық пікір тудыруға тырысып баққаны байқалады. Олар басқаларға қазақ халқы орыстарға бағынғанға дейін негізінен көшпенді өмір сүрді. Сөйтіп Еуропалық елдерден «артта қалған» жартылай жабайы халық болды деген жел сөз таратып, қазақтарды отырықшылыққа үйретудің қажеттігі туралы екі ұшты жоспарлар құра бастады [2, 3 б.].

Өткен ғасырдағы патшалы Ресейдің осындай саясаты кешегі кеңес үкіметіне де мұра болып қалғандай. Себебі, соңғы кезеңге дейінгі қазақтар туралы сөз қозғалса, «Олар тек дала көшпенділері болған, оларда шаруашылықтың егіншілік түрі мүлдем болмаған еді» деп еске алып келді.

Алайда, қазіргі қолда бар көптеген архив және сол кезеңде шығып тұрған демократиялық бағыттағы басылымдардың материалдарына сүйене отырып, біздер қазақ жерінде Ресей Қазақстанды жаулап алған кезеңге дейін де мақта, егін шаруашылығы, көкөніс, бау-бақша, жеміс-жидек, алма бақтары болғандығын, сол тарихи кезеңде Қазақстанда суландыру құрылыстарының кең жүйесі жасалғандығын, қазақтардың ерте заманда да суландырылған алқаптарда жұмыс істегендігін, оларға малға жем, шөп дайындау ісінің де ертеден таныс болғандығын, қазақтардың XIX ғасырдың басынан-ақ отырықшы және көшпелі өмір сүріп, ол кезде де қазіргі малшылардың өміріне ұқсас шаруашылық түрлерінің болғандығын айта аламыз.

«XIX ғасырда Қазақстан ауыл шаруашылығы өнімдерін шығаратын (әсіресе ет, май) ірі отар елге айналды. Қазақтардың өміріне бойлап енген сауда, тауар айырбасы және жәрмеңке оларды Еуропа мәдениетіне жақындастырып, ерекше рөл атқарды». Алайда, сауданың келуіне байланысты қазақ даласында жергілікті халықтың орыс заңдары мен нарықтық құнын жете білмегендіктерінен алдау, тонау, күш көрсету сынды әрекеттер көбейіп кетті. Сол кезеңдегі «Отечественные записки» сияқты кейбір жанашыр басылым қазақтардың жер бетінен толық жойылып кету қаупі төнді, – деп дабыл қағуы да тегін емес. Екіншіден, мұның барлығының себебі өзінің шет аймақтарында; әсіресе, аз ұлттардың арасында патшалық Ресейдің саясатына байланысты еді. Өйткені, Ресей Қазақстанды жаулап алғаннан соң, оның жерін шикізат қоймасы мен арзан жұмыс күшіне айналдыруды көздеді. Өлкенің өнеркәсібін игеру көп экономикалық шығынды қажет етті. Сондықтан, Ресей пайдалы қазбалары мен мал шаруашылығының өнімдерін қанағат тұтты. Ресейге Қазақстанда астық шаруашылығын дамыту ол кезде пайдасыз болды. Оған көп шығын жұмсау керек еді. Сөйтіп, қазақ даласында ауыл шаруашылығы нашар дамыды. Тіпті ұсақ тауар өндірісі саласында да Қазақстан өз саудасын Ресей мен байланыстырғандықтан Шығыстың бай саудасынан айырылып, күнделікті өмірге қажетті заттарды шығаруға да мүмкіндігі болмай қалды. Осының нәтижесінде Қазақстанда XIX ғасырдың соңында да мал шаруашылығы «мамандандырылған» шаруашылықтың басты түрі ретінде қала берді [3, 172 б.].

Белгілі Еуропалық түсінік бойынша, XIX ғасырда қазақтардың мәдениет дәрежесі орыстармен салыстырғанда әлдеқайда төмен болған. Бірақ әділін айту керек, кезінде демократтарды былай қойғанда, кейбір миссионерлердің өздері де қазақ халқының ұлттық өзіндік мәдениетін жоғары бағалап, қазақтар бейбіт, бауырмал, адамдар ретінде сипатталған. Әйтседе, өкінішке орай, қазақ елін басқару (патшалы

Ресейдің тарапынан) өте шиеленіскен, қиын жағдайда жүргізілді. Мәселен, 1868 жылы далалық облыстарды басқару жағдайының жобасын талқылаған Министрлер кабинеті қазақтарға қатысты, барлық заңдардың бұрмаланып отырғанын атап көрсеткен. Ал, осы кезде қазақ жеріне Ресейден орыстардың шектен тыс қоныс аударуы демократиялық бағыттағы зиялыларды қатты ойлатқан. Бұл орайда А.Ядренцевтің «Сібір бұратаналары және олардың құрып бітуі» деген мақаласындағы жер мәселесі барлық жүгенсіздіктер мен кедейшіліктің басталуы болды деген жолдар патшаның оспадар саясатының нәтижесінде бір ұлттың құрып кету қаупінің тұрғанын меңзеді. Өзінің әріптесінің бұл ойын қостай отырып, Л.К.Чермак «Қырғыздар қырылып бара ма!» деген мақала жазды. Сөйтіп, патша отарлау саясатын өрістетіп, бар шұрайлы жерлерді орыс қоныс аударушыларына беру арқылы өзі шығарған заңды өзі бұрмалап, қазақтардың жерін орыстардың меншігіне айналдырған. Бұл жөнінде қазақ даласын басқару туралы заң жобасына пікір ұсынған комиссия былай деген: «Қырғыз даласына, шекаралардан қазақтарды сондай-ақ ішкі және Сібір губернияларынан орыс шаруаларын кіргізу оларды қазақтар тегіне алу, орыс-тардың көп мөлшерде қазақ даласына тереңдей енуіне мүмкіндік берді. Приказдардың тұрақты орналасқан жері қоныс аударушы орыстардың тегін көбейте түсті. Орыс қоныс аударушылары Жайық пен Ертіс өзендерінен есептегенде 1000 шақырымға жуық оңтүстік аймақты басып алып, бұрындары Ресейдің шекаралық аудандары болып келген қазақ даласы патшалықтың ішкі бөлігіне айналып шыға келді. Бұл хабарды кезінде деректі құжаттар негізінде патша генералдары Ф.Бис пен Л.Валюзик жазған. Сол кезде «Современник», сатиралық «Искра», «Военный сборник» тағы басқа көптеген газет-журналдар мен альманахтардың беттерінде қазақтарға хат танытудың қажеттілігі, қазақ жұмысшыларының түз өндіру орындарындағы қиын жағдайлары, көшпелі ауылдардағы тап қайшылықтары қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетін кенжелеп қалу қаупі турасында және қазақ даласындағы отарлау саясатын жүргізіп отырған патша үкіметінің надан іс жүргізушілері хақында еңбектер жазған Е.Карповик, А.Еврейна, К.Губарев, А.А. Курочкин, А.Гейнстер есімдерін ерекше атауға болады. Отарлау саясатының жүгенсіздігі үкіметтің барлық шет аймақтары сияқты Қазақстанда да тек өз жеке бастарының қамы үшін, қажеттілікті халықтың хал жағдайымен есептескендігінен-ақ көріп отырды. Олар өз мақсаттарына жету үшін «Мамандарылған» шаруашылық саясатын да жүргізді. Мұның өзі Қазақстандағы индустрияландырудың өнеркәсіпті дамытудың, ауыл шаруашылығы жүйесінің қолданбалы түрлерін дамытудың орнына, өлкені пайдалы қазбалар мен мал шаруашылығы өнімінің қоймаларына айналдыруға әкеп соқтырды. Осының барлығы жергілікті халықтың өміріне, әдет-ғұрпына үлкен әсер етті. Оларға күштеу арқылы Еуропалық дүниетанымның белгілерін енгізе бастады. Отаршылдар қазақ мәдениеті Еуропалықтар мен орыстардың мәдениетімен салыстырғанда «Екінші сортта» деп келісті [4, 184 б.].

Міне, осындай себептермен қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан тарихы жоққа шығарылды. Халық көшпелі рулар мен тайпалардың жиынтығы болғандықтан олардың мәдениеті мен әдебиеті ауызға алғысыз», – деп көрсетілді. Осыдан барып, орыстар өздерін басқаларға «Аға халықпыз» деп мойындатуға тырысты. Қазақ халқының осылайша бұрмаланып келген ғасырлар бойғы тарихының сыр-сипатын тек бүгінгі дербес ел болған таңда ғана ашық айтуға мүмкіндік туды.

XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың басындағы қазақ елінің әлеуметтік хал-ахуалын арнайы ізденіске тақырып жасасак, дәлелді деректер баршылық болғанымен, оларды қазіргі заман талаптарына сай, жан-жақты сатылап саралау үшін кешегі күнге дейін ғылыми сананы шырмап келген сыңаржақ идеология құрсауынан шығуымыз қажет.

Идеологиялық өктемдіктің тар құрсауының талабы бойынша қоғам өміріндегі барлық кінәратты сол қауымның ішкі құрылысынан іздеп, барлық құбылыстардың себебін таптық жіктеліске байланыстырып жалпылама заңдылықтарға жүгіндік. Ал шын мәнінде бұл кезең Ресей патшалығының отарлау саясатының шынар шегіне жетіп, шарықтап тұрған сәті еді. Бұл жылдарда қазақ даласындағы саяси-әлеуметтік өмірдің отаршылдықтың қатал да жексұрын заңына мойынсұнбаған бірде-бір саласы болған жоқ.

Соңғы бірнеше ғасырдағы сайын даланың тарихымен айналысып жүрген зерттеушілердің пайымдауынша, Ресей патшалығына тәуелділіктің үш кезеңі болды.

Бірінші, қиын-қыстау заманда өз еркімен қабылдауға мәжбүр болған бодандықтың XVIII ғасырдың 30-жылдарынан XIX ғасырдың жиырмамыншы жылдарына дейінгі уақыт. Бір ғасырға созылған бұл уақытта патша өкіметі сыртқы жау жоңғарлардан қорғаған кейіп көрсетіп, ішкі жағдайды алыстан бағып, қазақтардың бойын бодандыққа бірте-бірте үйрете бастады. Қазақтың үш жүзін жеке хандарға билетіп, сауда керуендері мен шығыс елдерін барлауға бағытталған экспедицияларға дұрыс жағдай жасалуын қадағалап отырды.

Екінші, 1822 жылғы қазақ даласын басқару туралы уақытша ережеден 1868 жылғы екінші ережеге дейінгі кезеңде патша әкімшілігі билікті өз қолына ала бастады. Қазақ жерін отаршылдық негізде билеу

үшін М.М. Сперанский дайындаған «Сібір қазақтары туралы Жарғыға» сүйене отырып, әкімшілік барлық аймақты округтерге бөліп, «округтік приказдар» құрды. Округтің басшысы – аға сұлтан атанды да, тағы екі мүше сайланды. Оның бірі – үкімет уәкілі де, екіншісі – жай сұлтан болды. Округтер болыстықтар мен ауылдарға бөлініп, оларды болыстар мен ауылнайлар басқарды. Бұл әкімшілік құрылыс бойынша сұлтандыққа бұрынғыдай Шыңғыс әулетінің өкілдері ғана емес, ру, тайпа ішінен шыққан дәулетті, беделді кісілер де сайлана бастады.

Үшінші, 1868 жылғы қабылданған «Орынбор және Батыс Сібір генерал губернаторлықтарының дала аймақтарын басқарудағы уақытша ережесінен» Қазан төңкерісіне дейінгі аралықты қамтыған кезең болды. Екінші мен үшінші кезең аралығындағы қандыбалақ отаршылар мен ел арасындағы атқамінерлердің зорлық-зомбылықтарын аяусыз әшкерелеген, Кеңес уақытында «Зар-заман жыршылары» деп кемсітілген атақ танылған Шортанбай, Дулат, Әбубәкір, Мұраттардың жырларындағы болжамдардың шынға айнала бастаған, Шоқанның ағартушылық, реформалық іс-әрекеттерінен нәтиже болмай, көңілі құлази бастаған уақыт сөресінен кейін ұлттық құлдыраудың ең асқынған мәресі де жете келді.

Ресейдің орталық және оңтүстік аудандарынан, орыс, украин шаруаларын тоғытып, қазақ жеріне жаппай қоныстандыру басталды. Қазақстанның бұрынырақ патшалық иелігіне жазылған қорықтарымен бірге, енді өзен бойларындағы, көл аңғарларындағы егінді-сулы өңірлер жаппай жаңа қоныс аударушыларға бөлініп беріліп, малмен күн көретін жергілікті халық Американдық үндістері сияқты оты-суы тапшы, шөлді, шөлейт құлазыған қу далаға тықсырылды. Жаңадан қоныстанушылар жер, су, елді мекендерге өз аттарын беріп немесе ескі аттарды өздеріне ыңғайлап, бұрмалап, тіл сындыратын атаулар беріп, өлкенің жағрафиялық келбетін де өзгерте бастады. Бұл тарихты, ұлт мәдениетін, санасын өзгеріп, тұтас бір халықтың, өткеніне, рухына құм шашқандай құбылыс еді. Осы кезеңді терең зерттеген ғалымдардың бірі профессор М. Қойгельдиевтің пікіріне сүйенсек, ол былай деді: «Столыпин реформалары тұсында (XX ғасырдың басы) бұл саясат өзінің шарықтау шегіне жетті. Ғалымдардың есебі бойынша 1917 жылға дейін Патша үкіметі шамамен 40 млн. десятина қазақ жерін ішкі Ресейден келіп қоныстанушы шаруа мен казактарға үлестірді. Бұл – жергілікті тұрғындардың үлесінде қалған 212 млн. десятина қазақ жерімен салыстырғанда, егіншілікке қолайлы өзен, көл жағалаулары, яғни басым бөлігі шөл және жартылай шөлейт қазақ даласының ең құнарлы бөлігі. XX ғасырдың басында қалыптасқан бұл жағдай дәстүрлі қазақ шаруашылығының дағдарысқа ұшырауына негіз болған еді. Сондай-ақ бұл саясат рухани отарлау, шокындыру, билеуші мен кіріптар арасындағы психологиялық қалыптасқан пікірлерді біртіндеп, тереңдеп енгізумен қатар жүрді [5, 37 б.].

Отарлау саясатына оң көзбен қарап, өздерінің жеке мүдделерін көздеген жергілікті патша үкіметінің жандайшаптары да құр қалған жоқ. Мысалы, Қарқаралы округіндегі қазақ байларының отбасылары б пайызды құраса да, мал мүліктің үштен бірі соларда болып, жердің шұрайлысын солар қармады. Көпшілік қауым үкіметтің ауыр алым-салығын бір төлеп жем болса, екінші жағынан бұрыннан қалыптасқан үстемдік тәртіптің шеңберінен шыға алмай зардап шекті. Бұл аз дегендей табиғаттың қиыншылықтары тағы бар. Қысы қатты, ұзақ жылдары немесе қысты күні жаңбыр жауып, көк тайғақ болғанда мал тұяғы тебінге батпай қалып, қарапайым халықтың жем-шөп жинауға мүмкіншілігі болмағандықтан күн-көріс, малынан айырылып тақыр кедей қалпына түсіп, малайлықтан бірақ шығатын. Кедей түгілі 20-25 мың қойы бар байлар бір жұттан кедей болып шыққан жағдайлар жиі кездесетін. Қазақтағы «бай бір жұттық, батыр бір оқтық» деген мақал осы жайттан хабардар етеді. Халықтың бас кәсібі малшылық болғандықтан, байлық деген түсініктің өзі XX ғасырдың басына дейін баянсыз болды. Бүкіл далалық өлкені қамтыған «тақыр қоян», «доңыз», «ұлу» аталған жұттар соңғы жүз жылда қазақ қоғамындағы әлеуметтік саты, бай, кедей деген ұғымдардың салыстырмалы, өзгермелі сипатын жария етті. Тек қана сиыр малын көбірек ұстап, оған кемсінген көзқарас жойыла бастаған уақытта ғана алғашқы қазақ саудагер-байлары шыға бастады. Себебі, Ресей тұрғындары ет үшін тек сиырларды қажет ететін. «1912 жылдың базар қорытындысы жасалғанда, Ақмола уезінің қазақ саудагерлері малдан және малдың шикізаттарын сатудан 63 миллион сомның, Орынбор базарында жүн-жұрқаның өзінен 1 миллион 788 мың сомның саудасын жүргізген. Осы сауданың ең көбі – сиыр» [6, 74 б.]. Сиыр малын мүлік есебіне қосқаннан бастап шаруашылық талаптарына сай, малшылық кәсіптің мазмұны да өзгере бастады. Қазақтар жартылай көшпелі тұрмыс құрып, қыстаулар, мал ұстайтын шөп жинайтын қора-қопсылар салып, жазда қыстаудан онша ұзамай отырықшылана бастады. XIX ғасырдың екінші жартысында өлкеге сауда капиталынан басқа өндіріс капиталы да енді. Риддер, Қарағанды кен орындарын француз алпауыттары игеріп, талауға кірісті. Барлық қалаларда тері илейтін, жүн жуатын, мал соятын қасапханалар, үн тартатын, тұз өндіретін кішігірім өндіріс орындары бой көтере бастады. «1860 жылдардың аяқ кезінде Бүкіл ресейлік нарыққа Қазақстан мал, тері-терсек, жүн-жұрқаның барлығын ең мол беретін өлке болды.

Мысалы, 1867 жылы Сібір мен Орынбор тараптарынан Европалық Ресейге жіберілген малдың 91,8%, терінің 66,9%, жүн-жұрқаның 94,1% қазақ сахарасынан барады» [7, 6 б.].

Қазақ байларының сауда-саттықпен айналысқандарының арасынан алғашқы миллионерлер шыға бастады.

Мұнымен қатар қоғамдық сатының төменгі жағынан орын алған жаңа әлеуметтік топ – қала жатақтары да пайда болды. Бұған себеп, Қазақстандағы шаруашылықтың жартылай, отырықшы сипат ала бастауы және қалалардың пайда болуы. Халықтың егіншілік кәсіппен көбірек айналысып, отырықшылыққа көше бастауын XIX ғасырдың соңғы жылдарымен белгілеуге болады. Бодандық күшейген бұл жылдарда орыс шаруалары мен қазақ байларының ең шұрайлы жерлер мен шабындықтарды иеленуі, жай халықтың малын зор шығынға ұшыратып, әлсіретіп, кіріптар тәуелділікке түсуге мәжбүр етті. Осы жағдай көп отбасыларын күнкөрісті егіншіліктен іздеп, дәстүрлі өмір салтынан ажырай бастауына әкеліп соқты.

XX ғасырдың басында қазақ жұмысшылары революциялық әрекеттерге араласа бастайды. 1905 жылы бұрынғы Ақмола уезіне қараған Нілді заводының орыс жұмысшылары көтеріліс жасағанда, оған сонда істейтін қазақ жұмысшылары да қатынасып, патша үкіметі көтерілісті қанға бояп, ерекше қатыгездікпен басады. Тірі қалғандарын каторгаға айдағанда, бұлардың арасында жергілікті ұлт өкілдері де болды. Тарих таспасына аты мәңгі жазылған Үгар Жәнібеков 1912 жылғы Сібірдегі Лена оқиғасына қатынасып, белсенділердің ішінде болғаны үшін атылу жазасына кесіледі. Бірақ кейініректе бұл сот үкімі өмірлік қамау жазасымен ауыстырылып, бостандыққа тек Қазан революциясынан кейін ғана шығады.

Сонымен «желмен бірге желдей ескен» көшпенділердің еркін тіршілігіне бірте-бірте темір бұғау түсті. Бағзы заманнан бері кең даланы емін-еркін билеп, қаздай тізіліп, үнемі қозғалыстағы Ұлы көш құрдымға келіп тірелді. Өз өткен өмірін өнеге тұтқан жылқы мінезді халық тарихтың қойнауында қалып салт-дәстүрі, күнкөріс әрекеті, ойлау жүйесі, билік пен заң жүйесі, тәлім-тәрбие үрдісі, діні, тілі құрдымға кету жолына әзір тұрды. Сырттан келген билік, күштеп ендіруге тырысқан рухани және саяси сана, өзгерген өмір қажеттігі тудырған кәсіп, отаршылдық, шовинистік пиғылмен жүргізілген сұрқия саясат қазақ қауымын топ-топқа бөлініп, жауласып, бір-бірінен түңіліп бейжай, бейберекет жағдайға түсірді. Бұл шынайы тарих дерегі. Әрине, бұл кезеңге Кеңес уақытында берілген басқаша да баға бар. Бұл баға Орыс отарлығы қазақтар үшін игілік болды, патриархалдық қалыптан босанып, дүниежүзілік өркениет дамуының көшіне ілесуге мүмкіншілік берді дегенге саяды. Мұндай пікірден қаншалықты зор мән табуға болады?

Ендеше, «Қазақ елі құрымас үшін отырықшы болу керек» деген патша үкіметінің ұранын құран сөзіндей қабылдағандар тарих тағылымын біржақты түсініп, қоғамның бар шаруасын бітіріп, табиғат заңдылықтарын да өз дегенімізге бағындырамыз деп күш салғандар болатын. Қазіргі уақыт XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының біздің өркендеуімізге негіз болатын кен шығаратын кәсіп пен мал шаруашылығы деген тұжырымдарын кеңінен дәлелдеп отыр. XX ғасырдың екінші жартысында-ақ жалғыз мұнай өндірісін кәсіп жасаған араб елдерінің таңғажайып әлеуметтік, экономикалық жетістіктері Қазақ елінің Ресей отарлығынсыз да қараң қалмайтындығының айшықты куәсі. Бірақ мәселе қазақ халқы бұл көшке өз еркімен өз даму логикасына сай ілесті ме, (адамзат даму заңдылықтарын мойындасақ, бұл ілесу бәрібір келетін ілесу болғандықтан) осы көште құрбандыққа шалынған миллиондаған жандар мен ұлттың рухани зиялыларының өмірлерін қиуға тұрарлықтай ма деген сауалдардың қазіргі ұрпақ санасын әлі де болса қинайтыны белгілі.

Ұлы Абай айтқан «заманды заман билеп» арпалысып, айқасып жатқан кезеңде бар сезімді ақылға суартып, өткен дәуір мен жаңа дәуірді салыстырып, саралап жол сілтейтін зиялы қауым қажеттігі туды. Замана сұранысы, тарих қажеттілігі ондай тұлғаларды тудырады да.

Осы жерде орыстың атақты тарихшысы В.О. Ключевскийдің Пушкинге байланысты айтылған, бірақ барлық халықтар тарихында кездесетін бір заңдылықты еске алуға болады. «Ұлы тұлғалардың өмірдегі қарекеті – халық өмірінің көзге түсер талмалы тұсына дөп келеді. Ұлы тұлғалар көзге көрінбейтін жұмбақ құбылыс арқылы төңірегімен тіл табыса отырып, көпшіліктің ұсақ-түйек, быт-шыты шыққан мүддесі мен мұратының басын қосып, өзінің жеке толғанысы арқылы оны ұлы мақсатпен күреске жұмылдырады, сөйте отырып, сол қоғамның бойына жиған қуат-күші мен мүмкіндігін ашады да оның бұдан әрі қарайғы даму жолын көрсетіп береді. Мұндай ұлы қайраткерлік – халықтық сананың даму көрсеткіші әрі олардың тағдырының қай бағыта даму керектігінің құбылнамасы болып табылады. Сол тұлғаның келбетінен біз айнаға қарағандағы өз сұқпытымызды көреміз, сол бейненің жанар оты арқылы өзіміздің жүрегімізге үңілеміз, сонда олар бізге – өзімізді-өзімізге түсіндіріп береді» [8, 13-14 бб.]. Тұрсын Жұртбай аударған бұл үзіндінің біз үшін маңыздылығы Абай, Шәкәрім, Ахмет, Міржақып т.б. қазақ рухани зиялылары өкілдерінің туындыларының ұлт санасының айнасы ретіндегі мән-мағынасын да ашып көрсетеді.

1909 жылы кең байтақ қазақ даласын дүр сілкіндірген үш туынды дүниеге келді. Бірі Хакім Абайдың өлеңдер жинағы, екіншісі – Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысалы», үшіншісі – Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» атты жинағы. Сол кезеңдегі қоғамдық өмірге баға берген «Қазақ зиялылары хақында» атты мақаласында халықтың тағы да бір аяулы ұлы Сәкен Сейфуллин былай деп жазды: «Қазақ оқығандарының арасында 1905 жылдан бастап-ақ революциялық идея, ұлттық теңдік пен азаматтық үндеу етек алды. Жаңа оянып келе жатқан қазақ интеллигенциясының ол кездегі дем берушілері Бөкейханов, Дулатов, Байтұрсыновтар болды» [9, 5 б.]. Қошке Кемеңгерұлының айтуынша, Абай, Ахмет, Міржақып сөздерін ел қазақтары құран сөзіндей қабылдап, жаттап жүрді. Өйткені, қазақ қоғамдық ой-пікірінде Абайға ілесе дүниеге келген, дананың қыршын кеткен сүйікті ұлы Әбдірахманмен замандас «жаңа жолға басшы» болуға лайық Ахмет, Міржақыптар өкінішке, қайғы-қасіретке бой алдырудан алшақ, халқының болашағы үшін саналы іс-әрекетке бет бұрған ұрпақ болатын. Әлихан Бөкейхановтың қазақтың бас ақыны санаған, ерен ойшыл Абайдың өзі халқын арандатушылыққа итермелеуден қашып, ағартушылықтан асып қимыл-әрекетке шақырған жоқ. Ал Ахмет пен Міржақып болса ағартушылықпен қатар қимылға, іс-әрекетке, оянуға шақырды, өйткені заман өзгерді.

Тарих сахнасына Кенесары Қасымұлы, Исатай, Махамбет, Сырым Датұлы сияқты азаттықты аңсап, күресіп өткен ерлердің орнына жаңа әлеуметтік-саяси күш әр салада тиянақты еуропалық білім алған алғаш ұлттық интеллигенция келді. Бұлар: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жақып Ақпаев, Мұстафа Шоқайұлы, Мұхамеджан Тынышбаев, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Тұрар Рысқұлов, Смағұл Садуақасов, Сұлтанбек Қожанов, Қошке Кемеңгерұлы, Мұхтар Әуезов сынды халық қалаулары. Әрине бұл аталған тұлғалардың біреулері Алаш қозғалысы аясында, екіншілері Түркістан мемлекетін құру мақсатында, үшіншілері Кеңес Үкіметінде қызмет жасау жолдарында өздері армандаған бостандық, теңдік, туысқандық идеяларын жүзеге асыру үшін жан аямай әрекет жасады. Өмір жолдарының басында бәріне ортақ мақсат қазақ халқын ағарту, білімін көтеру, бастарын біріктіру, адамдық қасиеттерін жаңа тұғырға көтеру болды.

Ахмет «Адамдық диқаншысы» атты зор әлеуметтік, тәлім-тәрбиелік мәндегі өлеңінде:

«Адамдық диқаншысы қырға шықтым,
Көлі жоқ, көгалы жоқ – қорға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көтеруге құл халықтың», –

деп [10, 34 б.] өзінің алдына қойған мақсат-мұратын бүкіл еліне жариялап, паш етеді. Адамдық, кісілік қасиеттерді тәрбиелеу – жалпы қазақ философиясының, қоғамдық ой-пікірінің басты тақырыбы, мәселесі.

Міржақып болса күйректік, бағыныштылық, құлдық сезімдерді жиып тастап, қысыр қиялмен өзін-өзі алдап, қарап отырудан бойын аластап, осындай адами күйге отандас бауырларын да тартуға әрекет жасайды. Саяси күрескерліктің алғашқы сабағын Әлихан мен Ахметтен Омбы мен Қарқаралыдан алған Міржақып ерекше қайсарлық мінез танытады. Бұл жөнінде профессор Жұмағали Ысмағұлов былай деп келтіреді: «Кемеңгер ұстаз бен зейінді шәкірттің бірін-бірі іштей ұғысуы ма, әлде ұзақ жорықтарда қол бастаған қас батырмен қатерлі жолға бас байлаған қаһарман ұланның семсер үстінде серттесуі ме, қалай болғанда да бұдан былайғы бүкіл өмірлерін бір мақсаттың тәуекеліне тігіп, ақтық демдері біткенше жұп жазбай өткен екі есіл ердің жүздесіп кездескен жері – осы Омбы қаласы болып еді» [11, 7 б.].

Ұлт-азаттық қозғалысының ұраны іспеттес «Оян, қазақ!» осы қозғалыс басшыларының да көкейтесті арманын жария етті [12, 24 б.].

1913 жылы жарық көрген «Азамат» жинағының алғы сөзінен «Оян, қазақтан» кейін қуғын-сүргін тозақтарынан жасымай, керісінше ширығып шыққан Міржақыптың алған бағытының ақтығына әбден көзі жетіп, осы жолда жан пида деген шешімін аңғарамыз [12, 100 б.].

Әрине Міржақып бүкіл күш қуатын халқының жарқын болашағы үшін қияры анық. Оның 1913 жылдан кейінгі ғұмыры да үнемі арпалыста, айқаста өтті.

Жоғарыда аттары аталған Алаштың-қазақ елінің біртуар азаматтарының қай-қайсысын алса да жасаған еңбектері ауыз толтырып айтарлықтай. Біздің үш ой алыбын бөлектеп алып отырған себебіміз, бұлар өз кезеңінің түсінігі бойынша да, егемендік алғалы бері қалыптасқан көзқарас бойынша да қазақ рухани зиялылары дегенде ең алдымен еске түсіретін тұлғалар.

Олардың замандасы шыншыл ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың Алаш қайраткерлерін халыққа таныстыру мақсатымен жазылған «Таныстыру» атты поэмасында «қара қазақтың» пікірі, бағасы ретінде берілген төрт шумақта былай делінген:

«Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов,

Білемін бұл үш ердің айтпай жайын.
Кешегі қара күнде болмап па еді,
Бірі – Күн, Бірі – Шолпан, Бірі – Айым» [13, 34 б.].

Қазақтың құнарлы рухани топырағына Әлихан, Ахмет, Міржақыптар тастаған дән босқа қурап қалған жоқ, көп уақыт өтпей-ақ қазақ қоғамдық ой-пікірінде азаттық, ағайындық, теңдіктің жыршысы Мағжанның әсем дауысы естілді. Ұлы француз революциясының байрағына жазылған бұл ешқашан ескерілмейтін ұрандарды қазақ санасына енгізуден бұрын ескі түсініктерден, аяқтан шалған кейбір келеңсіздіктерден арылу міндеті тұрды. Бұл жерде де Мағжан, Абай, Әлихандардан үрдіс қабылдады. Бодандық қамытын қыса түсу үшін патша әкімшілігінің айла-шарғысының бірі сайлау болды. Сайлау елдің берекесін кетірді. Партия-партияға бөлініп, шен алуға, кектескен жауын мұқатуға ұмтылдырды, бір-бірімен қырқыстырды, жұлқыстырды, Абай сияқты аяулы ұлына қамшы салдырды, елді азуға, тозуға итермеледі. «Сайлау кезіндегі адам мен адалдық, берекетсіздік пен бірлік, адасу мен тап басу, еңкейген кәрі, еңбектеген бала тағдырына, қара бұқара тыныс тіршілігіне қандай кесепат пен шарапат тигізетіні туралы жұртын сүйген жүректің толғаулы ойлары, толымды тұжырымдары айызынды қандырады. Әлсіздің көз жасы төгіліп, береке-бірлік кетіп, әке баладан, аға-ініден айрылған, жерінен жарылып, байлығы тоналған, жылаған қазақтың қалт-құлт күйіне Әлиханның қабырғасы қайысады. Сөйтсе де ол жасымай, өткен заманға салауат айтып, жаңа заман үшін «халық пайдасын қуған аға-іні болсаң, ескі тонды сілкіп-сілкіп суға сал» деп ұран тастап, тіршілік жарасына шақырады [14, 50 б.].

Қазақ рухани элитасының сөздерінен кезінде ұлтшылдықтың нұсқасын, жұрнағын іздегендер үшін жерден желкен тапқандай қуанатын, мойындау сияқты шумақ. Шын мәнінде бұл ұлт мүддесін, өз мүддесінен, тіпті өмірінен де жоғары қойған халқын сүйген ұлдың қасиетті анты еді.

Осы қасиеттеріне байланысты болар келешекте қазақ халқын жетішар дүниеге танытқан ғұлама ойшыл Мұхтар Әуезов оны өте жоғары бағалайды. «Мағжанды сүйемін» деген мақаласында: «Мағжан мәдениеті зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның тігінен асқандай, сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай... Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық жарайтын сөз – Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін» [15, 294 б.].

Мұхтардың бұл бағасы Абай романы пайда болғанға дейін көп жылдар бұрын берілген еді. Дегенмен Ахмет Байтұрсынов қазақ зиялыларын қудалап, жапа-тармағай қамауға алып жатқан жылдары Мұхтарды бөлектеп аман сақтап қалу үшін жасаған әрекеттер оның да осал саналмағанының куәсі. Ендеше, Мұхтардың берген бағасын, бір зор талант иесінің екінші бір алыпқа деген сүйіспеншілік сөзін шынның жүзінде тұрып-ақ жүрегінен ақтарылып айтқан пікірі деп білеміз. Бұл пікір Мұхтар табиғатын да, Мағжан дүниесін де аша түскендей.

Мағжан дүниелерінің терең де, ауыр, мұңлы-зарлы, түпсіз тұңғиық әлеметтік мәні ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамдық ой-пікірінің тағы да бір айнасы пайда болуына алып келді. Бұл жылдардың кейінгі қазақ даласын сілкіндіріп өткен оқиғалар 1916 жылғы патша жарлығына қарсы наразылық, Амангелді Иманов көтерілісі, 1917 жылғы екі төңкеріс, азаматтық соғыс, Алаш қозғалысы, кеңес үкіметінің қатыгез саясаты ХХ ғасыр басында тарих сахнасына шыққан жүздеген алып тұлғалардың шыңдала түсуіне, ой-пікірлерінің пісіп жетіле түсуіне негіз болды.

Осы себептен қоғамдық ғылымдардың, олардың ішінде тарих, философия ілімдерінің шеңберіне жататын кез келген мәселені, біздің жағдайымызда антропология мәселелерін ол тұлғаларға соқпай зерттеу мүмкін емес.

1 Ыдырысов Т. *Баспасөз–өмір айнасы*. / Т. Ыдырысов. – Алматы: Қазақстан, 1977. – 204 бет.

2 Асылбеков М.Х. *Патша үкіметіне қарсы қазақ тіліндегі өңдеу өлең туралы* / М.Х. Асылбеков // *Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарламасы, тарих, археология және этнография сериясы*. – 1960. – №3. – 3 бет.

3 Бейсембаев С.Б. *Вопросы истории Компартии Казахстана*. / С.Б. Бейсембаев. – Алматы: Ғылым, 1961. – 198 с.

4 Кенжебаев Б. *Қазақ баспасөзінің тарихынан*. / Б. Кенжебаев. – Алматы: Мектеп, 1950. – 205 бет.

5 Қойгелдиев М. *Ұлттық саяси элита қызметі мен тағдыры (XVIII-XX ғ.ғ.) – Зерттеулер*. – Алматы: Жалын, 2004-2005 жж.

6 Мұқанов С. *Халық мұрасы: Тарихи-этнографиялық шолу*. – Алматы: Жазушы, 2003. – 304 б.

7 Әуезов М. *Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар*. – Алматы: Санат, 1995. – 320 б.

8 Жұртбай Т. *Күйесің, жүрек.. сүйесің*. – Алматы: Санат, 2001. – 408 б.

9 Міржақып Дулатұлы. *«Оян қазақ!»* – Алматы: Алтын орда, 1991. – 80 б.

10 Байтұрсынов А. *Шығармалары*. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.

11 Ысмағұлов Ж. Міржақып Дулатұлы // Міржақып Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы: Мектеп, 2002. – 5-22 б.б.

12 Міржақып Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы: Мектеп, 2002. – 5-36 б.б.

13 Дәуір ақыны. Ұлы ақын Торайғыровқа арналады / құрастырған Ф.Қ. Бектұрбекова. – Алматы: OFK, 2002. – 255 б.

14 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. – Астана: Күлтегін баспасы, 2002. – 528 б.

15 Әуезов М. Мағжанды сүйемін // Бес арыс. Естеліктер эсселер және зерттеу мақалалар. Құрастырған Д.Әшімханов. – Алматы: Жалын, 1992. – 543 б.

Аннотация

В данной статье описывается состояние социально-политического положения казахского общества в конце XIX - начале XX веков. Начало разделения казахских земель, обретшее новую силу с принятием российского подданства, оказало непосредственное влияние на формирование и становление казахской интеллигенции начала XX века. Наряду с другими общественными дисциплинами в том, числе и историческая наука и философская наука многие вопросы не может решить без антропологических исследований

Ключевые слова: казахское общество, народ, народность, государственность, социально-экономическое положение, казахское общество

Abstract

On the given article described socio-political condition of the Kazakh society in the end of the XIX - first quarter of the XX. The beginning of the division period after the acceptance of Russian citizenship influenced to establishment and formation of Kazakh intellectuals on the first quarter of the XX century. The acceptance of Russian citizenship influenced to establishment and formation of Kazakh intellectuals Russian citizenship influenced to establishment and formation of Kazakh intellectuals on the first quarter

Keywords: socio-political condition of the Kazakh society Kazakh intellectuals Russian citizenship

ӘОЖ 94 – 327:504 (575)

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРҒА МҮШЕЛІГІ – БОЛАШАҚ ДАМУ КЕПІЛІ

Джолдыбаева Ұ.М. – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің академик Т.С.Садықов атындағы
Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, т.ғ.к.

Түйіндеме

Мақалада Азия аймағындағы ең іргелі құрылым – Шанхай ынтымақтастық ұйымының халықаралық қатынастар жүйесіндегі рөлі және Қазақстан мен Орталық Азия мемлекеттерінің осы ұйымға қатысуы мәселелері қарастырылады. Қазақстан үшін ШЫҰ-ға қатысу оның геосаяси ұстанымын нығайтуда маңызы зор. Қазіргі кезде қауіп-қатерлерге дара қарсы тұру мүмкін емес болғандықтан, Орталық Азия мемлекеттері аймақта орнықтылық, тұрақтылық және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге талпыныс білдіруде және бұл мүдделі елдердің күш-жігерін біріктіріп жұмсауды қажет етеді.

Тірек сөздер: халықаралық қатынастар, Қытай, Шанхай, ұйым, мемлекеттер, Орталық Азия, қауіпсіздік.

Посткеңестік кеңістікте орталықазиялық мемлекеттердің халықаралық қатынастардың субъектісі ретінде әлемдік сахнада сыртқы мемлекеттермен жоғары дәрежеде мемлекетаралық байланыс орнатуға үлкен мүмкіндіктер ала бастады. Өзінің геосаяси және геэкономикалық ерекшеліктеріне байланысты жаңа кезеңге қадам басқан Қазақстан мен Орталық Азия аймағы елдері әлемдік қауымдастықта ең ірі мемлекеттердің назарын аударған стратегиялық маңызды аймаққа айналды. Өңірдегі елдердің географиялық жағынан тиімді және қолайлы орналасуы көршілес екі мемлекетпен тығыз қарым-қатынас орнатуға жағдай туғызуда. Орталық Азия мемлекеттері: Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстанның геосаяси тұрғыдан Қытаймен шекаралас болуы да олардың қарым-қатынасының маңызды факторы бола алады. Осы орайда ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың: «ШЫҰ көпқырлы сауда-экономикалық ынтымақтастық пен гуманитарлық байланыстарды дамытуда үлкен әлеуетке ие. Оның үстіне «алтылық» орналасқан аймақтағы геосаяси ахуал бірінші кезекте көлік әлеуетін пайдалануда тиімділігімен ерекшеленеді» - деген пікірі орынды. [1].

Бүгінгі таңда әлемдегі ірі мемлекеттердің ішінде Қытайдың экономикалық жағынан дәрежесінің артуы бүкіл әлемді таң қалдырып отырғаны белгілі, яғни 1979 жылдан бастау алған реформалар нәтижесінде көршілес бұл мемлекет зор табыстарға қол жеткізуде. Ол жөнінде белгілі америкалық саясат-

кер: «Қазірдің өзінде Қытай мемлекеті геосаяси жағынан құрлықтағы ықпалды мемлекеттердің қатарында тұр. Оның көршілес елдермен салыстырғанда әскери және экономикалық қуаты әлдеқайда жоғары. Сол себепті, Қытай өзінің тарихи, географиялық, экономикалық талаптарына байланысты аймақтағы ықпалын арттыра түсері анық», - деп, оған тек аймақтағы ғана емес, әлемдік держава ретінде танылып отырғанына тоқталады. [2]. Сонымен қатар оның орталықазиялық мемлекеттерге қатысты саясатында ұстанымдары және ортақ қағидаттары мен ерекшеліктерінің болғанына назар аудару қажет. Бұл тараптарды арасындағы байланыстардың ынтымақтастықты орнату мақсатында ұзақ мерзімді тату көршілік және достық негізде құрылуының мәні ерекше екендігін айта кеткен жөн. Қытайдың Орталық Азия аймағындағы саясатындағы тағы бір өзекті мәселе – өңірдегі саяси қауіпсіздікті сақтау болып табылады. Аталған ұйымның құрылуының өңірдегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуде маңызы аса зор. Ал оның тікелей тарихына тоқталсақ, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ) – 1996 жылы құрылған халықаралық ұйым. Мемлекет басшыларының алғашқы кездесуі Қытай Халық Республикасының Шанхай қаласында өткендіктен, «Шанхай бестігі» деген атауға ие болды. Оның алғашқы құрылтайшылары: Қазақстан, Қырғызстан, Қытай, Ресей және Тәжікстан мемлекеттері болды. 1996 жылы бес мемлекеттің басшылары Шанхайда және Мәскеуде кездесіп шекара аумағында әскери сенім шараларын күшейту, сондай-ақ, шекарадағы әскери іс-қимылды қысқарту және сенім шараларын күшейту келісімдеріне қол қойды. Бұдан кейін мемлекеттердің арасындағы кездесулер ауқымы кеңейе түсті, ендігі кезекте саяси, қауіпсіздік, сыртқы байланыс, экономика және сауда салаларындағы тиімді өзара әріптестік дәрежесіне көтерілді. Сондықтан Шанхай ынтымақтастығы Қытай мен Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан арасындағы шекаралық аудандарында сенім мен әскери күштерді қысқартудың негізін қалай алды. Шанхай және Мәскеу қалаларында 1996-1997 жылдары бес мемлекет басшылары «Шекаралық аудандарда әскери салада сенімді нығайту туралы» және «Шекаралық аудандарда әскери күштерді қысқарту туралы» келісімдерге қол қойды [3]. Мемлекеттер басшыларының 1998 жылы Алматы кездесуі, 1999 жылы Бішкек кездесуі, 2000 жылғы Душанбе кездесуі нәтижесінде қабылданған Декларациялар елдердің әр түрлі салалардағы ынтымақтастығының одан әрі тереңдей түскенін байқауға болады.

Ал 2001 жылдың маусым айында Шанхайда «Шанхай бестігінің» бес жылдығына орай ұйымдастырылған ұйымға қатысушы мүше-мемлекеттерінің басшылары және Өзбекстан Президенті И.Кәрімов кездесуге қатысты. Бұл кездесуде Өзбекстан мемлекеті де ұйымға мүше болып кірді. Осы кезден атқарылған іс-шаралар нәтижесінде «Шанхай Ынтымақтастығы Ұйымы» деген атауға ие болды. [4] Ал 2001 жылдың 14 қыркүйегінде Алматы қаласында алты мемлекет басшыларының алғашқы кездесуі өткізіліп, онда аймақтық экономикалық ынтымақтастық мәселелері қозғалды. Кездесу нәтижесінде ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер үкіметтері арасындағы меморандумға қол қойылды. Құжатта аймақтық экономикалық ынтымақтастықтың негізгі міндеттері мен бағыттары айқындалған. Аймақтағы ең іргелі құрылым – Шанхай ынтымақтастық ұйымының халықаралық қатынастар жүйесіндегі рөлі оған қатысушы мемлекеттердің саяси, экономикалық және әскери әлеуетімен айқындалады. Осы ұйым аясында 2003 жылы қабылданған көпжақты сауда-экономикалық ынтымақтастық бағдарламасы және оны іске асыру жоспарында, бірінші кезекте, тауарлар мен капиталдың, қызмет көрсету мен технологиялардың еркін қозғалысына септігі тигенін 11 сала бойынша 127 жоба жүзеге асырылуда. Қауіпсіздік мәселелері негізінде құрылған Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы экономикалық бағытта айтарлықтай алға жылжып, халықаралық қатынастарда үлкен беделге ие ұйымға айналып отыр. ШЫҰ кеңістігі азиялық та, еуропалық та құрлықты қамтиды. Ұйымға мүше мемлекеттердің халқы әлемнің жартысын құрайды. Аймақтың аса бай табиғи қорлары мен ауқымды рыногы Ұйымның жедел дамуына игі ықпалын тигізери даусыз. Сондықтан біз бұл ұйымның жұмысына барынша белсенді қатысуға мүдделіміз. Қазақстан Республикасы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше болу оның сыртқы саясатындағы басты міндеті деп біледі, себебі ұйым аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде мол үлес қосатын бірден-бір қабілетті құрылым болып табылады. Қазақстан өзге тараптардың қарауына энергетика, көлік, телекоммуникация және агроөнеркәсіп кешеніне қатысты 20-ға жуық жобаны ұсынды. Бұл орайда қоршаған ортаны қорғау мен Орталық Азия өңірі үшін күрмеуі қиын болып тұрған су қорларын пайдалану мәселелеріне де баса көңіл бөлінгенін айта кеткен жөн. [5]

Айта кетер жайт, ШЫҰ аясында оған мүше мемлекеттер мына негізгі қағидаттарды ұстанатындығын жариялады. Олардың қатарында: Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттары мен принциптерін ұстану; тәуелсіздікті, егемендікті, аумақтық тұтастықты сақтау, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, өзара күш қолданбау; Ұйымға мүше барлық мемлекеттердің тең құқылы болуын қадағалау; барлық мәселелерді өзара кеңесу арқылы шешу; басқа мемлекеттерге немесе ұйымдарға қарсы бағытталған одақтарға бірікпеу; басқа мемлекеттермен және аймақтық ұйымдармен әртүрлі диалогқа, пікір алмасуға жүгіну,

әріптестікте ашықтық көрсету көзделген. Соған байланысты ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің көпқырлы сауда-экономикалық ынтымақтастығы бағдарламасына қол қойылып, алдағы жылдарға арналған ұзақ мерзімді экономикалық қарым-қатынастардың іргетасы қаланып, бағдарламаның негізгі міндеттері және оларды жүзеге асырудың тетіктері қарастырылды және Ұйым Декларациясы жарияланды. Бұл құжатта Шанхай ынтымақтастық ұйымын құру ұйымға мүше мемлекеттердің сырттан қандай да болмасын төнетін немесе төнген қауіп-қатерлерге қарсы тұру, өз мүмкіндіктерін тиімді пайдалану және өзара әріптестікті нығайту мақсатында айқындалды. ШЫҰ хартиясы мен Шанхай ынтымақтастық ұйымын құру жөніндегі Декларацияға сәйкес ұйымның негізгі мақсаттары белгіленді. Негізінен, бұл ұйымға мүше-мемлекеттер арасында өзара сенім, достық, тату көршілік қарым-қатынастарды нығайту; саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, білім беру, энергетика, көлік, экология т.б. салаларда тиімді әріптестік шараларын дамыту; ортақ күш қолдану арқылы аймақтағы бейбіт өмірді, қауіпсіздікті және тұрақтылықты қамтамасыз ету, демократиялық, әділ әрі ұтымды саяси, экономикалық халықаралық тәртіп орнатуға жағдай жасау болып табылады.

Осы орайда, 2003 жылы 23 қыркүйекте Пекин қаласында өткен алты мемлекеттің үкімет басшыларының кездесуінде экономикалық ынтымақтастықты қарқынды жүргізу жөнінде стратегиялық шешім қабылданғанын айта кеткен жөн. «Экономика саласында біз атқаруға тиісті шаралар мынадай: қазіргі қолданылып жүрген экономикалық аймақты нығайту; Ортаазиялық даму банкінің рөлі мен мәртебесін көтеру; көпсалалық кедендік одақ жасау; ортақ ауылшаруашылық нарқын құру; бірыңғай сыртқы экономикалық саясат жүргізу; бірыңғай транспорт жүйесін жасау; үш жақты ұлтаралық компанияларды нығайту; «ортақ нарық» жасау және ақыр соңында, болашақта бірыңғай валюта жүйесін құру» [8]. ШЫҰ мүше елдер басшыларының Астана қаласындағы 2005 жылғы шілде айында кездесуінің маңызы зор. Онда Ауғанстандағы жағдайдың тұрақтануына сәйкес әскери инфрақұрылым объектілерін Қырғызстан мен Өзбекстан мемлекеттерінен шығару қарастырылды, яғни Қытай Орталық Азия елдерімен ШЫҰ шеңберінде ықпалдастықты нығайта беретінін аңғарамыз. [6]

Бүгінгі таңда ШЫҰ шеңберіндегі әріптестік қоғамдық өмірдің түрлі салаларында (қауіпсіздік, көлік, мәдениет, төтенше жағдайлардың алдын алу, олардың салдарын жою; құқық қорғау қызметі және т.б.) мәселелерді қамтып отыр. Қазақстанның ШЫҰ-ға мүше мемлекеттермен тең дәрежедегі сұхбатқа мақсатты түрде қатысуы Қазақстанның аймақтағы ұстанымын молайтып, ұйымның қағидаттарына сәйкес мемлекеттер арасында өзара сенімділік пен түсіністікті нығайтуына үлес қосады. Қазақстан Республикасы өңірдегі ынтымақтастықтың болашақтағы бастамалары мен жобаларын аса белсенділікпен жүзеге асыруда атқаратын рөлі зор. Мемлекетіміз 1996 жылдан бері Ұйымның шеңберінде ұйымдастырылған өзара іс-қимылдардың, соның ішінде лаңкестікке қарсы әскери жаттығулардың, ғылыми конференциялар мен форумдардың тұрақты әрі белсенді қатысушысы болып, ШЫҰ құқықтық базасының нығаюына өз үлесін қосуда. Сонымен қатар еліміз 2006 жылы Бейжін қаласындағы лаңкестікке қарсы құрылған ШЫҰ хатшылығының және Ташкент қаласындағы Өңірлік атқарушы комитеті жанындағы тұрақты өкілдікті құрған алғашқы мемлекет. [4]

Орталық Азиядағы өңірлік ынтымақтастықтың ең тамаша үлгісі -Шанхай ынтымақтастық Ұйымы болып табылады, ал 2004 жылы 15 қаңтардан Пекин қаласында ШЫҰ-ның Хатшылығы өз жұмысын бастаған болатын. Жыл өткен сайын ШЫҰ ынтымақтастықтың жаңа салаларын қамтып, нәтижесінде 2006 жылы Ұйымға мүше мемлекеттердің парламенттері, жоғарғы соттары басшыларының, білім министрлерінің алғашқы кездесуі болып өтті. Осы орайда, бұл ұйым аясында отын-энергетика саласында өзара әріптестік нығайып, экономика, сауда, көлік пен коммуникация салалары мен мәдениет министрліктерінің кездесулері де үнемі өткізіліп тұратынын айту қажет. Бұл ұйымның маңызы зор іргелі өңірлік құрылымға айналып отырғандығының бір айғағы бола алады. ШЫҰ БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының бақылаушы ұйымы мәртебесіне 2004 жылы ие болып, 2005 жылы ТМД мемлекеттері хатшылықтарында өзара түсіністік жөніндегі Меморандумы қабылданды. Ұйымға мүше мемлекет басшылары 2007 жылғы тамыздың 16-сында Бішкек қаласында өткен Саммитте мемлекеттердің ұзақ мерзімді тату көршілік, достық және ынтымақтастық жөніндегі Шартқа қол қойды. Аталған жиында мемлекет көшбасшылары Бішкек декларациясына қол қойып, ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің халықаралық ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі іс-қимыл жоспарларын бекітті. Астана қаласында 2005 жылы 5 шілдеде ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының кезекті саммитінде Астана мәлімдемесі жасалды. Шанхайдың Саммитінде 2006 жылғы 15 маусымда Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше-мемлекеттердің аумақтарында терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру мен оны өткізу тәртібі жөнінде және 2007-2009 жылдарға арналған ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күреске бағытталған бағдарлама қабылданған болатын.

Қазіргі кезде ШЫҰ-ның басқа да ТМД және Еуроодақ құрамындағы мемлекеттер арасындағы халықаралық дәрежедегі қатынастары нығайып, оның қызметіне БҰҰ-ның Даму Бағдарламасы, Ұлттық Қауіпсіздік Шарт Ұйымына мүше мемлекеттер де зор ынталылық танытуда. Ұйым аясында білім, мәдениет, туризм және спорт салаларында өзара ықпалдастық шаралары жүргізілуде. Осы тұрғыдан келгенде Қазақстан үшін Шанхай ынтымақтастық ұйымына қатысу үлкен маңызға ие. Бүгінде Ұйым бірқатар күрделі мәселелерді шешуге атсалысты: атап айтқанда, мүше-мемлекеттер арасындағы белгісіздік пен түсініксіздік проблемалары күн тәртібінен түсті, шекаралық мәселелер шешілді, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды тұрақты түрде реттеп отыратын форум құрылды. Сонымен бірге әлемдік тәжірибеде сенім шаралары жөніндегі уағдаластық және шекаралық мәселелерді шешуде қарулы күштерді қолдануды шектеу мемлекеттер тарапынан үлкен қолдау тапты. Қытайдың Қазақстанмен, Қырғызстанмен, Ресеймен және Тәжікстанмен шекаралас аймақтарында сенім шараларын бекемдеу мен қарулы күштер қолдануды шектеу жөніндегі келіссөздер Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасын делимитациялау және демаркациялау процестерімен, сондай-ақ талас туғызатын аудандарға қатысты проблемаларды шешумен тығыз байланысты болды. Бұл екіжақты Қазақстан мен Қытай арасындағы шекарааралық мәселелерін реттеуге мол мүмкіндіктер беруде. Қарым-қатынастарды нығайтудың көпқырлылығы қазіргі қоғам дамуының ортақ тенденциясы болып табылады және халықаралық жағдайдың тұрақтылығына зор ықпалын тигізеді сөзсіз. [7]

Бұл ұйым әлемдегі халықаралық ынтымақтастыққа бағытталған ашық ұйым ретінде танылып, біздің мемлекетіміз ұйымға мүше мемлекеттермен ынтымақтастығын аймақтық интеграцияның тиімді құралы ретінде бағалап, оны сыртқы саясаттағы басымдықтардың бірі ретінде қарастырады.

Ұйым беделінің артуына оған қосылуға тілек білдіруші елдер қатарының толастамай отырғаны айғақ бола алады. Мысал ретінде Монғолияның 2004 жылғы маусым айында өткен Ташкент Саммиті барысында, бақылаушы ел мәртебесіне ие болғандығын айтуға болады. Бүгінгі таңда Ұйымға мүшелікке Пәкістан енді және оған енуге қызығушылық танытып отырған мемлекеттер қатарында Ауғанстан, Үндістан, Түркия, Иран, ЕО мемлекеттері, АСЕАН және ТМД елдері тараптарынан байқалуда.

Қазақстан Республикасы аталған халықаралық ұйымның тиімділігін арттыруда әскери ынтымақтастықтың нормативтік құқықтық базасын жетілдіру жұмыстарын жүргізуде зор белсенділік танытуда. Қазақстанның ШЫҰ-ға мүшелігі оның геосаяси ұстанымын нығайтуда маңызы зор мәселе болып табылады. Қазіргі дағдарыс жағдайында өршіп тұрған қауіп-қатерлерге дара қарсы тұру мүмкін емес болғандықтан, Орталық Азия мемлекеттері аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бірлесе отырып талпыныс білдіруде оған мүдделі елдердің күш-жігерін шоғырландыра жұмсауды қажет етеді. Осыған орай, Қазақстанның ШЫҰ-ға қатысуы, сондай-ақ АҚШ-пен және НАТО-ның басқа да елдерімен әскери саладағы ынтымақтастықты кеңейтуі қауіпсіздікке қатер төнетін тұста қосымша әскери-саяси ресурстарды тартуға мүмкіндік береді. [8]

Ұйымға мүше-мемлекеттер қауіпсіздікке әріптестік жолымен қол жеткізуге, әріптестік сипаттағы мемлекетаралық қатынастарға, жаңа үлгідегі аймақтық әріптестікке негізделген шараларды күш-жігерді біріктіру арқылы ғана қол жеткізуге болатынына сенеді.

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2006. – 2 наурыз.

2. Бжезинский З. Великая шахматная доска. – Москва: Международные отношения, 2000. – С.196.

3. Китай в мировой политике. – М. РОССПЭН, 2001. – 528 с.

4. Каримов И.А. О национальной государственности, идеологии независимости и правовой культуре. – Ташкент. 1999. – 439 с.

5. Касенов У.Т. Безопасность Центральной Азии: глобальные, региональные и национальные проблемы. – Алматы. 1998. – 280 с.

6. Сыроежкин К.Л. Взаимоотношения Китая с государствами Центральной Азии // Казахстан-Спектр. - 1999. – № 1(11). – С. 86.

7. Лукин А. Шанхайская организация сотрудничества: проблемы и перспективы — «Ситуация в Центральной Азии и Шанхайская организация сотрудничества: четвёртая международная конференция – 2004 // Китай (ШИМИ), 2004. – С. 221-246.

8. Трофимов Д. Шанхайский процесс – от «Пятёрки» к «Организации сотрудничества»: итоги 1990-х, проблемы и перспективы развития. // Центральная Азия и Кавказ. – 2002. – №2. – С. 97.

Аннотация

В статье рассматриваются роль в системе международного сотрудничества одной из самых основных в Азиатском регионе структур – Шанхайской организации сотрудничества, а также вопросы участия в данной организации Казахстана и государств Центральной Азии. Для Казахстана участие в ШОС важно с точки зрения укрепления своей геополитической направленности. Поскольку в настоящее время невозможно в одиночку противостоять глобальным

вызовам времени, центральноазиатские государства выражают стремление к обеспечению устойчивости, стабильности и безопасности в регионе, что требует объединения усилий заинтересованных стран.

Ключевые слова: международные отношения, Китай, Шанхай, организация, государства, Центральная Азия, безопасность.

Summary

The article examines the role of international cooperation in the system one of the most basic structures in the Asian region – the Shanghai Cooperation Organization, as well as the participation in the organization of Kazakhstan and the Central Asian states. Kazakhstan participated in the SCO is important in terms of strengthening its geopolitical orientation. Since it is currently impossible to stand alone against the global challenges of time, the Central Asian states have expressed the desire for sustainability, stability and security in the region, which requires the joint efforts of the countries concerned.

Keywords: international relations, China, Shanghai, organization, states, Central Asia, safety.

УДК 94(574).084.9:327.37(574)

МЕЖНАЦИОНАЛЬНОЕ И МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНОЕ СОГЛАСИЕ В КАЗАХСТАНЕ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ

*Джангирова Г.С. – к.и.н, преподаватель
кафедры истории Казахстана им. Академика Т.С. Садыкова*

Аннотация

Автор в данной статье рассматривает вопросы политики межнационального согласия Республики Казахстан, так как, это сложное политическое явление, охватывающее все стороны деятельности казахстанцев, она выступает одним из важнейших компонентов в структуре его общей политики. В связи с этим следует подчеркнуть, что самостоятельность каждой национальности Казахстана определяется различием их исторического, политического развития как в плане социально-экономическом, так и с точки зрения их государственного определения. Важно уяснить, что игнорирование подобной национальной вариативности, богатства форм развития народов, отсутствие уважения к историко-культурным традициям и запросам национальностей приводят к деформациям в межнациональном общении.

Ключевые слова: Республика Казахстан, политика, межнациональное согласие, нация, государство, государственность

С первых дней независимости нашей страны вопрос об укреплении межэтнического и межконфессионального согласия стал для руководства Казахстана в качестве приоритетной задачи государственной политики. В начале 90-х годов, в период распада Союза, **Казахстану** предрекали массовые межэтнические и межконфессиональные столкновения. К счастью, эти прогнозы не оправдались. В данный момент, Казахстан известен всему миру своим межэтническим и межконфессиональным согласием, благодаря тому, что смог сохранить мир, взаимопонимание и доверие в душах людей разных национальностей и вероисповеданий.

Проблема развития социально-этнических общностей и их взаимоотношения, является актуальной и сложной в общественной жизни. Особенно требует внимания изучение проблемы межнационального и межконфессионального согласия на современном этапе. Содержание межнационального согласия определяется способом производства материальных, духовных благ и типом политических отношений и цивилизации. Межнациональное согласие служит специфическим законом развития национальных отношений, обусловленным необходимостью взаимосближению, взаимоуважения наций, народностей, национальных и этнических групп, и стран. Казахстанское общество сегодня является уникальным примером межэтнического и межконфессионального плюрализма и толерантности, где проживают представители 140 тносов и более 40 конфессий. Мир и спокойствие, гражданское согласие, религиозная терпимость, равноправное участие представителей различных культур в жизни общества - эти принципы легли в основу нашей национальной политики за годы независимости государства и обеспечили отличительную черту Казахстана в мировом сообществе.

Государственная политика республики за годы независимости была направлена на возрождение духовных ценностей и формирование высокого уровня толерантности между представителями разных народов и конфессий. В нашей стране право каждого человека исповедовать любую религию или не исповедовать никакой обеспечивают Конституция Республики Казахстан 1995 года и принятый Верховным Советом Казахстана 15 января 1992 года Закон Республики Казахстан «О свободе

вероисповедания и религиозных объединениях». Эти документы, действующие и в настоящее время, являются основой для дальнейшего совершенствования накопленного опыта в области обеспечения межнационального и межконфессионального плюрализма и толерантности. Обеспечение межэтнического согласия является стержнем политики государства, так как политическая стабильность и дальнейшее развитие, нашей страны в основном зависит от межнационального мира. В Казахстане межэтническое согласие не только закреплено законодательно, но и реализовано на практике.

Основополагающим фактором общенациональной консолидации, внутривнутриполитической стабильности, гражданского мира является казахстанский патриотизм. В стране созданы условия для развития языков представителей всех национальностей, проживающих в республике: действуют 88 школ, в которых обучение полностью ведется на узбекском, таджикском, уйгурском и украинском языках; в 108 школах языки 22 этносов преподаются в качестве самостоятельного предмета. Кроме того, открыто 195 специализированных лингвистических центров, где не только дети, но и взрослые могут изучать языки 30 этносов. В стране создан уникальный общественно-политический институт – Ассамблея народа Казахстана. Идея ее создания была выдвинута Президентом Н.А. Назарбаевым в 1992 году. Ассамблея народа Казахстана объединяет представителей практически всех наций и народностей, живущих в Казахстане. Этот орган создан для решения вопросов по осуществлению конституционных прав представителей каждого народа, проживающего в Казахстане, на пользование родным языком и культурой и для выработки стратегических задач национальной политики в стране. За годы своей деятельности Ассамблея трансформировалась в важный конституционный орган с широкими полномочиями. В 2007 году она получила конституционный статус и право избирать депутатов Мажилиса. Сейчас Ассамблея народа Казахстана – авторитетный общественный форум, который гармонично объединяет народы нашей страны.

Будучи многонациональным и многоконфессиональным государством, Казахстан на своем примере наглядно доказывает возможность мирного сосуществования людей разного происхождения и вероисповедания и является площадкой глобального диалога религий. Проводимый в Астане по инициативе Президента Казахстана раз в три года Съезд лидеров мировых и традиционных религий стал достойным вкладом нашей страны в расширение взаимопонимания и развитие глобального диалога между цивилизациями. [1].

Изучение проблемы и особенности межнационального согласия на конкретных материалах политики Республики Казахстан, где есть казахстанская модель межнационального и межконфессионального согласия, имеет важное международное значение. Вместе с тем, научная целесообразность избранной диссертантом темы определяется и тем, что межнациональное согласие в XXI веке остается объектом идеологической борьбы. Исследование по вопросу межнационального согласия в условиях реформ, модернизации общества призваны служить опорой прогрессивных сил в их идейно-политической борьбе против антинаучных теорий наций и межнациональных отношений, космополитизма и национализма.

Отрадно отметить, что сегодня в нашей стране развитие межнационального и межконфессионального согласия возведено в ранг стратегической государственной политики. Изучение обществоведческой литературы показывает, что в научных исследованиях вопросы культуры межнационального общения, дружба народов, или единство народов, консолидация народов, как правило, рассматриваются как межнациональное согласие. Жизнь показывает, что эти понятия отличаются друг от друга и их путать нельзя. Поэтому проблема межнационального согласия как стратегическая политика Республики Казахстан требует специального изучения. Вместе с тем, проблема межнационального согласия как стратегическая политика Республики Казахстан, как показано выше, пока остается не исследованной, прежде всего в свете политологического осмысления общественной жизни народов. Характер межличностного согласия, чувства и настроения людей тех или иных национальностей не изолированы, а тесно связаны с характером складывающихся взаимоотношений между нациями и народностями на общегосударственном уровне в процессе их повседневной деятельности: объективное, общественное, социальное, политическое, национальное превращается в субъективное, личностное, индивидуальное и обратно. Межличностные национальные отношения находят свое проявление в поступках людей, в их мировоззрении, нравственных устоях, нормах поведения, то есть в субъективированных формах общения, согласия, реализуемых через социально-психологические, политические, правовые механизмы. В свою очередь, субъективные факторы, аспекты, к которым, например, относятся социально-психологические стереотипы, установки на контакты с людьми иной национальности в труде, бытие, при проведении досуга и т.п., интересы и ценностные ориентации, определяющие жизненные позиции людей, их отношение к другим народам, оказывают огромное влияние на процесс межнационального согласия, общения [2].

Отсутствие политико-правовой регуляции и соответствующих институтов этнополитических, этногосударственных отношений или же признание прав только одной из сторон (нации, государства) неизбежно влечет межнациональную рознь, этнополитическую нестабильность, крайними формами которой выступают этнонационализм, этношовинизм, сепаратизм, терроризм и вооруженные межнациональные конфликты. К сожалению, примеров понимаемой как межнациональной розни, этнополитической нестабильности в разных регионах, государствах мира можно привести множество. Традиции добрососедства, доброжелательности, уважительное отношение к особенностям культуры, традиции, обычай, языка и быта других народов, стремление глубже понять, узнать их, готовность прийти на помощь в трудную минуту, все это было свойственно народам Казахстана и закрепилось в их памяти как общенациональная, общеказахстанская традиция. Общепринятые нормы во взаимоотношениях между народами в современных условиях требует наполнения политики межнационального согласия новым демократическим, общечеловеческим, казахстанским содержанием, нового качественного уровня. Демократические элементы явились отправной точкой определения сущности и в формировании нового уровня политики межнационального согласия Республики Казахстан.

Следует сказать, что политика межнационального согласия Республики Казахстан связана с гуманистической общечеловеческой тенденцией взаимоотношения этносов на основе принципов доверия, равенства, исключающей конфликтные ситуации между представителями различных национальностей. Следовательно, обобщая теоретическое рассуждение, представляется возможным сделать вывод о том, что политика межнационального согласия как политический феномен-это система взаимоотношений людей и социальных групп различной национальной принадлежности в процессе совместной деятельности во всех сферах общественно-политической жизни на основе национальных, общечеловеческих целей, интересов, ценностей и демократических традиций.

Политика межнационального согласия в своем сущностном выражении характеризует такой уровень духовного, экономического, политического контакта людей различных национальностей, высота которого субъективно выражает степень развития в данное время дружбы и взаимодоверия народов как высшей стадии социального прогресса в сфере межнациональных отношений. Политика межнационального согласия в Казахстане включает в себя глубокое овладение научным пониманием основных законов развития наций и национальных отношений, закономерности межнационального общения и специфических черт его, свойственных многонациональному, многоконфессиональному обществу и регионам. Ее важнейшей стороной является умение использовать эти знания в практике межнационального общения, согласия, предвидеть социально-политические последствия тех или иных явлений в общении, согласии, их позитивных и негативных сторон, исходить из четких гуманистических и социально-политических ориентиров в оценке процесса взаимодействия наций и их представителей на межличностном уровне.

Применительно к Казахстану политика межнационального согласия - это такой характер и уровень отношений казахстанцев различных национальностей, основанный на гуманистических началах, который влияет на развитие личности, сплочение трудовых коллективов, народов и формирование социально-политического потенциала страны.

Существенной чертой политики межнационального согласия в Казахстане является неприятие антиподов культуры межнационального общения и умение вести борьбу против национальной ограниченности и замкнутости, национального эгоизма и нигилизма, трайбализма и космополитизма.

Перечисленные слагаемые политики межнационального согласия Республики Казахстан общие для всех видов межнационального согласия в стране и регионе. Мы рассматриваем политику межнационального согласия Республики Казахстан в единстве двух ее сторон: как часть политики жизнедеятельности казахстанского многонационального общества и как характеристику межличностных дружественных контактов, обусловленных социально-политической деятельностью. В первом случае политика межнационального согласия проявляется как часть национальной политики при обсуждении вопросов, касающихся всего многонационального общества в целом. Вторая сторона политики межнационального согласия Казахстана отношения, затрагивающие разные вопросы национальной жизни, социально-политической деятельности, а также практические совместные действия казахстанцев, представляющие общественный и личный, общеказахстанский и национальный интерес главным образом только для них. Обе стороны политики межнационального согласия в Казахстане неразрывны и находятся в постоянном взаимодействии и развитии. [3]

Таким образом, политика межнационального согласия Республики Казахстан - это сложное политическое явление, охватывающее все стороны деятельности казахстанцев, она выступает одним из

важнейших компонентов в структуре его общей политики. В связи с этим следует подчеркнуть, что самостоятельность каждой национальности Казахстана определяется различием их исторического, политического развития как в плане социально-экономическом, так и с точки зрения их государственного определения. Важно уяснить, что игнорирование подобной национальной вариативности, богатства форм развития народов, отсутствие уважения к историко-культурным традициям и запросам национальностей приводят к деформациям в межнациональном общении. Наоборот, учет подобных особенностей, взаимоуважение и внимание к интересам и потребностям различных народов, составляющие основу гуманистической традиции общения, согласия, должны стать фундаментом политики межнационального согласия как конкретное выражение развития его субъектов и субъектного характера отношений между различными народами, национальными группами и их представителями.

1. Назарбаев Н.А. *За мир и согласие в нашем доме* // *Казахстанская правда*. – 1995. – 25 марта.

2. Калетаев Д.А. *Социально-политическая консолидация казахстанского народа: особенности и проблемы: автореф. докт. пол. наук*. – Алматы, 2008.

3. *Казахстанский опыт межнационального и межконфессионального согласия: предложения для ОБСЕ* // *Материалы международной конференции*. – Алматы: КИСИ, 2009.

Түйіндеме

Автор өз мақаласында Қазақстан Республикасының ұлтаралық татулық пен келісім саясаты мәселелерін қарастырады. Бұл күрделі саяси құбылыс қазақстандықтардың жан-жақты қызметтерін қамтиды. Сонымен бірге бұл күрделі процесс еліміздің жалпы саясаты құрылысының негізгі құрушы компоненті болып табылады. Сондықтан, Қазақстанды мекен еткен әрбір ұлт пен ұлыстың өзгешелік сипаты оның тарихи, саяси дамуы оның әлеуметтік-экономикалық жағдайымен ерекшелетіндігі сөзсіз. Бұл орайда еліміздегі ұлтаралық келісім мен татулықты әр ұлт пен ұлыстың тарихи-мәдени салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпы құндылықтарын ескеру маңызды мәселе болып табылады.

Тірек сөздер: Қазақстан Республикасы, саясат, ұлтаралық келісім, ұлт, мемлекет, мемлекеттілік

Abstract

The author of this article examines the policy of inter-ethnic harmony Republic of Kazakhstan, as it is a complex political phenomenon, covering all aspects of the Kazakh people, it is one of the most important components in the structure of its general policy. In this regard, it should be emphasized that the independence of each nationality in Kazakhstan is determined by the difference of their historical, political development, both in terms of socio-economic and in terms of their state definition. It is important to understand that ignoring such a national variation, richness of the development of peoples, the lack of respect for the historical and cultural traditions and needs of nationalities lead to distortions in international communication.

Keywords: Republic of Kazakhstan, politics, international consent, nation, state, statehood

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ

ӘОЖ 94 (574) 14

АЙТЫЛҒАН ТАРИХ ДЕРЕКТЕРІН ҒЫЛЫМИ ҚОЛДАНЫСҚА АЛУ ТҮРЛЕРІ, ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ

Нұрман Ш.Т. – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің доценті, т.ғ.к.

Түйіндеме

Мақалада автор айтылған тарихты практикада қолдану мәселеліне тоқталып, зерттеулерде ауызша тарихи деректерде пайдалануы жайлы мағлұматтар береді. Сонымен қатар ауызша тарих мәселелерінің отандық және шетелдік тарихнамада қарастырылу ерекшеліктері мәселесі қозғалады. Отандық тарихнамада айтылған тарих осы соңғы онжылдықтарда ғана серпін ала бастағанымен, оның өзіндік ерекшелігі бар. Алдымен, біздің айтылған тарихтың американдық және еуропалық тәжірибелерін қорытып қолданысқа алу мүмкіндігіміз бар екендігіне, ал отандық тарихнамада айтылған тарих соңғы онжылдықтарда ғана серпін ала бастағандығы жөнінде, оның өзіндік ерекшеліктеріне мән беріледі. Сондықтан, автор ең алдымен, біздің айтылған тарихтың американдық және еуропалық тәжірибелерін қорытып қолданысқа алу мүмкіндігіміздің бар екендігін назарға алады.

Тірек сөздер: тарих, ауызша тарих, тарихи деректер, тарихнама, деректер

Айтылған деректерді жіктеудің өзі оларды ғылыми қолданысқа алудың ерекшелігін көрсетсе керек. Негізінен айтылған деректерді тарихи қалыптасқан уақытына және формаларына қарап екі түрге бөліп жүргеніміз белгілі: архаикалық, яғни терең тамырлы әрі алуан тармақты рулық-тайпалық дәуірден келе жатқан халықтың ауыздан-ауызға, ұрпақтан ұрпаққа айтылып жеткен ауызша тарихы; және де мемораттық деп аталып жүрген куәгерлер естеліктері мен жадындағы беріде болған тарих. Осыған ұқсас жіктеуді Висконсин университетінің профессоры Ян Вансина да атап көрсетеді: ертеден келе жатқан халықтың тарих айту дәстүрі, куәгерлер жадындағы тарих және түрлі дақпырттар. Тарих айту дәстүрінің өзін Ян Вансина бірнеше категорияларға таратады: әр түрлі ғұрыптарды, ұрандар мен титулдарды жатқа білу және оларды қанатты сөздермен жеткізу; екіншіден, атауларды жатқа айту: жер аттары мен адам аттарын; үшіншіден, тарихи, діни және де басқа поэзия түрлерін жатқа айту; төртіншіден, тарихи, нақыл ойлы, көркем және жеке адам өмірі жайлы әңгімелерді жатқа айту; бесіншіден, әдет-ғұрып заңдары және оны интерпретациялау нұсқаларын жатқа білу. Ян Вансинаның бұл классификациялауы ғылыми және толық мазмұнды деп ойлаймыз. Айтылған деректер сонымен қатар жанрлардан тұратыны да белгілі. Ол да ғылыми қолданыс мақсатында ескеріледі. Негізінен ол мынадай жанрлар, естеліктер (мемуарлар), айтылған әңгімелер, тарихи сұқбаттар, аңыздар, халық әндері және т.с.с. [1, 112-114.]

Қазіргі батыс тарихнамасында айтылған тарих дерегіне сұқбаттың және/не әңгіменің дыбыстық жазбасын, жұрт алдында сөйленген сөзді, оқиға орнынан берілген репортажды, радиохабарды жатқызады. Айтылған тарих мамандары Дж. Эварт Эванс, П.Томпсон, А.Портелли айтылған тарихтың дыбыстық деректерін жоғары бағалайды. Себебі олар дерекпен жұмыс істеудің эпистемологиялық ерекшелігі ақпаратты жазып алу және сақтау формаларына тікелей байланысты деп біледі. Біз қазір айтылған тарих деректері ретінде *кең мағынада* түрлі жолдармен жеткен ауызекі әңгімені, фольклорды, дыбыстық және

аудиовизуалдық материалдарды қабылдаймыз. *Тар кәсіби мағынасында* сұқбат не әңгіменің дыбыстық (видео) жазбасы және оның қағаз бетіндегі мәтіні айтылған дерек делінеді.

Адамзат тарихты айтудан тарихты жазу үрдісіне бірнеше жүз жылдықтар барысында ауысқаны белгілі. Жазылған тарихтың өзі тарих деректерінің ауызша түрін көп пайдаланды. Тарих атасы Геродоттың өзі тарихты жазу үшін куәгерлерді іздеп тауып, олардың мәліметінің жалған не ақиқаттығын анықтау үшін бетпе-бет сұрақ қою арқылы дерек жинау әдісін қолданды. Фукидид болса тарихты өз көзімен көрген куәгер ретінде жазды. Ертеде, тарихты ауызша айту тұсында, дерек ретінде сөз киелі болса, қазірде қағазға түскен тарихи дерек ретінде жазу киелі.

Геродот та, Фукидид те тарихшы ретінде оқиғадан тыс және оны сырттан бақылаушылар ғана болды. Айтылған тарих зерттеушісі ақпарат берушімен диалог жүргізеді, оқиғаны автордың көзімен бірге көреді және бірге сезінеді. Томсонша айтқанда, «қоғам мен тарих арасындағы қарым-қатынас бір жақты болмауы керек, бұл дегеніңіз үздіксіз айырбас, ақпарат пен оны интерпретациялау, оқытушы мен аудитория арасындағы өзара диалектикалық байланыс». [2]

Айтылған деректерді жинау мен пайдаланудың түрлі мақсаттары болуы мүмкін. Қазіргі тәжірибеден байқалғандай мұндай мақсаттардың біреуі және бірегейі – деректерді *жариялау*. Жариялаудың да бірнеше түрлері бар: айтылған тарихи деректерді ғылыми мақсатта жариялау; ғылыми-көпшілік мақсатта жариялау; публицистикалық мақсатта жариялау. Мұнан да өзге түрлері болуы мүмкін.

Қалай болғанда да баспа арқылы немесе интернет бетінде жасалған белгілі бір негізде жүйеленіп жарияланған айтылған тарихи деректер кездесіп жатады. Бұл шетелдік және отандық тарихнама тәжірибесінде бар нәрсе.

Әсіресе, шетелдік айтылған тарих орталықтарының кәдімгідей бай тәжірибесі бар. Олардың арасында неғұрлым жиі кездесетіні - айтылған материалдарды сұқбат түрінде жариялау. Сұқбат алушы мен берушінің диалогы түрінде, яғни сұрақ-жауап формасында болатыны аян. Мұндай жарияланымдардың ақпараттық кеңістікте алуан түрлісі бар. Көп кездесетін түрлері - түпнұсқалық материалдар түрінде жарияланғандары, екіншісі редакцияланған материалдар түріндегі жарияланымдар. Зерттеушілер бұл екеуінің де өзіндік кемшіліктері мен жетістіктері бар екенін көрсетеді.

Біріншісіне, түпнұсқалық-сұқбат диалогтарды жариялауға тоқталсақ, Жарияланымның ғалымдар мен зерттеушілерге бағытталған түрі транскрибацияланған мәтіннің түпнұсқамен максималды түрде жақын болып келеді, яғни өзгеріссіз жасалатын жарияланымдар десек болады. Мұндай нұсқаларда оригиналға тән тарихи, лингвистикалық, психологиялық және антропологиялық мәліметтер кешендігі, тұтастығы сақталады. Бұл - оның артықшылығы. Ал оның кемшілігі, мұндай мәтіндерді қабылдау қиындығы бар. Артық сөздер, дыбыстар, тақырыптан ауытқу, түсініксіз сөйлеу, ақпарат берушінің диалектілерді қолдануы т.с.с. Сол себепті қазіргі күні мәтінмен қатар, аудио-видео жазбалар да қатар беріледі. Бұл зерттеуші үшін таптырмас табыс. Әсіресе, мұндай қосымшалар этнографтар, лингвистер үшін қажеттірек болып табылады.

Редакцияланған материалдар түріндегі жарияланымдарға келер болсақ, бұл реттегі еңбектердің де жариялану нұсқалары әртүрлі. Мәселен, оқу материалдары мақсатында жарияланған айтылған деректер құжаттар материалдарының жинақтарында, хрестоматия, практикумдарда кездеседі. Ғылыми-анықтамалық және түсіндірме мәліметтер қоса берілсе, мұндай материалдардың құндылығы артады және көпшіліктің қолдануы мен түсінуін оңайлатады.

Осы түрдегі жарияланымдар, сонымен қатар тақырыптар бойынша сұқбаттардың үзінділерінен тұруы мүмкін. Әдетте мұндай жарияланымдарда айтылған деректерге редакторлық түзету жүргізіледі. Осы қатардағы еңбектер ғылым, қоғам және саясат қайраткерлерінен алынған толық мәтінді сұқбаттар десек. Ондай еңбектер негізінен биографиялық ұстанымды басшылыққа алады.

Екіншісі, сұқбаттардың үзінділері, яғни редакцияланған, қысқартылған сұқбаттар және іріктелген үзінді сұқбат немесе қысқа сұқбат. Мұндай айтылған тарих материалдарының жинақтары негізінен көпшілік аудиторияға арналып жарияланады. Бұл үзінділер толық сұқбаттардың мазмұнды деп іріктелген бөліктері ғана болып табылады. Аталмыш нұсқадағы басылымдар мәтін мазмұнын қабылдауды жеңілдетеді. Мұндай жарияланымдар белгілі тақырып төңірегіндегі сұрақтар мен олардың жауаптары ретінде басылады. Және де осы сұрақтар өзге де сұқбат берушілерге қайталанып қойылып отырады. Сонымен қатар әңгіменің жүру ауанына, жағдайына қарап сұрақтағы ойдың тұжырымдалуы өзгеріп отыруы мүмкін. Сұқбат үзінділерін жариялау дегеніміз тек оларды қысқарту немесе редакциялау ғана емес, тақырыпқа қатысты сұқбат бөліктерін белгілі бір тәртіппен іріктеп жинақтауды да қамтиды. Әсіресе, этнографтар мен фольклористер осындай тәсілді кең қолданады. Жиналған барлық материалдарды тақырыптарға шашып тастап, сосын бір тақырып немесе ой төңірегінде айтылғандарды әңгіменің басында, ортасында не соңында орналасқанына қарамай мазмұндық сипатына қарай сұрыптап біріктіреді. Мысалы, егер респондент балалық шағы туралы әңгімесінің басында айтып, сосын басқа тақырыпқа

ауысып, ортасында балалық шағы туралы әңгімеге қайта ойысса және т.с.с., оның балалық шағы туралы барлық айтқандары модельденіп біріктіріледі.

Көптеген қазіргі жарияланып жүрген естеліктер жинағы осы ұстаныммен іріктеліп жүр. Оған шетелдік және отандық осындай жарияланымдардан мысал келтіруге болады. Ресейдің Европа университеті Йоенсуу университетімен біріккен 2000-2003 жылдардағы дала экспедициясының материалдарын, яғни сұқбаттарын үзінділерге бөліп, тақырыптарға біріктіріп жариялады. Тақырыптық сұқбаттар үзінділері диалог формасында берілді. [3]

Бірқатар зерттеушілер жарияланымның мұндай тәсілін «жергілікті ауызша дәстүрмен» байланыстырады. Не болмаса оны «жергілікті тұрғындардың ауызша репертуары» деп те атайды. Яғни, бір өңірдің адамдарының ортақ тағдыры мен ортақ өмір жолы бар. Олардың осы тарихи тағдырларының негізгі кезеңдері және оның мазмұны жарияланымның да тақырыбын және құрылымын анықтайды. Мысалы, жаңа жерге қоныс аударылғандарға ортақ тақырыптар көші-қон тарихы, жаңа жерді игеру және жаңа жағдайға бейімделу барысы, олардың бір-бірімен және жергіліктілермен қарым-қатынасы, әлеуметтік қызмет көрсету және рухани мәселелер және т.с.с. Мәселен, Карелияның ауызша тарихы бойынша бірнеше шығарылымды жинақ жарияланды.[4] Әрбір шығарылымы белгілі бір тақырыпқа арналды. Мысалы, бірінші шығарылымы екі бөліктен тұрды. Бірінші бөлімінде зерттеушілердің жалпы теориялық мақалалары жинақталса, екінші бөлімінде 4 респонденттің 1930 және 1945-1956 жылдардағы өмірі туралы сұқбаттары берілген. Бұл респонденттер - аталмыш жылдарда Петрозаводск мемлекеттік университетінде қызмет жасағандар.

Өмірлік тәжірибесіндегі түйісулер, тағдырлық өзгерістер, өмір бағыттары бойынша көптеген ұқсастықтарды табуға болады. Тарихи оқиғалар оған қатысушылардың өмірлерінің ортақ арқауы болды. Соның негізінде жергілікті ауызша дәстүр

Басылымдардың бұл түрі туралы, әсіресе сұқбаттарды редакциялау мен қысқартуға қатысты зерттеушілер арасында бірқатар келіспеушіліктер, пікір таластар бар.

Жақын арада жарыққа шыққан оқу құралы Т.К. Щеглованың «Айтылған тарихы». [5] Еңбек Ресей тарихнамасындағы айтылған тарихқа арналған бірінші және құнды құрал ретінде бағасын да алды. Кітапта айтылған тарих теориясы мен практикасына талдау жасалды, тарихты зерттеудің жаңа технологиясы мен әдістерін көрсетеді. Айтылған тарих деректерін ғылыми айналымға алу мен түсіндірудің ұсынымдарын береді. Оқу құралының үштен бірі дерлік практикалық қосымшаларға арналған. Олар аса құнды ұсыныстардан, сұқбат сұрақтарынан, анкета формаларынан тұрады.

Енді қазіргі ғылыми зерттеулердегі айтылған деректердің қолданысы мәселесі. Бұл жөнінен шетелдік зерттеушілердің мол тәжірибесі бар. Америка және Европа ауызша тарих зерттеушілері тарихи зерттеулердің көптеген салаларында айтылған тарих деректерін қолданып келеді. Олар, Роберт Хармс, Кристофер Сторм-Кларк және т.б. Мәселен, экономика тарихында тек қана ауылдық және отбасылық ауызша деректер негізінде өндірістің, сауданың белгілі бір аймақтарда пайда болуын кең қарастыруға болады. Ұсақ шаруашылықтар, жаңа жерлерді игеруге келген алғашқы энтузиастер өмірі, кәсіпорынның ішкі тіршілігі туралы мұрағат деректерін табу қиын немесе бар деректер фрагментарлы, қайсыбірлері бұрмаланған мәліметтерді береді. Мысалы, жұмысшылардың жалақысы көлемі, жұмыс күні мен тәртібі туралы статистикалық көрсеткіштер. Сондықтан өнеркәсіп өмірі туралы базалық деректерді куәгерлер аузынан жинауға тура келеді. Ауызша деректердің аса бағалы екендігін Аллан Невинс те көпке танымал еңбегі арқылы дәлелдеді. Ол Генри Фордтың өмірбаяны арқылы автомобиль саласының қалыптасу барысын, оның ерекшеліктерін, осындай ірі жаңашылдардың жұмыс істеу тәсілдерін керемет ашқан деп ойлаймыз. Невинстің бұл туындысын «әлеуметтік-салалық биография» деп бағалаған белгілі ғалымдар айтылған деректер басқа құжаттармен салыстырғанда Фордтың өмірлік тәжірибесін айшықтап көрсетті деп есептейді. [6]

Өзіміздің отандық тарихнамаға келер болсақ, экономика тарихы үшін айтылған тарих дерегін кеңірек тарту қажеттігі сөзсіз. Қазақ жұмысшыларының және инженерлерінің өндірістік өмірі мен тұрмыс-тіршілігі туралы іргелі еңбектер деректердің бұл түрін міндетті түрде қолданысқа алуы қажет деген ойдамыз.

Қазіргі күнде Қазақстанда ауызша тарихи зерттеулер кеңестік тарихнамада айтылмай, көтерілмей келген тақырыптарды көбірек қамтиды. Мәселен, қуғын-сүргін құрбандары, кеңестік қайта құрулар, ашаршылық жылдары тақырыптарын. Сонымен қатар, екінші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы ардагерлер естеліктерін жинау – көптен қалыптасқан жақсы үрдіс. Бұл деректердің интернет ресурстары байып, олардың қол жетімділігі артып келеді. Сапасы да, деректердің формаларының алуандығы да артып отыр.

Ауызша тарихи деректер ғылым тарихын зерттеуге де белсенді қолданыла бастады. Әсіресе, ғалымдардың өмірлік жолына арналған зерттеу-сұқбаттар. Бұл тарапынан бұқаралық ақпарат құралдарының қосып жүрген үлесі бар. Шетелдік зерттеулер қатарында, Дэвид Эдждің Ұлыбританияда радиоастрономияның соғыстан кейінгі кезеңіне жасалған терең талдауын атар едік. [7] Қуанарлығы отандық тарихнамамызда нақты бір сала қызметкерлері немесе белгілі ғалымдар өмір жолдары да ауызша тарихтың зерттеу объектісіне айналып отыр.

Отандық тарихнамада айтылған тарих осы соңғы онжылдықтарда ғана серпін ала бастағанымен, оның өзіндік ерекшелігі бар. Алдымен, біздің айтылған тарихтың американдық және еуропалық тәжірибелерін қорытып қолданысқа алу мүмкіндігіміз бар. Екіншіден, ұлттық тарих айтудың ертеден келе жатқан тамаша үлгі-нұсқалары бар. Сондықтан, көз көрген қариялар аузынан татымды деректер, толғау-әңгімелерін тыңдап, таспа мен қағазға түсіру бұрыннан бар тарих айту дәстүрі негізінде жүргізуге болады. Яғни, ұлттық тәжірибе сұқбат жүргізудегі ерекшеліктерді ескеруге қолданылса, шетелдік тәжірибе авторлық құқық, сұқбат мәтінін түсіндіріп талдау қыр-сырын меңгеру мен этикалық жайттарға қатысты басшылыққа алынады.

Айтылған тарих деректерінің кемшіліктері хронологиялық шектеулігі, адам жадының тереңдік пен ауқымы дәрежесіне тәуелділігі, естеліктердегі дәлдіктің күмәнділігі, оқиға куәгерлерінің субъективті пайымдары және интерпретациялау ерекшелігі, жадтың жасқа байланысты өзгерістері, респонденттің өзі үшін бағалы естеліктерді алға шығаруы, маңыздандыруы, жеке басқа қатысты мәліметтерді жарыққа шығаруға рұқсат алу қиындығы т.б. Этикалық қатардағы қиыншылықтарды ескерген жөн. Зерттеушінің өзінің субъективті қабылдау мәселесі және материалды монолог баяндауға айналдыру қаупі.

Десек те осы барлық кемшіліктері мен қиындықтарына қарамастан айтылған тарих деректері зор маңызға ие.

1. Vansina, J. *Oral Tradition as History. The University of Wisconsin Press. 1985, pp. 273.*

2. Paul Thompson. *Voice of the Past: Oral History. Third Edition. Oxford University Press, 2000. 384 pp.*

3. *Граница и люди. Воспоминания современных переселенцев Приладожской Карелии, Карельского перешейка / ред. Е. А. Мельникова. — СПб., 2005. 484 с.*

4. *Устная история в Карелии: Сборник научных статей и источников. Вып. I / Науч. ред. А.В. Голубев, А.Ю. Осипов. — Петрозаводск: Изд-во ПетрГУ, 2006. 132 с.*

5. Щеглова Т.К. *Устная история. Учебное пособие. — АлтГПА: Барнаул, 2011. — 364 с.*

6. Allan Nevins, Ford (New York, 1954-62).

7. David Edge, *Astronomy Transformed: The Emergence of Radio Astronomy in Britain (London, 1977).*

Аннотация

Данная статья посвящена практическим вопросам устной истории, а именно способам интерпретации и использования устных исторических источников в исследовательской работе. Рассмотрены также вопросы об особенностях устной истории как научного направления за рубежом и в отечественной историографии. Автор согласен с тем, что устная история предлагает новые подходы в исследовании прошлого — через изучение субъективного начала в истории, массового и индивидуального исторического сознания. Автор приводит примеры и принципы публикаций устноисторических источников в зарубежной и отечественной историографии. Обозначена и проблема интерпретации устных источников как субъективных свидетельств о прошлом. Автор раскрывает новые познавательные возможности прочтения и истолкования устных источников для отечественной историографии.

Summary

This article is devoted to practical issues of oral history, exactly to the methods of interpretation and the use of oral sources in historical research. Also consider the peculiarities of oral history as a scientific foreign and in domestic historiography. The author agrees that oral history offers new approaches in the study of the past - through the study of the subjective beginning in the history of mass and individual historical consciousness. The author gives the examples and the principles of publication the sources of the oral history in the foreign and the national historiography. Identified and the problem of interpretation of oral sources both subjective evidence about the past. The author reveals the new cognitive potential for reading and interpretation of oral sources for the national historiography.

УДК 930.85

ОСОБЕННОСТИ РЕШЕНИЯ «ЖЕНСКОГО ВОПРОСА» В ТРАДИЦИОННЫХ ОБЩЕСТВАХ СРЕДНЕЙ АЗИИ И КАЗАХСТАНА В ЗАПАДНОЙ ИСТОРИОГРАФИИ

Касымова Д. Б. – кандидат исторических наук, доцент, университет КИМЭП,
Абдилдабекова А. М. – кандидат исторических наук, доцент КазНУ им. аль-Фараби

Аннотация

Коренная трансформация традиционных обществ на колониальных окраинах Российской империи, предпринятая большевиками после Октября 1917 года вызывает особый интерес западных исследователей. Перенесение в культурно-историческое поле Средней Азии и Казахстана концептов теорий, так или иначе объясняющих природу и необходимость женской эмансипации и версии их практического осуществления даже под лозунгами равноправия, которые отвечали интересам социально обездоленных слоев населения на селе и люмпенов в городе, по своей природе и методам осуществления рассматривается как вторичная постколониальная внутренняя революция. Большое внимание, которое уделялось западными исследователями аспектам радикальной ломки традиционных обществ через гендерную проблематику, позволяет выдвинуть предварительную гипотезу, согласно которой насильственное внедрение, а затем возрождение (начиная с позднего горбачевского периода) в регионе советской политики женского равноправия, и было формой вторичной постколониальной внутренней революции.

Ключевые слова: женская эмансипация, западная историография, советская модернизация, традиционное общество, феминизм

В данной статье уделено внимание формированию в современной западной историографии проблемных блоков трансформации этносоциального поля традиционных обществ в Центральной Азии через проведение советским режимом гендерного равноправия. Дискурс западных исследователей советской трансформации традиционных обществ оперирует терминами революция, колониальные, подчиненные, коренная ломка, сопротивление. Народы советских среднеазиатских республик рассматривались как подчиненные, поэтому принятие или непринятие советских порядков интерпретировалось, прежде всего, в правовом поле - как необходимость следовать закону, но отношение к нему и его исполнение зависели от многих обстоятельств и факторов, большая часть которых была скрыта от внешнего наблюдения. Коренная ломка основ и несущих конструкций обществ на периферии советского государства в 1920-1930-е годы интерпретируются как вторичная колониальная революция, а блок проблем, относящихся к женской проблематике, трактуется, как инструментальный, подчиненный решению политико-экономических задач.

Именно западные исследователи выделили женскую составляющую в советской модернизации традиционных обществ в качестве линии разлома и деконструирования. В традиционных обществах женщины играли подчиненную роль и были закрыты от внешнего влияния. В советской версии модернизации патриархальных обществ женщины стали символом слома старого через политику по уничтожению барьера между лично-семейным и публично-социальным. Все аспекты личного были вынесены на внешние составляющие - создание семьи, внутренние проблемы, посягательства на женское, но это происходило через преодоление мужского сопротивления прямо или опосредованно (через борьбу за контроль над женским). Исследования путей, способов и последствий радикальной трансформации, традиционных восточно-мусульманских обществ рассматривались в нескольких взаимопересекающихся измерениях: формирование новой социальной структуры и элиты, процесс образования новых этносов, национальностей при определяющем политико-административном внешнем управлении.

Особенности теоретико-методологических подходов к изучению истории сталинизма (и тоталитарных обществ в целом) западными научными школами состоят в том, что они исходили из следующих фактов признания (при идеологической или методологической корректировке) того, что:

1) народы Средней Азии и Казахстана были вторично колонизированы в ходе установления и закрепления власти большевиков, а квазигосударственные образования в рамках советской империи представляли собой внутренние колонии или колониальную периферию;

2) колонизация была процессом, в котором принимали участие представители колониальных окраин (причины, формы их участия и сопротивления, последствия представляют собой отдельную область изучения в русле направлений этнонационализма);

3) советские реформы были продолжением незавершенной колониальной модернизации (вестернизации), которую в силу своей политической и экономической отсталости не могла провести царская Россия;

4) деконструкция традиционных обществ в Средней Азии и Казахстане в большевистских планах была неотъемлемой частью проектов по превращению региона в аграрную периферию;

5) степень соучастия или сопротивления советским реформам в регионе зависела не столько от истории их колониального развития и особенностей социокультурного фундамента, сколько от степени концентрации политико-правовых аспектов государствообразующих компонентов и этнического ядра в формах существования этноса, которые были мишенью советских реформ (клановые структуры, формы собственности, гендерная дифференциация, религия, язык и способы трансмиссии);

6) евро-русскоцентричность была основным вектором построения советской культуры и советского человека (в нашем контексте- женщины).

Общества на колониальных окраинах, особенно в Средней Азии, жили в жесткоструктурированных рамках патриархального быта, освященного исламом, авторитетом предков и родовых практик. Западные исследователи обращают внимание на резкие различия в положении мужчин и женщин в средне-азиатских обществах, причем разительны контрасты в сравнительной перспективе и по обществам. Если эмансипация женщин на Западе была достигнута, прежде всего, в результате осознанной и упорной борьбы женщин за улучшение своего положения, приобретение равных с мужчинами прав в обществе и их утверждение, то на Востоке свобода была «спущена сверху». Но помимо свободы на бумаге и лозунгах, свобода и равенство означали равный с мужчинами труд на благо общества - участие в экономических, социально-политических проектах и преобразование культуры и быта, но при этом они обязаны были исполнять обязанности жен и матерей. Западные исследователи показывают, что советская модернизация восточных республик была достигнута ценой жертв, прежде всего среди женщин [1]. Советский режим выбрал женщин как с одной стороны, слабых и беспомощных, перед лицом своих мужчин, но дал им ресурсы – политико-административные и правовые, чтобы они могли постоять за себя. Положение женщин в регионе были исследованы Г.Масселлом/G.Massell [1], Д.Норттропом/D.Northrop [3], М. Камп/M.Kamp [4], Гюнес-Айата /Gunes-Ayata [5], Ергун /Ergun [6] и др.

Освобождение женщин от патриархальных порядков шло под лозунгом борьбы с исламом и правовыми установлениями, освященными исламом. Женщины стали щитом, которым прикрывались мужчины Востока и целью большевиков [3], [4], [7]. Большевики рассматривали их как символический политический капитал, который должен был производить несколько видов иного капитала – экономический ресурс, воспроизводство новых членов общества и воспитание их в коммунистическом духе, символическое представление во внешнем мире об успехах в миссии освобождения женщин Востока. Г.Массел считает, что советская власть проводила политику в Средней Азии, опираясь на легальные нормы. Основной инструмент реализации советских реформ и решения женского вопроса- правовой-принятие законов, отменяющих традиционное и религиозное право народов России и СССР. Большевики не отменили религию, но признали её вне закона, и, как следствие, социокультурные институты и практики, прописанные согласно той или иной вере.

Дуальная природа сопротивления исламских обществ Средней Азии советской политике эмансипации состоит в особенностях их социально-экономической организации (мужское доминирование) и интерпретации женской природы (сильной в своей слабости). Маскулинные общества, сегрегирующие женщин с использованием комплекса табуированных практик (обязательных для соблюдения женщинами - закрытие, полное или частичное, женские сферы обитания и род занятий, избегания), не интернализировали гендернодифференцирующие запреты в свою культуру на всех уровнях социализации и социальной коммуникации. Не женские запреты на свое женское, а мужские запреты на женское стали неотъемлемой частью традиций и культуры сегрегирующих народов. Западные исследователи также оперируют категориями маскулинности применительно к анализу советской гендерной политики- право

решения женских вопросов переходило от мужчин как представителей и вершителей судеб своего общества/рода/семьи к государству через его представителей - тоже мужчин, но зачастую и женщин - через сначала женсоветы и затем органы по решению проблем брака и семьи. Положение женщины и отношение к ней виделись именно с такой позиции, в этом проявлялся маскулинный подход исследователя Д.Нортропа [3].

Другой подход, используемый западными историками - найти противоречие между большевистским взглядом на среднеазиатские общества (как западничество) и особенностями существования этих обществ - как восточных (ориентализм). Именно так объясняется неприятие большевиками устоев среднеазиатских обществ – по Корану и иным варварским установлениям. Поэтому советские реформы имели целью оцивилизовать эти общества и, при необходимости, полностью деконструировать.

Роль клановых институтов в процессах деконструкции традиционных обществ рассматривается в работах М.Чарада [8] и К.Коллинза [9]. Они считают, что, несмотря на различия в формах общественных структур в среднеазиатских обществах к моменту прихода к власти большевиков, кланово-родовые структуры помимо выполнения социально-экономических функций и по своей природе содержали в себе этноорганизующие механизмы. Браки заключались по определенным линиям, с соблюдением комплекса практик и ритуалов создания семьи. Внешнее вторжение в виде изменения ролей и статусов в их культурные практики встречало открытое и замаскированное сопротивление. Визуальными внешними маркерами и символами закрытости была жестко контролируемая внутреннее содержание женщин, которое было выражено в виде дресс-кода, пространственных разграничений, гендерного разделения труда и обязанностей. Повышение статуса женщин через наделение их равными с мужчинами правами, природа которых была производна от иных источников власти, отвергалась и подлежала искоренению, но опять-таки это достигалось через женщин. Однако консервация общепринятых практик (в том числе и статусных позиций мужчин и женщин) и их внешних маркеров рассматривались, например, в Узбекистане и Казахстане как признак этничности, и следовательно, женская эмансипация виделась хранителями старого порядка как экзистенциальная угроза. Патримониальные структуры в традиционных обществах рассматриваются исследователями как фундамент государства, откуда рекрутируется элита и идет поддержка через каналы правоустанавливающих клановых институтов – традиция, авторитет и т.д. [10], [11]. И если статусные позиции (женщин и ранее социально-обездоленных) менялись извне, то это рассматривалось родовыми авторитетными мужчинами как экзистенциальная угроза. Советская власть использовала правовые и административные меры для проведения в жизнь политики не столько для проведения в жизнь гендерного равенства, сколько социального. Гендерные различия рассматривались советской властью как вид социальной дифференциации, продолжение революции и оправдание жесткой политики в отношении тех, кто эксплуатирует стоящих ниже в социальной структуре, в данном случае женщин [12]. только к человеческим жертвам, но и деформации культурных практик. Д.Нортроп утверждает, что практическое внедрение советского законодательства в Узбекистане было своеобразным переговорным процессом, в котором участвовали государство, проводники советской политики и те, на кого закон был направлен – целевые группы населения [13]. Все стороны данного процесса (государство и население) менялись, приспосабливаясь к закону для достижения поставленной цели. Некоторые группы узбекских мужчин умудрялись легально реинтерпретировать правовые нормы (в категории так называемых бытовых преступлений), будучи включенными в административную систему. В качестве аргументации необходимости изменения многих норм советского семейного законодательства и причин саботажа его практического применения, узбекские мужчины, даже партийные работники, утверждали, что европейские стандарты, а именно, особенности физиологического и биологического строения и развития узбекских девочек (для легализации снижения брачного возраста) и т.д. неприменимы к традиционным практикам. Вмешательство чуждой культуры (евроцентричной в советской транскрипции) в процесс воспроизводства этничности через женщину, по мнению узбекских мужчин, могло привести к пагубным последствиям для этноса в целом, т.к. женщина является основным центром воспроизводства, хранения и передачи этнического кода [14].

* Статья написана в рамках реализации научно-исследовательского проекта по гранту МОН РК на тему: «В эпоху коренной трансформации общества: жизненные истории женщин в Казахстане периода сталинской модернизации, 1920-1930-ые гг.».

2. Massel G. *Law as an Instrument of Revolutionary Change in a Traditional Milieu*, *Law and Society review* 2, no. 2, 1968: – C.195-200.
3. Northrop D. *The Limits of Liberation: Gender, Revolution, and the Veil in Everyday Life in Soviet Uzbekistan*,” in Russell Zanca and Jeff Sahadeo, eds., *Everyday Life in Central Asia* (Indiana University Press, 2007). – 89-102.
4. Kamp M., *The New Woman in Uzbekistan: Islam, Modernity and Unveiling under Communism*. University of Washington, 2006.
5. Gunes-Ayata, Ayse and Ayca Ergun, 2009. *Gender Politics in Transitional Societies: A Comparative Perspective on Azerbaijan, Kazakhstan, Kyrgyzstan and Uzbekistan*.// Linda Racioppi and Katherine O’Sullivan See (Eds.), *Gender Politics in Post-Communist Eurasia*. East Lansing, I: Michigan State, pp. 209-236ю
6. Michaels, Paula, 1998. *Kazak Women: Living the Heritage of A Unique Past*.// Herbert Bodman and Nayreh Esfahlani Tohidi (Eds.), *Women in Muslim Societies: Diversity within Unity*, Lynee Rienner, pp. 186-202.
7. Corcoran-Nantes Y. *Lost Voices: Central Asian Women Confronting Transition*. London: Zed Books, 2005.
8. Charrad M., *States and Women’s Rights*, 2001:9,
9. Collins K., *Clan Politics and Regime Transition in Central Asia*. Cambridge University Press, Author, 2006.
10. Adams L. *Celebrating independence: arts, institutions, and identity in Uzbekistan*. University of California, Berkeley.1999.
11. Nortop D. “*Hujum: Unveiling Campaigns and Local Responses, Uzbekistan 1927*,” in Donald Raleigh, ed., *Provincial Landscapes: Local Dimensions of Soviet Power, 1917-53* (Univ. of Pittsburgh Press, 2001), 125-45.
12. Massel, *The Surrogate Proletariat: Moslem Women and Revolutionary Strategies in Soviet Central Asia 1919-1929*. Princeton: Princeton University Press, 1974.
13. Northrop D. *Uzbek Women and the Veil*, 78-79.
14. Northrop D. *Subaltern Dialogues: Subversion and Resistance in Soviet Uzbek Family Law*// *Slavic Review* 60, no. 1 (Spring 2001), 115-139.

Аннотация

Мақалада Ресей империясының құрамында болған аймақтардағы 1917 жылғы Қазан революциясынан кейін болған өзгерістер батыстық тарихшыларды аса қызықтырды. Орта Азия мен Қазақстанның мәдени-тарихи кеңістігіне теңдік ұранымен, әлеуметтік өзгерістерді, оның ішінде әйел эмансипациясы, оның қоғамдағы бейнесін түрлендіріп, саяси инженерлік құралға айналдыру мәселесі зерттеушілердің түсінігі бойынша отарлаудың жалғасы ретінде тұжырымдады. Гендерлік саясатты жүргізу арқылы дәстүрлі қоғамды бұзудағы әдістеріне батыстық зерттеушілер баса назарға алған. Мақалада әйел бейнесі арқылы дәстүрлі қоғамдағы ұстанымдарды толығымен жою бағытындағы іс-шараның жүзеге асыру жолдары талданады.

Түйін сөздер: әйел эмансипация, батыс тарихнамасы, кеңестік модернизация, дәстүрлі тұрмыс, феминизм

Summary

Radical transformation of traditional societies on the colonial outskirts of the Russian empire initiated by the Bolsheviks after October 1917 has been in the focus of western researchers. Transferring of theoretical concepts explaining the nature the urgency of female emancipation as well versions of heir practical implementation even under the egalitarian slogans to meet the interests of socially disadvantaged groups in rural areas and lumpens in the urban centers by its essence is interpreted as secondary internal colonial revolution. Western researchers emphasize the aspects of traditional societies radical demolition via gender problems lenses, and that allows them to put forward a preliminary hypothesis, that forced implanting, and then revival (starting from the later period Gorbachev times) in the region of the soviet gender equality policy, was a form of secondary postcolonial internal revolution.

Key words: gender emancipation, western historiography, soviet modernization, traditional society, feminism.

ӘӨЖ 001:1(5)

АХМЕД ХАЗИНИДІҢ «ДИВАНЫ»: ДЕРЕКТІК ТАЛДАУ

Көшенова Ғ.И. – тарих ғылымдарының кандидаты,
Қазақстан тарихы кафедрасының доценті Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

Аннотация

Бұл мақалада ортағасырлық автор Ахмед Хазинидің қолжазбасына талдау жасалып, қарастырылған. «Диван» атты шайх Ахмед Хазинидің қолжазбасы жалғыз нұсқада, Түркияның Кония қаласындағы Мәулана музейінің кітапхана қорында сақталуда.

Диван шайхтың өзге еңбектері сияқты сопылық шығарма болып табылады. Автор еңбекте Жаратушыға деген махаббатты, жалғыз хақиқатты өзінше анықтап көрсетеді. Сонымен қатар қолжазбаны автобиографиялық шығарма деп айтуға болады. Шайх еңбегінде өз өмірі, сол кезең дәстүр т.б. туралы қызықты мағлұматтар береді. Біз шығармадан шайхтың сопылық іліммен ғана шұғылданып қоймай, астрономия, музыка, медицинамен де айналысқанын білеміз. Сондай-ақ көрнекті шайыр болғанына куә боламыз.

Қазіргі уақытта шайх Ахмед Хазинидің бұл қолжазбалары Орталық Азиядағы сопылық ілімді, Йасауиия жолын зерттеудегі басты дереккөздері қатарынан орын алады.

Тірек сөздер: Ахмед Хазини, тариқат, шынайы махаббат, сопылық шығарма, Диван.

Орталық Азия территориясындағы түркі халықтарының арасында ислам дінінің таралуы сан ғасырлардың жемісі болатын. Алғашқы бірнеше ғасырда түркілер ислам дініне жатсынып қарады. Мұндағы сопы-дәруіштер үлкен нәтижеге қол жеткізбесе де, уағыз істерін жүргізуден бас тартпады.

Йасауиия дәстүрінің шайхы – Ахмед Хазинидің қолжазбалары Йасауитану саласы үшін өте құнды еңбектер болып табылады. Дегенмен аталмыш шайхтың еңбектеріне еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қол жеткізіле бастады. Оның басты себептерінің бірі еңбектердің шетелдерде сақталғандығы деуге болады.

Ал йасауитанушы ғалымдардың басым көпшілігі бір ғасырға жуық Ахмед Хазинидің жиырмамыншы ғасырдың басында танытылған «Джавахир ал-абрар» атты еңбегінің желісімен жүріп отырғанын көреміз. Өзге ғалымдар еңбектерінде шайхтың қолжазбаларын қолданбай, жанама зерттеулер арқылы жұмыс жүргізгені байқалады.

Ахмед Хазинидің еңбектерін жан-жақты зерттеу жұмысы ХХІ ғасырдың басынан бастап қолға алына бастады. Зерттеушілердің арасында М.Ф.Көпрүлү, Дж.Окуюджу, М.Кара, Н.Тосун, Д.ДиУис, И.Кунт, Б.М.Бабаджанов, Н.Хасан, С.Рафиддин, М.Акар сияқты т.б. ғалымдарды атап өткен жөн.

Түрік ғалымы И.Кунт Ахмед Хазинидің парсы тілді «Диван» атты еңбегі бойынша ғылыми жұмысын жазды [5]. Ғалымның зерттеуіне қарағанда шайх тек сопылық іліммен шұғылданып қана қоймаған. Оның астрономия, музыка, медицина салаларынан да хабары болғанына және шайыр екеніне куә боламыз.

Отандық зерттеушілердің арасында Қазақстанда Ахмед Хазинидің еңбектеріне арнайы тоқталып, зерттеу жүргізген ғалымдар өте сирек. Мәселен, Д.Т. Кенжетаев Ахмед Хазинидің сопылық іліміндегі философиялық ой-пікірлерінің мәнін ашуға тырысады. Ғалымның Ахмед Хазини туралы зерттеулерінен шайхтың «Джавахир ал-абрар» және «Манба' ал-абхар» атты еңбектерін пайдаланғанын байқаймыз. Алайда, ол өз зерттеулерінде Ахмед Хазинидің өмірінен гөрі, шайхтың еңбегіндегі Йасауиия дәстүріне тоқталады. Сондай-ақ Д.Т.Кенжетаев Ахмед Хазинидің «Джавахир ал-абрар» және «Манба' ал-абхар»

атты еңбектерінің толығымен Орталық Азиядағы сопылық мәдениетке арналғанын мәлімдейді [11, 285 б.]. Ғалым Қ.Р.Қаратышқанова аталмыш еңбектерді сопылық ұғым-түсініктер тарапынан өзінің ғылыми зерттеу жұмысында пайдаланғанын көреміз [12].

Шайх Ахмед Хазинидің Түркияда табылған еңбектерінің бірі – «Диван» деп аталады [13]. Ол шайхтың өзге еңбектері сияқты сопылық шығарма болып табылады. Сопы шайхының аталмыш шығармасы жалғыз нұсқада, Кониядағы Мәулана музейінің кітапханасында (Müzelik Yazma Kitaplar. № 146) сақталған.

Еңбектің тілі – парсыша. Ал оның өлшемдері мынадай: 27,2 x 17,2 см., ішіндегі ал жазудың өлшемдері 20,5 x 11,5 см. жалпы саны 291 парақ, онда наста‘лик қолданылып, әр бет 17 қатардан тұрады. Сондай-ақ әр бетінде бәйіт жазылған.

Жақтаулары және мұқабасы жөндеуден өткен. Жақтаулары тегіс алтын жұлдызды шеппен қоршалған. Үстінде және астында бірер медальдар бар. Ішіне ұлғайтылған жапырақ пен гүл мотиві көмкерілген. Алтын жұлдызды күн бар. Сол жақтауына кең орын қалдырылған; онда медальсыз кішкентай күн бар. Қою қызыл терімен қапталған кітап. Қағазы сарғыш түсті. Парақтың жақтаулары қара түске алтын жұлдызды жүргізген шеппен қоршалған. 1^о парақтың басында әдемі безендірме бар.

Кітаптың 1^а бетінде Ходжаган Диваны Хумайуннан келетін мәдиналық Мұса мырзадан мәдиналық Шазили Ибрахимге беріліп, Ибрахим мырза тарапынан сақталғанына қатысты хижри 1 *мухаррам* 1244/13 шілде 1828 жыл деген үлкен жазу бар. Жазудың астында Ибрахим мөрі басылған. Сол жерде Шам уәлисі 1237/1822 жылы иемденгеніне қатысты қол қойылған, Саййид Хамдам Челебидің (1858 ж. қайтыс болған) иемденгені және Мәулана даргахы вақфының мөрі басылған. Ондағы мәліметтерге қарағанда автор кітапты 1591 жылы тәмамдаған сияқты.

Көшіріп жазған кісі туралы мәлімет 291^а нөмірлі бетте «Ли мусаннифиhi фи сене 999» [13, 291^а п.] деген жазу бар. Бұған қарағанда көшірілген уақыты белгілі ал, көшірген кісінің есімі белгісіз, яғни жазылмаған.

Қолжазба нұсқасының жазылу ерекшелігіне тоқталатын болсақ, еңбекте емле ерекшеліктері кездеседі.

Еңбектің тілі парсы болғанымен ауыр деп айтуға толық негіз бар. И.Кунт зерттеу барысында еңбектен көптеген кемшіліктер табады. Мәселен, парсы тіліндегі «мен», «сен» есімдерінің кейде бірігіп, кейде бөлек жазылғаны, сондай-ақ әріптерді нүктелеуде де кейде қателерге жол беріліп, «син» әріпінің астына кейде үш нүкте түскені, араб сөздерінде қаракаттар қолданылуымен қатар жалпы қаракатсыз да жазылғаны т.б. көрсетіледі [14].

«Диванда» есімі аталған кісілерді алфавиттік қатар бойынша береміз: ‘Абдулхалық Ғиждувани, ‘Абдулла хан, Ахмед Йасауи, ‘Али Мұса Рыза, Әмине, Аристаллис, Асаф, Баха’ ад-дин Нақшбанд, Баязит Бистами, Билқис, Бишр-и Хафи, Бу ‘Али ибн Сина, Джа‘фар Садық, Джа‘фар Таййар, Джалинус, Джамасб, Джалал ад-дин Руми, Джам, Чингиз, Джунайф Бағдади, Дара, Дақийанус, Абу Джахл, Абу-д-Дарда’, Абу Аййуб Ансари, Абу Хурайра, Анвари, Авхади, ‘Ийаз, Фархад, Фарид ад-дин ‘Аттар, Фирдаус, Феридун, Абу Хафс-и Кабир, Халифа-зада Хаққи, Халладж Мансұр, Хатим-и Та’и, Хақани, Хұдайдад, Хызыр Наби, Қожа Са‘д, Хасан ибн Сабит, Хабил, Хулагу, Хұсрау, Ибрахим Адхам, Искандар, Қабыл, Қайс, Қыналы-зада Хасан Челеби, Кисра, Ләйлә, Локман, Махмұт Ғазнауи, Мани, Мәжнүн, Мұрат Ғирай, Намруд, Низам ал-Мулк, Рүстем, Са‘д-и Уаққас, Са‘ди, Садр ад-дин Қонави, Салах ад-дин Заркуб, II-ші Селим хан, Санжар, Сұлтан III-ші Мұрат, Сұлтан Велед, Сүлеймен Ғазнауи, Шақиқ-и Балхи, Шамс ад-дин Табризи, Шайх Сан‘ан, Шайх Сари, Шаддад, Шибли, Шірін, Тайфур, Әмір Темір, ‘Уккаша, Умм Хани, Уайс Қарани, Зүлейха, Зиндафил, Зұлқарнайын.

Еңбекте Сұлтан II-ші Селимге, Сұлтан III-ші Мұратқа мадақтар айтылған. Сонымен бірге Ахмед Хазини осы еңбегінде Хафиз Ширазиға көп сілтемелер жасап, оның атына да мадақтар айтады.

Ахмед Хазини мұнда билеушілер мен шайырларды, сопы шайхтарын өзінің еңбегіне арқау еткенін көреміз. Мұнда назарымызды аудартқан Қыналы-зада Хасан Челеби. Ол Бекташийаның Челеби силсиласындағы Хасан Челеби туралы айтуы мүмкін.

Челебиге қысқаша тоқталып өтсек, Челеби силсиласы бойынша Хасан Челеби деген кісі 1563 жылы туылып, 1607 жылы қайтыс болған [15, 483 б.]. Ғалым И. Кунттың зерттеуіне қарағанда Қыналы-зада Хасан Челебидің (1012/1602 ж. қайтыс болған) сол дәуірдегі мықты, танымал қадыр кісі болған. Мүмкін XVII ғасырдағы саяхатшы Әулие Челеби де осы Бекташийа тариқатының «челеби» қолынан шыққан болар деген ой туындайды. Бұған қоса Әулие Челеби өзін Ахмед Йасауидің Анадолыдағы ұрпағы екендігін жазады. Оның «Саяхатнамасында» көптеген Баба Сұлтан, Пирав Сұлтан, Постниш Баба, Қой Баба т.б. Бекташийа бабаларының қабірін зиярат еткені баяндалады [17, 285-291 б.].

Ахмед Хазини еңбегін қарастыра келгенде, онда 82 діни және фикх, 810 сопылық, 26 дивандық, 24 астрономиялық, 7 медициналық, 12 музыкалық терминдер кездеседі. Сонымен қатар жүзге жақын арабша сөйлемдер мен парсыша мақалдар, хикметтерге орын берілген.

Қолжазбада 1^б пен 274^а парақтардың арасында алфавиттік реттік қатар бойынша жазылған 1102 ғазал (классикалық шығыс назым түрі), 274^б-280^а арасында 3 қасида (бәйіттің қатары ең кемінде он бес қатардан тұратын, барлық бәйіттің екінші қатары ең бастағы қатармен ұйқасып келетін бәйіт түрі. Көбіне мадақтар осы үлгіде жазылады) кездеседі. 280^б-281^б арасында 3 тахмис (бес қатардан тұратын бәйіт), 282^а-284^а арасында 10 бөлік 284^б-290^б арасында 81 руба'и (төрттік) және соңғы парақта 1 мәснауи (әр бәйіт өздігінше ұйқастан жасалады) бар.

Еңбектегі Ахмед Хазинидің өлеңдері XVI ғасырдағы Ирандағы парсы тілінде жазған шайырларға ұқсамайды. Зерттеушілер ол уақытта Иранда парсы тілінде өлең жазған шайырлардың өлеңдері үнді ықпалда жазылғанына тоқталады. Ал Ахмед Хазинидің өлеңдерінде Хафиз Ширази, Мәулана Джалал ад-дин Руми және Фарид ад-дин 'Аттар секілді сопы шайырлардың әсері байқалады. Жаңа әдістерге көңіл аудармастан, еңбектің басым бөлігі ғазалмен жазылған.

Сонымен бірге Мәулананы Хусам ад-дин Челеби, Сұлтан Велед, Салах ад-дин Зеркуб, Шамс ад-дин Табризи, Садр ад-дин Қонави бірге атап өтеді. Мәселен: «Ей Аллаһым, шығысын Тебризге, батысын Конияға нәсіп еткен Шамс пен дастарханға тәтті шаш, Шынымен, 'арифтердің ең сұлуы Молла Джалал ад-динның хақы үшін мәснауиді бастаған Хусам ад-диннің сырларының хақы үшін, Жақсы мінезділердің құтбы Сұлтан Веледтің сұлулығы мен жақсылығының хақы үшін оның Садр ад-дин және Салах ад-дин Зеркуб үшін», – деген өлең жолдары кездеседі.

Мұндағы Мәулана ар-Руми Шамс ад-дин Табризидің мүриді, Хусам ад-диннің мүршиді.

Еңбекте Ахмед Хазинидің өлеңдері мазмұны жағынан мынадай тақырыптарды қамтиды:

1. Сопылық, ғашықтық туралы бәйіттер. Ахмед Хазинидің махаббаты «илахи сүйіспеншілік» екені анық. Йасауи жолында үйренушіге, ең алдымен ғашық болу керек, ал оған ең бірінші адамның шынайы ықыласы қажет. Өйткені Жаратушының сырларын үйрететін сапар, оның дидарын көңіл көзімен көруге апаратын жол өте қиын. Ол үшін адам, ең бірінші өзін, ішкі дүниесін, ішкі сырларын тануына, өзін-өзі тазартуына ден қоюы керек. Сондықтан Йасауи сопылық бауырластығының доктринасында адамдарды әділеттікке, тура жолға шақыру үшін «махаббат» мәселесіне ерекше мән берілген деп ойлаймыз.

2. Діни тақырыпта Аллаға шүкіршілік, мадақтар, Пайғамбарға мадақтар жазылған бәйіттерден құралады. Бұларда аяттар, хадистер, пайғамбарлардың қиссаларына сілтемелер кездеседі. Сондай-ақ Алладан өзіне кешірім сұрап, шапағат тілейді.

3. Түрлі тақырыптар. Табиғаттың түрлі сұлулықтары мен түрлі оқиғалар туралы жазылған.

4. Мадақ бәйіттері. Ахмед Хазини Йасауи тарихатының шайхы болғандықтан, дивандағы тақырыптың көбі ұлы сопыларды мадақтауға арналғаны мәлім.

5. Арыздану тақырыбы Хазинидің барша бәйітінде кездеседі десек те болады. Мұнда сағыныш, өкініш, реніш, бақытсыздық секілді тақырыптары қамтылған.

Еңбекті алғаш А.Гөлпынарлы қарастырғанымен, ғалымның зерттеу жұмысы баспа бетіне шығарылмағандықтан, И.Кунттың Селчук университетінде қорғаған докторлық диссертациясы алғашқы ғылыми жұмыс болып табылады. Алайда бұл еңбекті жоғарыда аталған қос зерттеушіден басқа ғалымдардың қарастырғанын кездестірмедік.

Қорыта келе, еңбекті зерттеу барысында Ахмед Хазинидің бұл еңбегі арқылы оның жаңа кырлары танылады. Шығармада қолданылған сөздерден оның тек қарапайым халықпен ғана қарым-қатынас орнатпағанын, азды-көпті жоғары мәжілістегі шенеуніктермен де байланысы болғаны анық байқалады.

Сонымен XVI ғасырда өмір сүрген Ахмед Хазини өзінің артында қалдырған мұрасы арқылы төл мәдениетімізді, рухани құндылықтарымызды әлемге паш етті. Сондықтан Ахмед Хазинидің өмірі мен шығармашылығын жан-жақты зерттеу отандық зерттеушілеріміз үшін үлкен міндет деп айтқым келеді.

1 Köprülü F.M. *Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar*. – Ankara: Diyanet İşleri Başkanlığı, 1991. – 415 s.

2 Көпрүлү М.Ф. *Қожа Ахмет Ясауи танымы мен тағлымы. Зерттеулер / Баспаға дайындаған: Кенан Коч*. – Шымкент, 1999. – 254 б.

3 Hazîni. *Cevâhiru'l-Ebrâr Min Emvac-ı Bihâr (Yesevi Menâkıbname'si)*. Hazırlayan: Cihan Okuyucu. – Kayseri: Erciyes Üniversitesi Matbaası, 1995. – 220 s.

4 Hazîni. *Menba'u'l-Ebhar Fî Riyâzi'l-Ebrar «İyilerin Bahçelerindeki Suların Kaynağı»*. Hazırlayan: Mehmet Mâhur Tulum. – İstanbul: Pandora Kitabevi, 2009. – 440 s.

5 Kunt İ. *Hazîni ve Dîvânı (İnceleme-Metin)*. Selçuk Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü. Doktora Tezi. – Konya: Selçuk Üniversitesi, 2002. – 785 s.

6 DeWeese D. *Yasavi Ahmad // The Oxford Encyclopedia of the Islamic World / Editor John L. Esposito*. – Oxford: University Press, 2009. – Vol. VI. – P. 15-16.

7 ДуУис Д. *Йасауиһа // Ислам на территории бывшей Российской империи. Энциклопедический словарь*. – М.:

Восточная литература, 2003. – Вып. 4. – С. 35-38.

8 Refiuddin S., Nadirhan H. Hazini'nin «Câmiü'l-Mürşidîn» Adlı Eseri Hakkında // *Tasavvuf İlmî ve Akademik Araştırma Dergisi*. – Ankara, 2005. – Sayı 5 Ocak-Haziran. – S. 159-166.

9 Абусеитова М.Х. Предисловие // *Собрание фетв по обоснованию зикра джахр и сама'* / Сост.: Б.М. Бабаджанов, С.А. Мухаммадаминов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 284 с.

10 Хасан Н. Ахмад Махмуд Хазиний. – Ташкент: Фан, 2001. – 104 б.

11 Кенжетай Д. Хазини – Иасауи мұрагері // *Ислам философиясы*. – Астана: Аударма, 2005. – т. IV. – Б. 285-290.

12 Қаратышқанова Қ.Р. Қожа Ахмед Иассауидің «Диуани хикметіндегі» ұғым-түсініктердің философиялық мәні: филос. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2006. – 32 б.

13 Ахмад ибн Махмуд Хазини. Диван. – Кония. Мәулана музейі кітапханасы (Müzelik Yazma Kitaplar). – № 146. – 291 п.

14 Kunt İ. Sultan Ahmed Hazîni ve Tesellâu'l-Kulûb Adli Eserinde Hz. Mevlânâ ile İlgili ifadeleri // *Yeni İpek Yolu-Konya Kitabı VI*. – Konya, 2003. – S. 161-164.

15 Üçüncü K. Bektaşilik // *Türkler*. – Ankara: Yeni Türkiye Yayınları, 2002. – Cilt VII. – S. 481.

16 Öz B. Bektaşilik Nedir? (Bektaşilik Tarihi). – İstanbul: Der Yayınları, 1997. – 492 s.

Аннотация

В данной статье рассмотрена и проанализирована рукопись средневекового автора Ахмеда Хазини. Рукопись шейха Ахмеда Хазини, «Диван», в единственном экземпляре хранится в библиотечном фонде музея Мевлана в городе Кония в Турции.

Диван является, как и другие рукописи шейха, суфийским произведением, где автор по-своему отражает Единую Истину, любовь к Всевышнему. Рукопись является и своеобразным автобиографическим произведением, в котором автор дает интересную информацию и о своей жизни, того времени, нравах и т.д. Мы узнаем, что шейх Ахмед Хазини занимался не только суфийским учением, также астрономией, музыкой, и медициной. И был замечательным поэтом.

В сегодняшний день эти рукописи шейха Ахмеда Хазини являются одним из основных источников в изучении тариката Йасавийа и суфийских учений в Центральной Азии.

Ключевые слова: Ахмед Хазини, тарикат, истинная любовь, суфийское произведение, Диван.

Summary

This article describes and analyzes the manuscript medieval author Ahmad Khazini. Manuscript Sheikh Ahmed Khazin «Divan», a single copy is kept in the library collection Mevlana Museum in Konya in the town of Turkey.

Sofa is like other manuscripts Sheikh Sufi product, where the author in his own way reflects the One Truth, the love of God. The manuscript is also a kind of autobiographical work in which the author provides information about his life at the time, customs, etc. We learn that Sheikh Ahmed Khazini engaged not only in the Sufi teachings as astronomy, music, and medicine. And there was a remarkable poet.

The date of the manuscript Sheikh Ahmed Khazini are one of the main sources in the study tarikhat Yasaviya and sufism in Central Asia.

Keywords: Ahmed Khazin tarikat, true love, a manuscript of sufi, Divan.

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ

УДК 94 (072)

МАГИСТРАНТТАР ДАЙЫНДАУДА ТАРИХТЫ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЖАҢАША ПАЙЫМДАУ

Жұбаниязов И.Ш. - т.ғ.к., Болашақ университеті

Түйіндеме

Мақалада магистранттарға тарихты оқыту негізінде Кеңес дәуірінде қалған «тап», «таптық қоғам», «таптық күрес» немесе «қоғамдық-экономикалық формация» ұғымдары кездесетіні, зерттеушілер әртүрлі сипаттама беретіні атап көрсетіледі. Әсіресе Лениннің таптарға берген анықтамасын өзгертуді қажет етеді. Сондықтан соңғы кездегі тарихшы зерттеушілердің таптарға жаңаша түсініктеме беріп, Ленин идеясының дәрменсіздігі және мәңгілік идея емес екендігі көрсетілген.

Маркстік-лениндік ілім негізінде қалыптасқан теориялық тұжырымдардың қазіргі жанарған қоғамдық-экономикалық қатынастар жағдайында қаншалықты үйлесімділігін ажырата білу белгілі бір дәрежедегі теориялық-әдістемелік дайындықты қажет етеді. Сондықтан магистранттардың бойында жаңаша түсініктерді қалыптастыратын жаңа ғылыми сипаттағы әдебиеттер арқылы тарихты оқытудағы жаңа көзқарастардың ерекшеліктерін айқындайтындай жағдай туғызу қажет.

Тірек сөздер: қоғамдық-экономикалық формация, таптар, революциялық рөл, теориялық-әдістемелік дайындық, жұмысшы табының тарихи рөлі, таптық қоғам, маркстік-лениндік ілім.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында: «Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет» [1], – деген болатын. Міне, осы қажеттілік тұрғысынан магистранттарға жүйелі білім беру немесе кейбір тақырыптарды тереңдете ұғындыру барысында оларды теориялық тұрғыдан егіздей оқыту әдістемесінің басты бағыты болуы тиіс. Бұл талаптың маңыздылығы көптеген жылдар бойы тарих пәнін оқытуға ықпал етіп келген маркстік-лениндік теориялық тұжырымдарды жаңаша көзқарастар тұрғысынан сараптау негізінде магистранттардың қазіргі күн талабына сай, жаңаша ғылыми ойлау үрдістерін қалыптастырудағы тиімділігінде болмақ. Қазірде бұрын үстем болып келген ғылыми-теориялық ұғымдар мен әдістемелік тұжырымдарға жаңаша көзқарас қалыптастыру, жаңа түсініктер мен жаңа бағыттағы теориялық ұстанымдар ұсыну қажеттігі туындауда.

Магистранттарға теориялық және әдістемелік тұрғыдан терең де тиянақты білім беруде пікірталастық сайыс сабақтарын ұйымдастырудың мәні зор. Айталық, қоғамдық-экономикалық формацияларға байланысты қоғам тарихы маркстік-лениндік ілім негізінде, яғни қоғамдық-экономикалық формация принципі бойынша оқылып келгендігі белгілі. Қоғамның маркстік формация принципі бойынша алғашқы қоғамнан құлиеленушілік, феодалдық, капиталистік және социализм мен коммунизм қоғамдарының дамуы мен ауысуы заңды процестер деп қарастырылған. Егер де магистранттар осы теориялық тұжырымның төңірегінде шектеліп (көзқараста) оқытылатын болса, онда бұл теориялық тұжырым бойынша

қоғамдар дамуының ең соңғы мәңгілік сатысы социализм мен коммунизм болар еді. Сондықтан тарихты оқыту процесінде бұрынғы маркстік-лениндік методологияға сын көзбен оның догмалық сипатта болғандығын қарастыра келе, қазіргі күн талабына сай әдістемелік тұжырымдарға негіздей оқытуды үйрету – басты мақсат. Күнделікті оқу процесінде, ғылыми әдебиеттерде Кеңес кезінен қалған «қоғамдық-экономикалық формация» және тағы да басқа догмалық сипаттағы ұғымдар жиі кездеседі. Ал олар жаңарған қоғамдық-экономикалық қатынастар жағдайында қаншалықты үйлесімді? Міне, осыны оқу процесінде жан-жақты талқылап үйрену қажет. Ол үшін марксизмнің негізін салушылардың методологиясындағы, олар жасаған негізгі принциптік ұғымдарды (мысалы: қоғамдық-экономикалық формация деген тұжырымын) талдау арқылы жаңа заман талабына сай келетін жаңаша түсініктерді қалыптастыру күн тәртібіндегі мәселе. Барлық жайт осыны қалай зерделеуімізге байланысты. Қоғамдық-экономикалық формация туралы тұжырымдарға әр зерттеуші өз бағасын беретіні ақиқат, сонымен қатар сол бағалар тұжырым, пікірлер аясын кеңейтіп, байыта түседі. Бұл тұста назар аударатынымыз – «ғылыми коммунизмнің» негізін салушылардың қоғамдық-экономикалық формация ұғымындағы негізгі принциптері, яғни адамзат қоғамы қандай заңдылықтар арқылы дамитындығын көрсету. Әсіресе «ғылыми коммунизмнің» негізін салушылардың күрделі теориялық тұжырымдарының бірі – қоғамдық-экономикалық формация ұғымы. Бұл теориялық тұжырымды талдау негізінде, «ғылыми коммунизмнің» негізін салушылардың басты кемшілігі саналатын тарихты таптық сипатта танытуды және оның қоғам үшін өте қауіпті дерт екендігін түсіндіру қажет.

Біріншіден, «ғылыми коммунизмнің» негізін салушылар адамзат қоғамының дамуы ең алдымен, экономиканың даму деңгейіне тәуелді деген негізгі тұжырымды қалыптастырған еді. Олар қоғамның қаншалықты күшті екендігі, оның экономикалық деңгейіне, мемлекет құрылысы, әскери күш-қуат, басқару тәртібі мен мәдени даму дәрежесіне тәуелді деп тұжырымдаған. Марксизм бойынша адамзат тарихы ежелгі дүние, орта ғасыр және жаңа заман тарихы деген дәуірлерге бөлінген. Сондықтан К.Маркс әрбір дәуірлердегі қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайын және олардың негізінде қалыптасқан әртүрлі өндіріс тәсілдерін толық сипаттау үшін «қоғамдық-экономикалық формация» деген ұғымды бірінші рет «Саяси экономикаға сын» атты еңбегінің алғысөзінде пайдаланған. Ал «Неміс идеологиясы» атты еңбекте адамзат қоғамы өзінің дамуында антикалық, феодалдық, буржуазиялық прогрессивтік сипаттағы сатылардан өтетіндігін көрсеткен [2, 7]. Сондай-ақ қоғамдық-экономикалық формациялардың өзгеретіндігін, дәйектілікпен алмасып тұратын прогрессивтік сипаттағы әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен байланыстырамын [3,4]. Демек, К.Маркстің пікірінше, феодалдық құрылыс құлиеленушілік құрылыспен салыстырғанда прогрессивті сипатта болады. Осылайша, ол келесі капиталистік құрылыстың социалистік құрылысқа ауысуын да прогресс деп есептеді.

Екіншіден, «ғылыми коммунизмнің» негізін салушылар қоғам тарихының дамуына байланысты жазылған «Философияның қайыршылығы» атты еңбектерде өздерінің пікірін былайша көрсеткен: «...Әртүрлі тарихи кезеңдерге, өндіріс тәсілдеріне, қоғамдық формацияларға жалпы тарихи даму заңдылықтары қолданылады» [4, 288]. Яғни марксизмнің негізін салушылар, қоғам тарихы бірін-бірі ауыстырып және дамып отыратын заңды прогресс деп қарастырған. Мәселен, құлиеленуші қоғамдық формация өзінің даму процесінде феодалдық қоғам формациясына заңды түрде ауысатындығы және т.с.с. Олар өз кезегінде, келесі қоғамдық формациялардың бір-бірімен алмасуы заңды прогресс деп есептеген.

Үшіншіден, «Германдықтарда мемлекеттің қалыптасуы» атты шығармада қоғамдық-экономикалық формациядағы прогрестің басты серіппесі – қоғамдағы өндіргіш күш пен өндірістік қатынастар арасындағы қайшылықтардың шешілу қажеттігін көрсеткен еді. Әрине, «ғылыми коммунизмнің» негізін салушылар формациялардың ауысуы автоматты процесс еместігін және ол өздігінен жүзеге аспайтындығын түсіндірген. Олардың пікірінше, мысалы, құлиеленушілік құрылыстың қойнауында, бірте-бірте феодализм элементтерінің қалыптасуы, бірақ соған қарамастан, феодалдық қоғамға бейбіт жолмен ауысудың мүмкіндігі болмайтындығы көрсетілген. Себебі құлиеленушілік өндіріс тәсілі өтіп бара жатқан, ал феодалдық өндіріс тәсілі әлі де болса толық қалыптаспаған. Сондықтан түбегейлі феодалдық қоғамға өту үшін «...біріншіні екіншісіне ауыстыруға түбірімен революция...» қажет екендігін көрсеткен еді [5, 149].

Қорыта айтқанда, адамзат қоғам тарихын зерттеуде Маркстің формациялық тәсілі тарихқа таптық көзқараспен тығыз байланыста болғандығы, яғни марксизм ілімінде таптық қоғамның қалыптасуынан бастап, оның ең соңғы қоғамдық формациясына дейінгі уақытта тап күресі өзінің шыңына көтеріліп, әлеуметтік революция арқылы, қоғамдық формацияларды түбегейлі жаңартушы күш болатынын көрсету – басты мақсат етілген.

Маркстік-лениндік ілім негізінде қалыптасқан теориялық тұжырымдардың қазіргі жаңарған қоғамдық-экономикалық қатынастар жағдайында қаншалықты үйлесімділігін ажырата білу белгілі бір дәрежедегі

теориялық-әдістемелік дайындықты қажет етеді. Сондықтан магистранттардың бойында жаңаша түсініктерді қалыптастыратын жаңа ғылыми сипаттағы әдебиеттер арқылы тарихты оқытудағы жаңа көзқарастардың ерекшеліктерін бұрынғы теориялық тұжырымдарға жаңаша сипат беретін теориялық ұғымдарды сараптап айқындайтындай жағдай туғызу қажет. Тарих пәнін оқытуда бұрынғы үрдіс бойынша тап ұғымы және оның революциялық рөлі туралы түсінік үстем болып келді. Осы және басқа да бірқатар мәселелерге жаңаша көзқарас Мәскеу университеті шығарған «История древней Греции» атты оқулықта жан-жақты қарастырылған. Егер де Лениннің «Ұлы бастама» атты еңбегіндегі: «Таптар дегеніміз – адамдардың мынадай топтары: қоғамдық шаруашылықтың белгілі бір укладында олардың алатын орындарында белгілі бір айырмашылықтың болуының нәтижесінде олардың бір тобы екіншісінің еңбегін иемденіп кете алады» [6, 15], – деп жасалған қорытынды пікірден туындайтын идея үстемдік етуші таптардың қанауынан құтылу тек революция арқылы мүмкін екендігі туралы ойды аңғару қиын емес. Лениннің бұдан да басқа еңбектерінде де таптардың революциялық рөлі және олардың диктатурасының қажеттігіне үлкен мән берілген. Егер де Маркс пен Энгельстің көптеген теориялық мұраларында «Жұмысшы табының диктатурасы» небары жеті рет қолданылса, яғни Маркс – 4 рет, Энгельс 3 рет пайдаланған. Ал Лениннің шығармаларында жұмысшылар диктатурасы туралы 3000 рет айтылған [7, 45]. Оның теориялық тұжырымдарының басты мақсаты – жұмысшы табын революцияға шақыру арқылы қоғамды түбегейлі өзгерту болып келген. Ал біз жоғарыда атап өткен Мәскеу университеті шығарған оқулықта революцияға шақыратын идеялар жоқ. Себебі жаңа оқулықта бұрынғы таптарға берілген анықтамалардың мазмұны төмендегідей өзгертілді. Мысалы: «Таптар дегеніміз – адамдардың мынадай топтары: олар өздерінің қоғамдық өндірістегі алатын орнына қарай, өндіріс құрал-жабдықтарына қарай, еңбекті қоғамдық жолмен ұйымдастырудағы рөліне қарай, қоғамдық байлықтан олардың алып отырған табыс мөлшеріне қарай...» – деп, түгелдей Лениннің пікірін қайталай келе, тек соңғы Лениннің таптарға берген бесінші анықтама-сының орнына жаңа оқулықта былайша етіп берілген: «Таптар дегеніміз – өзінің менталиттік сипаты мен өмір сүруіне қарай айырылатын топтар» [8, 160], – деп көрсетілген. Яғни бұл соңғы пікірде лениндік революциялық идеялар мен жұмысшы табының тарихи рөлі туралы тұжырымдар өзгертіліп, «...Бір топ екіншісінің еңбегін иемденіп кете алады» [6, 15], – деген Лениннің идеясы жаңаша сипат алған таптық қатынастарға деген осындай жаңаша түсініктер магистранттарға теориялық білім негіздерін беруде үнемі ескеріліп отыру қажет деп білеміз. Ленин идеясының дәрменсіздігі және мәңгілік идея емес екендігін тарихтың өзі дәлелдеп берді.

1. «Егемен Қазақстан». 2 наурыз, 2006 жыл.
2. К. Маркс, Ф. Энгельс. Соч., т.13. – С. 7.
3. Е. Гутнова. Основные проблемы истории средних веков в трудах К. Маркса и Ф. Энгельса. – М., 1986. – С. 4.
4. Маркс К., Энгельс Ф. Соч., т.3. – С. 18-25. Т.20. – С. 288.
5. Маркс К., Энгельс Ф. Соч., т.21. – С. 149.
6. Ленин В.И. Шығармаларының толық жинағы. Т.39. – 15-бет.
7. Мысль. №5. 2014. – 45-бет.
8. История древней Греции. М., 2005. – 160-бет.

Аннотация

В статье на основе преподавания истории магистрантам рассматриваются понятия советского периода, такие как «класс», «классовое общество», «классовая борьба», «общественно-экономическая формация», которым исследователи дают различное описание. В частности, изменений требует определение класса, данное В. И. Лениным. По этой причине исследователи-историки в последнее время дают новое толкование понятию «класс», отмечая несостоятельность и невечность идеи Ленина.

Определение соответствия сформированных на основе марксистско-ленинского учения теоретических заключений современным обновленным общественно-экономическим отношениям требует определенной теоретико-методологической подготовки.

Вследствие этого необходимо создать условия для формирования у магистрантов нового понимания истории, раскрыть особенности новых взглядов на обучение истории с применением литературы нового научного характера.

Ключевые слова: общественно-экономическая формация, классы, революционная роль, теоретико-методологическая подготовка, историческая роль рабочего класса, классовое общество, марксистско-ленинское учение.

Abstract

In the article on the basis of teaching history to Master students there are considered such notions from the time of Soviet period as “class”, “class society”, “class struggle”, “social and economic formation” that are given different interpretation the researchers. In particular, some modification requires the notion “class” defined by Lenin. On this reason modern researchers

and historians give a new interpretation to the notion “class” pointing out a failure of Lenin’s idea. The definition given on the basis of Marxist and Leninist theory requires certain theoretic and methodological preparation.

As a consequence of that it is necessary to create conditions at Master students of a new understanding of history, to develop specific new insights on teaching history with application of literature of new scientific character.

Key words: social and economic formation, classes, revolutionary role, theoretical and methodological training, historical role of working class, class society, Marxist and Leninist theory.

УДК 378

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ КӘСІБИ БАҒДАРЛЫ ШЕТ ТІЛІ: МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ІЗДЕНІСТЕР

Сулейменова О.Я., Турумбаева Р.Р., Шайхова М.А. –
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті

Түйіндеме

Бүгінгі таңда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы басты мақсаттарының бірі ретінде әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену бағыттары адамды жоғары маңызды құндылық деп танып, қоғамның дамуының өзегі болып табылатын болашақ мамандарды кәсіби даярлау сапасын жетілдіруді басты мақсаты болып табылады.

Елімізде шет тілдері оқытудағы инновациялық өзгерістер тарих білімі үшін де маңызды. Себебі, қазіргі заманда тарих ғылымына да пәнаралық байланыстарды дамыту тән деп білеміз. Екінші жағынан, ғылым мен мәдениеттің жаңа танымдық мәселелерін, жаңа теориялық, әдістемелік тұжырымдарды меңгеру қажет екендігі баршаға мәлім.

Мақалада қазіргі кезеңде шет тілдерін жоғары оқуорындарында жеткілікті дәрежеде оқытудың және оқытудың инновациялық әдістерін жетік меңгере отырып қабылдауға жеткізудің айтарлықтай жақсы жетістіктерге жеткізері баяндалады.

Тірек сөздер: кәсіби шет тілі, кәсіби лексика, кәсіби қатынас, кәсіби бағыт, әлеуметтік бағыт, психологиялық күй, зерттеу жұмысы, сөйлеу дағдылары,

Жанарған Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы басты мақсаттарының бірі ретінде әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену бағыттары адамды жоғары маңызды құндылық деп танып, қоғамның дамуының өзегі болып табылатын болашақ мамандарды кәсіби даярлау сапасын жетілдіруді басты бағдар тұтады.

Тілді оқытудағы инновациялық өзгерістер тарих білімі үшін де маңызды. Себебі, қазіргі заманда тарих ғылымына да пәнаралық байланыстарды дамыту тән деп білеміз. Екінші жағынан, ғылым мен мәдениеттің жаңа танымдық мәселелерін, жаңа теориялық, әдістемелік тұжырымдарды меңгеру қажет. Осы мақсатта 2012/2013 оқу жылынан бастап, еліміздің 32 ЖОО-да педагогикалық, инженерлік-техникалық және табиғи-ғылымдық мамандықтары бойынша «үш тұғырлы» білім бағдарламасы іске аса бастағанына бәріміз де куәміз.

Шет тілін кәсіптік бағытта оқытудың ерекшелігі, ол жоспарланған курс нақты кәсіби мағынасы бар мақсаттан және міндеттен құрылуы. Мұнда тиісті оқу әдісі мен тақырыптардың материалдары таңдалып, болашақ кәсіби маманға қажетті қабілеттіліктерді дамыту көзделеді. Кәсіби бағытталған шет тілі екі жағдайда оқытылуы мүмкін. Олар болашақ мамандықтары туралы ешбір хабарсыз болады да, оқытушының көмегіне жүгіне отырып, оқылатын материалды, кәсіби тақырыптарды болашақ мамандығына қажетті лексиканы үйренуді мақсат етіп қояды. Екінші жағдай мамандарды қайта даярлауға байланысты іске асырылады. Бұл кезде кәсіби шет тілін оқыту анағұрлым жеңілдірек, себебі студенттер арнайы берілген тақырыпқа оңай бағытталып, кәсіби лексиканы тез меңгереді. Олар өзіне қажетті кәсіби қарым-қатынас қабілетін біледі де, ең қажеттісіне көңіл бөледі. Демек, шет тілін оқыту екі жағдайда екі түрлі

болып келеді. Шет елдердің методикасында ағылшын тілін оқытудың зерттеу процесі «ағылшын тілінде білім беру» (instructional English) және «жедел ағылшын тілі» (orientational English) деп ажыратылады.

Қай елдің болсын өсіп өркендеуі, әлемдік ортада алдыңғы шептен орын алуы оның ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуына, даму бағытына, қазіргі таңдағы оқытудың дидактикалық жаңа сипаты – жаңа оқыту технологияларын, оқу ақпараттарын ұтымды қолдану, шығармашылық оқыту түрлерін кеңінен пайдалануға байланысты.

Бүгінде білім парадигмасының маңызды мазмұнын кәсіби құзыреттілік құрайды. Ал кәсіби құзыреттілік деп маманның жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педогогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Кәсіби шет тілін оқытудың ерекшелігі, әр кәсіби салада (мысалы тарих, экономика, ғылым, бизнес, медицина) немесе арнайы сабақтарға ғана тиесілі болуы. Осындай жағдайларды ескере отырып, шет тілін оқытқанда әр мамандық ескеріліп отырады. Яғни, таңдалған лексикалық бірліктер, жазбаша мәтіндер барлығы дерлік студенттің болашақ мамандығын ескеріп құралады.

Ағылшын тілі кәсіби шет тілінде басынан бастап оқытылмайды. Себебі кәсіптік білім берудің мақсаты тек кәсіби қарым-қатынасқа бағытталады және кәсіби білім тек ересек адамдар ғана жалғастырып оқитыны жиі кездесетін практика. Кәсіби шет тілін оқыту жағдайлары тек оқу процесінде өзгеріп отыруы мүмкін, себебі оқыту материалдары жанарып отырады.

Кәсіби шет тілін ауызша оқыту барысында кәсіби қарым-қатынастардың сөйлеу үрдісі жүзеге асырылады. Сондықтан, оқу үрдісінде типтік жағдайлар ескерілуі керек. Өйткені олар кәсіби байланыстарға ғана тән болмақ. Олар мотивациялық қажеттіліктерді шет тілдік қарым-қатынас жасауда қолданылады, сондықтан шет тілін кәсіби бағдарламалық түрде оқыту кезінде тек қана эффективті тиімді түрлерді қарастырып қана қоймай, тәжірибе түрінде әртүрлі тілдік оқу, сөйлеу шаралары, рөлдік ойындарды қолданған жөн. Себебі мұндай оқыту тәсілдерін қолдану кәсіби шет тілді ортаның имитациясын арттырады. Сонымен қатар, шет тілдік қарым-қатынас жасауда студенттің мотивациясын жігерлендіреді. Осындай әдістен кейін ғана сөйлеу түрлеріне сөйлеу мәнеріндегі тактикалар қалыптасады. Шет тілі болашақ маманның кәсіби бағыттарын қалыптастыру тәсілі ретінде Н.Д.Гальскова шет тілін кәсіби бағдарлап оқытуда студенттің екі жақты бағытта дамитынын атап өткен, яғни, студент арнайы білімді игерумен қатар шет тілін де жетік меңгере алады деген. Оның ойынша тілдік емес ЖОО-дарда шет тілін оқыту кәсіби және әлеуметтік бағдарда тиімді тәсіл болып табылады. Н.Д.Гальскованың зерттеуі бойынша, шет тілін кәсіби бағдарлап оқытуды жүзеге асыру үшін келесі жағдайларды ескеру қажет: [1,49]

- Шет тілінде сөйлеу әрекетінің нақты мақсаттарын анықтау.
- Сөйлеу әрекетінің әлеуметтік және кәсіби бағдарын.
- Тапсырмаларды орындау барысында студенттердің қанағаттануы.
- Студенттердің тапсырмаларды шешу барысында шығармашылық жағынан қарауды қалыптастыру.
- Қолайлы психологиялық жағдай жасау.

Н.Д. Гальскова мен П.И. Образцовтың зерттеу жұмыстарының бірі шет тілін кәсіби бағдарлап оқытудың теориясы болып табылады, олар тілдік емес ЖОО-дарда шет тілін оқытудың кәсіби бағыттағы ұстанымының іргетасын қалады деп ойлаймыз. Бұл авторлардың тұжырымдамасы бойынша, шет тілін оқытудың мақсаты өз мамандығының аясында білімді жетілдірудің бір тәсілі ретінде қабылдануы қажет. Яғни студентті өз мамандығының бағыты бойынша оқыту: арнайы мәтіндермен жұмыс жасау, сөйлеу дағдысын дамыту үшін арнайы мәтіндерді оқу, мамандығына байланысты сөздік қорын кеңейтіп байыту.

Тілдік емес ЖОО-дарында, соның қатарында тарих мамандықтары үшін де, болашақ мамандарды дайындау барысында тілді кәсіби бағдарлап оқытудың мәселелері көп аспектілі болып сипатталады. Ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде шет тілі жоғарғы кәсіби білім жүйесінде оқыту пәні ретінде көптеген ғалымдармен жан-жақты зерттелген. Атап айтқанда, И.Л. Бим, Н.Н. Гез, И.А. Зимняя авторлары болып табылатын «Жоғары мектеп шет тілі қарым-қатынас құралы ретінде оқытудың мәселелері», «Шет тілін оқытуда коммуникативті дағдыларды қалыптастыру мәселелері» (авторлары В.М. Кузовлев, В.Т. Костомаров, А.А. Леонтьев, Е.И. Пасов), Л.Ш. Гегечгори, Н.И. Гез, М.А. Давыдова, Р.П. Мильруд бірлесіп жазған «Кәсіби бағытты қалыптастыру» еңбектерін бөліп көрсетер едік.

Кәсіби шет тілінің арнайы сипаттамасы бойынша ол тұрақты (absolute) және ауыспалы (variable) болып келеді. [1,24]

Тұрақты (absolute) сипаттама:

- Арнайы пәндерді оқытуда қолданылатын әдістерді пайдалану.
- Лингвистикалық жанрға сүйене отырып, тақырыптық мәтіндермен жұмыс жасау.

Ауыспалы (variable) сипаттама.

- Кәсіби шет тілі әр түрлі арнайы пәндерге әзірленуі мүмкін.

- Оқу жағдаятына байланысты кәсіби бағытталған шет тілі пәнінің әдістемесі жалпы шет тілі пәнінің әдістемесінен өзгеше болып келеді.

- Кәсіби бағытталған шет тілі жоғары оқу орнында оқитын студенттерге арналады.

- Кәсіби бағытталған шет тілі шет тілінен базалық білімі бар студенттерге оқытылады.

Сонымен, кәсіби бағытталған шет тілін оқытудың сипаттамасы:

1) курстың құрылымы мен оқыту мақсатына байланысты оқытылуы, яғни мамандарды дайындауға немесе санатты жоғарылатуға;

2) кәсіби тілді оқыту үшін шет тілінен алған базалық тілді қолдану;

3) курстың нақты кәсіби бағдарға бағытталуы (экономика, қаржы, бизнес, тарих, медицина, маркетинг) әр мамандықтың ерекшелігін ескере отырып, лексикалық біліктіліктерді үйрету;

Қазіргі кезде елімізде «шет тіліне арнайы мақсатта оқытушы» деген мамандық ешбір университетте оқытылмайды. Сондықтан, кәсіптік шет тілі пәнін педагогикалық университеттердің шет тілі мамандығын бітірген немесе филолог мамандары оқытуда. Шет тілін кәсіптік бағытта оқыту өте кең көлемде деп айтуға болады. Себебі оқытушы тек шет тілін оқытып қана қоймай, термин сөздерді де өздігінен жақсылап меңгеруі керек. Бірақ, ол жас мамандардың кез келгенінің қолынан келе бермейді. Сондықтан, кәсіптік шет тілінен сабақ берген оқытушы көп қиыншылыққа тап болып жатады. Осындай мәселелерді бірнеше категорияға бөліп қарастыруға болады:

1) психологиялық қиыншылықтар (жалпы шет тілі пәнінің оқытушысын, кәсіптік шет тілі пәнінің оқытушысын даярлау);

2) концептуалдық қиыншылықтар (кәсіптік мәтіннің мазмұнын түсінбеушілік);

3) лингвистикалық қиыншылықтар (арнайы мақсатқа арналған шет тіліндегі лексиканы студенттердің толық меңгере алмауы);

4) ұйымдастыруда кездесетін қиыншылықтар (оқытудың мақсаты мен міндетіне бағытталған курстық оқыту бағдарламасын жасағанда кездесетін қиыншылықтар)

Шет мемлекеттердің әдіскерлері кәсіби бағытталған шет тілі пәнін оқытуда оқытушыларға келесі ұсыныстарды ұсынады:

- Кәсіп бойынша оқу материалдарын меңгеруге.

- Мамандық тілін меңгеруге.

- Студенттер оқытушының қателерін түзеуге дайын болуы тиіс.

Әрине мұндай қателіктер шет тілінен емес кәсіптік сала жағынан болуы мүмкін. Британдық әдіскерлер жүргізген зерттеулерде шет тілінің оқытушылары кәсіптік пәннің негізін толық білмегендіктен мәтіндерді аударғанда түрлі келеңсіздікке тап болып жататынын дәлелдеген. Шет тілі пәні оқытушысы қандай тәсілді таңдамасын, міндетті түрде берілген кәсіптік бағыттан хабардар болуы тиісті. Оқытушының оқыту әрекетін сәтті етудің бір жолы «топпен оқыту» (team teaching), екі немесе одан да көп мамандықтың оқытушыларының бірігіп жұмыс жасауы. [2,38] Мұндай топтық жұмыс жүргізу жайлы шетелдік және қазақстандық авторлар кейінгі кезде көп сөз етуде. Топтап оқытудың мынандай жақсы жақтарын кездестіруге болады:

- Студент өзінің жетістіктерін академиялық талаптар жағынан бағалап, бұрын түсінбеген немесе жіберіп алған материалдарды қайталайды.

- Студенттер бұрын лекция түрінде жазған тақырыптарын шет тілінде қарым-қатынас жасау арқылы тәжірибе ретінде қайталауға мүмкіншілік алады.

Білім беруді жаңа сапалық сатыға көтеруге серпіліс беріп отырған мемлекеттік құжаттар қабылданғаны белгілі. Әрине, олардың ең бастысы – «Қазақстан-2050» Стратегиясы. Аталмыш Жолдауда Елбасы инновациялық зерттеулерді дамытудың жаңа саясатын, бүкілқазақстандық бірегейлікті халқымыздың тарихи санасының өзегіне айналдыруды жаңа патриотизмнің алғышарты ретінде айрықша атап өтті. Сонымен қатар, «Тарих толқынында» бағдарламасы аясында және де әлемдік білім беру стандартына сәйкес ағылшын тобындағы мамандықтарға «Қазақстан тарихы ағылшын тілінде» атты пәнді оқытуды енгізу қарастырылған.

Қорытындылай келе, шет тілін оқыту барысында кәсіби мамандыққа бағыттау дағдысымен іс-әрекет негізінде өздігінен ізденетін, өздігінен шешім қабылдайтын, нарық заманында өмір сүріп, адал еңбектенетін, бәсекелестікке қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруға септігін тигізеді деп сенеміз.

1. Гальскова Н.Д., Н.И. Гез. Теория обучения иностранным языкам. – М.:Издательский центр „Академия“, 2009.
2. Поляков О.Г. Теоретические и практические аспекты разработки профильно-ориентированных программ по английскому языку // ИЯШ. – 2004. №1. – С.12-16.
3. Бородулина М.К., Карлин А.М., Лурье А.С., Минина Н.М. Обучение иностранному языку как специальности (Немецкий язык). – М.: «Высшая школа», 1975. – С. 5-10.

Аннотация

Профессионально-ориентированное обучение иностранному языку признается в настоящее время приоритетным направлением в обновлении образования.

Роль иностранного языка на неязыковых факультетах вузов, таких, как исторический, экономический, медицинский и др., значительно возрастает в связи с тем, что иноязычное общение в современных условиях становится существенным компонентом будущей профессиональной деятельности специалиста.

В данной статье рассматривается теория и практика профессионально-ориентированного обучения иностранному языку на неязыковых факультетах вузов в процессе его исторического развития, а также раскрывается его сущность и содержание на современном этапе.

В статье описываются такие методы обучения профессиональному иностранному языку, как ролевая игра, погружение в речевую среду путем моделирования различных профессиональных ситуаций, работа в группах и др.

Автор приводит методические рекомендации зарубежных специалистов, которые могут быть с успехом использованы в процессе обучения языку как неродному и иностранному в неязыковых вузах.

Ключевые слова: Профессиональный иностранный язык, профессиональная лексика, профессиональное отношение, профессиональное направление, социальное направление, психологическое состояние, исследовательская работа, навыки говорения, коммуникативные навыки, работа с текстом, ролевые игры.

Summary

This article first defines the importance of LSP as a widely applied approach to second or foreign language teaching and training that addresses immediate and very specific needs of learners who need that language as a tool in their education, training or job. Needs analysis is the underlying “driver” for the development of LSP programs.

Such methods of teaching to professional foreign language as role play, immersion in speech medium in the way of designing of different professional situation work in groups and etc. are describing in this article.

The author leads methodical recommendation of foreign specialists, which may be used with success in the process of learning language as non-authentic and foreign language at non-linguistic high school.

Key words: Professional English, professional lexis, professional attitude, professional direction, social direction, psychological situation, research work, speaking habits, communicative direction, work on the text, role plays.

АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ

УДК 903.2(574) «637»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ ҚОРИНДАҒЫ ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ ТАС ҚҰРАЛДАР КОЛЛЕКЦИЯСЫ (Зерттелуі, деректік мәні)

*Сатыбалдиева М. – Қазақстан Республикасы
мемлекеттік орталық музейі археология орталығының ғылыми қызметкері*

Түйіндеме

Мақалада Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық музейі қорында жинақталған қола дәуірі қоныстарынан табылған тас құралдардың зерттелу жағдайы, дереккөзі ретіндегі мәні қарастырылады.

Зерделенген тас құралдар Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының (жетекшілері Ә.Х. Марғұлан, М.К. Қадырбаев, Ж. Құрманқұлов) Солтүстік Бетпақдаланың Атасу аумағындағы қола дәуірінің Атасу I, Атасу II, (Ақмұстафа), Мыржық сынды қоныстарында ондаған жылдар бойғы ізденістері нәтижесінде табылған құндылықтар. Құралдың сыртқы бетіндегі түрлі белгілер – сызат, опырынды, жарықшақ немесе минерал, т.б. қалдықтар негізінде құралдың нақты қандай іске қолданылғаны жалпы ежелгі қоғам экономикасындағы өндірістік үдерісті пайымдауға мүмкіндік береді.

Музей қорындағы тас құралдар Қарағанды облыстық тарихи өлкетану музейі, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті жанындағы Сарыарқа археологиялық институты музейі қорындағы тас құралдармен салыстыра-салғастыра, ортақ белгілері екішелеп зерделенді. Визуалды және трасологиялық талдау нәтижесі негізінде артефактілердің көпшілігі тау-кен ісінде, металлургия саласында минералдарды өндіру, өңдеу, балқыту-қорытуға дайындау және дайын өнімді өңдеуге қолданылғаны анықталды.

Сонымен, зерделенген тас құралдар қола дәуірі тайпаларының шаруашылығында алдыңғы тас ғасырында іске жаратылған дәстүрлі тас құралдардың қолданыс аясы кеңейіп, тасты өңдеу әдіс-тәсілінің барынша жетілгенін, яғни бұл кезеңде тікелей тау-кен ісі, металлургия өндірісіне маманданған орталық, тұрақты қоныстардың болғандығын аңғартады.

Тірек сөздер: коллекция, ола дәуірі, артефактілер, Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы, қоныс, трасология.

Еңбек құралдары ежелгі тайпалардың шаруашылық-тіршілік қамқаракетінің басты салаларының бірден-бір көрсеткіші болып табылады. Еңбек құралдарының түрі, формасы, сапасы сол қоғамның даму деңгейін аңғартатын басты фактор екендігі сөзсіз. Жалпы адамзат ең алғаш іске жаратқан шикізаттың бірі тас. Археологиялық зерттеулер нәтижесінде мыс кенін игерудің бастапқы сатысында ақ (б.з.д. XXII-XVII ғғ.) Орталық Қазақстан жерін мекендеген тайпалар тастан түрлі еңбек құралдарын жасап тұтынғаны анықталды.

Тастан жасалған еңбек құралдары тарихи дерек ретінде көптеген зерттеушілер назарына іліккені белгілі. Жезқазған геологиялық музейінің негізін қалаушылардың бірі Н.В. Валукинский 1945-1948 жж. Жезқазған аумағындағы кен орындарын барлау-зерттеу барысында ежелгі кеншілер жұртынан тастан жасалған кен уататын шойбалға, құйма қалып, шүмек, тісшелі қалыппен өрнектелген қыш фрагменттері, мыс, күміс және қоладан жасалған бұйымдар, жалпы саны жиырма мыңға жуық түрлі затты жинаған. Осы материалдардың өзі археология ғылымын Жезқазған сынды кенді аумақтың ежелгі кеніштері, мыс

кенін өндіру-мыс балқыту орындары жайлы мәнді деректермен толықтырғаны сөзсіз [1, 1948, 33-39; 2, 1966, 48 бб.].

Тау-кен ісі, металлургия ескерткіштерінің тарихы, тас өңдеу кәсібі және еңбек құралдары жайлы бай мәлімет Орталық Қазақстанның археологиялық ескерткіштерін зерттеу, далалық және сараптамалық жұмыстар нәтижелері қамтылған іргелі ғылыми еңбекте [2, 1966, 428 б.] және Ә.Х. Марғұланның «Ежелгі кеншілердің еңбек құралдары» деген мақаласында [3, 2001, 55-58 бб.] баяндалады.

Ә.Х. Марғұлан «Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана» деген монографиялық еңбегінде Орталық Қазақстанның көпсалалы шаруашылығындағы металлургия мен қыш кәсіпшілігінің маңызын екшеп, тастан жасалған еңбек құралдары, өндірістік қалдықтар көптеп табылған Атасу мыс балқыту кешені, Милқұдық, Сорқұдық, Златоуст, Шортандыбұлақ т.б. қоныстардағы өндірістік шеберханалар, т.б. жайлы нақты археологиялық мәліметтер [4, 163-254 бб.], Атасу I қонысынан табылған үш мыс балқыту пешінің жоба сызбасын, сипаттамасын келтіреді, мәдени қабаттары барынша мәнді Кресто, Милқұдық сынды өндірістік нысандарға тоқталады [4, 234 б.]. Өндірістік нысанның біріншісінде кен өндірілген болса, екіншісінде оны өндеген. Әдетте кеншілердің тұрғын жайларымен қатар тас ошақтары болған, мысалы, Милқұдық қонысы аумағында 15 мысбалқыту пеші болғаны белгілі [4, 237 б.]. Аталмыш еңбекте тау-кен ісінде қолданылатын (шойбалта, кетпен, қайла, балға, сына, т.б.) еңбек құралдары және тікелей металлургиялық процеспен байланысты еңбек құралдары – қалып, тигель сынды заттардың толық сипаттамасы беріледі [4, 247 б.].

Кен ісінің қалыптасуы, дамуы жөнінде мәліметтер Э.Ф. Кузнецованың «Древняя металлургия и гончарство Центрального Казахстана» атты монографиясында талданған. Бұл зерттеуде автор ежелгі шикізат көздері мен құрамы, металл, балқытпа алу әдістерін талдап, байырғы технология сипатын реконструкциялау мәселесіне көңіл бөледі және Орталық Қазақстан аумағынан табылған барлық металл бұйымдардың физика-химиялық сараптамасын келтіреді [5, 32-34 бб; 62 б., 4,5 табл.; 170-179 бб., 2 табл. (қосымша)]. Ғалым сондай-ақ, ежелгі кеншілер мен металлургиягердің Атасу, Мыржық, Шортандыбұлақ, Тағыбайбұлақ, Қарқаралы, Ұлытау, Бұғылы, Кенқазған сынды орталықтарындағы өндіріс орындары – карьер, қоныстардан табылған еңбек құралдарының сипаттамасын, қолданыс орнын, зерттеліп отырған дәуірдің нақты қай кезеңіне тән екендігін көрсетеді.

М.К. Қадырбаев пен Ж.Құрманқұлов Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының 1975-1985 жж. Атасу өзенінің жоғарғы бойында атқарған археологиялық барлау, қазба, ғылыми зерттеу жұмыстары нәтижесінің қорытындысы болып саналатын «Культура древних скотоводов и металлургов Сарыарки» атты монографиялық еңбекте [6, 1992, 247 б.] жалпы мыс балқыту өндірісінде пайдаланылған тастан жасалған еңбек құралдарының толыққанды зерттелмей отырғандығын айтады.

Ежелгі кеншітер жайлы жазылған бірқатар еңбектерде [2, 3, 4] тастан жасалған еңбек құралдарының сипаттамасы, қолданыс орны көрсетіледі, алайда құралдарды хронологиялық жіктеу, яғни қола заманының нақты қай кезеңіне жататыны көрсетілмейді [6, 126 б.].

Соңғы кезде өндірістік іс-әрекеттің техника, технологиялық әдіс-тәсіл, инновация және ежелгі өндіріс түрлерінің даму қарқыны сынды нақты мәселеге ғылыми қызығушылықтың артып отырғаны белгілі. Осы орайда, ежелгі еңбек құралдарына қатысты түрлі мәселелерді қарастырып жүрген бірқатар мамандар (7, Ержанова А.Е., 2011, 256-263 бб.; 8, Плешаков А.А., Ержанова А.Е., 2013, 260-269 бб.; Ержанова А.Е. 2015, 406-413 бб.; 9, Кунгурова Н.Ю., Варфоломеев В.В., 2013, 198-217 бб.; Волков П.В., 2015, 332-334 бб., т.б.) артефактілерді трасологиялық әдісті қолдана отырып зерттеуге мән береді.

Қола дәуірі тұрғындарының еңбек құралдарын топқа, түрге жіктеуде трасологиялық, экспериментальді әдісті қолдану құралдың нақты қандай материал – шикізаттан, қандай әдіспен өңделгенін және тас бетіндегі әркелкі – сызат, ойық, опырынды сынды өзгерістерге қарап оның тозуын, яғни қандай да бір кәсіпте, шаруашылықта қолданғандығын және тікелей нендей әрекетке пайдаланғанын анықтауға, сайып келгенде, ежелгі шаруашылық саласын, технологияны жаңғыртуға жол ашады.

Айтар болсақ, А.Е. Ержанованың мақаласында Атасу (ЦМК КП 27254/1-83), Мыржық (27254/84-86; 88-90; 92-93), Атасу II (Ақмұстафа) (27254/94) қоныстарынан табылған тас құралдардың [7, 281-285 бб.] трасологиялық талдауы берілген.

Музей коллекциясындағы Атасу, Мыржық, Атасу II (Ақмұстафа) қоныстарынан табылған тас құралдарды трасологиялық зерттеу нәтижесінде тасты өңдеуде қолданылған технологиялық әдістер, құралдың қолданыс аясы, уақыты – дәуір, кезеңі нақтыланып, қоныс тұрғындарының өндірістік іс-әрекетінің ерекшеліктері пайымдалды.

Талдысай қонысынан (б.з.д. XV-XIV ғғ.басы) табылған еңбек құралдарын трасологиялық талдауға сүйене отырып мамандар А.А. Плешаков пен А.Е. Ержанова бұл әдіс қола бұйымдарын дайындау, өңдеудің технологиялық сатыларын реконструкциялау – жаңғыртуға мүмкіндік береді деп түйіндейді

[8, 261 б.]. Осы авторлардың пікірінше артефактілерді статистикалық жолмен талдай зерттеу әдісі затты сипаттаумен шектеледі, яғни құралдың нақты ерекшелігін толық көрсетпейді [8, 269 б.]. Трасологиялық әдісті қолдана отырып Кент қонысынан табылған тас құралдарды зерттеген Н.Ю. Кунгурова мен В.В. Варфоломеев қоныс тұрғындары шаруашылығының кейбір тұстарын анықтауға қол жеткізді [9, с. 198-217].

Сонымен материалдарды трасологиялық зерттеу артефактілердің нақты қолданылу орнын анықтауға, еңбек құралдарының ғылыми негізделген типологиясын құруға септігін тигізеді.

Зерделеніп отырған мәселеге қатысты қарастырылған арнайы еңбектерде [2, Марғұлан Ә.Х., Ақышев К.А. және т.б., 1966, 266-268 бб.; 4, Марғұлан Ә.Х., 1979, 163-233 бб.; 2001, 55-59 бб.; Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж., 1992, 125-154 бб.; Кузнецова Э.Ф., Тепловодская Т.М., 1994, 65-72 бб.; 10, Жауымбаев С.У., 2001, 164 б.; 2011, 241-246 бб.; Епимахов А.В., 2010, 36-40 бб.; т.б.] тастан жасалған еңбек құралдарының негізінде металл өндірісінде және оны өңдеу саласында қолданылғанын айтады.

Тасты өңдеу технологиясы, дағды, құрал түрлерінің тұрақтылығы, құралдардың белгілі бір кәсіпке – өндіріске сәйкестеле өңделуі тас құралдарын топтарға бөлуге мүмкіндік береді.

М.К. Кадырбаев пен Ж. Құрманқұловтың монографиясында Атасу ескерткіштерінен табылған барлық тас құралдардың толық сипаттамасы [6, 125-154 бб.] келтірілген. Бұл ғалымдар барынша кең қолданылған тас құралдардың кейбір түрлерін саралай келе құралдарды: 1) кен қатпарының жігін ажырату, қопару, кенді балқытуға дайындау мақсатында қолданылатын; 2) металл өндіру және одан түрлі заттар жасауға қажетті құралдар тобына бөледі. Осы жіктеуге сай бірінші топқа кенді қопару, жару, ұсақтау, үгуге қолданылатын еңбек құралдарына – қайла, сүймен, шойбалға, балта, сына, сап қондырылатын ойығы бар кетпен сынды бірқатар заттар кіреді [6, 127 б.].


Құралдар түрінің екінші тобына кенді тікелей балқыту ісінде қолданылатын және дайын металдан қажетті бұйым жасауға лайықталған тас науа, шүмек, қалып, бұйымды өңдеуге пайдаланылатын текше (келі), тас, қайрақ, кішігірім балта түрлері жатады [6, 145 б.].

Музей қорындағы тас құралдар коллекциясының басым бөлігі Атасу, Мыржық, Атасу II (Ақ-Мұстафа), Тағыбайбұлақ, Жерексай қоныстарындағы археологиялық зерттеулер барысында жиналған деректер.

Музей қорындағы есептік құжаттар, археологиялық зерттеулер есептері, арнайы әдебиеттер негізінде зерделенген, сипаттамасы жазылған артефактілерді талдай келе қола заманында алдыңғы тас ғасырлары кезінде іске жаратылған байырғы еңбек құралдарының қолданыс аясының кеңейгенін, әрі тасты өңдеу техникасының жетілгендігін аңғарамыз. Кен ісі, мыс балқыту өндірісі, жер өңдеу-егіншілік, аңшылық, үй кәсіпшілігінде көбінесе тас құралдар пайдаланылды.

Аталған еңбек құралдарына алеврит, кварцит, порфир, порфирит, диабаз, құмтас т.б. жергілікті шикізат түрлері таңдалған [4,55 б.]. Музей коллекциясындағы қола заманы тас құралдарын саралау, талдау барысында зерделенген артефактілер, біріншіден, Жезқазған аумағында анықталған белгілі тау жыныстарынан, екіншіден, құралдардың қолданыс аясына, атқарылатын жұмыстың сипатына (ауыр, немесе жеңіл) сәйкестігі жіте ескеріле отырып өңделгені анықталды.

Кенді төбелердің жоғарғы қабатын аршу, кенді тас-топырақтан тазартуға сүймен, қайла (ЦМК КП 27254/37, 38, сурет, 1,2) сынды құралдар қолданылды. Қайла сүйір немесе жұмыр конус түрінде болып келеді, алайда бүйірі сап байлауға лайықтала ойысталған түрі де кездеседі.



Сурет. 1, 2 Балта-қайла

Ә.Х. Марғұлан ежелгі кеншілердің ең негізгі құралы шойбалтаға кварцит, порфирит шомбалдары пайдаланылды, әрі тау жынысын, кен жігін жаруға қомақты, аса ауыр, салмағы 30 килограмм, тіпті, одан да

жоғары осы құрал ғана оңтайлы деп санайды (4, 56 б). Формасы әркелкі болып келетін шойбалтаның, қолданыс аясы кең деуге болады. Бұл құралдың тұрпайылау, әрі ауыр түрлерімен қатар забойда кенді сұрыптауға, бос жыныстар бөліктерінен тазартуға лайықталған жеңіл, ыңғайлысы көптеп ұшырасады (НВФ 5557/6, 7; 3, 4-сурет). Зерделеніп отырған музей коллекциясындағы – Атасу II (Акмұстафа) қонысынан табылған жеңіл де оңтайлы құрал (ЦМК КП 27254/94; 5-сурет) осы соңғы типке сәйкес келеді.




3,4, 5-сурет. Соққы құралдары

Кен уатуға пайдаланылатын соққы тегеуріні жоғары құралдың енді бір түрі – балға. Тас құралдардың өзге түріне карағанда формасы әркелкі балғалар барынша мүжіят өңделген. Бұл қару формасы және салмағына қарай үш типке бөлінеді. Археологтар М.К. Қадырбаев пен Ж. Құрманқұлов бірінші топқа тік бұрышты немесе цилиндр пішінді, қимасы дөңгелек, қырлары дөңгелектенген, салмағы 5-8 кг. Шамасындағы балға түрлерін жатқызады. Әдетте балғаның жоғарғы бөлігінде 2-3 көлденең ойма жолақ байқалады, артқы беті сап бекітуге лайық тегіс болады (ЦМК НВФ 5557/1; 6-сурет). Коллекциядағы балғаның (ЦМК КП 26246/7; 7-сурет) бірінде көлденең оймамен қатар шүйде тұсынан түскен тік ойма жолақ байқалады.



6,7- сурет. Балға түрлері

Музей коллекциясындағы пішіні тұрпайылау балғалар бірінші типке сәйкес. Бұл құралдың жұмысқа лайықталған төменгі бөлігі сәл сүйірлене дөңгелектенген. Бұндай құралдың (ЦМК КП 20249/8; 8-сурет; ЦМК КП 27254/31; 9-сурет) төменгі дөңгелектеу, сопақтау тұсының соққысы өңделетін материалдың шағын бір бөлігіне ғана бағытталады.



8, 9,10- сурет Бірінші типке сәйкес балға түрлері


Екінші типке – цилиндр, сопақша, ортасы сапты бекітуге лайықталған ойысты дөңгелек, көлемі орташа балғаларды жатқызамыз. Мыржық қонысындағы қазбадан табылған ұзындығы 14,7 см, жұмыс бөлігінің ені 10,7 см, қалыңдығы 4,9 см (ЦМК КП 26246/3; 10-сурет) құрал осы бірінші типтің көрсеткіші деуге болады.

Үшінші типке – кішігірім, жеңіл, ұзынша, цилиндр, сопақтау және бүйірлі балға түрі жатады. Аталмыш типке Мыржық қонысындағы 1984 ж. қазба барында табылған сопақша, бір шеті үшкіл, дөңгелектеу, үшбұрышталған түрлі металл бұйымдарды өңдеуге лайықталған балғалар топтамасы (ЦМК КП 27320/1а,б,в, 11-13 сурет) сәйкес келеді.




11-13-сурет. Балғалар

Кенді, шлакты текше-келіде, төсте үгуге және қола бұйымдарды өңдеуге арналған құралдың негізгі түрі келсап. Музей коллекциясындағы келсаптың көпшілігі Атасу қонысынан табылған артефактілер. Келсаптар тікбұрышты, дөңгелек, конус тәрізді болып келеді (ұзындығы 10-13,5 см, ені 6-8 см) төменгі шеті дөңгелектенген (ЦМК КП27254/61,71;14,15-сурет). Келсаптарды формасына, қолдану орнына қарай жіктеуге болады: 1) сабы цилиндр тәрізді, төменгі – жұмыс бөлігі енді, тікбұрышталған және қимасы дөңгелектеу шомбал тастан пішінделген құралдар; 2 тип бойынша – саптың жоғарғы бөлігі сопақтала бөлініп айқындалады немесе саңырауқұлақ тәрізді (ЦМК КП 27254/62; 16-сурет) болып келеді.



14, 15, 16-сурет. Келсап түрлері.


Қолданыс аясына қарай келсаптармен қатар қолданылатын құралдың бірі келі немесе текшетас (бұдан ары қарай текшетас). Текшетас формасы дөңгелек, сопақтау, тікбұрышты болып келеді. Коллекциядағы текшетастың көпшілігі фрагменттер. Мысалы, ұзындығы 22,7 см, ені 19 см, қалыңдығы 7см тікбұрышты текшенің минералды үгуге қолданылған екі бетінің де орта тұсы дөңгелектене ойысқан, сыртқы бетінің әр жері опырылған, сырылған (НВФ 5557/42; 17-сурет). Тозу белгілері бірден байқалады деуге болады.



17-сурет. Текшетас.

Шаруашылықтың әр саласында жиі қолданылған құралдың бірі кетпен. Кетпен көбінесе топырақты қопсытуға, кенді тас, топырақ, қиыршық, құм қабатынан тазартуға қолданылды. Ежелгі шаруашылық түрін қалпына келтіру – реконструкциялаумен байланысты мәселені зерттеуші ғалымдардың бірқатары [12, Кривцова-Гракова О.А., 1948, 13, Зданович Г.Б., 1989, 1995] кетпен негізінде жер өңдеуге қолданылған еңбек құралы деген пікірді алға тартады. Алайда, ежелгі кеншілердің қоныстарындағы қазба, зерттеу жұмыстары барысында табылған үлгілерді трасологиялық зерттеу бұл құралдың тау-кен ісінде пайдаланылғанын аңғартады (7, 281-285; 8, 260-269 бб., 11, 2015, 416-413 бб.).

Музей коллекциясындағы кетпендердің (ұзындығы 8-18 см, ені 6-8 см, қалыңдығы 1,5-5 см). Формалары жағынан әркелкі: сопақша, үшбұрышталған, трапецияға жақындау. Төменде суреті көрсетілген Мыржық қонысынан табылған кетпен (ЦМК КП 26246/2; 18-сурет) ұзындығы 10,5 см, жоғарғы бөлігінің ені 7,2см, жұмысқа қолданылатын тұсының ені 8,3см, қалыңдығы 3,3см, формасы трапецияға келтірілген, шүйде тұсы дөңгелектенген, екі қырына иінді ойма түсірілген, тікелей жұмысқа бағытталатын тұсы үшкілденген.



18- сурет. Кетпен

Орталық Қазақстанның қола дәуірінің ірі тау-кен, металлургия орталықтарының бірі Қарқаралы өңірі. Баянауыл ауданы Тағыбайбұлақтың солтүстік аңғары, Әуле Қызылтау тау жоталарының солтүстік-шығыс беткейі Жосалы ауылынан 23 км, байырғы Тайшық қыстауынан 1 км тұстағы Тағыбайбұлақ қонысындағы (қонысты 1974 ж. М.К. Қадырбаев зерттеген) №1 тұрғын жайдың мәдени қабатынан 23 кетпен, 5 кен уатқыш құрал, тигель сынықтары, сыналар, т.б. артефактілер табылғаны белгілі [4, 225-233]. Музей коллекциясында осы қоныстан табылған 5 кетпен (ЦМК КП 26982/11-15; 19-23-суреттер) бар. Формасы, өңделу техникасы бойынша Тағыбайбұлақтан табылған кетпендер Орталық, Шығыс Қазақстанның қоныстары мен кеніштер аумағынан табылған кетпендермен бірдей деуге болады, өйткені құралдар стандартты, шүйдесі дөңгелектенген, тікелей соққы беретін тұсы жарықшақтала өңделген, екі бүйірі оймалы болып келеді.



19-23 сурет. Кетпендер

Жалпы коллекциядағы тастан жасалған еңбек құралдары кен өндіру, сұрыптау, минералдарды үту, кенді балқытуға дайындау және металдан, саз балшықтан жасалған түрлі заттарды өңдеуге, ал кішігірім келсаптар, тегістеуіш, жылтыратқыш, қайрақ, т.б. құралдардың сыртқы бетін тегістеу, жылтырату, балта, кетпеннің жүзін өткірлеуге лайықталған.

Сонымен зерделеніп отырған коллекциядағы құралдар салыстыру-салғастыру, трасалогия сынды әдістермен талданды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей құралдар жергілікті шикізаттан жасалғаны анықталды. Тасты қажетті құрал формасына келтіру үшін жару, жарықшақтау, опыру, қырнау, тегістеу техникасы қолданылды.

Атасу, Мыржық, Ақмұстафа қоныстарынан табылған артефактілер б.з.д. XV-XIII ғғ. Тағыбайбұлақ қонысы №1 тұрғын жай материалдары б.з.д. XII-X ғғ. қолданыста болған деректер.

Қорытындылай келе, Орталық Қазақстан аумағында қола заманында кен ісі, металлургия өндірісі дамып, тұрмысқа металдан жасалған құралдар дендеп енгенімен де өндірістің жаңа, барынша қуатты түрі тасты өңдеу, іске жарату деңгейінің жандануына игі ықпал етті деуге болады.

1. Валужинский Н.В. Древнее производство меди в районе Джезказгана // Известия АН Каз ССР. Серия археология. – 1948. – Вып.1. – С. 33-39.

2. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1966. – 436 с.
3. Маргулан А.Х. Орудия труда древних горняков. – С.55 // Маргулан А.Х. Сочинения: В 14 т. Т. 2. Сарыарка. Горное дело и металлургия в эпоху бронзы. Джебказган – древний и средневековый металлургический центр (городище Милькудук) / Д. А. Маргулан, Д. Маргулан. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 144 с. + вкл. 40с.
4. Маргулан А.Х. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1979. – 379 с. с ил.
5. Кузнецова Э.Ф., Тепловодская Т. М. Древняя металлургия и гончарство Центрального Казахстана. – Алматы: Гылым, 1994. – 207 с.
6. Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж. Культура древних скотоводов и металлургов СарыАрки (по материалам Северной Бетпак-Далы). – Алма-Ата: Гылым, 1992. – 181 с.
7. Ержанова А.Е. Атасу қонысынан табылған тас құралдары мен бұйымдары (трасологиялық талдау нәтижелері) // Археология Казахстана в эпоху независимости: итоги, перспективы... 2011, 256-263бб.; Ержанова А.Е. Орталық Қазақстан аймағындағы қола дәуіріндегі металлургия қоныстары мен тас құралдары //Ежелгі Торғай Ұлы дала төсіндегі асыл алқа. Древний Тургай и Великая Степь: часть и целое Ancient Turqay and the Great Steppes: part and whole. Виктор Николаевич Логвиннің 70 жылдық мерейтойына арналған ғылыми мақалалар жинағы. – Қостанай – Алматы. – 406 – 413 бб.
8. Плеваков А.А., Ержанова А.Е. О каменных орудиях поселения Талдысай (по результатам трасологического анализа) // Бегазы-дандыбаевская культура Степной Евразии. Сборник научных статей, посвященный 65- летию Ж.Курманкулова – Алматы, 2013. – С. 260-269.
9. Кунгурова Н.Ю., Варфоломеев В.В. Орудия и изделия из камня поселения Кент (по результатам трасологического анализа) // Бегазы-дандыбаевская культура...2013. – С.198-216; Волков П.В. Следы коллекционирования в трасологии //Ежелгі Торғай Ұлы дала төсіндегі асыл алқа. Древний Тургай и Великая Степь: – С. 332-334.
10. Жауымбаев С.У. Древнее горное дело Центрального Казахстана // Археология Казахстана в эпоху независимости: итоги, перспективы... 2011. – С. 241-246.
11. Епимахов А.В. О синташтинском земледелии (бронзовый век Южного Урала) //Вестник археологии, антропологии и этнографии. 2010. – № 2 (13). – С. 36-41.
12. Кривцова-Гракова О.А. Алексеевское поселение и могилник // Труды ГИМ. – 1948. – Вып.7. – С. 57-164.
Әр көшпенді адам бала кезінен оюлардың бейнелемесін біліп, олардың жасырын мағынасын түсіне алатын. Өкінішке орай, бүгінгі заманда Қазақстанда ұлттық ою-өрнектерін жасалу құпияларын білетін ұсталар қалмады, қазақ колөнерін сақтау мәселесі ең өзектілердің бірі болып саналады, өнер мұрасының бай дағдылары жоғалтылады. Мысалы кілем тігу ісінде баяғыда қолданылған екі жүз ою-өрнектерінің ішінен тек қана елу түрлері пайдаланылады.

Сондықтан да қазіргі жағдайда қазақ халқының көркем мұрасын қайта жандану, сақтау, зерттеу және насихаттау мемлекетіміздің басты мәселелердің бірі болып қалады.

Тірек сөздер: қазақ халқы, ұлт, ұлттық киімдер, көркем өнер, өрнек, қазақ колөнері

Summary

This article attempts to disclosure of the semantic content of the Kazakh patterns and ornaments and their application in national dress. National ornament represents one of the most striking sections of art of the Kazakh people, it was an integral part of his spiritual life. It is closely associated with the life was the people, with its rites and customs, developed on the basis of continuity of generations, preservation and development of the best of traditional and artistic forms. Its origins go back to ancient times. Any nomad knew from childhood ornament and symbolism can decipher its meaning. Today, unfortunately, Kazakhstan almost no masters, knowledgeable and possessing the secrets of the ancient national ornaments, the problem of preservation of the Kazakh folklore is very serious, rich traditions and skills used in the decorative and ornamental art - lost. For example, today in the carpet weaving is only 50 patterns - patterns of the 200-m used previously. Therefore, one of the most important problems of our country in modern conditions is still the revival, preservation, study and promotion of the artistic heritage of the Kazakh people.

Keywords: Kazakh national ornament, artistic creativity, semantics, costumes, jewelry, research, promotion, cultural heritage of the Kazakh people.

УДК 903.2(574) «637»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙДІҢ АРХЕОЛОГИЯ ҚОРЫНДАҒЫ ҚОЛА ДӘУІРІ КОЛЛЕКЦИЯЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Айтқұл Х.А. – ҚР Мемлекеттік Орталық музей қызметкері,
Алматы, ҚР MOM археология орталығының жетекшісі

Түйіндеме

Аталмыш мақалада Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейдің археология қорындағы қола дәуірі коллекциясының қалыптасу тарихы баяндалады. Осы мақаланы дайындау барысында Солтүстік Қазақстан музей бірлестігі мен ҚР MOM-ның есепке алу бөлімі мұрағатының есепке алу және мұрағат құжаттары пайдаланылды. Сонымен қатар еуразиялық даланың қола дәуірі мәселелерімен айналысатын археолог ғалымдардың да еңбектері қарастырылды. Мақалада Орталық және Шығыс Қазақстанның археологиялық экспедицияларын әр жылдары басқарған атақты ғалым-зерттеушілер Ә.Х. Марғұлан, Ә.М. Оразбаев, М.Қ. Қадырбаев, Ж.Қ. Құрманқұловтар жүргізген қазба жұмыстарында ҚР MOM-ның қатысуымен қатар аталған өңірлердің ескерткіштерін зерттеуде өз үлесін қосқаны жөнінде де деректер берілген.

Тірек сөздер: коллекция, қола дәуірі, артефактілер, Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы, қоныс, қорым.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің қорларында Қазақстанның ежелгі уақыттан бергі тарихы туралы ақпарат сақтаған археологиялық коллекциялар жинақталған. Қазақстанның ежелгі тарихын баяндау кезінде заттай дереккөздер – археологиялық ескерткіштер негізгі мәнге ие болады. Олар кейбір кезеңдер үшін сақталған жалғыз дереккөз де болып табылады.

1946 ж. Қазақ КСР Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институты Ә.Х. Марғұланның жетекшілігімен Орталық Қазақстан ескерткіштерін жүйелі және жан-жақты зерттеудің негізін салған Орталық Қазақстан экспедициясы ұйымдастырылды. Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясын әр жылдары Қазақстан археологиясының көрнекті ғалымдары Ә.Х. Марғұлан, М.К. Қадырбаев, Ж.К. Құрманқұлов басшылық етті. Кең ауқымды археологиялық барлаулар және қазба жұмыстары барысында Орталық Қазақстанда аумағында көптеген қоныстар мен қорымдар анықталып зерттелді. Араларында ерте (нұра) кезеңінің мынадай қоныстары, қорымдары және құрбан шалатын оғрындары бар: Ақшатау, Бұғылы I, Байбала I, Қомағал, Қанаттас; Атасулық: Айшырақ, Саңғыру II, Былқылдақ I, II, III; Шерубай-Нұра, Қарабие; дандыбай-беғазылық: Ақсу-Аюлы II, Ортау II, Беғазы; Атасу қонысы, Мыржық, Бұғылы II, Ұлытау.

1950 жылдары Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының құрамында үш топ болды. А.М. Оразбаев басқарған бірінші топ Ботақара, Қанаттас, Елпібек, Егіз Қойтас, Жамбай-Қарасу, Басбалдақ, Алтынсу, Жанайдар және Беласар сынды андрон қорымдарын зерттеумен айналысты, Ә.Х. Марғұлан жетекшілік еткен екінші топ кейінгі қола дәуірі мен қоладан ерте темір дәуіріне өтпелі кезең ескерткіштерін зерттеді, М.Қ. Қадырбаев басшылық еткен үшінші топ Санғұр II қорымын зерттеді. Сондай-ақ әр жылдары экспедициялар жұмыстарына Л.Р. Қызласов (1948), К.А. Ақышев (1951-1952), Г.И. Пацевич, А.Г. Максимова, Т.Н. Сенигова, Г.В. Кушаев, Х.А. Алпыспаев сынды ғалымдар қатысты.

1955 ж. Ә.Х. Марғұланның жетекшілігімен Атасу I қонысының алғашқы қазба жұмыстары жүргізіліп, одан шеберхана орны анықталды (Л1 тұрағын-жай орны). Қазба жұмыстарының материалдары «Горное дело в Центральном Казахстане в древние и средние века» атты мақалада жарияланды. Ә.Х. Марғұлан мұнда түрлі-түсті және қара металдарының барлық белгілі зерттемелерінің сипаттамасын береді. Сондай-ақ бұл мақалада кең көлемде Орталық Қазақстанның металлургиясы туралы геологиялық және археологиялық зерттеулердің нәтижелері беріледі [1, 3-30 бб.].

Алғашқы қазбалардан соң, 20 жыл өткеннен кейін 1975 жылы М.К. Қадырбаев басқарған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы Атасу қонысындағы жұмысты қайта қолға археологиялық қазба жұмыстарын қайта жалғастырды. Атасулық археологиялық ескерткіштер тобына мынадай үш қонысты жатқызуға болады: Атасу I, Атасу II (Ақ Мұстафа) мен Мыржық, сондай-ақ қорымдардың тұтастай тобы (Саңғыру I- III, Атасу I-III, Ақ Мұстафа, Мыржық және тау-кен өндірісі (Сарыбұлақ, Дарат, Босаға, Оғызтау, Кенказған) [2].

ҚР МОМ қорына түскен Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының алғашқы материалдарының бірі 1946-49 жж. Атасу I, Атасу II және Бұғылы I, II қоныстарынан қазып алынған және 1957 ж. Ә.Х. Марғұлан тапсырған артефактілер болып табылады. Бұл коллекция қыш ыдыстардың (КП 6112, КП 6237) фрагменттер түрінде болып келеді. Сонымен бірге Орталық Қазақстан ескерткіштерінің хронологиясын анықтау үшін 1947 ж. Бегазы 4 [3] кіші тақталы кесенесі, 1948 ж. Л.Р. Кызласовтың қатысуымен 2 және 3 [4] тақталы кесенелер ашылды, 1949 ж. Ақшатау тауларындағы және Шерубай-Нұра өзендерінің сағасындағы Соқыр өзені алқабындағы қола дәуірі ескерткіштерінің ерте (нұра дәуірі) тобы зерттелді. Жиналған материал қыш ыдыстар мен тас еңбек құралдарының фрагменттерінен тұрады (КП 6002, КП 6006, КП 6104, КП 6204, КП 5985, КП 5987). Қола дәуірі коллекциясына 1951-52 жж. Бұғылы I мен Былқылдақ I және II қорымдары мен қоныстарының қазба материалдары енген, ескерткіштер Шерубай-Нұра өзені алқабынан 6-7 км батысқа қарай және Бұғылы тауының етегіндегі Жарық станциясынан солтүстік-шығысқа қарай 40 км қашықтықта орналасқан (КП 16009, КП 16010, КП 16012, КП 16016 Акт №152, 23.11.1979 ж.) [5, 75-77 бб.]. Былқылдақ I археологиялық кешені Қарағанды аумағындағы Ақсуаюлы елдімекенінен солтүстік-шығысқа қарай 35 км тұстағы Талды-Нұра өзенінің жоғарғы жағындағы Былқылдақ өзенінің сол жағалауында орналасқан. Былқылдақ қорымының коллекциясы мынадай әшекейлерден тұрады: 14-ші қоршаудан табылған жыртқыш аңның азу тісі түріндегі тұмарлар, қола моншақтар, Былқылдақ II қорымынан түбінде свастика белгісі бар 3 қыш ыдыс (КП 20253/5 Акт №390, 18.10.1985 ж.) табылды (сур.1) [6, 5-7 бб.]. Осыған ұқсас свастика белгісін СҚОМ (Солтүстік Қазақстан облыстық музейлер бірлестігі) археология қорынан да кездеседі, Солтүстік Қазақстан облысы, Петровка ауылындағы ғибадатха орынынан табылған қыш ыдыстың (тұрқының дөңес тұсында) бөлігінен де ұшырастыруға болады (СКОМ оф 1841/51-59) [7, 10-12 бб.].



Сурет. 1. Қыш ыдыс. Былқылдақ II қорымы

1973-1976 жж. бастап Қарағанды мемлекеттік университетінің археологиялық экспедициясы Г.Б. Здановичтің жетекшілігімен ауқымды қазба жұмыстары атқарылды, ал 1977 жылдан бастап экспедицияға В.В. Евдокимов басшылық жасады. Қарағанды археологтарының ұжымы (В.В. Варфоломеев, В.В. Евдокимов, С.У Жауымбаев, К.М. Қарабаспақова, И.А. Кукушкин, В.Г. Ломан, В.А. Новоженев, И.В. Рудковский, А.А. Ткачев, Э.Р. Усманова, А.Ю. Чиндин, М.В. Беделбаева, И.Н. Швец) негізінен қола дәуірі тұрғындарының өзекті мәселелерін анықтау мен айналысты. Сондай-ақ археологиялық қазба жұмыстары барысында Қарағаш қорымында ерте қола дәуірінің жерлеу орны, Сатан қорымында күйме арбасы бар жерлеу орны анықталды. Андрондық қорымдар – Қопа, Нүркен, Әкімбек, Тәшік, Бозінген, Алпымса, Нұртай, Майтан, Лисаковский сынды ескерткіштер зерттелді. Қопа I, Әкімбек, Домалақтас, Лисаковское, Тәшік, Майоровка, Энтузиаст қоныстарында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Кейінгі қола дәуірін зерттеу тобы Еңбек-Сүйгіш, Донгал, Дермен, Самара, Шойындықөл, Қарағаш, Тасырбай [8] қорымдарына қазба жұмыстарын жүргізді.

1985 ж. Мемлекеттік орталық музейдің жаңа ғимаратқа көшіп келуіне байланысты ҚазКСР Мәдениет министрлігінің 04.05.1985 ж. №142 бұйрығы негізінде жаңа экспозиция құру үшін Қарағанды университетінің археология және этнология музейінің қызметкері Э.Р. Усманова Атасу қонысының материалдарын тапсырады. Бұл коллекцияны қыш ыдыстар, қола әшекейлері, жебе ұштары мен еңбек құралдары құрайды (КП 20238/1,2 Акт №384, 18.10.1985 ж.) [9, 21-22 бб.], (КП 20245/1-2, КП 20246, КП 20247, КП 20249 Акт №386-391, 18.10.1985 ж.) [10, 8-17 бб.]. Мәселен мынадай еңбек құралдары: ірі қара малдың жауырын сүйегінен жасалған Г тәрізді түткіш, қолданыстық бөлігінің тесігі бар КП 20249/2, сур.2; пішіні сопақтау соққылы бөлігі жайпақ келсап, КП 20249/9; ұзын конус пішінді тас кетпен, қолданыстық бөлігі үшкір КП 20249/11; көгілдір және ақ түсті пасталық моншақтар түріндегі әшекейлер, КП 20239; жапырақ пішінді жиектері бедерлі қола әшекейлер, КП 20248/1-3.



Сурет. 2. Түткіш. Тас кетпен. Атасу қонысы

1996 ж. Ә.М. Оразбаев Жанажұрт ауылынан 10 км және Байбала елді мекенінен оңтүстік-батысқа қарай 14 км жердегі ескі Айнакөл қыстауы жанында, Талды-Нұра өзенінің сол жағалауы алқабында орналасқан Шортандыбұлақ қорымы жәдігерлерін тапсырды. Елдімекен екінші алқаптық террасада орналасқан. Бұл ауданда көбіне Қызылтау төңірегінде және Талды-Нұра және оның сағалары алқаптарында үлкен шоғырлы тобымен орналасқан қола дәуірі ескерткіштерінің көп мөлшері шектеліп қамтылған. Қорымның материалдары кесілген сүйек бұйымдарының сирек үлгілері түрінде келеді, бұлар биік ұштары бар миниатюралы үшбұрыштар қатарлары түріндегі кесіктермен өрнектелген, иілген, үшбұрыш пішінді қаптамалардың сынықтары, ортасындағы солярлық шеңбері сол мәнерлердің оймасымен өрнектелген (КП 26072/1, Акт №42, 28.05.1999 ж.) [11, 143-145 бб.]; сүйек саптың бір бөлігі, бір жағы жайпақ, екінші жағы дөңес (КП 26072/3); бірі ұзын, бірі қысқа екі ұшы үшкір сүйек циркуль, дөңгелек табаны және кигізуге арналған сопақ тесігі бар, миниатюралық үшбұрыштардың екі қатарынан тұратын ойма-лармен өрнектелген КП 26072/2).

Ә.Х. Марғұланның пікірінше, бұл қалып ретіндегі циркуль нақыш түсіруге және нысанды өлшеуге қолданылған [12, 276 б.]. Сондай-ақ 2010 ж. Ә.Х. Марғұланның қызы Д.А. Марғұланы Шортандыбұлақ, Бұғылы I қоныстарынан табылған материалдарды музейге сыйға берді. Олардың ішінде қоладан жасалған доға тілімшесі бар дөңгелек пішінді дөңес қалпақшалы қаптама; жебенің ұшы қос қалақты төлкелі; екі қыры дөңгелек жүзік; ұшы жайпақ төрт қырлы шаншыма және үзбе сынды артефактілер Бұғылы I қонысынан табылған. (КП 27287\1-5 Акт № 57, 05.10.2009 ж.) [13, 42 б.].

1997 ж. Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының жетекшісі Ж.К. Құрманқұлов 1975, 1976, 1978, 1979, 1980, 1981, 1983 жж. Орталық Қазақстанның Мыржық, Ақмұстафа, Атасу, Бұғылы I, Нұрмамбет, Ақсуат, Қопа, Құйған 2 қоныстары мен қола дәуірінің қорымдарында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған материалдарды тапсырды. Бұл үлкен коллекция қыш ыдыстардан, әшекейлерден, ұршық тастан, ат әбзелдерінен, еңбек құралынан тұрады (КП 26218/1-103 Акт №7, 21.03.2000 ж. [14, с. 106-127], КП 26221/1-33 Акт №10, 29.03.2000 ж. [15, 88-96 бб.], КП 27044/1-77 Акт №46, 17.07.2007 ж. [16, 119-138 бб.], КП 27254/1-94 Акт №33, 20.04.2009 ж. [17, 18-28 бб.], КП 27326/1-36 Акт №11, 08.04.2010 ж. [18, 145-151 бб.]).

ҚР МОМ археологиялық қорындағы Шығыс Қазақстан қола дәуірі коллекциясы 1940 ж. бастап 1947-1949 жж. жүргізілген Шығыс Қазақстан археологиялық экспедицияның, 1955 ж. С.С. Черниковтың басшылығымен, 1985 ж. Ә.М. Оразбаевтың басшылығымен және кездейсоқ олжа материалдарынан қалыптаса бастады. Сондай-ақ Шығыс Қазақстан қола дәуірі коллекциясын жинақтауға ҚазКСР ҒА жанындағы Тарих, археология және этнография институты, Материалдық мәдениет тарихы институты және Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы мен қатар Қазақстанның Орталық музейінің археологиялық экспедициясы да қатысты. Өскемен және Бұқтарма ГЭС-де жүргізілген құрылыстарға байланысты су басу аймақтарында орналасқан ескерткіштерді анықтау мен зерттеу экспедицияның негізгі міндеті болды. Экспедициялық жұмыстар барысында мұнда неолит дәуірінен орта ғасырларға дейінгі хронологиялық аралықты қамтитын көптеген ескерткіштер тіркеліп зерттелді.

1947 ж. Қамыс пен Бұқтармаға дейінгі Ертіс даласына экспедициялық зерттеулер жүргізілді. Мешіт ауылында жүргізілген қазба жұмыстары барысында қыш ыдыстардың көптеген фрагменттері, қоладан жасалған жебенің ұшы, қола тізбелер, мыс кені, алтын қақтаманың қиындылары табылды. Табылған артефактілерге сүйене отырып бұл қонысты ерте андрон дәуірінен б.з.д. VIII-VI ғғ. аралығында өмір сүргендігін анықтайды. Сол жылдары Семейдің құмды дөңдерінде орналасқан қоныстарда да археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, ауқымды материал жинақталды; екі қола біз, табақша, дән үккіштің

фрагменттері, мыс кенінің бөліктері және қыш ыдыс фрагменттері. Сарыкөл көлінен 12 км қашықтықта орналасқан Абай ауданында Қазақстан Орталық музейінің ғылыми қызметкері Л.К. Нифонтова қола дәуірінің үш обасына қазба жұмыстарын жүргізу барысында нақыш түсірілген қыш ыдыстарының фрагменттерін табады. Қорымда барлығы бес обаға қазба жұмыстары жүргізілді – оның үшеуін Қазақстан Орталық музейінің экспедициясы және қалған екеуін С.С. Черников қазады [19, 143-147 бб.].

1948-1949 жж. Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясымен Сарыкөл көлінің жанындағы Абай ауданына археологиялық қазба және барлау жұмыстары жүргізілді. Жарма ауданында орналасқан қола дәуірінің Жаңажұрт қорымының үш обасына қазба жұмыстары жүргізілді, сондай-ақ экспедиция Сарыкөл көлінің маңында орналасқан қола дәуірінің Сарыкөл I қорымының екі обасына қазба жұмыстарын жүргізді. Экспедициялық жұмыстар барысында Сарыкөл II қорымы 14 обадан тұратыны анықталын оның тек біреуі ғана қазылды. Шығыс Қазақстан қола дәуірі коллекцияларын қазба барысында табылған археологиялық ескерткіштердің артефактілерінен басқа, кездейсоқ олжалар құрайды. Мысалы, 1940 ж. Алтайдағы Қадырбай-Чуд кен орнынан табылған іші қуыс конус пішінді қашау (КП 6217), 1940 ж. Наримолово Алтай кен орнынан табылған төрт қырлы қайла (КП 6218), сонымен қатар 1955-56 жж. экспедиция материалдары Нарын сағасы тұрағының артефактілері сақталған; келсап (КП 14278 Акт №99, 13.12.1977 ж.) [20, 142-143 бб.]; тікбұрышты дәнүккіш (КП 14279); шеті жұмырланған тікбұрыш пішінді қайрақ тас (КП 14280); келсап (КП 14281); жебені созып тұруға арналған тасты түзеткіш (КП 14281); нақыш түсірілген қыш ыдыс (КП 16009 Акт №148, 21.11.1979 ж.) [21, 75 б.].

Сондай-ақ, Шығыс Қазақстан қола дәуірі коллекциясының қалыптасуына Ә.М. Оразбаев өз үлесін қосты. Ә.М. Оразбаевтың басшылығымен 1985-1988 жж. Қазақ Мемлекеттік Университетінің (КазМУ) археологиялық экспедициясы Шығыс Қазақстанның бірнеше аудандарына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Қатон Қарағайда, Күршім және Марқакөл аудандарында 43 қорым зерттеліп оның 825 қоршау мен обалардан тұратыны анықталып тіркеліп 44 обасында қазба жұмыстары жүргізілді, ал Таврическое ауданында қола дәуірінің 16 қоршауы қазылып зерттелді [22, 7-35 бб.]. ҚР МОМ археологиялық қорына Әбділманап Медеуұлы 1985 ж. Қойтас қорымында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының барысында табылған қыш ыдыс коллекцияларының он үлгісі ретінде көрсетілген артефактілерін тапсырды. Қойтас қорымы Қойтас ауылының солтүстік шетінде орналасқан, аталмыш ескерткіш XX ғ. басынан бастап зерттеле бастады. Алғашқы болып 1910 ж. В.И. Каменский қола дәуірінің 10 обасына қазба жұмыстарын жүргізді. В.И. Каменскийдің материалдары зерделеніп, 1930 ж. М.П. Грязновтың «Древние культуры Алтая» атты еңбегінде жарық көрді [23]. Қойтас қорымының қыш ыдыстары үшбұрышты және күрделі геометриялық пішіндермен нақышталған. Осы нақыш түрлерінің ерекшеліктерін зерттеу барысында С.С. Черников мынадай сипаттама берген, «шырша» элементі тегіс және тарақ тәріздес бедерлемелер, әртүрлі дөңгелек немесе батық (КП 24942, Акт №1160, 16.11.1993 ж.) түрінде көп кездесетінін айтады. (сур.3)



Сурет. 3. Қыш ыдыстар. Қойтас қорымы

Қойтас қорымын Ә.М. Оразбаев пен Ә.Т. Толеубаев б.з.д. XVI-XIV ғғ. феодоров мәдениетінің соңы мен андрон мәдениетінің алакөл кезеңінің алғашқы кезеңі деп көрсетеді. Аталмыш ескерткіштен табылған артефактілер Шығыс Қазақстанның андрон мәдениеті жөніндегі материалдарды толықтырады.

ҚР МОМ қола дәуір коллекциялары негізінен жоғарыда аталған археологиялық экспедициялардың материалдарымен жинақталды. Археолог ғалымдар осы экспедициялардың материалдарымен қола дәуірі және Қазақстан аумағын мекендеген ежелгі көшпелілер ескерткіштерінің хронологиялық жіктеуін жүргізді. Ғылыми айналымға қола дәуірі қоныстары мен қорымдарынан алынған көптеген жаңа деректер енгізілді. Жарияланған материалдардың көп бөлігі ҚР МОМ археологиялық қорында сақтаулы.

1. Маргулан А.Х. Горное дело в Центральном Казахстане в древние и средние века // *Поиски и раскопки, в Казахстане.* – Алма-Ата, 1972. – С. 3-30.
2. Кадырбаев М.К. Шестилетние работы на Атасу // *Бронзовый век степной полосы Урало-Иртышского междуречья.* – Челябинск, 1983. – С. 134-142; Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж.К. *Культура древних скотоводов и металлургов Сары-Арки.* – Алма-Ата, 1992. – 247 с.
3. Маргулан А.Х. Отчет о работах Центрально-казахстанской археологической экспедиции в 1947 г. // *Известия АН Каз ССР. Серия археологическая. Вып. 2.* – Алматы, 1950. – С. 13-18.
4. Кызласов Л. Р., Маргулан А.Х. Плиточные ограды могильника Бегазы // *Краткие сообщения Института Истории и Материальной культуры.* – 1950. Вып. 32. – С. 126-136.
5. ЦГМ РК Акт №152 от 23.11.1979 г. Акты поступления основного фонда /91-199/ 1979 г. Кн №2. – С. 75-77.
6. ЦГМ РК Акт №390 от 18.10.1985 г. Акты поступления основного фонда КП /379-394/ 1985 г. Кн №11. – С. 5-7.
7. Отчет о командировке Айткул Х.А. в города Костанай и Петропавловск за 2015 г., ЦГМ РК. – С. 10-12.
8. Жауымбаев С. Горное дело и металлургия бронзового века Сарыарки: – Караганды, 2001; Варфоломеев В.В. Относительная хронология керамических комплексов поселения Кент // *Вопросы периодизации археологических памятников Центрального и Северного Казахстана.* - Караганда, 1987; Варфоломеев В.В. О культурной принадлежности памятников с валиковой керамикой Сарыарки // *Проблемы археологии Урало-Казахстанских степей.* - Челябинск, 1988; Ткачев А.А. Новые погребальные памятники поздней бронзы и средневековья Сарыарки // *Вопросы археологии Центрального и Северного Казахстана.* - Караганда, 1989; Ткачев А.А. *Культура населения Центрального Казахстана в эпоху развитой бронзы: Автореф. дис... канд. ист. наук.* -М., 1991; Евдокимов В.В. *Историческая среда эпохи бронзы степей Центрального и Северного Казахстана.* Алматы, 2000; Евдокимов В.В. *Эпоха бронзы степей Центрального и Северного Казахстана: Автореф. дис. ... д-ра ист. наук.* - Алматы, 2001.
9. ЦГМ РК Акт №384 от 18.10.1985 г. Акты поступления основного фонда КП /379-394/ 1985 г. Кн №11. – С. 21-22.
10. ЦГМ РК Акт №386-391 от 18.10.1985 г. Акты поступления основного фонда КП /379-394/ 1985 г. Кн №11. – С. 8-17.
11. ЦГМ РК Акт №42 от 28.05.1999 г. Акты приемки-сдачи основного фонда с 37 по 61, 1999 г. Кн №2. – С. 143-145.
12. Маргулан А.Х. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата, 1998. Сочинение. Т.1. – С. 276.
13. ЦГМ РК Акт № 57 от 05.10.2009 г. Акты приемки-сдачи основного фонда с 45 по 76, 2009 г. Кн №3. – С. 42.
14. ЦГМ РК Акт №7 от 21.03.2000 г. Акты приемки-сдачи основного фонда с 1 по 40, 2000 г. Кн №1. – С. 106-127.
15. ЦГМ РК Акт №10 от 29.03.2000 г. Акты приемки-сдачи основного фонда с 1 по 40, 2000 г. Кн №1. – С. 88-96.
16. ЦГМ РК Акт №46 от 17.07.2007 г. Акты приемки-сдачи основного фонда с 46 по 62, 2007 г. Кн №3. – С. 119-138.
17. ЦГМ РК Акт №33 от 20.04.2009 г. Акты приемки-сдачи основного фонда с 2 по 44, 2009 г. Кн №2. – С. 18-28.
18. ЦГМ РК Акт №11 от 08.04.2010 г. Акты приемки-сдачи основного фонда с 1 по 43, 2010 г. – С. 145-151.
19. Нифонтова Л.К. Андроновское погребение в Абаевском районе Семипалатинской области // *Известия АН КазССР, серия археологическая.* – Вып. 2. – Алма-Ата, 1950. – С. 143-147.
20. ЦГМ РК Акт № 99 от 13.12.1977 г. Акты поступления основного фонда КП /81-188/ 1977 г. Кн №2. – С. 142-143.
21. ЦГМ РК Акт № 148 от 21.11.1979 г. Акты поступления основного фонда КП /91-199/ 1979 г. Кн №2. – С. 75.
22. *Свод археологических памятников Восточно-Казахстанской области.* – Усть-Каменогорск, 2006. – С. 61.
23. Грязнов М.П. *Древние культуры Алтая // Материалы по изучению Сибири. Вып. 2.* –Новосибирск, 1930. – 12 с.

Резюме

В статье изложена история формирования коллекции эпохи бронзы хранящейся в фондах ЦГМ РК, с использованием архивных и учетных документов Центрального государственного музея РК и Северо-Казахстанского областного музейного объединения. В процессе изучения были использованы труды ученых археологов которые занимались вопросами эпохи бронзы евразийского пояса степей.

Также в статье показано участие Центрального государственного музея в Центрально-Казахстанской и Восточно-Казахстанской археологических экспедициях руководимыми в разные годы такими известными казахстанскими археологами как, А.Х. Маргулан, М.К. Кадырбаев, Ж.К. Курманкулов, А.М. Оразбаев.

Ключевые слова: коллекция, эпоха бронзы, артефакты, Центрально-Казахстанская археологическая экспедиция, поселение, могильник.

Summary

This article describes the history of the formation of the Bronze Age collection of archaeological fund of the CSM RK, using archival documents and inventory records from the archives of the Inventory Department of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan and North Kazakhstan regional museum association. Proceedings of scientists-archaeologists dealing with the Bronze Age of the Eurasian steppe zone are also used.

This paper for the first time summarizes and represents proper data on gathering collection of the Bronze Age artifacts from Central and Eastern Kazakhstan and illuminates the major role of museum's participation in Central Kazakhstan and Eastern Kazakhstan archaeological expeditions at different times, headed by prominent Kazakhstani archaeologists A.Marghulan, M.Kadyrbaev, Zh.Kurmankulov, A.Orazbaev.

Keywords: collection, epoch of bronze, artefacts, Centrally-Kazakhstan archaeological expedition, settlement, burial mound.

УДК 94 (574) «17» (092)

ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ ҚАРУ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Дауытбекова М.Қ. – т.ғ.к, доцент *ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,*
Исаева Ә.И. – т.ғ.к, доцент - *Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық университеті*

Түйіндеме

Мақалада халқымыздың этномәдени жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылатын қазақ батырларының қару түрлеріне және олардың қолданыс ерекшеліктеріне сипаттама беріледі. Мәселенің тарихнамасына шолу жасалып, қару түрлерінің пайда болу және даму тарихы қарастырылады. Авторлар тарапынан қару түрлеріне терең талдау жасалып, қолданыс ерекшеліктеріне қарай: қорғаныс, шабуыл қаруы деп бөліп қарастырылып, жасалу және даму тарихы жүйелі түрде сараланады.

Тірек сөздер: қазақ, қару, батыр, мемлекет, соғыс, хан, әлеуметтік институт, билік, дәстүрлі қоғам.

XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басындағы тарихи жағдай қазақ қоғамында батырлар институты ықпалының артуын туғызды. Осы кезеңнен бастап батырлар жеке әлеуметтік-саяси институт ретінде қалыптасты. Қазақ батырлары өздеріне тән ар-намыс кодексі, жауынгерлік этикасы мен дәстүрін қатаң ұстанды. Олар ерлік пен Отанға деген адалдықты асыл мұрат тұтты. Сертке берік, елге тұтқа болған батырлар институты өкілдері төрт жағынан да қауіп төнген тарихи кезеңде елдің ертеніне, халық ретінде тарих сахнасында сақталып қалуына ерен еңбек сіңірді. Қазақ мемлекеттілігімен бірге жасасып, қалыптасқан күрделі эволюциялық даму жолын бастан кешірген ерекше құбылыс болып табылатын қазақ қоғамындағы батыршылық институтының атқарған қызметтерін талдау олардың дәстүрлі қоғамының саяси элитасының ажырамас бөлігі екендігін, қазақ батырларының қару-жарақ түрлері мен олардың қолданыс ерекшеліктерін ғылыми саралау аса өзекті мәселелердің бірі. Осыған байланысты біз мақалада қазақ батырларының қару түрлері мен олардың қолданыс ерекшеліктеріне тоқталуды жөн санадық.

«Қару» – соғыста қолға ұстап қолданылатын шабуыл құралы болып табылады. «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедиялық еңбектің 3-томында «Қазақ халқында қарудың пайда болған кезеңі тас дәуіріне жатқызылғанымен көшпелі халықтардың қаруының негізгі түрлері б.з.д. I мыңжылдықта қалыптасқан» [1]¹⁴ деген тұжырым жасай отырып, қару сөзінің негізгі төркіні адамның қолға ұстап шабуылға шығатындығы жөнінде мәліметтер беріледі. Бұдан шығатын қорытынды, адамзат баласының пайда болған күнінен бастап оған ең алдымен азық қажеттілігі туындайтыны сөзсіз. Осыған орай алғашқы қауымдық құрылыста өмір сүрген адамзат баласы өз азығын табу үшін аң аулауды қолға алғаны бізге тарихи әдебиеттерден кеңінен таныс. Осы азықты табу жолында ол қаруды игеріп, оны қоғам дамуына сай эволюцияға әкеліп отырды. Дегенмен қандай тарихи кезеңде болмасын қару-жарақ түрлері даму эволюциясына ұшырағанымен өзіне тән, өзіндік құрамдас бөліктерінің негізі мен дәстүрін жоғалтпағандығына көз жеткізуге болады. Сондықтанда қазақ батыршылық институтының ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып отырған қару-жарақ түрлерінің тарихын, дамуын және оның түрлерін зерттеу көшпелі халықтың тарихымен бірге қарастырылатындығы даусыз.

Қазақ фольклортану ғылымы көне түсініктерге сүйене отырып жауынгерлік қару аспаннан түскен киелі заттардың бірі деп санайды.

Жалпы бұл мәселенің зерттелуі XVII–XVIII ғасырларда Ресейдің Қазақстан және Орта Азия жерлеріне деген қызығушылығы артқан тұста қолға алына бастаған. Әртүрлі мақсаттармен қазақ топырағына аяғы тиген орыс зерттеушілері мен саяхатшыларының жазбаларында біз қарастырып отырған мәселе тікелей болмаса да, қосымша мәліметтер арқылы беріліп отырған. Дж. Кэстльдің, А.И. Левшин, П.И. Рычков

¹⁴ Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. (Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Н.Әлімбаев) Энциклопедия. – А., 2012. Т. III. – 484 б.

еңбектерінде кремнийлі қарудың болғандығы жайлы айтылса, П.С. Паллас, Я.Гавердовский еңбектерінен әрбір ауқатты қазақта білтелі мылтық, отты қарудың болғандығы беріледі. Қазақ қаруын этнографиялық тұрғыдан зерттеген Ш.Ш. Уәлиханов еңбектері болып табылады. Кеңестік дәуірдегі тарихнаманың қатарын Г.И. Семенюк, К.Смағұлова, А.Т. Қайдаров, В.П. Курылевтің еңбектері толықтырады. Тәуелсіздіктен кейінгі тарихи кезеңдегі қазақ халқының қару-жарақ мәселесіне терең қалам тартқан тарихшылар А.Кушқумбаев, Т.Алланиязов, Қ. Ахметжанов, Ш.Картаева еңбектерінде көрініс тапқан. Қазақ халқының қару-жарақ мәселесіне терең тарихнамалық талдау А.Қ. Жұмаділдің «Военное дело кочевников Евразии: историографический анализ» атты монографиясында беріледі. Қазақ жауынгерлерінің қару-жарақ мәселесіне бір тарауы арналып, оның тарихи даму кезеңдеріне байланысты аса құнды мәліметтерді ғылыми айналымға енгізіледі [2]¹⁵.

Қару қазақ халқы үшін аса қасиетті саналған. Бұл туралы қазақ қаруы мәселесіне қалам тартқан кеңестік авторлардың бірі В.П. Курылев: «садақ пен жебе түркі тайпалары үшін әлеуметтік-құқықтық қатынастардағы ерекше символ» - деген тұжырым жасайды [3]¹⁶. Бізде осы пікірді толықтай қолдап, өз тарапымыздан қару-жарақ қайсарлық пен батырлықтың символы деген қорытындыға келеміз. Жалпы әр қазақтың санасында «қаруынан айырылу намыстан айырылу» деген түсініктің бар екенін белгілі.

Халық аузында «Ер қаруы – бес қару» деген ұғым қалыптасқан, әдетте оларға садақты, қылышты, найзаны, айбалтаны, шоқпарды жатқызады. Алайда, халық ауыз әдебиетінде жырланатын батырдың қаруы бұдан әлдеқайда көп: алтын балдақ, ақ семсер, бадана көз кіреуке, тоғыз қабат ақ сауыт, алтын сауыт кебе, қозыжауырын жебе, балдағы алтын ақ берен, болаттан соққан айбалта, күрзі, қанжар, мылтық және тағы басқа көптеген түрлерінің аталатындығын айта кетуіміз керек. Қазақ халқының қару түрлері тарихи даму кезеңдерінде өзіндік даму, жетілу үрдісін бастан кешкен. Оған қазақ халқының іргелес жатқан көрші мемлекеттермен байланыс жасағандығы да өзіндік ықпалын тигізгендігі, соңғы жылдары жарық көрген энциклопедиялар бетінде былай сипатталады: «... Сонымен бірге қазақ қаруының кейбір формаларында, кейбір үлгілерінің, типтерінің пайда болуында қазақ этносы ғасырлар бойы тарихи-мәдени байланыста болған көрші иран, моңғол, түрік, қытай, орыс халықтары қаруының ықпалында көруге болады»¹⁷. Дәстүрлі қазақ қоғамында қару батырмен бірге жасасып, онымен бірге өледі деген сенім орын алды. Егер батырдың артында ұрпағы қалса, әке жолын қуып батыр атанса – мұндай үрдіс «шынжырлы тұқым» деп аталған, ал батырдың ісін жалғастырар ұрпақ болмаған жағдайда «найза сындыру» салты жасалған. Көшпелі қазақ қоғамында қолданылу түріне сәйкес қарудың бірнеше түрі болған. Атап айтар болсақ: кәсіби әскерилер соғыста қолданатын қару түрі – жауынгерлік қару түріне жатқызылса, аң аулау қарулары мен тұрмыстық қарулар кәсіби соғыс қаруынан әлдеқайда қарапайым болған. Соғыс қаруы «Ер қаруы» деп аталып оның қатарына семсер, қылыш, балта, найза, шоқпар, күрзі сынды көптеген кәсіби соғыс құралдары жатқызылып, өз кезегінде оларда шабуыл құралдары және қорғаныс құралдары болып бөлінген. Қазақ халқының қару-жарақ мәселесін жете зерттеп, осы тақырыпқа елеулі еңбегін арнаған Қ.Ахметжанов өзінің «Жараған темір кигендер» еңбегінде соғыс құралдарын атқаратын қызметіне қарай екі топқа бөледі. Біріншісі, Шабуыл құралдары – «қару», екіншісі, қорғаныс құралдары – «жарақ». Сондай-ақ, зерттеуші, ер қаруы – бес қаруды жіктей отыра: 1) өзіндік жұмсау тәсілі бар; 2) батырлар ғана ұстайтын; 3) соғысқа ғана қолданылатын; 4) жекпе-жек сайысын өткізуге болатын; 5) әскери бөліктерді құруға негіз болатын; 6) әскери тактиканы анықтайтын; 7) әртүрлі жоғары дәрежелі әскери лауазымды белгілейтін қарудың бес түрін – садақ, найза, қылыш, шоқпар, айбалта деп көрсетеді [5]¹⁸.

Бұдан кейін зерттеуші қару-жарақтардың өзін: Ату қарулары – жақ, садақ, мылтық. Түйрейтін қарулар – найза, сүңгі, жыда. Кесу қарулары – қылыш, семсер, сапы. Шабу қарулары – айбалта. Соғу қаруларына – шоқпар, күрзі дей келе, қосымша құралдар ретінде қанжар, пышақ, арқан сынды заттарды да атап кетеді. Қ.Ахметжанов бұл зерттеуінде әр қаруға жеке-жеке жете тоқталып, жіліктеп кетеді [6]¹⁹.

Қазақ батырларының қару-жарақ түрлерін өте әсерлі, қанық сипаттауда сол аласапыран жылдардың куәсі Ақтамберді жыраудан артық ешкім айта алмас. Жыраудың жыр жолдарындағы «күдеріден бау тағып, ақ кіреуке киер ме екенбіз, жағасы алтын, жеңі жез, шығыршығы торғай көз сауыт киер ме екенбіз, қоңыраулы найза қолға алып жау қашырар ма екенбіз» деген сөздерден қазақ батырларының қарумен жарақтану тұлғасы анық суреттелген [7]²⁰. Батырлар қару-жарағын үнемі өзімен алып жүрді. Қашаған

¹⁵ Жумадилов А.К. Военное дело кочевников Евразии: историографический анализ. – А., Қазақ университеті. 2014. – 272 с.

¹⁶ Курылев В.П. Оружие казахов. // СМАЭ. Т.34. Материальная культура и хозяйство народов Кавказа, Средней Азии и Казахстана. – Л., 1978. – С.21.

¹⁷ Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. (Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Н.Өлімбаев) Энциклопедия. – А., 2012. Т. III. – 484 б.

¹⁸ Залеский Б. Қазақ даласының тіршілік-тынысы // Әлем альманах. – Алматы, 1990. – Б. 152.

¹⁹ Ахметжанов К.С. Жараған темір кигендер: Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері. – Б. 46.

²⁰ Ахметжанов К.С. Жараған темір кигендер: Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері. – Б. 47 - 96.

Күржіманұлы «Атамекен» дастанында: Жүйріктері баптаулы, найзалары саптаулы, сауыттары сақтаулы. Қозы жауырын көк жендет, қорамсақпен қаптаулы, ерлердің сойы бар екен, бірінен-бірі мақтаулы» [8]²¹ демекші, жаугершілік заманда бірінен-бірі өткен көптеген батырлар қазақтың сайын даласы мен елін қорғап қалды. Қазақ сарбаздары да қалмақ, жоңғар, орыс-казак сынды, сыртқы жауларына қарсы өздерінің қару-жарағын қабілетінше жұмсады. Бес қаруын асынып жауға шапқан қазақ сарбазы үстіне Бадана мен Зере сауыт немесе Көбе мен Кіреуке киді. Айбалтасын асынып, қылышын қыса ұстап, қорамсағы жебеге толы садағымен жарақтанды, жалаулы найзасы басты тірегі болса, қалқанымен өзін қалқалап, шокпарымен жау әскерін күйрете соқты. Бұған қоса, қазақ сарбазы алдаспан, қанжар, дойыр қамшы, сойыл, құрық түріндегі қару түрлерін де қажетінше пайдалана білді.

Қару-жарақтың жасалу жолдары мен өңделу жолдары Қ.Ахметжановтың еңбегінде кеңінен берілген. Темірден жасалған қаруларды ұсталар «соғу» не «құю» арқылы жасайды. Жақты, оқтың ағаштары қырық күн кептіріледі, қырық малдың майына суарылады. Осындай ырымдары болған. Найза мен оқ жебелерінің ұштары, қырлары егеумен егеледі. Бұдан кейін «алтынмен бұлау», «алтынға малдыру» т.б. әдістермен әшекейленеді. Соғылған, құйылған, өңделген қарулар ағашқа сапталып, темір, жезбен «қыналады», тарамыспен «буылады». Су өтпес үшін майға суарылады. Оқтарды жонып жасайды. Темір қарулардың саптары, ағаштары түрлі бояумен сырланып, боялады. Ер қаруына көбінесе әскери қоғамдық жіктің символдық түсі – қызыл түс қолданылады [9]²².

Ж.Тұрлыбайұлы: «Қару» дегеніміз соғыс ұрыс құралы болса, «жарак» емдеу, жараны жазу құралы болған» деген ойын айтып, оған «Ер Тарғын» жырындағы мына жолдарды мысалға келтіреді:

«Жаракатты жан тәтті,
Жара аузына қан қатты.
Жаракшылар мұнда жоқ,
Жанқалап сүйек аларға,
Жарып малта саларға»²³.

Қазақтар қорғаныс жарақтары ретінде сауыт, көбе сауыт, кіреуке сауыт, берен сауыт, қаттама сауыт, жалаңқат сауыт, торғауыт сауыт, шарайналар, дулыға, қалқан, ат сауыттары т.б. қолданған. Садақты, жақты ұстаудың екі әдісі болған: 1. Белінен ұстау, 2. Иінінен ұстау²⁴.

Ал, Кіші жүздің айтулы садаккері Бүркірек Марқадамұлы он екі тұтам оқ атады екен. Оның он екі тұтам оқты деп аталатын себебі екі садағы болады екен. Бірі жеңіл қол садақ, екіншісі кісі бойындай ауыр көн садақ, сол көн садаққа он екі тұтам ұзын жебе салып, көн садақтың кірісін басын іліп, өзі шауып бара жатқан аттың екінші қапталына еңкейіп, бүкірейіп әлгі ұзын оқты топталған жауға атады екен²⁵.

Есентемір тайпасынан шыққан садақшы Көктаубай батырдың мергендігіне тәнті болған ел оны «Көк садақты Көктаубай» деп атаған. Ел аузында өзінен басқа ешбір жан тарта алмайтын сол садағын Исатайдың қолына тапсырған көрінеді²⁶.

Бүгінгі таңда қазақ халқының отты қаруының пайда болуы және даму тарихы мәселесі тарих және этнография сынды ғылым салаларында арнайы зерттелмеген өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл тақырып өкінішке орай, жеке зерттеу нысаны ретінде алынып, монографиялық деңгейде зерттелген емес. Әлем халықтарының тарихында қару-жараққа байланысты түрлі мотивтерді өзара салыстырып, заман ағымына сай өзгеру жолдарын жүйелеу, теориялық талдаудан өткізілген жұмыстар баршылық. Осы тұрғыдан келгенде қазақ халқының отты қаруы мәселесін жан-жақты зерттеудің ғылыми мәні зор. Аталмыш мәселе жөніндегі мәліметтер халық ауыз әдебиетінде, түрлі жазба ескерткіштерде және бейнелеу өнері ескерткіштерінде кеңінен сақталған. Әрине бұл мәліметтер терең зерттеуді, талдауды, сараптауды қажет етеді.

Қазақ халқының отты қаруы жөнінде мәлімет қалдырған ғалымдардың алдыңғы қатарына Ш.Ш. Уәлихановты жатқызуға болады. Ғалым өз еңбектерінде қазақтың отты қаруларының көптеген түрлерін атап, оқ-дәрілердің жасалу жолдарын сипаттайды, ату құралдарына қажетті құралдар туралы мәліметтер береді. Дегенмен араға жүздеген жылдар өткеніне қарамастан бұл мәселе ғалымдардың назарынан тыс қалып отыр. Мылтық отты қару ретінде XV ғасырда арабтарда пайда болып күллі Шығысқа тараған. Египетпен саяси және экономикалық тығыз байланыс отты қарудың Алтын Орда жерінде де

²¹ Алдаспан. – Б. 115.

²² Ақберен. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ акын-жырауларының жырлары: Оқу құралы. – Алматы: Жазушы, 1972. – Б. 125.

²³ Ахметжанов К.С. Жараған темір кигендер: Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері. – Б.96.

²⁴ Тұрлыбайұлы Ж. Тарихи деректер және көркем шығарма // Мына жинақта: Райымбек – қазақ халқының даңқты ұлы: Түкеұлы Райымбектің 300 жылдығына байланысты өткізілген республ. ғыл.-теор. конф. материалдары. – Алматы: «Жедел басу» баспаханасы, 2005. – Б. 72.

²⁵ Ахметжанов К.С. Жараған темір кигендер: Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері. – Б. 100-150; 219.

²⁶ Қосжанұлы Н. Сартай батыр. Дастан. – Алматы: Қазақстан, 1997. – Б. 30.

кенінен танымал болуына ықпал еткен. Жалпы отты қарудың қазақ жерінде XVI ғасырдың екінші жартысында-ақ пайда болғаны туралы деректер бар²⁷. 1698 жылға қатысты құжаттарда Сырдарияның төменгі ағысындағы қалаларда тұратын қазақтар мен қарақалпақтардың қорғасын балқытып, жез өндіріп, селитра, оқ-дәрі жасайтындығы, ал отқаруды Бұхарадан әкелетіндігі туралы мәліметтер кездеседі. Қаратау тауындағы кен өндіру мен оқ-дәрі жасау кәсібі негізінен бұхарлық тұтқындарының жұмыс күшімен іске асырылып отырған. Ал. XVII ғ. 30-жылдары Қаратау тауы кен орындарымен қоса, Сырдарияға жақын таулы өлкелерде де қазақтар мен қарақалпақтар қорғасын балқытып, одан оқтар құйған екен²⁸.

А.Левшин өзінің «Описание орд и степей казахов» еңбегінде қазақтардың қару-жарақтары туралы жаза отырып, 1771 жылы Еділ қалмақтарының атажұртына үдере көшу кезінде оларды тоқтатуға қатысқан капитан Рычковқа сілтеме жасайды. Онда ол қазақтардың қарапайым қара оқ-дәрімен қоса, ақ түсті оқдәрі де жасай алатындықтарын жазып қалдырған. Бұған қоса, қазақтардың аспид немесе басқа металдан оқ құятындығын да айтып кеткен²⁹.

М. Тевкелев жазбаларында қазақтардың қарулары туралы деректер келтіріледі. Елшінің құжаттарында «Қазақтар зеңбірек қаруын құймайды екен. Олар соғыста зеңбірек қолданбайды. Сондай-ақ, мылтық та жасамайды. Олар мылтықты Хиуа мен Бұхарадан қойға, жылқыға айырбастап алады. Ал, селитра мен оқ-дәріні әркім өзіне керегінше жасап алады. Басқадай зауыттары жоқ. Соғыста садақты сирек қолданады, көбінесе шүріппесі жоқ білтелі мылтықтар қолданады. Ал, башқұрттар ұрыс кезінде көбінесе садақпен қаруланады, керісінше отты қарулары жоқ³⁰.

Орынбор экспедициясының бастығы И.Кириловтың жазбасында қазақтардың оқ-дәрі жасау технологиясы турасында айтылған. Құжатта Сырдария өзеніне жақын тау жоталары мен Арал теңізіне жақын өлкелерде қорғасын, селитра, күкірт шикізатының көп екендігі, оларды қазақтар қажетіне жаратып оқ-дәрі жасайтындығы, қорғасынды балқытып оқ құятындығы баяндалған³¹.

Қарастырылып отырған кезеңдегі қазақтардың қару-жарақтары туралы П.И. Рычков: «Ружье имеют они огненное съ фитилями, и порох почти каждой изъ них самъ про себя делаетъ»³² – деп жазады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей Шоқан Уәлиханов та қазақ батырларының ерте кездегі қару-жарақтарына тоқталып өтеді. Ғалым садақ, жақ, сауытбұзар /сауыт бұзуға арналған/, қозыжауырын /ертоқымнан аударып түсуге арналған/, жебе түрлеріне, найза, қылыш, наркескен сынды қару түрлеріне талдау жасап өтеді. Дегенмен, Шоқан Уәлиханов қазақ даласында мылтық түрлерінің қазақ даласында сирек қолданыста болғандығын айтады³³.

Сібір корпусының аудармашысы Филипп Назаровтың жазғандарында қазақтардың пілтелі мылтық, шокпар, сойыл, сақпан, қылыш, садақ сынды қару түрлерінің тізімі ұшырасады³⁴.

Бронислав Залескийдің «Қазақ даласының тіршілік-тынысы» еңбегінде қазақтардың қару-жарақ түрлеріне де орын берілген: «Жорыққа шыққанда кездерінде олар ұзын сапты найзаны тастамайды, жанына қайқы қылыш іліп, қазір қолданудан қалып бара жатқан жебелер салынған қорамсақ, кейбіреулері пистолет байлайды. Бірақ қазақ жауынгері пілтемен от алатын ауыр да тым ұзын мылтықты жиі пайдаланады, көздеген кезде оғы нысанаға дөп тию үшін жерге тірейтін мылтықтың ұзын сирақтары да бірге жүреді. ...Шығыс халықтарына тән суын келтіріп, әбден шынықтырып соғылған қылыш пен пышақтары қашан да ұстарадай болып қылпып тұрады»³⁵.

Дж. Кэстльдің жазып қалдырған мәліметтерін парақтай отырып XVIII ғасырдың алғашқы жартысында қазақтардың білтелі қарудан өзге кремнийлі ұзын сапты қару түрлерін пайдаланғандығына және мұндай қарудан атылған оқ өте алысқа ұшатынына көз жеткізуге болады³⁶.

XVII-XVIII ғасырлардағы қазақтардың соғыс өнері мен қару-жарақ түрлерін зерттеп, елеулі еңбегін арнаған А.К. Кушкумбаевтың еңбегінде жоңғарлар қазақ жеріне шабуыл ұйымдастырар алдында, жоғарыда аталған швед инженерінің басшылығымен 20-дан аса зеңбірек жасатып алып, басқыншылық соғысқа тыңғылықты әзірленгені айтылды. Бұдан кейін XVIII ғасырда Жоңғарияның жеке артиллериясы құрылады. 1726 жылы Жоңғарияның Ыстықкөл аумағында артиллериялық қару-жарақ жасайтын зауыт іске қосылады³⁷.

²⁷ Сәдуақасұлы Ә. Қаракерей Қабанбай // Қазақ батырлары. – 2000. – №4. Б. 4.

²⁸ Алланиязов Т.К. Очерки военного дела кочевников Казахстана. – Алматы: Фонд «XXI век», 1997. – С. 70 – 76.

²⁹ Материалы по истории каракалпаков // Труды Института востоковедения Академии наук СССР: сб. – М.-Л.: АН СССР, 1935. – Т. VII. – С. 49.

³⁰ Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких Орд и степей. – С. 37.

³¹ Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). – С. 86.

³² Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). – С. 111.

³³ Рычков П.И. История Оренбургская (1730-1750). – С. 6.

³⁴ Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – С. 35.

³⁵ Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). – С. 97.

³⁶ Дж. Кэстль. 1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапары туралы. – Астана: «Аударма баспасы» – 2002 – 138 б.

³⁷ Атырау. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 2000. – Б. 246.

Бұған қоса, тұтқиылдан басып кірген жоңғар әскерінің бытырап жатқан қазақ жасақтарын тоз-тоз етіп жеңіліске ұшыратуына оларда зеңбіректің көп болуы әсерін тигізді. Қалмақ қолбасшыларына зеңбірек жасауды Полтава түбінде орыстарға, 1719 жылы Ертістің жоғарғы ағысында, Ямышев тұз көлінің маңында қалмақтарға тұтқынға түскен Иоган Густав Ренаттың үйреткені белгілі. Швед инженерінің сызып-көрсетуімен зеңбіректер мен оларға арналған снаряд құю зауыттары салынғандығы Орыс географиялық қоғамының этнографиялық бөлімінің жазбалары санатындағы «Посольство къ зюнгарскому хунь-тайчжи Цэвань Рабтану капитана отъ артилеріи Ивана Унковскаго и путевой журналъ его за 1722-1724 годы» атты тарихи материалынан оқуға болады: «Русские пленные завели разныя ремесла: Штыкъ юнкеръ Ренотъ вылили Контайше 6 пушечекъ медныхъ, да три мартирца, а какихъ калибровъ, о томъ неизвестно»³⁸. Жалпы қазақ халқында отты қарудың жезайыр, білте мылтық, қара мылтық, орама мылтық, қырлы мылтық сияқты түрлері пайдаланылған³⁹. XIX ғасырда қазақтар шиті мылтық қолданысқа ене бастаған. Оның оқ – дәрілері қорғасыннан арнайы қалыптарға құйылып дайындалған. Мұндай оқ-дәрілер салынатын құтыларды оқшантай деп атаған. Мұнан өзге заман ағымына сай қазақ даласына аталған кезеңде тапанша бүгінде «пистолет» деген атпен кеңінен танымал қару түрі ене бастаған. Бұл әрине шекаралас мемлекеттермен терең байланыстың нәтижесі екендігі сөзсіз.

Осының барлығын ескере келе, қазақ халқының қару түрлері және олардың қолданыс ерекшеліктерінің тарихы тереңде екендігіне және олардың жасалу технологиясының да заман талабына сай жоғары дәрежеде жетілдіріліп отырғандығына көз жеткіземіз.

Аннотация

В статье дается характеристика видам оружия и особенностям их использования казахскими батырами. Освещена историография исследования, рассмотрена проблема возникновения вооружения в казахской степи и история его развития. Авторы системно рассмотрели каждый вид оружия, где выделил по типам: вооружения для защиты и нападения, историю их возникновения и производства. Таким образом, вооружение казахских батыров и особенности использования можем сказать одним словом, что были очень различными.

Ключевые слова: казах, вооружение, батыр, государство, война, хан, социальный институт, власть, традиционное общество.

Abstrakt

In the article is given characteristic to types of weapons and features of their use by the Kazakh batyrs. Illuminated research's historiography, the problem of the emergence of weapons and history of its development in the Kazakh steppe. The authors systemically considered each types of weapon where allocated by types: arms for protection and attack, history of their emergence and production.

Key words: Kazakh, armament, Batyr, state, war, khan, social institute, power, traditional society.

УДК 903.02 (574)

ГОНЧАРНЫЕ ПЕЧИ НА ГОРОДИЩЕ ХАНКУРГАН

Дубягина Е. – Институт археологии им. А.Х. Маргулана

Аннотация

Гончарные мастерские дают представления о бытовом укладе горожан. В квартале гончаров присутствие и расположение гончарных мастерских дает представление о социально-экономическом уровне жизни гончара. Являлись ли найденные печи индивидуальной собственностью гончара, либо это была крупная мастерская, принадлежавшая совладельцам. В данной статье дается описание конструкции гончарных печей. Вопросы организации гончарного ремесла еще предстоит обозначить.

Ключевые слова: печь, обжиг, топчанная камера, продухи, глиняная обмазка, канал.

1. Введение

Средневековое городище Ханкурган расположено в Сайрамском районе ЮКО на северо-западной окраине поселка Мадени на левом берегу р. Арысь. Оно было возведено недалеко от самого русла реки на невысокой надпойменной части левобережья. Городище имеет округлый заovalенный план с пологим въездом с восточной стороны. Размеры по подошве по меридиану более 200 м, в широтном направлении

³⁸ Кушкумбаев А.К. Военное дело казахов в XVII-XVIII вв. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – С. 115.

³⁹ Ахметжан К.С. История ручного огнестрельного оружия казахов. // «Шоқан тағлымы – 6». ҚР Тәуелсіздігінің 10-жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Т.1. Көкшетау 2001.

более 150 м. Максимальная высота в центре достигает 12 м. Городище было открыто и визуально обследовано А.Н. Подушкиным в 1979 г.

В 2008 г. ТОО «Археологические изыскания» провело раскопки центральной части городища. Раскоп 2015 года был заложен к северу от Р-1 (2008) и фактически представляет собою его расширение по верхнему кроющему строительному горизонту к северу и востоку.

В ходе проведенных работ в восточной части раскопа Р-1, на границе между вскрытиями прежних лет и 2015 г. было обнаружено 4 гончарных печи.

Печь 1 была вскрыта и вычищена Д. Талеевым при небольших зачистках на площади около 50 кв. м поверхности городища к СВ от Р-1 2008 года во время полевой практики студентов археологов КазГУ (Алматы). Печь 2, 3, 4 были обнаружены в сезоне раскопок 2015 г (рис. 1) (Рукопись, архив ИА, 2015).

2. Основная часть

Печь 2 была обнаружена в 10 м. к северу от печи 1, в северо-восточной части помещения 1, причем позднейшие кладки помещения 1 перекрывали руины этой печи. Данное помещение, судя по конфигурации плана имело небольшой «Г» - образный в плане дворик.

Печь представляет собой сооружение овальной формы, диаметром около 2 м. Корпус печи был сконструирован из двух камер, топки и обжигательной камеры. Высота сохранившейся части обжигательной камеры составила около 55 см. Края стентолщиной 7-8 см, представляли собой однородную прокаленную глиняную массу красновато-пепельного оттенка.

Подом служила материковая глина, выровненная в горизонтальную ровную площадку, от сильного жара он покрылся довольно крепкой керамической коркой. Прокаленная площадка пода имела 10 продухов, расположенных по окружности, диаметр которых составил 10-15 см. Секторы между каналами засыпаны рыхлой землей.

В южной стенке печи находилось топочное отверстие почти круглой формы, диаметром 40 см и заглубленное в стену на 35-40 см. Стенки отверстия были обмазаны плотным слоем глины, вероятно, также топочный канал имел кирпичное перекрытие, так как попадались обломки кирпичей, имевшие следы обмазки известнякового происхождения (кыр) (Акишев К.А., Байпаков К.М., Ермакович Л.Б., 1986, с. 134-138). Следует думать, что в топочный канал загружалось «топливо». При расчистке участка около печи, к северо-западу лежала куча шлака размером чуть меньше 1,5 м³, и являлась выбросом из этой печи. Выше топочного канала, было обнаружено дополнительное отверстие, вероятно, предназначавшееся для добавочного отвода горячих газов.

На нижней части печи с юго-западной стороны примыкал небольшой канал, но не имевший вход в печь. Здесь выступают предположения, что данный канал принадлежал смежной печи (4) действовавшей ранее, возможно канал функционировал в качестве дымохода. Сама печь 2 не была полностью вскрыта.

В процессе расчистки топочного канала попадались спекшиеся шлаки, также кость и фрагменты керамики. Дно топки было засыпано слоем золы и пепла.

Восточная стенка печи была перекрыта выкладкой из речной гальки с фрагментами толстостенной керамики. Вероятно, эта стенка являлась подпорной и поддерживала бровку площадки.

К югу от печи на расстоянии 3-4 м открыты очень плохо сохранившиеся остатки стен из серой глины (пахса) толщиной 70 см. Она образует здесь угол, но восточная часть ее теряется. Стена срезана раскопом 2008 года и последующей зачисткой Д. Талеева. Высота данной кладки составляет 3-4 см. Далее к югу залегает рыхлый оплыв, который через 2 м обрывается границей раскопа 2008 г. Площадь восточной части помещения 1 к юго-западу от печи состоит из рыхлых серых оплывов толщиной 10-15 см, который перекрыт дерновым слоем 10-15 см. Ниже залегает плотная утрамбованная серая глина. Это был уровень пола дворика. На нем залегали фрагменты битой керамики, обломки костей крупного рогатого скота, отдельные крупные гальки. В куче шлака и под ней, и вокруг лежали комья красной обожженной глины. Это остатки разрушенных стенок печи (Рукопись, архив ИА, 2015).

Печь 4 была открыта в конце полевого сезона при расчистке печи 2. Печь 4 примыкала с юга к печи 2, но конструкции её залегали глубже.

В ходе работ, гончарная печь была расчищена по основанию, конструкция не сохранилась. Боковые стенки топки дугообразны и переходят в сводчатый верх. Внутренняя сторона стенки ошлакована, и стена превратилась в сплошную спекшуюся глыбу, зеленоватого оттенка. Снаружи стенка смыкается с материковой глиной. Здесь стена, как и окружающая глина, слабо обожжены. В нижней части гончарной печи были обнаружены обожженные кирпичи прямоугольной формы, находившиеся в беспорядочном состоянии. Сложно сказать, являлись ли данные кирпичи выкладкой стен печи или служили подпорками для перекрытия топочной камеры.

В юго-восточной нижней стороне печи, в стене, находился зольник в виде углубления-ямы с обильно скопившейся золой. С внутренней стороны печи над данным углублением было выложено ряд обожженных кирпичей. Размер замеренных кирпичей составлял 20x9 см. На кирпичях видны следы выгоревших стебельков растений. Вероятно, данный проход служил топочной камерой для печи 4.

На дне печи в золе лежали, масса обломков колосника или пода, делящего по горизонтали объем печи на верхнюю обжигательную и нижнюю топочную камеру. Кроме того, из печи следует отметить обломок стенки сфероконуса, фрагмент белофоновой чаши, фрагменты крышек от горшков, чаши караханидского времени, а также обломки крицы.

Материал смежных печей 2 и 4 относится к XIV-XV вв. По верхнему кроющему уровню их встречены несколько фрагментов более поздней керамики XVII-XVIII вв. (Рукопись, архив ИА, 2015).

Печь 3 была открыта под западной стеной помещения 2 где-то на расстоянии около 4 м от печи 1, 2. В печи 3 был произведен зондаж на небольшой площади, которой не дал датирующих материалов. За исключением кирпичей позднего стандарта 25x25x5 см и фрагмента большой толстой керамической крышки диаметром не менее 0,5 м. На кирпичях заметны выемки от проведенных по тесту пальцев.

Камера обжига имела стенки, возведенных с наклоном, направленных внутрь камеры. Выгоревшая глиняная обмазка образовала плотный пористый покров, серого оттенка. Кладка стен корпуса печи с восточной стороны была выложена обожженным кирпичом, от стены к центру обнаружены ряд каменных плит, возможно применялись для укрепления пода. На внутренней стороне западной стенки сохранены пять пар прямоугольных столбов, которые одной плоскостью примыкают к продольным стенкам. Данные столбы являлись частью конструкции площадки колосника (пода).

Как указывалось, печь 1 была исследована Д.Талеевым. Стены печи были сильно ошлакованы, с характерным зеленоватым оттенком. Стенки при переходе к топочной камере образовывали выступ в виде полки. Глубина от сохранившегося края обжигательной камеры до топочной камеры составила около 60 см. Топочная камера имела размер до 1 м. Дно печи было засыпано толстым слоем пепла, мощностью 30 см.

3. Заключение

Таким образом, каждая печь сконструирована из двух камер, расположенных одна поверх другой, топочной и камеры обжига с продухами, и топочного канала. Такая комбинация расположения камер, позволяла функционировать печи, основанной на принципе движения тепловых потоков вверх. Открывая или закрывая отверстия специальными пробками-затычками (специальными крышками или просто обломками кирпичей или керамики), гончар контролировал жар и управлял температурным режимом (Сайко, 1966. с. 178). Обжиг посуды производился в обжигательной камере, над топкой. Для сохранения постоянного теплового режима камера во время процесса обжига должна представлять замкнутое, изолированное от внешнего воздушного пространства помещение, обладающее свойством минимальных бесполезных потерь тепла (Гайдукевич, 1934. с. 40). Соответственно, обжигательная камера имела постоянный свод, на что указывают дугообразные стены возведенных с наклоном, направленных внутрь камеры. Предназначенный для обжига материал закладывался в обжигательную камеру через топочное отверстие в боковине, которое потом замазывалось. В верхней части камеры оставлялось отверстие для выхода дыма и поддержания тяги в печи (Подушкин, 1973, с. 186). Следовательно, создавались условия для вытяжки, что подразумевает строения дымохода.

Подобные конструкции гончарных печей встречаются на территории Средней Азии. Разделение печи на камеру обжигательную и топочную, заглубление топки – явление, известное с древних времен, и остается на протяжении всего средневековья (Сайко, 1966. с. 174). В Казахстане аналогии таких печей встречены в работах К.А. Акишев, К.М. Байпакова, Л.Б. Ерзаковича. Отрар в XIII-XV вв. (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1986). Что указывает, на наличие ремесленных кварталов развития в городе гончарных мастерских.

1. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. (1986). *Отрар в XIII-XV веках. Монография.* – Алма-Ата. – 256 с.

2. Гайдукевич В.Ф. (1934). *Античные керамические обжигательные печи: По раскопкам в Керчи и Фанагории в 1929-1931 гг.* – М.-Л.: ОГИЗ Государственное социально-экономическое издательство. – 118 с. – (Известия Государственной академии материальной истории и культуры. Выпуск 80).

3. *Отчет об археологических исследованиях на городище Ханкурган в 2015г.* – Рукопись, архив ИА

4. Подушкин Н.П. (1973). // *Археологические исследования в Казахстане.* – Алма-Ата. – С. 183-188.

5. Сайко Э.В. (1966). *История технологии керамического ремесла Средней Азии VIII-XII вв.* – Душанбе. – 211 с.

Қыш өндіретін шеберханалар қала тұрғындарының тұрмыстары туралы түсініктер береді. Қалаларда қолөнершілер тұратын аймақтардың болуы және қыш өндіретін шеберханалардың орналасуы қолөнершілердің әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы біраз мәліметтер береді. Қолөнершінің жеке өзіндік пеші немесе біріккен адамдар қолданған ірі шеберханалар табылды. Аталған мақалада қыш күйдіретін пештердің құрылысы туралы мәліметтер беріледі. Әлі де қыш өндірісін ұйымдастыру мәселелері бөліп қарастырылады.

Кілт сөздер: пеш, күйдіру, пеш камералары, желдеткіштер, сазбен сылау, канал.

Summary

Potters' workshops give an idea of everyday life of the citizens. In the quarter of potters presence and location of the pottery workshops gives an idea of the level of socio-economic life of the potter. Selected furnaces are whether individual property potter or it was a big guild, owned by co-owners. This article describes the construction of pottery kilns. Questions of the organization of pottery remains to be identified.

Keywords: oven, burning, furnace chamber, the air holes, clay daubing, channel.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА -550 ЖЫЛ 550-ЛЕТИЕ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА

ӘӨЖ: 958.45

НҰРАЛЫ ХАН ЖӘНЕ КІШІ ЖҮЗДЕГІ САЯСИ ЖАҒДАЙ

Жораева Г.Т. – Қ.А. Яссауи атындағы ХҚТУ доценті, т.ғ.к.

Түйіндеме

Саяси билікке қатысты төл тарихымызда ғасырлар бойы талай құғын-сүргін күндер өткені белгілі. Есімдері терең тарихтың бетінде алтын әріппен өрнектеліп жазылған игі жақсылар, батыр, би-болыстар, хандар болған. Зерттеу жұмысымыз осындай тау тұлғалы, өр мінезді ұйымдастыру қабілетімен дараланған қазақтың ханы Нұралы жайында және оның басқаруы кезіндегі әлеуметтік-саяси оқиғалар сипатталады. Ханның билік құрған тұсы аса арынды әлеуметтік-саяси дүрбелеңдер орын алған. Отан тарихындағы маңызды кезеңдердің бірін құрайды. Мақалада олардың негізгі себептері қарастырылады, сонымен қатар аталған өңір қазақ қауымдарының шекаралас ресейлік тұрғындарымен арадағы қарым-қатынастарының кейбір тұстары сипатталады.

Кілт сөздер: Патшалық, Ресей Империясы, Ресей үкіметі, Сағыз өзені, көшпелі өркениеттер, болыс, Батыршы, Нәдір шах, құғын-сүргін.

Тарихымызға зер салар болсақ, Елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқандай «Жарқын болашақ, терең тарихты білуден басталады» [1. 3-б.], өткен сан ғасырлардан тамыр тартқан қазақ деген этноним, әлем тарихына XV ғасырда жазыла бастады. Көптеген ғасырлар бойы талай құғын-сүргін күндер, судай сырғи берді. Көшпелі өркениеттер пайда болып, кей жерлерде қала мәдениеті қалыптаса бастады. Есімдері терең тарихтың бетінде алтын әріппен өрнектеліп жазылған игі жақсылар, батыр, би-болыстар, хандар болған. Атап айтар болсақ, өз заманында мықты әрі күшті саясатының арқасында қазақ халқының жадында мәңгі өшпестей болып қалған хандар көп болған. Сондай тау тұлғалы, өр мінезділігінің ұйымдастыру қабілетімен бастаған қазақтың ханы Нұралы жайында болмақ.

Нұралы патшалық билік тарапынан бекітілген бірінші қазақ ханы. Нұралы (1704-1790) - Кіші жүз ханы (1748-1786) билік құрған. Әбілхайыр ханның үлкен ұлы, Қажы сұлтанның немересі. Нұралы хан тарихи деректерде Нуралы, Нурғали деген есімдермен белгілі. Нұралы жас кезінен саяси және шаруашылық жұмыстарына араласты, ұлысты басқарған [2. с.114-116].

1748 жыл әкесінің қайтыс болуына байланысты орнына таққа отырды және хандық дәрежесі Ресей тарапынан бекітілді. 1748 жылдың қазан айында Орынбор әкімшілігінің жәрдемімен Нұралы әкесінің орнына хан болып сайланады. Бұл мәселені шешу үшін Ақсақалдар кеңесі жиналды. 1000-ға жуық адам қатысты. Оның хан сайлау рәсіміне Ұлы және Орта жүздің әр алуан руларының билері, батырлары, өкілдері қатысты. Сайлаудың өзі «бұрынғысынша жария өткізілген жоқ, барлық рулардан таңдалған 10 адам, атақты билер ғана қатыстырылып, оның өзінде ханның үйінде өтті... Соның бәрінде барлық билер мен атақты ақсақалдар және ханшайымның төңірегіндегі қазақтар бәрін оған, Нұралы сұлтанның еркіне салды, сонан соң барлығы әр түрлі шенді 1000-нан астам адам келесі күні тарап кетті». Нұралы өз жағдайының солқылдақтығын сезініп, сайлаудан кейін бірден патша үкіметіне өзін хан атағына бекітуге өтініш жасады. Сонымен бірге 1748 жылдың аяғында Нұралы ханға жылына 600 сом мөлшерінде мемле-кеттік айлық тағайындалды. Бір жылдан кейін Ресей үкіметі Нұралының хандығын мойындады [3. 208-б].

1731 жылы қазақтың кіші жүз мекендеген жері Ресей бодандығына өткен кезде К.Тевкелевті кездестірген. 1740 жылы Арал қазақтарының ханы сайланған. 1741 жылы Хиуа хандығының ханы Тахирді өлтірді. Алайда Нәдір шахтың ұлы таққа Жолбарыс ханның ұлын – Мұхамед Абылғазыны отырғызды. Хиуаның ханы атағына ие болмағаннан кейін Нұралы хан елге қайтады. Інісі Ералымен бірге Ор бекінісіне кездесуге аттанады.

Әбілқайыр хан бұл кездесуге шақыруды қабылдаған жоқ. Өйткені бұл кездесуге Әбілмәмбетте шақырылған болатын. Нұралы мен Ералы кездесудің аяқталуын күтпей, жасырын түрде әкелеріне кетіп қалады.

Ресей Империясы істерінің жақтаушысы, Нұралы хан 1755 жылы Батыршының қол астында башқұрттардың көтерілісіне қатысты, ал 1771 жылы Жоңғарияға қашқан торғауыттар мен қалмақтарды аңдыған жасауылды басқарды.

Қазақтардың башқұрттардың ісіне араласуы, башқұрттарды қудалауы кейін үлкен дауға айналып, қазақ жеріндегі барымтаның көбеюіне әкеп соқты.

Е.Пугачевтің көтерілісі кезіндегі екі жақты саясатты ұстанды. Кіші жүздің рулары ханға риза емес екенің білдіріп, Патшаға оның үстінен арыз түсірді. Ол өзінде Ресей үкіметіне мықты рубасылар Қазыбек би, Қабанбай батырдың билігін репрессиялық түрде шектеуін өтінген. 1786 жылы Сырым батырдың көтерілісі күшейген кезде, билігінен айырылып, ресейлік бекіністерде жасырынды. Ол жақтан Уфаға қоныс аударды. 1786-1790 жылдары Кіші жүзде хандық билік болған жоқ [4. с.115.].

Бастапқыда шешесі Бопай ханымның ақылымен әрекет жасап, әкесінің саясатын жалғастыруға тырысты. Ол Ресей әкімшілігінің Жайық бойын отарлауына барынша қарсылық көрсетті. Орыс патшайымы Елизавета Петровнаға бірнеше рет елші жіберіп, қазақ даласын отарлаудың негізсіздігін дәлелдеуге, оны тоқтатуға талпынды.

Нұралы ханның оралуын өтініп Орта жүздің беделді өкілі Құдайменді, кейіннен Уәли хан Ресей патшасының алдында жауапкершілікті мойындарына алды.

1787 жылы халықтық жиналыста Кіші жүз руларының көпшілігі Әбілқайыр ханның әруағын қадірлеп, Нұралының қайта билікке келгенің қалайтындарын білдірді.

Орынбордың тұңғыш губернаторы Неплюевтің көмегімен Кіші жүздің тұтастығын сақтап қалуға тырысып, Арал бойына өзін «хан» жариялаған Батыр сұлтанмен күресті.

1750 жылы әкесі Әбілхайырға кесене салғызды. Алайда орталық билікті күшейту қамымен қол астындағы халықтың бір бөлігін өзіне қарсы қойып алды. Әсіресе қайшылықты ахуал Сырым Датұлының көтерілісі кезінде тым шиеленісіп кетті. 1773-1775 жылдары шаруалар соғысында Е.Пугачевтің көтерілісіне қолдау көрсеткенімен бірақ оны толық қолдамады.

1783 жылы Жайық казактары Сырым мен Нұралы хан ауылдарын тонау жорықтарын бастады. Нұралы хан Сырымның ел арасында беделі жоғары екенін білгендіктен, оны орыстардың түрмесінен босатып алады.

Сырым темір тордан шыққан соң халық көтерілісінің қарқыны үдей түсті. Бұл уақытта патшаға қарсы бас көтеруден қорыққан Нұралы хан Сырымға қарсы шығып, Ресейді көмек беруге шақырады. Осы кезден бастап Сырым батырға екі жаумен бірдей шайқасуға тура келеді.

1784 жылы Сырым Сағыз өзенінің бойында Нұралы ханға шабуыл жасағанда, ол орыс-казак бекіністеріне қашып құтылды. 1785 жылы Сырымның үзеңгілері орналасқан аудандарда - Орал бекінісінің төменгі жағында ірі шайқастар болды. 1783-1785 жылдары қазақтың байбақты, табын және тама руларының жайылымдық жерлерін казактар басып алған соң, қиян-кескі ұрыстар болып өтеді. Бұл кезеңде Кіші жүздің батыс аудандарында көтерілістер басталып, олар Жайық пен Ембі өзендері арасында көшіп-қонып жүрген руларды да қамтыды. Қалыптасқан жағдайды пайдалана отырып, патша өкіметі тікелей ру старшындарымен келіссөздер жүргізе бастады.

1786 жылы 3 маусымда Нұралының өз ықтиярымен Ресей билігіне көнбейтіндігіне әбден көзі жеткен Екатерина II-нің жарлығымен тақтан түсті. Алғашында Жайық бекінісіндегі абақтыға қамалып, кейін Уфаға жер аударылды. Нұралы хан 1790 жылы Уфада қайтыс болып, сол жерде жерленеді. 1792 жылы хан тағына інісі Ералы отырды. Нұралының бірнеше әйелінен тараған ұрпақтарының арасынан кейіннен казак халқының саяси, әскери, мәдени тарихында үлкен рөл атқарған қайраткерлер көп шықты. [5. 415 б.]

Ханның 70-тен аса балалары болған, оның ішінде 32 ұлы, 34 қызы болған. Оның ішінде атақтылары: Есім, Бөкей, Гизалы, Бердығалы, Пиралы, Бегалы, Ильтай, Есеналы, Жалтыр, Ишалы, Қаратай, Қондырау, Сейдалы, Сығай, Айтөре, Артықғали, Шока, Мұхамедғали, Аблай, Арслан, Бердалы, Орман, Узбекғали, Жусіп [2. С.115].

Нұралы күрделі де қайшылықты тұлға, сондықтан оған бір жақты баға беруге болмайды. Ол Ресей әкімшілігінің Жайық бойын отарлауына барынша қарсылық көрсетті. Орыс патшайымы Елизавета Петровнаға бірнеше рет елші жіберіп, казак даласын отарлаудың негізсіздігін дәлелдеуге, оны тоқтатуға талпынды. Жоңғария билеушісі Сыбан Доржымен дипломатты байланыс орнатты.

Ұлы казак деген елдің айбынды ұрпақтары бола отырып, өз халқымыздың басынан кешкен оқиғалары бізге сабақ болуы тиіс. Небір зұлматты замандар өтіп, Тұран даланың тарихында жортып өткен айбынды батыр бабалардың жұрнағымыз. Бір кездері казак даласында бұрқасындай көтерілген кез болған, сан қилы ата-бабаларымыздың ерлігін естен шығармаған жөн. Ендеше ел ертеңі бүгінгі жас ұрпақ қолында екенін санадан өшірмеуіміз қажет.

1. Назарбаев Н.Ә. *Ғасырлар тоғысында*. – Алматы, 1992.

2. Ерофеева И.В. *Казахские ханы и ханские династии в XVIII - середине XIX вв. // Культура и история Центральной Азии и Казахстана: Проблемы и перспективы исследования. Материалы к Летнему Университету по истории и культуре Центральной Азии и Казахстана (4-23 августа 1997 г. Алматы)*. – Алматы, 1997.

3. *Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. Т. 3. «Атамұра»*. – Алматы, 2010.

4. Артықбаев Ж.О. *Материалы к истории правящего дома казахов*. – Алматы, 2001.

5. *Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 8 том*. – Алматы, 1976.

Аннотация

Наша история пережила много репрессий и притеснений, связанных с политической властью. Великие политические личности – батыры, бии, ханы – золотой вязью вписали свои имена в историю казахского народа. Наша исследовательская работа дает всестороннюю характеристику жизни и деятельности одной из таких великих личностей, отличающейся организаторскими способностями и гордым характером – хану Нуралы, а также раскрывает социально-политические события, происходившие в период его правления, когда в стране то и дело возникали различные социально-политические смуты и волнения. Правление хана Нуралы представляет собой важную эпоху отечественной истории. В статье рассматриваются причины волнений той эпохи и дает характеристику некоторым сторонам в отношениях между казахским обществом того региона с приграничными жителями России.

Ключевые слова: Царская Россия, Российская империя, российское правительство, река Сагиз, кочевые цивилизации, волости, Батырши, Надир-шах, репрессии.

Abstract

Our history has gone through a lot of repression and harassment related to political power. The great political personality like batyrs, bies, and khans filled in their names with gold script in the history of Kazakh people. Our research provides a comprehensive description of the life and work of one of this great personality which is different in organizational abilities and proud character, Khan Nuraly, and also reveals the socio-political events that took place during his reign, when there were various socio-political confusion and excitement. Khan Nuraly Board represents an important era of national history. This article discusses the reasons for unrest of that era and gives a description of some of the parties in the relationship between the Kazakh society of the region with neighboring residents of Russia.

Keywords: Tsarist Russia, the Russian Empire, the Russian government, the river Sagyz, nomadic civilization, volost, Batyrsha, Nadir Shah, repression.

ӘОЖ 930: | 653 |

ХАҚНАЗАР ХАННЫҢ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫН НЫҒАЙТУДАҒЫ РӨЛІ

Абдрасилова С.Т. – М.Әуезов атындағы ОҚМУ
«Қазақстан тарихы» кафедрасының оқытушысы

Түйіндеме

Мақалада автор еліміздің тәуелсіздігін алғалы бері өз тарихымыз бен тілімізге ерекше ден қойып, халқымыздың өткен тарихына ыждағаттылықпен қарау қажеттілігі жөнінде зерттеушілеріміздің еңбектерінде келтіретін тарих тағылымдары ашылады.

Сонымен қатар көшпелілер өркениетінің құрамдас бөлігі болып табылатын қазақ мемлекетінің пайда болуы мен дамуының тарихы тереңде жатқанына және Қазақстан аумағында өмір сүрген сақ, үйсін, ғұн, қаңлыларда мемлекеттік белгілер пайда болғандығы баяндалады. Қазақ хандығының құрылуы туралы мол мұрағат материалдарын пайдалана отырып, автор Хақназар хан тұсындағы Қазақ хандығының саяси жағдайына тоқталады.

Тірек сөздер: қазақ халқы, мемлекет, тарих, Хақназар хан, тарихнамағ деректер

Ұлы Дала елінің бүгінгі биігі тарих тағылымында Тәуелсіздігімізді алғаннан бері тарих, тіл, дін, діл мәселесі ерекше екпінмен көтеріліп, халқымыздың өткен дәуірі ұлттық мүдде тұрғысынан жазыла бастағаны белгілі. Бұл – болашақ ұрпақтың тарихымызды терең тануы үшін қажет қадам.

«2015 жылды ұлттық тарихымызды ұлықтау, бүгінгі белестерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы деп есептеу керек» - деген, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев 2015 жылы Қазақстан қазақ хандығының 550 жылдығы, Ата Заңымыздың 20 жылдығын атап өтетіндігімізді мәлімдеді.

Қазақстандық тарихшы-ғалымдардың Мұхамед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» еңбегін негізге ала отырып, жан-жақты зерттеу нәтижесінде Қазақ Хандығының құрылған жылы (түпнұсқада хиджраның 870 жылы) 1465 жыл деген қорытындысы алынды.

«Ұлт тарихы – мемлекет тарихы. Қазақтардың тарихи төл-тамыры мейлінше тереңде. Ондай төл-тамыр алғашқы қазақ хандығы құрылған кезеңмен шектелмейді. Біздің кіндігіміз жеті атамызбен ғана толысып жатқан жоқ, одан әрі Үнді мен Ніл, Еділ мен Дон, жағалауларына қазақ даласының рухын жеткізген бабаларымызбен толысып жатыр» [1]. Көшпелілер өркениетінің құрамдас бөлігі болып табылатын қазақ мемлекетінің пайда болуы мен дамуының тарихы тереңде жатыр. Қазақстан аумағындағы сақ, үйсін, ғұн, қаңлыларда біздің заманымыздың шегінде мемлекеттік белгілер пайда болды.

Қазақ халқының арғы тегі болған бұл тайпалар б.д.д. VIII ғасырдан біздің дәуіріміздің VI ғасырына дейінгі аралықты қамтиды. Бұл ру-тайпалардың генокорында, экономикалық тұрмыс-тіршілігінде, рухы мен мәдениетінде, ділі мен тілінде туыстық жақындық және ұлттық біртектілік бар еді. Олар қазақ ұлтының құралуындағы алғышарт пен ұйтқы болды.

Осыған байланысты «бүгінгі қазақ халқы - сонау есте жоқ ескі замандардан-ақ тұлпарларының тұяғымен дүниені дүр сілкіндірген көне сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түріктердің ұрпағы, үлкен үйдің қара шаңырағын ата жұртта сақтап қалған халық», деп сонау 1992 жылдың өзінде, тәуелсіздіктің таңсәрі шағында, Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайында айтқан Елбасымыз осы жылдардың өн бойында тарихқа құрметпен қараудың, өткенімізден өнеге алудың үйренерлік үлгісін көрсетумен келеді [2].

Қазақ даласы VI ғасырдан бастап қоғамдық дамудың жаңа сатысына қадам басты, ру-тайпалар ерте феодалдық және феодалдық-хандықтардың қол астына бас қоса бастады. Атап айтқанда, VI ғасырдан XII ғасырға дейін Түрік қағандығының, Түркеш қағандығының, Қарлық қағандығының, Қыпшақ, Қарахан мемлекеттері қол астына бірікті.

Қазақ жеріндегі ұлыстар, Алтын Орда, Ақ орда, Ноғай ордасы, Моғолстан, Әбілқайыр хандығы 1465 жылы құрылған Қазақ мемлекетінің негіздері болып табылады.

Кейбір зерттеушілердің ойынша, XVI ғасырдың 50-жылдарында Қасым ханның ұлы Хақназар бастаған Қазақ одағы «қайта түлей» бастаған. Хақназар ханның тегі туралы мынадай мәліметтер бар. Мәселен, «Джахан - арада» Гаффар былай дейді: «Сейтақ ханның ұлы, Жәнібектің ұлы, Берді ханның ұлы Қасым хан Дештінің патшасы болды. Ол (*Қасым хан-А.С.*) 930 жылдың (*хиджраның-А.С.*) 1-ші айында өлді. Қасым ханның ұлы Хақназар хан әкесінен кейін патшалыққа отырды және енді Дештінің әміршісі болып табылады» [3]. Алайда, біріншіден, Қасым ханды Сайидақ ханның ұрпағы деп атау дұрыс емес. Шынында ол Жәнібектің баласы. Сірә, Сайидақ (Әбу-Саид) пен Жәнібек есімдерін автор бір адамның орнына екі адам деп есептесе керек, ал басқа деректемелер бойынша, Жәнібектің өзі – Әбу-Саид (Сайидақ). В.В. Вельяминов-Зернов «Исследования о Касимовских царях и царевичах» деген еңбегінде Сейдақ-Жәнібек есімінің қате жазылуы деп атап өтеді [4]. Екіншіден, Қасым хан өлгеннен кейін Хақназар хан болды деген мағлұмат шындыққа жанаспайды, өйткені ол кезде Хақназар әлі бала болатын, сондықтан билік Қасымның ұлы Мамаш ханның қолына көшті, ол жоғарыда айтылғанындай, шайқастардың бірінде қайтыс болды.

Ноғайларда болып қайтқан мемлекеттік елші Данила Губиннің 1535 жылғы хатында былай деп хабарланған: «Ал қазақтар, Патша ағзам, өте күшті деседі, Патша ағзам, Ташкентпен және Ташкент ханзадаларымен соғысты деседі, олармен екі рет шайқасты, қазақтар оларды талқандады деседі» [5].

Қасым ханның баласы Хақназар хан (1538-1580 жж.) тұсында Қазақ хандығы қайта бірігіп, дами түсті. Ол хандық билікті нығайтуға және күшейтуге қажырлы қайрат жұмсады. Өзінен бұрын бытыраңқы жағдайға түскен Қазақ хандығын қайта біріктірді. Хақназар қазақ-қырғыз одағын одан әрі нығайтты, сол заманның тарихи деректерінде оны «қазақтар мен қырғыздардың патшасы» деп атады. Ол осы қазақ - қырғыз одағына сүйене отырып, Моғолстан хандарының Жетісу мен Ыстықкөл алабын жаулап алу әрекетіне тойтарыс берді [6].

Хақназар хандық құрған кезде Қазақ хандығының сыртқы жағдайында аса ірі тарихи оқиғалар болып жатты. Мемлекеттің солтүстігінде Ресей өз иеліктерін қазақ даласына едәуір жылжытты. Қазан мен Астраханьды басып алғаннан кейін Еділ өзенінің барлық аңғары Ресейдің қол астына кірді. Башқұрт және Сібір хандықтары Ресей құрамына енгеннен кейін, ноғайлар Қазақ хандығының солтүстік-шығысына ығыса бастады. Олар Еділден Ертіске дейінгі аралықта көшіп-қонып жүрді. Башқұрттар мен Сібір татарлары да қазақ жерлеріне енуін тоқтатпады. Сырдарияның төменгі ағысына қарақалпақтар келе бастады.

Осындай кезеңде билікті қолына алған Ақназар елінің еңсесін көтеріп, сыртқы жағдайларды Қазақ ордасының мүддесіне пайдалана білді. Қасым ханның ісін ілгері жалғастырып, Ноғай ордасының бір бөлігін Қазақ хандығына қосты. Мемлекет шекарасын Еділ мен Жайыққа жеткізді. Башқұрт халқының Ресейге мойынсұнбаған бөлігі де Қазақ ордасының құрамына кірді.

Орыс патшасы Иван Грозный Ақназарды күдіретті әмірші ретінде танып, елшілер жіберіп тұрды. Ақназар Сібір хандығымен күрестің нәтижесінде Орта жүздің шетте жүрген руларын оңтүстікке топтастырды. Ойраттарға 1554 жылы күйрете соққы берді. 1555 жылы Моғолстан ханы Абд әр-Рашид ұлы Абд әл-Ләтиф сұлтанды жеңіп, Ұлы жүз руларының көпшілігін қосып алды. Моғолдар шебі Тәңіртаудан әрі ысырылды. Түркістан, Сығанақ, Сауран, Сайрам, Тараз қалаларын қайтарып алды [7].

Қырғыздардың бір бөлігі Ақназарды хан деп таныды. Бұдан соң Шайбани ұрпақтарымен саяси-мәмлгерлік тәсілдермен де, қарудың күшімен де шешуші ұрыстар бастады. Бұхар ханы Абдолла мен Ташкент уәлаятының әмірі Баба сұлтанның алауыздығын пайдаланып, Ташкентті қосып алуды көздеп жүрген Ақназар жорықта қаза тапты. Ақназардан Дінмұхамед, Мұңғытай, Бозғыл есімді балалар қалған. Дінмұхамед біраз уақыт Ташкентті және Хиуаны билеген.

Еділ мен Жайық арасындағы өңірді мекендеген Ноғай Ордасы ыдырай бастады. Ноғай одағы ыдырап, ауыр дағдарысқа тап болды. Оған қарасты көшпелі тайпалардың бір бөлегі Қазақ хандығына келіп қосылды. Хақназар Ноғай Ордасының көп ұлысын (*бұлардың көбі қазақтың Кіші жүзі – алышын одағына енген тайпалар - А.С.*) өзіне қаратып алды. Тарихи деректерде Хақназарды «қазақтар мен ноғайлардың ханы» деп атаған. Сөйтіп, XVI ғасырдың 60-шы жылдары Ноғай Ордасы ыдырап, бұрын оған қараған қазақ тайпалары және олардың этникалық территориясы Қазақ хандығына бірікті. Бұрын Ноғай Ордасының астанасы болып келген Сарайшық қаласы да Қазақ хандығына өтті. Бұл жағдай Қазақ хандығының солтүстік-батыс және солтүстік жағындағы жағдайда өзгеріс тудырды. Орыс мемлекеті мен Қазақ хандығы арасындағы кең өңірді алып жатқан Ноғай Ордасының ыдырауы, оның бір бөлігінің Қазақ хандығына қосылып, енді бір бөлегінің орыс патшасына бағынуы, шығысқа қарай кеңейіп келе жатқан орыс

мемлекетінің шекарасын Қазақ хандығына жақындата түсті [8].

Қазақ жүздерінің бөлінуі жөніндегі халық аңыздарының Хакназар есімімен байланысты екенін ғылым да жоққа шығармайды. Қазақ жүздерінің Хакназар тұсында пайда болғанын ауыз әдебиетіміздің асыл мұраларының бірінде:

«Алаштан қазақ тараған,
Ноғайлыға қараған.
Жауға алдырмай ноғайлар,
Бір-біріне жараған.
Ноғайдан қазақ бөлініп,
Үш жүз болып тараған» -,

деген тарихи жолдар дәлелдей түседі. Алғашқы жол қазақтың тегі алты алаштың бірі екенін меңзесе, екінші жол қазақ хандығы ыдырап елді жекелеген сұлтандар бастап қазақтардың Ноғай ордасына қарап кеткен кезін көрсетеді. Шумақтың үшінші, төртінші жолы құлауға айналған хандықтың елін еншілеп, жерін кеңейтіп алуға ұмтылған қырда қалмақтардың, ойда шайбанилықтар мен моғолстандықтардың әрекетінен көрініс береді. Бұл жоғарыда айтылған Хакназар бастаған қазақтардың төрт тарапта майдан ашып жүрген кезіне тұспа-тұс келеді. Және Ноғай ордасының орыс бодандығына қарап, Қазақ хандығынан біржола ірге ажыратқан кезінен хабар береді. Міне, қазақ жүздерінің де пайда болған кезі осы тұсқа келеді. Жырау жырлаған «*Ноғайдан қазақ бөлініп, үш жүз болып тараған*», - деген жолдар осыған куә.

XVI ғасырдың екінші жартысында әлсіреген хандықты біріктіруде Қасым ханның баласы Хакназар (1538-1580 жж.) өз үлесін қосты. Ноғай Ордасындағы алауыздықты сәтті пайдаланған ол, Жайық өзенінің сол жағындағы жерді қосып алды. Оның тұсында Жетісу мен Тянь-Шаньды басып алуды көздеген Моғол ханы Абд-Рашидке қарсы ұтымды күрес жүргізілді. Хакназар өзара тартыста өзбек ханы Абдулланы қолдау арқылы Сыр бойындағы қалаларды (*Сауран, Түркістан-А.С.*) өзіне бағындырды. Оның Абдулламен байланысынан қорыққан Ташкенттің ұлыстық әміршісі Баба сұлтан жансыздары арқылы Хакназарды у беріп өлтірді. Қадырғали Жалайырдың айтуынша «Оның да атағы мен абыройы туралы көп айтылады. Алайда Хакназар хан өз араларында болған қақтығыстарда қаза болған».

Қорытындылай келе, Қасым ханның баласы Хакназар (Ақназар) хан тұсында қазақ хандығы қайта бірігіп дами түсті. Хакназар қазақ хандығын 42 жыл биледі. Қазақ хандығының 300 жылдық тарихында Хакназардай ұзақ жыл ел билеген хан болған емес. Ол ел басқару, қиын-қыстау, әскери-саяси істері жағында қажырлы да қабілетті қайраткер болды. Оның үстіне аса күрделі сыртқы жағдайларда дипломатиялық дарыны мол майталман екендігін көрсетті. Қазақ жерін Керей мен Кенесарыға дейінгі 382 жылда Қазақ хандығын 20 хан басқарған. Өзге ұлт өкілдерін сырттан қоныстандыру арқылы көп этносты елге айналдырды.

1. Назарбаев Н. *Тарих толқынында*. – Алматы, 1999 ж. – 24-бет.
2. *Тарихи сенімділік – біздің ұлы тірегіміз*. //Егемен Қазақстан, 10.09.2015 ж., 1-бет.
3. *Қазақстан тарихы*. – Алматы: Атамұра, 2010 ж. – 395-бет.
4. Вельяминов-Зернов В.В. *Исследование о Касимовских царях и царицах*. – ТВО-РАО. Спб., 1864, ч.Х, 262-бет.
5. Левшин А. *Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей*. – СПб., 1832, т.2, 47-бет
6. *Қазақстан тарихы*, NURPRESS. – Алматы, 2011. – 87-бет.
7. *Қазақстан ұлттық энциклопедиясы*, 1 том.
8. *Қазақстан тарихы*, Қазақ университеті. – Алматы, 2008. – 76-бет.

Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы внешней политики и военно-политическая деятельность Казахского ханства при хане Хакназаре. Хан Хакназар был во главе Казахского ханства целых года, в годы правления он проявил себя как талантливый военачальник и всесторонний деятель. В самые сложные времена существования Казахского ханства он смог проявить устойчивость в дипломатических отношениях с соседними государствами. Его роль в истории казахского народа запомнилась как одной из очень впечатлительной и яркой.

Ключевые слова: Казахское ханство, народ, ханы, международные отношения, дипломатия

Resume

This article discusses the issues of foreign policy and military-political activity of the Kazakh khanate under Khan Khaknazar. Khaknazar Khan was headed Kazakh Khanate whole year, during the reign he proved himself as a talented military leader and a comprehensive figure. In the most difficult times of the Kazakh Khanate he could pravit stability in diplomatic relations with the neighboring states.

Keywords: Kazakh Khanate, the people, the khans, international relations, diplomacy

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНА – 20 ЖЫЛ 20 ЛЕТ АССАМБЛЕИ НАРОДА КАЗАХСТАНА

УДК 316.7 (574)

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРТҮТАСТЫҒЫ – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ ШАРТЫ

Халидуллин Ғ. – т.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры

Түйіндеме

Автор бұл мақалада республика халқының біртұтастығын тілге тиек ете отырып, еліміздегі этносаралық татулық пен бірлікті нығайтудың маңыздылығына ерекше назар аударады. 1995 жылғы 1 наурызда ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясының биылғы жылғы 20 жылдық мерейтойының аталып өтілуі жөнінде сөз болады.

Қазіргі Қазақстан халқы – бірлігі мемлекеттің стратегиялық мақсатына айналған ұлт пен этнос өкілдерінің жүректерінің мейірімділігі арқасында біртұтастанудағы қауымдастық екендігіне назар аударылады.

Тірек сөздер: Ассамблея, республика, халық, татулық, келісім, татулық, сенім, толеранттылық

Елбасы әрбір Жолдауында елдің ішкі және сыртқы қатынастардағы күрмегі көп, шешімі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда республика халқының біртұтастығын мақсат тұта отырып, этносаралық татулық пен бірлікті нығайтудың маңыздылығына ерекше назар аударылды. Қазіргі Қазақстан халқы – бірлігі мемлекеттің стратегиялық мақсатына айналған ұлт пен этнос өкілдерінің жүректерінің мейірімділігі арқасында біртұтастанудағы қауымдастық.

Президент 2014 ж. қараша айындағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Халыққа жолдауында, желтоқсандағы Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты мәжілісте сөйлеген «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі – Мәңгілік елдің ұлы тарихы» құттықтау сөзінде, БАҚ өкілдерімен кездесуде берген сұхбатында біртұтас идеяны, «Мәңгі ел» идеясын жүзеге асыру жолындағы мемлекеттің негізгі стратегиясын жариялап, ел дамуының басты бағыттары бойынша атқарар шараларын нақтылап көрсетті.

Соның ішінде 2015 жылы атап өтілудегі:

1. Қазақстан халықтары Ассамблеясының құрылуының, ҚР Конституциясын халық болып қабылдауының 20 жылдығына байланысты;

2. Қазақ хандығының құрылуының 550 жылдығына орай;

3. Ұлы Отан соғысындағы фашизмді жеңудің 70 жылдығына қатысты шаралар тарихшыларға үлкен міндеттер жүктеді.

Бұл ең алдымен білім беру саласымен ғылыми зерттеулерге қатысты. «Біздің өткендегі тарихымыз біртұтас және оңпайымды болуы тиіс. Ол Қазақстандықтарды бөлуі емес, біріктіруі керек» деген Президент сөзі тарихи зерттеулерде этносаралық татулықты насихаттауға ерекше мән берілуінің қажеттігін көрсетті.

Тәуелсіздіктің арқасында әлемге танылудағы Қазақстанда 2009 жылы екінші Ұлттық санақ жүргізілді. Санақта елде 127 этнос: қазақ ұлты және басқа ұлттармен этностар өкілдері тіркелді. Осы кезде айта кететін жайт, Қазақстан халқының құрамын «көпұлтты» дегеннен көрі «полиэтносты» деген ұғым дұрыс. Себебі, «ұлт» деген атау өз мемлекетінің аумағында өмір сүрген этносқа ғана тиесілі. Ал, тарихи отаннан тыс жерлердегі ұлт бөлігі тарихи отаны үшін «диаспора» болып табылады, ал өмір сүретін елдерде «ұлт өкілі» немесе «этнос өкілі» болып есептелінеді.

Бір елді мекендеген халықтың тағдыры да бір. Ғаламдану заманындағы тайталаста, әлемдегі алдыңғы қатарлы 30 мемлекеттің қатарына ену үшін елдің барлық салаларының замануи деңгейде дамуын жүзеге асыру этностық ерекшелікті Қазақстандық біртұтастықпен үйлестіру мен этносаралық келісім жағдайында толыққанды болады.

2014 жылы қарашадағы халыққа Жолдауында Елбасы: «Этносаралық келісім – өміршенді оттегі. Біз демалған кезде оны байқамаймыз, ол өздігінен болады – біз жай ғана өмір сүрудеміз» деген болатын [1].

Ал, тұрақтылық пен келісім дегеніміз не?

Ол – отбасылық әл-ауқат, қауіпсіздік, баспана. Ол – бейбітшілік, әке мен ана қуанышы денсаулығы және балалардың бақыты. «Бейбіт өмір» қарапайым сөзбен айтқанда, «бақыт» деп аталады! «Басқа бақыттың қонуы бір бөлек, сол бақытты бағалау бір бөлек» деген Елбасы, барды бағалауға және оны еселеуге шақырды: «Тәуелсіздік – тарихтың сыйы немесе бүгінгі буынның меншігі емес. Ол – өткен бабалар алдындағы қасиетті борыш және келешек ұрпақтың алдындағы зор жауапкершілік» – деген Президенттің сөзі қазақтың тәуелсіздік үшін күресін, тіпті бүкіл өткен тарихын мақтан тұтумен бірге еліміздің болашақта атқаруға тиісті міндеттерді меңзеп кетті. Ең басты міндет – қазақ жеріне ғасырлар бойы тағдырдың қалауымен келіп, қоныстанып, отаным деп қоян-қолтық өмір сүрудегі отандастарымызбен татулықты, бірлігімізді сақтап, оны нығайту екенін және оның бүкіл Қазақстандықтардың қалауы екенін айтқымыз келеді.

Ғаламдану заманына әлден-ақ еніп кеткен Қазақстан қоғамының қазіргісі мен болашағы халықтың бірлігі мен достығына тікелей қатысты.

Қазақстанда тұратын этностар мен ұлыстардың ұйытқысы мемлекет құраушы қазақ ұлты екендігін елге де, әлемге де көрсетті және дәлелдеуде. Бейбіт өмір мен бауырмашылықты қадірлеген, ауызбіршілігі, ынтымағы жарасқан халқымыз қазіргі және болашақ өмір сүру үшін тұрақтылық пен татулық төңірегіне Қазақстандағы барлық этнос өкілдерін ұйытуда. Сондай-ақ, Қазақстанды отаным деп сезінген әрбір азамат тәуелсіздігіміз бен байырғы қазақ жерінде құрылған мемлекетімізді дамытуды басты құндылық деп есептейді.

Этносаралық төзімділіктің Қазақстандық үлгісін қалыптастырудағы этносаралық қатынастар мен қоғамдық келісімді үйлестіруші институт – 1995 жылы құрылған Қазақстан халықтары Ассамблеясының рөлі ерекше.

Қазақстанның тәуелсіздігін барша әлемге жариялағанына 3 жыл 3 ай болған, елдің экономикалық дағдарыста, халықтың сыртқа көші-қоны күшейіп, ақыл-ойдың сыртқа ағылуының жаппай орын алып, табиғи өсім құлдыраған кезінде 1995 жылғы 1 наурызда Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы жарлыққа қол қойды. Бұл жарлық Елбасының жаңа Қазақстандық жолды салуға бағытталған шараларының бірі болып табылады. Елдің шекарасын, мемлекеттігін нығайту, алдағы даму жолын белгілеумен қатар, әлемдік үрдістердің беталысында Қазақстанның тәуелсіз ел ретіндегі орнын сақтап, алдыңғы қатарлы дамыған ел атануына қажетті басты күш – ел бірлігі екенін қалтқысыз түсінген Елбасы Қазақстан халқы Ассамблеясының бірінші сессиясында жасаған тарихи баяндамасында «Мен елімнің Президенті ретінде қоғамдық тұрақтылықты және ұлтаралық келісімді қамтамасыз етуді өзімнің басты міндетім деп санаймын. Бірлік аспаннан өзі келіп түспейді, тек қарқынды жұмыс арқылы келеді. Мен кең байтақ жерімде татулық пен тыныштық болсын тілеймін. Мұның, ең алдымен миллиондаған қазақстандық отбасына керек екенін еске аламын. Мен қайғыдан шашы ағарған аналардың балаларын жоқтамағанын, сәбилердің мүгедек болмауын, қарт адамдардың күйреген үйлерінің алдында қасірет шегіп, жыламағанын қалаймын», деп сол кездегі ең өзекті, ең маңызды мәселені нақтылады [2].

Қазақстан халқы Ассамблеясының алғашқы құрылтайында Елбасы жаңа институттың қоғамдағы рөлі мен жұмысының басты контурларын сол кезде-ақ: «Осыдан бастап қоғамдық мәселелердің барлық қырлары бойынша, әсіресе ұлттық саясатта мемлекеттік актілер Ассамблеяның пікірлерін ескеріп және оның тікелей қатысуымен қабылдануға тиіс. Ол актілердің әрқайсысы еліміздегі барлық этностардың мүдделеріне қайшы келмеуі қадағаланып, сараптан өткізілуі керек», деп қолмен қойғандай нақтылап берді. Бұл кейін идеологиялық тренд ретінде орнығып, әлемге «бейбітшілік пен қоғамдық келісімнің Назарбаев моделі» деген атпен белгілі болған Қазақстан халқы Ассамблеясының алғашқы қадамы еді.

Арада 20 жыл өтсе де Елбасының бұл сөзденінің өзектілігі артып, күн өткен сайын өміршеңдігі айқындала түсті.

Елбасы айтқандай, 2015 жыл той тойлайтын емес, ой ойлайтын жыл. Елдегі бейбітшілік пен келісім, тұрақтылық пен татулық Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметінің негізгі тетігіне айналған. Ал, басты құндылық болып табылатын Ел бірлігінің тұтқасы Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметіне де қатысты. Яғни, Ассамблеяның орны ерекше. Қоғамдық өмірдің салаларын біріктіретін, бір мақсатқа бағыттайтын күш – Ел бірлігі. Бірлік болмаса, бейбітшілік пен келісім болмаса өлшеусіз термен, қыруар қажыр-қайратпен жасалып жатқан еліміздің өркендету жолындағы еңбектің бәрі де бекер. Яғни, ресми түрде Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жарияланған 2015 жыл Ассамблея институтының мерейтойы емес, құнды қазынамыз – Ел бірлігі жылы, бейбітшілік пен келісімнің Назарбаев моделінің жылы [2].

Этносаралық қатынастарды реттеудің толық заңнамалық базасы құрылды. Ассамблеяға конституциялық орган мәртебесі беріліп, ол Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне 9 депутат сайлау құқығын иеленді. «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң қабылданып, Ассамблеяның құрылымы мен қызметінің, еліміздің қоғамдық-саяси жүйесінде алатын орны мен рөлінің нормативтік-құқықтық реттелуі заңнамалық негізде қамтамасыз етілді. Ассамблеяның негізгі стратегиялық және бағдарламалық құжаттары өмірге келді. Ел ішінде мұқият талқыланып, Елбасы мақұлдаған «Ел бірлігі доктринасы» бейбітшілік пен қоғамдық келісімді нығайтудың «бір ел – бір тағдыр», «тегі басқа – теңдігі бір», «ұлт рухының дамуы» сияқты басты қағидаларын айқындап берді. Елбасының Өкімімен бекітілген Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы ережелер оның мәртебесі құзыреттерін, сондай-ақ, Ел бірлігі саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асыруға қатысу тәртібін бекітті. «Қазақстан халқы Ассамблеясының 2020 жылға дейінгі даму тұжырымдамасы» Ел бірлігін нығайту және қоғамдық келісім саласын дамытудың орта мерзімдік стратегиялық бағытын нақтылай түсті [2].

1995 жылдан бастап Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының әрбір сессиясында сөйлеген сөзі мен көтерген бастамалары сол кездегі ел дамуының ең өзекті мәселелерін қамтып отырды.

Құрылған күннен бері Ассамблея еліміздегі этностардың мәдениетінің қайта жаңғыруы мен дамуына елеулі үлес қосып келеді. Қазақстанда әрбір этнос өкілдерінің мәдениеті мен әдет-ғұрпын ұстануларына, ана тілдерін үйрену мен әдебиеттерін таратуға толық мүмкіндігі бар.

Ассамблеяның белсенді қызметінің нәтижесінде Қазақстандағы этностардың мәдени өмірі жандана бастады. Наурыз мейрамы, корей, неміс мәдениетінің фестивальдері, татарлар мен башқұрттардың сабан тойы жалпы халықтық сипатқа ие болды. Дүңгендер, курдтар сияқты, т.б. халықтардың мейрамдары мен

түрлі форумдары республикалық деігейде дәстүрлі түрде өткізіліп отырды. Ассамблея этникалық топтар арасындағы ұйымдастыру жұмыстарының орталығына айналды. Ассамблея органдарына мемлекеттік мәртебе берілуіне байланысты этномәдени орталықтардың мәселелері жедел шешімін тауып, кейбір өзекті мәселелер бойынша үкімет деңгейіндегі шешімдер қабылданады. Ассамблея кеңесінің шешімімен этномәдени қаржылай және ұйымдастыру жұмыстары бойынша көмек көрсету мақсатында республикалық қор құрылған.

Қазақстан халқы Ассамблеясының арнайы сайтында 321 этномәдени орталықтар мен бірлестіктер тіркелген. Бұл тіркелгендері. Сайтта барлығы тіркелмеген болар, себебі Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары – Хатшылық меігерушісі Ералы Тоғжановтың есебі бойынша Қазақстанда 820 этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Ассамблея мен этномәдени бірлестіктердің активі 67 мыңнан астам адамды қамтиды [2].

Аймақтық әкімдердің жанынан ақылдастық-кеңестің орган ретінде қоғамдық келісім кеңестері құрылған. Олар ауыл, аудандардағы әртүрлі ұйымдардың басын бір арнаға тоғыстыратын, қоғамда туындайтын негізгі сауалдардың барлығымен айналысады. Бүгінгі күні еліміздің барлық аймақтарында түрлі деңгейдегі 1035 қоғамдық келісім кеңесі жұмыс істеуде. Ассамблеяның жанынан құрылған отбасында толеранттық тәрбие беру жөніндегі аналар кеңесі еліміздің ең басты құндылықтары – татулық пен тұрақтылықты ұрпақ жадына сіңірудің тиімді ретінде өз жұмысын бастады.

Қиын-қыстау кезеңде сауғалап келген өзге ұлт өкілдерін өгейсітпеген қонақжай да бауырмал қазақпен барлық басқа да этностар өкілдерінің бірлігі мен теңдігі Ел бірлігінің негізгі қағидаларының бірі. Әр бір адам өзінің білімін, қабылетін, кәсібилігін және бәсекеге қабілеттілігін үнемі жетілдіріп отыруға да мүмкіндігі бар.

Егер де өткен ғасырда «елу жылда – ел жаңа» деген болса, ХХІ ғасырда «көзді ашып жұмғанша» өзгеретін әлемде жаңашаланған, қазақтың немесе басқа этнос өкілдерінің қызықты да ыстық, әрі сағынышпен орындалатын және орындалуы оң деп есептелетін құндылықтарды зерттеу, анықтау, қоладну, насихаттау және болашақ ұрпақтың жүрегіне ұялатуды дәстүрге айналдыру керек.

Айта кету керек, Елбасы басшылығымен елде бұл үдерістің қалыпты жағдайға айналуына барынша жағдай жасауда. Әрбір этнос өкілдерінің дәріптеу, қолдау шаралары тынбай жүргізілуде. Әрине, ең алдымен мәдени іс-шаралардан көрінеді. Сонымен бірге саяси шаралар да бар. Оған Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі мен Қазақстандық саяси өмірдегі орны мен рөлі куә. Сонымен бірге, ең бастысы, елдің бас заңнамасы – Конституция тең құқықтық кепілдік береді.

Бұл ғасыр – өзгеше ғасыр. Уақыт пен оқиғалардың, жаңалықтардың көз ілеспес жылдамдықпен өзгеруі Қазақстандық қоғамның соған бейімделуін қажет етеді. Құндылықтардың ғаламданумен тығыз ұштасқан күрт және жылдам, леп-лездік өзгерістері кезінде елдігімізді, ұлттық тұтастығымызды, құндылығымыз бен ерекшелігімізді (с.і. тілдік, мәдени, рухани жалпы этникалық) сақтап, келешек ұрпақтың оны игеріп, жалғастыруын жүйеге айналдыру – бабалар алдындағы борыш және ұрпақтар алдындағы зор жауапкершілік екені белгілі. Міне осы үшін де ҚР Президенті Мәңгілік Ел идеясы төңірегінде топтасу керек деген идеясы өміршенді және заманауи болып табылады.

1. *Нұрлы жол – болашаққа бастар жол. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 11 қараша / http://akorda.kz/kz/page/page_218342_*
2. *Е.Тоғжанов. Ел бірлігі жылы // <http://egemen.kz/2015/01/01/46404>*

Аннотация

Статья «Единство народа Казахстана – главное условие вазвития страны» посвящена анализу становления и развития межэтнической толерантности как фактора национального единства и общественного согласия в Республике Казахстан. Отмечается особая важность модели межэтнической толерантности в современном казахстанском обществе. Показана роль Ассамблеи народа Казахстана, созданная 1 марта 1995 года

Указом Президента страны как институт достижения межэтнического и межконфессионального согласия. Ассамблея народа Казахстана – инструмент гражданской интеграции населения с целью сохранения, укперления национального единства, толерантности и межконфессионального согласия.

Ключевые слова: согласие, народ, нации, доверие, толерантность, Ассамблея, Казахстан

Resume

The article «The unity of the people of Kazakhstan – the main condition for the development of the country» is devoted to the analysis of the formation and development of interethnic tolerance as a factor of national unity and social harmony in the Republic of Kazakhstan. Analysis of this issue has allowed to establish the particular importance of the basics model of

interethnic tolerance in the modern Kazakh society. The role of the Assembly of People of Kazakhstan, established March 1, 1995 Decree of the President of the country as an institution to achieve inter-ethnic and inter-religious harmony. The Assembly of People of Kazakhstan – civic integration of the population in order to preserve, strengthen national unity, tolerance and interfaith harmony.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ПЕРСОНАЛИИ

ӘОЖ 94 (574)

ӘБЖАН ЖӘНЕ УАХИТ ТЕМІРБЕКОВТЕР: ӘКЕНІ БАЛАҒА, БАЛАНЫ ӘКЕГЕ ҚАРСЫ ҚОЮ ИДЕОЛОГИЯСЫ

Қойгелдиев М. – *т.ғ. док., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ*

1917 жылғы империядағы революциялық аласапыран тұсында жедел жүрген өзгерістерге ілесе алмай абдырған қазақ елінің көңілінде үміт отын жаққан екі жаңалықты елеусіз қалдыру мүмкін емес. Олардың бірі осы жылдың наурыз айынан бастап облыстық, уездік, қалалық, тіптен болыстық деңгейлерде құрылып, қазақ өмірінің басты ұйытқысына айналып, оның «соты да, милициясы да, өкіметі де бір өзі болған» Қазақ комитеттерінің құрылуы да, екіншісі осы жылдың желтоқсан айында жалпықазақ съезі сайлаған Алашорда үкіметінің өмірге келуі еді. Ақпан революциясы нәтижесінде орнаған Уақытша үкіметтің билік

орындарына ұлттық балама билік түрі ретінде қалыптасқан Қазақ комитеттері желтоқсандағы жалпықазақ съезі қабылдаған шешімдерден соң бірден Алашорда үкіметінің жергілікті билікті жүргізуші орындарына айналған болатын. Тарихи тұрғыдан алғанда Қазақ комитеттері қазақ елінің табиғи өз ұлттық мемлекеттігіне ұмтылысының, яғни оның өсу және кемелдену жолында тұрғандығының нақты көрінісі еді. Елдің жеке аймақтарында осы процесті тура түсініп, оған атсалысқан адамдар аз болған жоқ. Сонымен бірге бұл мәселенің күрделілігі сонда, оған тартылған кісілердің басым бөлігі қоғамның орта және ауқатты бөлігінен шыққандар еді. Өйткені қазақ қоғамындағы сауатты адамдардың басым бөлігі осы әлеуметтік топтарға тән.

1917 жылдың соңында құрылған Алашорда үкіметі өзінің жергілікті басқару органдарын белгілеу ісін 1918 жылы жалғастырды. Тарихи құжаттар міне осы мазмұндағы жұмыстың 1918 жылдың жазында Көкшетау қаласы мен уезінде атқарылғандығын айғақтайды.

Айыртау өңірінде атқарылған осы істердің басында, Айбасов Қапез сияқты кейін кәулік берген кісілердің көрсетуіне қарағанда, жоғарыда аталған Темірбеков Әбжан деген белсенді тұлға жүрген. Темірбеков Әбжанның міне осы атқарған қызметі, әрине, бұл тақырыпты зерттеуші ретінде біздің тарапымыздан оның тұлғасы мен тағдырына деген қызығушылық тудырғаны рас. Сондықтан да біз ҚР ҰҚК-нің Орталық аппараты мен ҰҚК-нің Солтүстік Қазақстан бойынша департаментіне өтініш білдіріп, Темірбеков Әбжанның жеке тергеу ісімен танысып шығу мүмкіндігіне ие болдық /1/.

Тергеу материалдарының көрсетуіне қарағанда, Темірбеков Әбжан Алашорда үкіметі жойылып, Кеңестік билік біржола орныққан соң белсенді саяси қызметтен біраз уақыт қол үзіп, тек 1926 жылдан бастап өңірдегі мұсылман діні басшыларының кеңестік биліктің дінді шектеу қызметіне қарсы наразылық актілеріне қатынаса бастайды.

Темірбеков Әбжанның мүмкін бұл қызметі де бақылау органдары тарапынан елеусіз қалар ма еді, егер де оның ұлы Уахит үстінен тергеу ісі қозғалмаған болса. Темірбеков Әбжанның ұлы Уахит белсенді-атқамінер астық даярлау ісінде асыра сілтеушілікке жол бергені үшін 1929 жылы комсомолдан шығарылады. Осы жылы ауылдасы Бижігітов Әбубәкірмен (ол дағы топшылдық іске қатысқаны үшін партиядан шығарылған) бірге өздерін нағыз билік жағындағылар ретінде көрсету үшін Октябрь ауданында «ЖАТ» (жаңа төңкерісшілер) аталатын контрреволюциялық ұйым бар деген сөз таратып, өздерін осы құпия ұйымды әшкерелеушілер ретінде көрсетуге тырысады. Осы мақсатты көздеген Уахит Темірбеков 1929 жылдың қазан айының басында Октябрь аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Қасымовтың атына әкесі Әбжанның үстінен мынадай мазмұндағы хат түсіреді:

«Октябрь аудандық БК(б)П жауапты хатшысына №12 аудандық тұрғыны Темірбеков Уахиттен

Арыз

Қысқаша өмір жолым: мен 1905 жылы туылғанмын, содан бүгінге шейін әкемнің асырауындамын. 16 жасқа жеткенше ескіше оқыдым, ал 16-дан 20 жасқа шейін совет мектебінде білім алдым: педтехникумда және ауыл шаруашылығы техникумында, соңғы оқу орнынан үстем таптың өкілі ретінде шығарылдым.

Міне осы жағдайға байланысты мынаны баяндаймын: Менің әкем Әбжан, оның әкесі, яғни менің атам Темірбек молда ретінде халықтың арасында зор беделді болды, ал оның ұлы Әбжан болса молданың баласы болғандықтан жергілікті жұрт арасында ол дағы ықпалды, ақылды адам саналды, сондықтан да жастығына қарамастан 17 жасында оны елі ауыл старшыны етіп сайлады. Старшын болып істеп жүргенде менің әкем Әбжан қарауындағы тұрғындардан пара алды, алған парасын крестьян начальниктерімен бөлісті (ол жөнінде «Еңбекші қазақ» № 156 санында жазылған). Кеңестік билік орнағаннан соң әкем мені өз ықпалында ұстауға күш салды, ал мен болсам оған бағынбауға тырыстым, әкемнен қашып жүріп оқуға түсіп, коммунистік тәрбие алдым, сөйтіп 1924 жылы 9 майда БК(б)П қатарына өттім. Комсомол қызметінде болдым, осы жұмыста жүріп мен әкемнің жасап жүрген әрекеті жаңа тұрмыс пен билікке мүлдем қайшы екендігіне көзім жетті, ол жөнінде «Бостандық туы» газетінің № 76 санында мақала шығардым. 1927 жылдан бастап мен Ортақшылдар болысында қызметте болдым, комсомол жұмысына белсене араластым, сонда 1929 жылдың январь айына шейін істеп, ал февраль айында қызметімнен алындым. Енді міне 9 ай болды үйде отырмын, әкемнің күнделікті тіршілігі көз алдымнан өтуде, ал ол күнде қытай оқиғалары жөнінде мынадай мазмұндағы пікірін айтудан таймайды: «капиталистер шабуылдауда, совет билігі құлайды, комсомолдан шыққан жөн» ж.с.с. ... Бірде, Қытаймен арада болған жан-жалдан соң, әкем біржакқа аттанып кетті, 100 сомдай ақша жаратты. Петропавловскі қаласында болып, Тілеулин және Малдыбаевпен кездеседі. Олардан Жұмабаев Мағжанның тұтқындалғандығы жөнінде хабар естіп, әкемнің өкіріп жылағаны бар.

Әкем жиі жолға шығады, айлап үйде болмайды және мол ақша жұмсайды, соған байланысты жақын арада бар малын шашып тауысатын да шығар. Әбжан менің туған әкем болса да айтайын, ол Кеңес

үкіметіне қарсы әрекет үстінде, сондықтан да мен ол жөнінде Сізге жеткізуді өзіме міндет санадым. Соған қарамастан, аудандық комсомол комитеті мені жат элемент санайды, ал мен ондай ұстанымда ешқашан да болған емеспін.

Қазіргі уақытта менің әкем тағы да бір жаққа аттануға даярлық үстінде, соған байланысты тиесілі орындар арқылы нақты шаралар қарастыруларыңызды өтінемін. Сондай-ақ менің осы арызым жөнінде ешкімге бірнәрсе айтпауларыңызды өтінемін, әсіресе менің әкем бұл жөнінде ештеме білмеуі керек, біле қалған күнде өлтіруден тайынбайды. Уахит Әбжанұлы Темірбеков Қолын растаймын: шығыс бөлімнің аға өкілетті қызметкері Валиев З/Х-1929 ж.» /2/. Бұл хаттың қандай жағдайда жазылғандығы жөнінде кесіп-пішіп бірдеме айту қиын. Дегенмен, оның жазылуына түрткі болған мынадай екі болжам жөнінде айтуға негіз бар. Бірі, Уахит бұл хатты түрлі уәделер берген ОГПУ адамдарының айтуы бойынша жазуы ықтимал. Екіншісі, жат элемент ретінде партиядан шығарылған Уахит бұл хатты билік орындары алдындағы үрейден, қорқыныштан жазуы да әбден мүмкін. Қалай болғанда да, 1930 жылдың наурызында Петропавлдағы ОГПУ-дың округтік бөлімі «ЖАТ» ісі бойынша тергеу жұмысына кірісіп кеткен еді. Тура осы айда Петропавл қаласындағы ОГПУ-дың тергеу абақтысына (изолятор) Октябрь ауданының сегіз тұрғыны, яғни Темірбеков Әбжан, Темірбеков Уахит, Сәкенов Мұртаза, Бексұлтанов Шарни, Абылғазин Паттах, Бижігітов Әбубәкір, Сәлімжапаров Кәшмулла және Тілеулин Жұмағали жабылған еді.

«ЖАТ» (жаңа төңкерісшілер) атты контрреволюциялық ұйым болды ма? Осындай байлардың контрреволюциялық ұйымы болды деген сөзді таратқан адамдардың бірі Темірбеков Уахит 1930 жылы 14 наурызда ОГПУ тергеушісіне берген алғашқы көрсетуінде «Бұл ұйым («ЖАТ»-ты айтып отыр-автор) іс жүзінде 1929 жылдың тамызынан бергі уақытта өмір сүруде, ол 1929 жылы тамыз айының аяғында жүргізілген БК(б)П қатарындағы тазалаудан соң бірден қалыптасты», - деп көрсетеді. Уахиттің көрсетуінше, «ЖАТ»-тың құрылуына оның Бексұлтанов Шарни деген баймен екеуара сөзі түрткі болған. Шарни Уахитке «қытайлықтар КСРО-ға едәуір қысым жасауда, тіптен Қазақстанды алып қоюы да ықтимал. Кеңес үкіметінің құлауы күтілуде, соған байланысты өзгерістерге даяр болу үшін бір ұйым құрып, қытайлықтар келе қалған күнде билікті басып алатындай жағдайға жетуіміз керек» деген ойын айтқан-мыш, бұл ұсынысқа Темірбеков келісім береді. Осы пікірді Уахитке әкесі де бірнеше мәрте айтып, БЛКЖО-дан шығып қалғанда, оның қатарында қалу жөнінде арызданба деген кеңес береді. Тергеу материалдарында көрсетілгендей, Уахит Нұртаза және Шарни сияқты серіктестерімен өздері ойластырған саяси ұйымды құруға байланысты Көкшетау және Петропавл өңірлерінде саяси ағартушылық қызметімен кең танылған Жанталин Ахмет деген кісіге кеңес алуға барады. Ол жөнінде Уахит тергеушіге мынадай көрсетулер береді: «Жанталин Ахметті ауылдан бір шақырымдай жер ұзап шыққанда қуып жеттік. Ол пәуескеден, ал біз аттан түсіп жақын маңдағы тал көлеңкесіне келіп жайғастық. Жанталин бізге насыбай ұсынды. Біздің жоспарымызды тыңдап болған соң, ол сендер әлі тым жассындар, шикісіндер, сондықтан да ұйымды басқару қолдарыңнан келмейді, тек жастарды үгіттеумен ғана айналысқандарың жөн болар деген ойды айтты. Ал біз болсақ, өз дегенімізді дәлелдеуге тырыстық. Мен билік алдында қолымыздан бірденің келетіндігін және оны қағаз жүзінде дәлелдеу үшін көздеген мақсаттарымызға жеткізуге тиіс істердің жоспарын жасап, ұйымның құрылғандығын құжатпен бекітуді ұсындым. Жанталин бұл ұсынысты қабылдамай, қағазбен әуестенуге қарсылығын білдіріп, ұйымды «ЖАТ» деп атауға кеңес береді. Жанталиннен қайтар жолда біз әрқайсымызға лақап ат таңдадық: мен «Көбелек», Нұртаза «Қаршыға», ал Шарни «Тұрымтай» атанатын болдық. Осымен бір мезгілде таныс және сенімді кісілерді ұйымға тарту жөнінде келістік» /3/.

Уахит Темірбековтың бұл көрсетулері А. Жанталиннің көрсетулерімен қабыса қоймайды. Мәселен, А.Жанталин 1932 жылы 2 ақпанда тергеушіге берген жауабында: «Мен Темірбеков Әбжанды, оның ұлы Уахитті, бауыры Мұқажанды, Бисеев Рамазанды, Рамазанов Молдахметті, Сәлімжапаров Кашмулланы, Махмутов Сәкенді, оның ұлы Нұртаза Сәкеновты білемін. Темірбеков Әбжанның ел арасында беделі зор, «сопы» саналады, сол сияқты Темірбеков Мұқажан, Бисеев, Рамазанов және Сәлімжапаров Кашмулла ел ортасында беделсіз емес.

... Мен Махмутовтың үйінен аттанып шыққанымда менімен бірге Темірбеков Уахит және тағы да бір не екі жас балалар ере жүрді, біраз жер ұзаған соң Уахит мені тоқтатып, өздерінің қызметтен қалай қуылғанын айтып, сөз арасында Ленинді еске алып, маған мынадай сөз тастады: «Ленин кезінде билік ауысуға тиіс деген жоқ па еді?». Оларға мен мынадай жауап бердім: «Сендер әлі жассындар, егер бүгін сендерді қызметтен аласа, ертең-ақ қайтадан орындарыңа барасындар, ал егер шынымен де алуға лайық іс істесендер, онда кінә өздерінде, ал биліктің ауысатындығы жөнінде ештеме білмеймін». Осы сөзден соң мен өз ұйымға кеттім, ал олар болса сол жерде қалып қойды.

Олар маған контрреволюциялық ұйым құрылғалы жатыр деген сөзді айтқан жоқ және мен ешқандай да контрреволюциялық ұйымға ант берген емеспін. Өйткені кеңестік билікке қарсы контрреволюциялық ұйым құру сияқты маңызды істі өзім терең білмейтін шикі балаларға сеніп тапсыруым мүмкін емес, сондай-ақ контрреволюциялық ұйым құру жөнінде менде ешқандай да ой болған да емес» /4/.

Міне осы баяндалған фактілерге қосымша мынаны айтқан жөн. Тергеу ісінде 1929 жылдан бастап құрылып, белгілі бір бағытта құпия жұмыс істеген контрреволюциялық «ЖАТ» ұйымының болғандығын айғақтайтын бірде-бір құжаттық материалдар тіркелмеген, яғни мұндай ұйым болған да емес. Олай болса, мұндай контрреволюциялық ұйым болды деген лақап тарату кімге не үшін қажет болды?

Бірінші болжам. Ел арасында мұндай дақырт туғызуға ОГПУ органдары түрткі салуы әбден ықтимал. Соның нәтижесінде, ОГПУ органдары контрреволюциялық әрекеттермен күрес желеуін жамылғы етіп, ел арасындағы большевиктік ұстанымдағы емес элементтерді репрессиялау мүмкіндігіне ие бола алады. Шын мәнісінде солай болып шықты да. Сондай-ақ, белгілі бір ауқымдағы репрессиялық шаралар қарапайым халық көңілінде билік алдында үрей, қорқыныш тудыру үшін де қажет. Бұл 20-30-шы жылдары Кеңестер Одағында кең етек алған көрініс болатын.

Екінші болжам. Мұндай дақырттың шығу көзін Темірбеков Әбжан мен Бижігітов Әбубәкірдің көңіл-күйлерінен іздеуге де болады. Қоғамды жайлаған «жат элементтерге» деген сенімсіздік, олардың ашықтан-ашық қызметтен, оқу орнынан ығыстырылуы, саяси қудалауға түсуі, 24-25 жастағы жігіттерді ертеңгі болашағына деген сенімнен айырып, рухани дағдарысқа әкеліп тірегендігі хақ. Саясат ісінде мүлдем тәжірибесі жоқ, бұған қосымша саяси илеуге түскен жас жігіттердің билікке ұнаудың төте жолы ретінде осындай әдіске баруы да ықтимал еді. Тіптен өмірден осы аталған екі болжамның өзара үйлесімді орын табуы да толық мүмкін болатын. Сонымен «ЖАТ» туралы дақырт және оған қосымша Уахиттің хаты Темірбеков Әбжанның да тұтқынға алынуына негіз болды. Тергеу материалдарында Әбжан өзі туралы не айтады, енді осы тақырыпқа ойысайық.

Әбжан Темірбеков пен Есіл бойы байлары не үшін сотталды? Темірбеков Әбжан 1930 жылы 3 мамырда берген көрсетуінде өзі жөнінде мынадай мәліметтер береді: «Мен орта жүздің «Бәйімбет» руының «Қуандық» бұтағынан боламын. «Құдайберді» аталатын біздің атадан ұлы Хазірет Қожахмет Тухфатуллин деген шыққан, осыдан 20-25 жылдар бұрын өмірден озған, сол кісіден үш қыс бойы сабақ алып, сауатымды аштым. Орыс мектебінде оқыған емеспін.

Мен ешуақытта имам болғаным жоқ, ауылда молда деп атайтыны рас. «Пірәдәр» деп те атайды, өйткені 1926 жылдан бері ишан Зайнулла Хабибуллиннің мюриді болып тіркелгенмін».

Өзі жөнінде осындай мәлімет бере келіп, одан ары Ә.Темірбеков Көкшетау өңірінің дін адамдары Айтхожин Ғалиасқар, Қосшығұлов Шаймерден және Боқаев Абдушаханмен бірге қоғам өміріндегі ислам дінінің ұстанымын сақтауға бағытталған қызметі жөнінде, осы мақсатта өзінің Уфа қаласындағы мұсылмандардың орталық басқармасына барғандығы, осы орталықтың басшысы Кашаф Таржеманимен әңгімелескендігі жөнінде баяндайды /5/.

Әбжан 1869 жылы туылған. Патшалық билік тұсында ауыл старшыны қызметін атқарған. Сауатты, билікке ерте араласқан адам ретінде Әбжан, әрине, өз заманының озық идеяларынан хабардар, қазақ басылымдары арқылы ұлт-азаттық қозғалыс басшыларының еңбектерімен де таныс болған. 1917-1918 ж. революциялық өзгерістер тұсында ол Алаш қозғалысы ұстанымында болып, Көкшетау уезі мен болыстарында Қазақ және Алашорда комитеттерін ұйымдастыру ісінде белсенділік танытады. Осы арада Темірбеков Әбжанның тергеу ісінде кездеспейтін, белгілі себептерге байланысты Әбжанның өзі тоқталмаған оның өмір жолындағы ең елеулі мынадай фактілерге көңіл аударуға тура келеді. 1930 жылы тергеушілерге берген көрсетулерінде Әбжан өзін тіптен дін жолындағы адам ретінде көрсетуге тырысқандығы байқалады. 1917-1921 жылдардағы өзінің саяси қызметі жөнінде тіс жарып ештеме айтпағаны дұрыс та еді, өйткені ол жөнінде айту, әрине, өзін өлімге кесумен бірдейтін. Ә.Темірбековтың революциялық өзгеріс жылдарындағы тұсындағы қызметі жөнінде 1940 жылы НКВД-ның құрығына ілінген Айбасов Қафез, Бимурзин Әбдікәрім, Белгібаев Қожахмет және Мәкенов Хайролла сияқты оның жерлестері мен замандастары біршама мәлімет береді. Солардан үзінді келтірейік.

Айбасов Қафез. Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь ауданының Қаратал ауылының тұрғыны, 1878 жылы туған, ұлты қазақ, революцияға дейін болыс басқарған, бай, тәркіленген, екі мәрте (1929 және 1935 ж.) «жат элемент» ретінде сотталған. 1940 жылы тамызда белсенді «алашордашыл» ретінде НКВД тарапынан ұсталып, Петропавл қаласының тергеу абақтысына жабылып, 1941 жылы Солтүстік Қазақстан облыстық сотының шешімімен 15 жылға еркіндігінен айырылған.

Ұлттық тарихнамада осы уақытқа дейін байлар аталатын әлеуметтік топ өкілдеріне тиесілі көңіл аударылмай келді. Бұл, әрине, кеңестік тарих методологиясынан туындаған нағыз әділетсіздіктің көрінісі.

Байлар да қазақ қоғамының толық құқылы мүшесі, оның экономикалық өмірінің негізгі ұйытқы элементі. Басқаша айтқанда, кеңестік билікке дейінгі қазақ қоғамының тарихын қазақ байларының қызметінсіз тура да дәл түсіну, әрине, мүмкін емес. Айбасов Қафез міне осы қазақ қоғамындағы байлар аталған әлеуметтік топтың өкілі. НКВД тергеушілеріне берген көрсетулерінде ол 1918 жылы қазақ даласында қалыптасқан саяси жағдай мен Темірбеков Әбжанның қызметіне байланысты мынадай фактілерді келтіреді: «1918 жылы көктемде бұрынғы Ақмола облысының территориясында Кеңес үкіметі құлап, оның орнына Колчак билігі орнағанда қазақтардың арасында Бөкейханов Әлихан, Байтұрсынов Ахмет және басқа кісілер басқаратын Алашорда үкіметі құрылғандығы жөнінде хабар жиі айтыла бастады.

Колчак билігі келгенге дейін-ақ мен газеттерден Орынборда съезд болып, онда Алаш аталған қазақ ұлтшылдарының партиясы құрылғандығын білгенмін. Маған сондай-ақ осы аталған съезде Алаш партиясының бағдарламасы қабылданып, жеке меншікке негізделген қазақ буржуазиялық мемлекетін құру мәселесі талқыға түскендігі мәлім еді.

Көкшетау қаласында қазақ ұлтшыл интеллигенциясы мен байлардың съезі шақырылып, уездік алашорда комитеті сайланады. Мен ол съезге қатысқан жоқпын. Біздің болыстан оған жергілікті беделді адамдар Құсайын мен Әбжан Темірбеков қатынасып, Әбжан Темірбеков уездік Алашорда комитетінің құрамына сайланады. Ұмытпасам уездік комитеттің төрағасы болып ірі саудагер, Көкшетау қаласының тұрғыны Құрымов Жүсіп белгіленеді. Міне осы съезден соң Көкшетаудан біздің болысқа (Бәйімбет болысы – авт.) оралған Әбжан Темірбеков бұрынғы болыс бастығы Сабыров Есемсейіттің үйінде ауылдардың беделді адамдары қатынасқан болыс жиналысын өткізді. Жиналысқа болыстықтағы ауылдардан 40-50 өкіл қатынасты».

Берген көрсетуінде Қ.Айбасов жиналысқа қатысқандардың біразының өлгенін, ал біразының бас сауғалап түрлі жақтарға көшіп кеткенін, қалғандарының Октябрь ауданында әлі де тұрып жатқандықтарын айтып, есінде сақталған 17 адамның аты-жөнін тізіп келтіреді. Олар бұрынғы билік тұсында бай немесе ауқатты болған Ыбраев Мәлік, Мәженов Сұлтан, Бекешов Сейітқасым, Қожахметов Аяған, Атамбаев Жанболған, Балкеев Тажен, Жантлеуов Қошан, Шегенов Сәкен, Қайырланов Темірбай, Күшіков Қазый, Сабыров Мейрам, Есенов Ақұр, Макенов Хайролла, Кенжеғозин Құлмырза, Имантаев Жүніс, Сағындықов Малғаждар және Букетов Арыстан сияқты кісілер еді /6/.

Қ.Айбасовтың көрсетуінен келтірілген бұл үзінді жөнінде мынаны айтқан жөн. Болған оқиғалар өткізілген съездер мен оларға жиналған адамдар жөнінде баяндаудың желісі, әрине, сұраудағы Қ.Айбасовқа тән. Басқаша айтқанда, болған істің қаңқасы айыпталушыға тиесілі де, ал хаттамаға түскен текстің «идеологиясы» тергеушіге тән. Мәселен, Алаш партиясына қатысты «қазақ ұлтшылдарының партиясы», Алаш автономиясына қатысты «жеке меншікке негізделген қазақ буржуазиялық мемлекеті», ал қазақ съездеріне қатысты «қазақ ұлтшыл интеллигенциясы мен байлардың съезі» деген мағынадағы анықтамалар жауап берушіге тиесілі еместігі түсінікті. Бұдан тергеу хаттамасының шын мәніндегі егесі кім және ол қандай мақсатта жасалатындығын бағамдау қиынға түспейді.

Бәйімбет болысы жиналысына жиналғандар алдында Әбжан Темірбеков сөйлейді. Әрине бұл сөздің де мазмұнын сол күйінде қабылдай салуға болмас, дегенмен, оның оқиғаның барысын, қоғамдағы түрлі топтардың ұстанымын түсінуге көмектесері хақ. Сонымен Қ.Айбасов көрсетуіндегі Ә.Темірбековтың сөзі: «Жақында ғана біздің съезд болып өтті (Көкшетау қаласындағы Алаш ұстанымдағылар съезі жөнінде сөз болып отыр-авт.). Ол Алаш партиясының бағдарламасында қарастырылған саяси мәселелерді іске асыру жолдарын талқыға салды. Ендігі уақыттағы міндетіміз құрылған және сенімді қолдағы Алашорда билігін баянды ету, осы жолда большевиктермен күрес ұйымдастыру үшін күш біріктіру.

Үкімет өз мәлімдемесін жариялап, Алаш партиясымен ниеттес және оны қолдайтындардың барлығын большевиктермен күреске атсалысуға шақырады. Сіздер, ауылдың беделді адамдары ретінде Алаш бағдарламасын халыққа кең түсіндіріп, оның санасына бұл партияның қазақ елінің мүддесі үшін құрылғандығын сіңіргендеріңіз жөн болар еді. Большевиктер қалың жұрттың жағдайының түзелгеніне мүдделі емес және халықты құрдымға бастайды. Олармен күресте біз жалғыз емеспіз, одақтастарымыз бар, бізді Колчак және басқалар қолдайды. Жұмысты большевиктерге қарсы көпшіліктің наразылығын тудыру бағытында жүргізген жөн, олардың билігі әлсіз, жақында құлайды. Большевиктердің екінші мәрте билікке келуін болдырмау үшін қазірден қамсыз болмай, әрекетте болғанымыз дұрыс. Осы мақсатта барлық жерде Алаш жасақтарын құруға даярлықтар жасалып, қаржы жинау ісі жүргізілуде, мұндай қолдау Колчак әскеріне де көрсетілмек. Осы айтылғанның бәрі де съезде талқыға түсіп, үкіметтің жүргізіп отырған шараларына қолдау көрсетілді. Сіздерді ауылдың беделді кісілері және ақсақалдары ретінде съезде қабылданған шешімдерге қосылып, большевиктерді біржола жеңу үшін олармен белсенді күреске елді жұмылдыруға шақырамын».

Айбасов Қ. бұл айтылған пікірдің талқыға түсіп, оның артын ала Ә.Темірбековтың ұсынысымен болыстық Алаш комитеті құрылып, оның төрағалығына бұрынғы Бәйімбет болысының басқарушысы Сабыров Есемсейіттің, ал оның орынбасарлығына Ш.Қосшығұловтың сайланғанын көрсетеді. Жиналыстан соң болыстық комитеттің басқаруымен Алаш жасағына алынатын 19-бен 40-тың арасындағы кісілердің тізімі жасалып, әскерге ат-көлік үшін жылқы жинау шарасы басталады. Қ.Айбасов та ел арасына шығып, Алашорда үкіметінің мақсат-мұратын түсіндіріп, өз ауылынан онға жуық жылқы малын жинап береді.

Тергеуші сауалдарына берген жауабында Айбасов Қ. болыстық комитеттің төрағасы Е.Сабыровтың Алаш әскеріне жігіт және мініс көлік жинау үшін ауылдарды аралауға шығып, сол кездегі елде метрике бойынша адамдарды тіркеу ісі жүргізілмегендіктен кімнің қаншада екендігін анықтау мүмкін болмай, жігіт жинау ісінің ілгері баспағандығын айтады. Дегенмен, болыстағы жұрттан 300-400 бас мініс аты жиналған еді.

Ә.Темірбековтың қызметіне байланысты куәлік берген кісілердің бірі Мәкенов Хайролла.

Мәкенов Хайролла. 1891 жылы Айыртау болысында атақты бай Кеңлібайұлы Мәкеннің отбасында өмірге келген. Мәкен бай шамамен 1900 немесе 1901 жылдары өмірден қайтып, артындағы үш ұлына біраз мал қалдырған. Мәселен, кенже ұлы Хайроллаға еншіге 400-ге жуық жылқы, 300 сиыр, 500 ден астам қой-ешкі бөлген. Мәкеновтар 1918 жылы Алаш зиялылары бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа қолдау көрсеткен Есіл бойындағы бай отбасылары қатарынан көрінеді. Әуелде осы өңірде өткізілген қазақ съездері мен солардың нәтижесінде құрылған қазақ комитеттерінің қызметіне атсалысқан Мәкеновта, Алаш қозғалысы жеңіліс тапқан соң 1921 жылы бүкіл батыс Сібір өңірін қамтыған шаруалар көтерілісіне белсенді түрде араласады. Ағайынды Мәкеновтардың мұндай саяси белсенділігін байқаған кеңестік билік орындары 1928 жылы Мәкенов Мұхаметжанның, 1930 жылы Мәкенов Қайыржан мен Хайролланың шаруашылықтарын тәркілейді.

Мәкеновтардың үлкені Мұхаметжан жер аударылып, сонда 1933 жылы қайтыс болса, кішісі Хайролла 1931 жылы өз еркімен Челябинскі облысына көшіп барып бой тасалап, 1935 жылы қайтадан өз еліне оралады. 1941 жылы НКВД тарапынан бұрынғы саяси ұстанымы үшін тұтқынға алынған Хайролла Мәкеновтан тергеушілер Айыртау өңірінің алашшылдары жөнінде толық мәлімет беруді талап етеді. Міне осы тергеу барысында Х.Мәкенов Әбжан Темірбековке қатысты мынадай мәліметтер берген еді: «1918 жылы бізде болыс басқарушысы болып Айбасов Қапез істеді. Ауылда сондай-ақ патшалық кезеңнен бері интеллигент, қазақтар арасында беделді Темірбеков Әбжан, беделді ақсақал, ірі феодал Ыбраев Мәлік деген кісілер Көкшетауға барып, қайтып келген соң «Бөрілі» деген жерде ел арасында белгілі әрі беделді кісілермен жиналыс өткізіп, Алашорда үкіметінің құрылғандығы, оның іс-жоспары жөнінде мәлімет беріп,... кейін олар біздің «Құлметен-Марқаш» аталатын ауылға да келіп үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

... Темірбеков Әбжан мен Айбасов Қапездің түсіндірулеріне қарағанда қазақтар тәуелсіз мемлекет құрмақшы екен. Қазір Ресейді большевиктер билеуде, ал Сібірді Колчак адамдары басқармақ. Ал біз қазақтар Колчактан өз үлесімізді алып, бұрын қалай өмір сүрсек, ендігі уақытта солай тұрмақ екенбіз...» /7/.

Бұл айтылғандардан басқа Мәкенов Х.Темірбеков Әбжанның 1921 жылы ақпанда ауылдастары Қапаров Кенжеахмет, Есенов Ақұр, Мәкенов Мұхаметжандармен бірге Петропавл қаласына жақын Есіл бойындағы Коноваловка селосында құрылған көтерілісшілер штабының құрамына да кіргендігін айтады. Бұл көрсетуден біздің байқағанымыз, Темірбеков Әбжан бастаған Айыртаулық алашшылардың Алашорда үкіметі біржола жеңілген соң 1921 жылы ақпанда бүкіл батыс Сібір өңірін құшағына алған орыс шаруаларының Кеңестік биліктің соғыс коммунизм саясатына қарсы көтерілісіне белсенді түрде араласқандығы.

Біз бұл фактіні, әрине, Батыс Сібір шаруалар көтерілісіне қатынасқан Есіл бойы қазақтарының әрекетін дәріптеу тұрғысынан емес, олардың осындай саяси ұстанымда болғандығын оқырманға білдіру үшін айтып отырмыз. Кеңестік тарихнама кезінде бізді большевиктер билігін ауқатты байлардан басқа бүкіл қазақ қоғамы құшақ жайып қарсы алды деген тұжырымға иландыруға біраз күш салды. Ал шын мәнінде мәселе анағұрлым күрделі-тін. Қазақ қоғамынан 1921 жылғы Батыс Сібір «қулақтар» көтерілісіне қатысқандардың біразы бай да, бағлан да емес, жай, қарапайым қоғам мүшелері болатын. Кеңестік билікке қарсы шыққандар тек байлар мен буржуазиялық интеллигенттер болды деген бұл большевиктік идеология жасаған көп аңыздың бірі еді.

Бұл ретте мынадай жағдайды ескерген жөн. Біріншіден, өзі бұрын танып білмеген жаңа билікті, ол орнатпақ социалистік қоғамды қарапайым халық бірден қалайша құшақ жайып қарсы ала қойсын? Екіншіден, азамат соғысы мен азық-түлік салығы қыспағына түскен қыр қазағы кеңестік билікті ә дегенде

бермесінді тартып алатын, зорлықшыл орыс билігі ретінде қабылдады. Ал 1917 жылға дейін қара қазақ орыс билігінен қандай пана тауып еді?

Түбегейлі саяси, әлеуметтік және экономикалық өзгеріске ұшыраған кез-келген қоғамда бұрынғы басымдылықтарынан айырылған әлеуметтік топтардың арасында жаңа билік жүйесіне деген наразылық, тіптен жаулық сезімі болады. Бұл, әрине, толық табиғи құбылыс. Ал ол әлеуметтік топтың көңіл-күйін есепке алмау, тіптен ретін тауып оны күшпен басып тастау, қиянат жасау арқылы есеп айырысу – бұл кеңестік билікке тән ұстанымның бірі болатын.

Кеңестік билікке дейін әкесінен еншіге алған байлығы тәркіленген, бауырларынан, отбасы берекесінен айырылған, бұрын талайға қиянат жасаған, енді жаңа жағдайда өзі де сол мүскін күйге түскен Мәкенов Хайролла тергеушінің «кеңестік билікке қарсы үгіт жүргіздің» деген айыптауына ақтарыла мынадай жауап қатады: «Қалың көпшіліктің арасында советтік билікке қарсы үгіт жүргізген емеспін, ешуақытта ешкімге ауыз ашқан емеспін, ия, рас, кейде мен советтік билікке наразылығымды әйелім тұрғанда білдіретіндігім бар, одан ешуақытта советтік билікке деген жеккөрінішімді жасырған да емеспін. Бадырайтып, үлкейтпей-ақ шындықты айтқан жөн: ақиқаты сол мен советтік билікті ылғи да жек көрдім, ол жақын арада құриды деген үміттен арылған емеспін. Әсіресе, фашистік Германия Кеңестер Одағына басып кірген соң менің үмітім қатая түсті, тағатсыз кеңестік биліктің құлауын күтіп жүрдім. Тіптен бірде өз үмітім жөнінде әйеліме де айттым. Қай күні екендігі есімде жоқ, әйтеуір 1941 жылдың шілдесінде мен әйеліммен екеуара болған әңгімеде: «Қазір Кеңестер Одағы мен капиталистік Германия мемлекеті арасында қанды соғыс жүріп жатыр. Кеңестер Одағымен салыстырғанда Германия қуатты ел, соған қарағанда жеңіс соның жағында болып, советтік биліктің өмірі таусылуы мүмкін. Енді біздің заманымыз келеді-ау деген үміт басым, еркін де рахат өмір сүретін боламыз...», - дедім.

Мен оған бұл сөзімді айта отырып, оны ешкімге де жеткізбеуін ескерттім, соған қарамастан тамызда колхозшылармен ет үшін болған бір ренжісте менің зайыбым Мәкенова Гәуһар оларға менен естіген сөзін сол күйінде қайталап зәрленсе керек, сол үшін ол 1941 жылы қазанда 10 жылға сотталып кетті..., зайыбым мені аяды ғой деймін сотта бұл пікірдің менен шыққаны жөнінде тіс жарып ештеме көрсетпеді» /8/.

Мәкенов Хайролланың көкірегінен жарып шыққан бұл сыры еріксіз еске жетісулік атақты бай Жәлменденің Пышанының 1920-21 ж. кеңес абақтысында жатып еліне арнаған мына шерлі жолдарын түсіреді: Жәлменденің баласы Пышан едім,

Николайдың тұсында кісі-ақ едім.
Кісі ақысы кісіге кетпейді деген,
Жалғыз атты жарлыны қышап едім /9/.

Мәкенов Хайролладан шыққан көңіл-күйін келесі бір Айыртаулық бай Есен Ақұр да білдіреді.

Есенов Ақұр. Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь ауданы Айыртау болысына қарасты Бағанатпы ауылында 1869 жылы өмірге келген. 1934 жылы бай ретінде 10 жылға сотталған. Осы мерзімге інісі Есенов Арыстан мен жалғыз ұлы Ақтас та сотталған. ВЦИК-нің төрағасы М.Н. Калининнің кешірімімен ол мерзімді өтемеген. Ақұр 1941 жылы қарашада кеңестік билікке қарсы әрекет жасады деген айыппен Петропавл қаласындағы НКВД абақтысына жабылған.

Ол көрсетуінде: «Мен ешуақытта «Алаш» партиясының жиналысына қатысқаным жоқ. Бірақ, 1918 жылы Сабыров Есемсейіттің ауылында Алаш партиясының жиналысы болды деп естідім. Мен білетіннен бұл жиналысқа бұрынғы бай Мұхаметжан және Хайролла Мәкеновтар, бұлар «Марқаш» деген рудан. Бағанаты деген елден Мырзабеков Ыбырай (өлген) барып қатысқан. Бұл «Бөріліде» болған Алашорданың жиналысында Көкшетау уездік Алашорданың атынан Темірбеков Әбжан келген. Бұл Темірбеков сондағы сайлау жиналысында өзінің ағайыны Сабыров Есімсейіттің Алашорданың болыстық комитетінің төрағасы болуына көмектесіпті. Сонымен қабат Темірбеков жиналысқа келгендер алдында Алашорданы өркендету үшін халықтан көп қаржы – налог жинау туралы сөйлеген. Жиналыс бұл ұсынысты қолдап, налог жинауды ұйғарған және бұл іске комитет жиналыстың артын ала кірісіп кеткен. Ол жөнінде Мәкеновтар айта келді. Біздің ауылнай бөлек болғанымен, бұл жиналысқа бұрынғы болыс және бай Айбасов Қазғез де қатысқанын естідім. Өйткені ол ондай жиналыстан қалмайтын адам».

Есенов Ақұрға тағылған айыптың бірі оның 1921 жылғы кеңестік билікке қарсы көтеріліске қатысқандығы жөнінде еді. Бұл мәселеге байланысты ол: «Мен, Есенов, бұл құлақтар көтерілісіне қолыма құрал алып қатысқаным жоқ, бірақ, 1921 жылы февраль айында Коноваловка қаласындағы көтерілісшіл банданың бастығы Юдановтың штабы бізді Коноваловке қаласына шақырып апарып тұрғызып, не үшін апарғанын бізге түсіндірген де жоқ. Менімен бірге барып тұрғандардың бәрі осы күні тірі емес». Мысалы: 1. Қалшыманов Піштан. 2. Ыбыраев Есімсейіт. 3. Ыбыраев Қасымсейіт. 4. Қаражігітов Мырза. Бұл аталған кісілердің бәрі де өлген.

Кеңестік тарихнамада байлар жөнінде тек бір жақты жағымсыз пікір ғана қалыптасқан. Байлардың қоғамның экономикалық өміріндегі орны, байлар шаруашылығының ішкі құрылымы, анатомиясы, тіптен олардың қарапайым қоғам мүшелерін қанау механизмі және басқа қырлары арнайы іргелі зерттеу тақырыбы ретінде алынған монографиялық еңбектерді тізіп беру қиын. Ал қоғамның бұл әлеуметтік тобының большевиктер орнатқан тәртіпке қатысты ұстанымы мен пікірі жөнінде сөз қозғаудың өзі мүмкін емес-тін. Міне осы айтылған пікірге орай бұрынғы бай Есенов Ақұрдың ойына көңіл аударайық: «Ұжымдастыру жылдары кеңестік билік тарапынан байларға берілген соққы маған да тиді. Басқа да байларға сияқты маған да астық даярлау, ет даярлау міндеткерліктері жүктелді. Мен мемлекетке 70 пұт астық, бір сиыр, бір өгіз тапсырдым, бұдан тыс ақшалай да салық төледім. Соның салдарынан менің шаруашылығым күйзеліске ұшырады. Аштық жетті. Мен үш бірдей балаларымнан айрылдым, әйелім өлді. Осы фактілердің бәрі жинала келіп жеке бас қасіретіме ұласты, дегенмен, мен өз наразылығымды ашық білдірген емеспін, ішімде сақтадым».

А.Есеновке қоғамда билікке қарсы насихат жүргізілді деген айып таңылған болатын. Бұл таңылған айыпқа байланысты ол : «Мен кеңестік билікке қарсы насихат жүргізген емеспін, тек 1932 жылдан бастап, яғни, біздің ауылда колхоз ұйымдастырылған күннен бастап менде билікке қарсы көңіл-күй қалыптаса бастағаны рас. Өйткені кеңестік билік келгенге дейін патшалық тұсында халықтың басым көпшілігі ылғи да жоқшылыққа өмір сүрген болса, мен ешнәрсеге мұқтаждық көрген емеспін, бәрі де жеткілікті дәрежеде еді. Кеңестік билік орнаған соң, әсіресе ұжымдастыру қарсаңында менің жеке шаруашылығымды өсіру құқым біржолата шектелді, соған қарамай түрлі алым-салықтар легі тиылмады, бұл жағдай билікке деген зығырданымды қайнатты, бірақ бұл көңіл-күйін сыртқа шығарған емеспін, іштей тынып, ылғи да кеңестік биліктің күйреуін күттім» /10/.

Міне бұл жоғарыда келтірілген Есіл бойындағы байлар Айбасов Қ., Мәкенов Х. және Есенов А.-н тергеу материалдарынан берілген үзінділерден-ақ олардың 1940-1941 ж. НКВД тарапынан ұсталып, сотқа тартылуына негіз болған жағдай олардың, біріншіден, қазақ қоғамындағы байлар табына тән болғандығы және екіншіден, 1918 жылы Алашорда үкіметіне қолдау көрсеткені. Алашорда үкіметі жеңіліске ұшыраған соң, 1921 жылы Есіл бойынан шыққан кеңестік билікке қарсы шаруалар көтерілісіне қатынасуы еді. Ал оларға кейінгі мерзімде билікке қарсы антисоветтік үгіт жүргіздің деген мағынада таңылған айып, бұл, әрине, саяси биліктің олармен бұрынғы көрсеткен қарсылықтары үшін есеп айырысу әрекетін бүркемелеп білдірмей жіберу әдіс-айласы ғана еді.

Сонымен, негізгі мәселе 1918-1921 ж. ұлт-азаттық қозғалыс тұсында Есіл бойындағы қазақ қоғамын ұйымдастыру ісінде белсенділік танытқан Темірбеков Әбжанның ісі немен аяқталды, осы тақырыпқа қайта оралайық.

1930 жылы 8 мамырда Петропавлдағы НКВД абақтысында жатқан әке мен бала Темірбеков Әбжан мен Темірбеков Уахитті беттестіру шарасы өткізіледі. Тергеушінің «Сіздің 1929 жылы 3 қазанда РК (б)П Октябрь аудандық партия комитетінің хатшысы Ж.Данияровтың атына арыз жазғаныңыз рас па? Осы арызды жаза отырып, онда әкеңіз Әбжанның іс-әрекетін, яғни оның мешітте кеңестік билікке қарсы насихат жүргізетінін, қытайлықтардың жақындап қалғандығын, әкеңіздің белгілі бір жаққа барып ақша жаратып, үй шаруасына нұқсан келтіретіндігін баяндап, сіз бұл арызды ашумен жаздыңыз ба, жоқ әлде жеке басыңызға пайда іздеп жаздыңыз ба?», - деген сұрауына Темірбеков Уахит: «Менің арызымда баяндалған фактілер шындық, әкемнің іс-әрекетінде орын алып отыр. Мен осының бәрін саналы түрде жаздым, сондай-ақ баяндалған әрекеттері үшін әкемнің жазаланатынын да білдім. Дегенмен, мен тек өз ар-ожданымды ғана басшылыққа алдым, әкемнің әрекеті нәтижесінде болуы мүмкін жағымсыз істерді болдырмай тастауға ниеттендім. Ешқандай да жеке бас және пайдакүнемдік мүдде көздеген жоқпын». Уахит тергеу рәсіміне сәйкес бұл берген көрсетуін өз қолымен бекіткен.

Тергеушінің: «Сіз ұлыңыз Уахиттің берген көрсетуіне байланысты не айтасыз, ол тура айтып отыр ма? - деген сауалына Темірбеков Әбжан: «Уахит, әрине, менің ұлым, дегенмен, оның маған деген ашу-ызасы да бар. Мәселе мынада. Менің әйелім, оның анасы өмірден қайтқан соң мен 1924 жылы екінші әйеліме үйлендім. Міне осы кезден бастап ұлым менімен жауласа бастады. Ол мен жөнінде газеттерге бірнеше мәрте мақалалар жариялады. Сотта жалған көрсетулер берді. Менің ұлым Уахиттің арызында көрсетілген фактілер түгелдей жалған». Айтылған көрсетуін Әбжан өз қолымен бекіткен /11/.

Саяси биліктің сеніміне кіру үшін баласының өз әкесіне қарсы шығып арыздануы ұлт тарихында бұрын байқалмаған құбылыс. Сондай-ақ бұл тура осы мезгіл және билік жағдайында жалқы құбылыс та емес-тін. Басқа деңгей, тура осы мезгіл және билік жағдайында сәл өзгереді мазмұнда мұндай құбылыс қазақ жерінің басқа да өңірлерінде байқалған еді. 20-30-шы жылдары кеңестік басқарушы топтың қатарында Аралбаев Бекайдар деген қайраткердің болғаны мәлім. 1929 жылы кезекті партиялық тазалау

барысында ол БК(б)П қатарынан шығып қалады. Оған негіз болған себептердің бірі әкесінің кеңестік билікке дейін көп малды байлар қатарында болғандығын біле тұрып, басшылық құрамындағы баласының өз әкесінің байлығы жөнінде билік орындарына мәлім етпегендігі еді. Ал партия қатарынан шығып қалу бұл биліктің саяси жауына айналумен тең еді. 1929 жылы 19 шілдеде Б.Аралбаев БК(б)П-ның Өлкелік комитетіне өзінің ауыр жағдайын баян етіп арызданады. «Менің сорым, әрине, өз қолыммен әкемнің шаруашылығын, тұрмысын ойран ете алмағанымда болып отыр. Мен партия мүшесі және жауапты қызметкер Аралбаев феодалдық-патриархалдық тәртіпке тән жағдайда, бұған қосымша әлі советтенбеген рудың билеуші тобының өкілі Аралбаевтың ұлы боламын. Бар үйлесімсіздік, қайшылық осында. Тағы да мойындаймын, мен ауылда және әкеммен революциялық жұмыс жүргізіп, ондағы қоғамдық-экономикалық қатынастарды қайта құрып, сол негізде әкемді төңірегіне ықпал жасау мүмкіндіктерінен біржола айырудың орнына сол ортадан қашқан адамға ұқсаймын» /12/.

Б.Аралбаев арызында одан әрі әкесінің жеке байлығының көлемі бай шаруашылығы өлшеміне жетпесе де тәркіленуге тиіс шаруашылықтар тізіміне ілініп, бұған қосымша әкесі абақтыға жабылып, оның тек әйел адамдардан және жас балалардан тұратын отбасын басқа өңірге жер аудару жөнінде билік тарапынан шешім қабылданғанда, тек ауызша өтініш білдірумен ғана шектелгендігін білдіреді.

Сонымен, Темірбеков Уахитқа өз әкесін контрреволюционер ретінде көрсетіп аудандық партия комитетіне арыз жаздырған, ал Аралбаев Бекайдарға жеке шаруашылығы негізсіз тәркіге түсіп, жер аударылған туған әкесі мен отбасына араша түсуге мүмкіндік бермеген не? Олардың жеке бас мансап-қорлық мінезі ме, жоқ әлде кез-келген белсенді қоғам мүшесін өзіне тәуелді етіп, ылғи да ақталып отыруға мәжбүр еткен билік жүйесі ме? Мүмкін, осы екеуі де болар? Дегенмен, осы арада мынадай бір жағдайды есепке алған жөн. Большевиктер орнатқан билік жүйесі біз қарап отырған мезгілде адам табиғатында бар, өзіне қолайлы сәт күтіп жататын жаман да пәс пиғылдардың сыртқа теуіп шығуына түрткі салып, мүмкіндік туғызғандығын жоққа шығару қиын. Өзін езілгендердің қорғаушысы жариялаған жаңа билік, қоғамдық әділетсіздікпен күрес жариялай отырып, осы жолда адамның билік алдындағы панасыздығын пайдаланып баланы әкеге, бауырды бауырға қарсы қоюға дейін барды. Тарихи шындықтың бір қыры осы.

1930 жылы 17 желтоқсанда ОГПУ-дың көшпелі үштігі «ЖАТ» ісі бойынша қаулы қабылдап, жеткілікті дәлелдің жоқтығына қарамастан Темірбеков Әбжан бастаған топтағы бес адамды 3 жылдан 5 жылға дейін концлагерге айдауға жіберу жөнінде шешім шығарады. Бұл іске тартылған екі кісі (Бижігітов Әбубәкір мен Сәлімжапаров Кашмулла) сот шешіміне дейінгі қамалған мерзімі. Жұмағали Тілеулиннің ісі есепке алынып абақтыдан босатылды, бұл мезгілде Алматыда жүріп жатқан алаш зиялыларының ісімен бірге қарауға беріледі.

Осы ретте көңіл аударарлық нәрсе ол Темірбеков Әбжанға байланысты қабылданған ОГПУ үштігінің шешімі жөнінде Алматы осы мекеменің Мәскеудегі орталық аппаратына есеп береді. Бұл фактіден сұранып тұрған тұжырым: Темірбеков Әбжанның саяси қызметі мен оның жеке бас тұлғасы құпия полиция мекемесі орталық басшылығының бақылауында болғандығы. Бұл мәселеде Кеңестік ОГПУ патшалық «Охранное отделение» ісін жалғастырушы мұрагері болды. Қазақ жерінің алыс бір түпкіріндегі «ұлтшылдың» қызметін Петербордағы немесе Мәскеудегі құпия полиция орталығы жіті бақылап отырды.

Солтүстік Қазақстан облыстық прокуратурасы 1989 жылы 29 қарашада № 60 (ЖАТ) Темірбеков Әбжан мен оның серіктестерінің ісін қайта қарап, олардың негізсіз репрессия құрбандары болғанын мойындауға мәжбүр болды /13/. Әуелде жазықсыз адамды соттап немесе атып тастап, соңынан мәселенің артын суытып барып, жазықсызды «жазықсыз екен» деп ақтап, бірақ өкініп, тәубаға келмеу бұл да бір кеңестік жүйеге тән мінез еді.

1. Қазақстан Республикасының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменттің мұрағаты. (Темірбеков Әбжан және басқа 8 адамның тергеу ісі). Мұрағат № 02755.

2. Сонда. 77 п.

3. ҚР ҰҚК Ақмола облысы бойынша департаментінің мұрағаты. (Ахмет Жанталинді тергеу ісі). Мұрағат № 01859, 7 п.

4. Сонда. 2-4 об., 30-31 п.п.

5. ҚР ҰҚК Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің мұрағаты, № 02755 іс, 71-72 п.п.

6. Сонда. № 03248 іс, 18-24, 28-52, 125-130 п.п.

7. Сонда. № 503 іс, 16,22-25 п.п.

8. Сонда. 29 п.

9. Жалайырлар. 2-кітап. – Талдықорған, 2003, 257 б.

10. ҚР ҰҚК Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің мұрағаты, № 3708 іс, 91-99, 101-117 п.п.

11. Сонда. № 02755 іс, 78-78 об. п.п.

12. ҚР Президентінің мұрағаты, 141 қ., 1 т., 2409 іс, 11 п.

Аннотация

Накануне отечественной войны 1941-1945 гг. органы НКВД в Северном Казахстане произвели аресты бывших баев второй или третий раз и религиозных работников 6 аргументируя эти акты их антисоветской деятельностью. Это были очередные репрессивные властные меры, властных структур которые не имели достаточных оснований

Ключевые слова: идеология, репрессия, аткаминер (активисты), ЖАТ – жана тонкерилисшилер (новые революционеры), мулла, революция, контрреволюция, конфискация.

Resume

The eve of the Patriotic war in 1941-1945. Peoples Commissariat of Internal Affairs in the north part of Kazakhstan arrested former “bayi” (second and third times), and religion workers, arguing this acts like anti-Soviet activity. It was immediate repressive measures of Soviet authorities, who did not have reasonable grounds.

Key words: ideology, repression, atkaminer (activists), GAT- gana tonkerilischiler (new revolutionaries), mullah, revolution, counterrevolution, confiscation.

ӘОЖ 94 (574)13

ОРАЗ ЖАНДОСОВ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНЫ

Нұрымбетова Г. Р. – с. г. док., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ

Түйіндеме

Мақала ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында көрнекті мемлекеттік және қоғамдық қызметтер атқарған Ораз Жандосовтың саяси қуғын-сүргінге ұшырауын зерделейді. Автор мұрағат құжаттарының негізінде О.Жандосовтың қоғамдық-саяси қызметі үздіксіз партиялық және идеологиялық бақылауда болғанын ашқан. Оның қоғамдық-саяси тұлғасы сондықтан да коммунистік партия ұйымдастырушысы ретінде емес, отаршылдық пен әділетсіздікке қарсы күрескер, ойлы ұстаз, парасатты басшы және ізгі ниетті бастамалар мен үлкен әлеуметтік өзгерістердің басы-қасында жүрген ел жанашыры, халқын алға бастаған өз ұлтының төл азаматы ретінде сипатталуы және құрметтелуі тиіс деп ойлаймыз.

Тірек сөздер: қазақ, ұлт, тағдыр, тұлға, қайраткер, саясат, азамат, қоғам

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы тәуелсіз, егеменді ел. Мұратымыз демократиялық мемлекет құру. Сондықтан демократиялық мемлекеттің құқықтық негіздерінің жан-жақты дамуына, жеке тұлғалардың даму заңының, азаматтардың құқының сақталуына және барлық тұрғындардың жан-жақты дамуына жағдай жасауға көп көңіл бөлінуі тиіс. Мемлекеттің дамып, гүлденуіне әсер ететін ұлттаралық қатынастағы үйлесімділік пен қоғамдағы ұлттық сана-сезімнің қалыптасуында зиялылар қауымының үлкен рөл атқаратыны белгілі. Зиялылар қауымының экономика мен мәдениеттің дамуына қосқан үлесінен қоғамдағы үдемелі дамуға жол ашылмақ. Зиялылар қауымының өтпелі кезеңде атқарар рөлінің жоғары екендігін тарих өзі дәлелдеді.

Ұзақ уақыт тарих бұрмаланып келді. Саяси ағымның дұрыс еместігіне көлеңке түсірмеу үшін көптеген мұрағат деректері, құжаттары зерттеушілер үшін жабық болды. Осы жағдай ХХ ғасырдың 20-30 жылдар мәселесіне де тікелей қатысты. Бұл бір ең күрделі де ауыр онжылдықтар еді, себебі сөз жүзіндегі табыстар мен негізделмеген нәубеттер қатар жүрді.

Еліміз тәуелсіздік алып, егеменді ел болғалы төл тарихымыздың талай ақтаңдақ беттері ашылып, сараланды. Халқымызға өз елінің бостандығы жолында арпалысқан қазақ арыстарының, аққан жұлдыздай келте ғұмыр кешкен ардақты ұлдарының есімдерін қайтару әлі күнге дейін жалғасуда. Кезінде жабық болып келген мұрағат деректерінің, ұмытылған өмірбаяндардың ғылыми айналымға қайта қосылуы зерттеушілер алдына жаңа міндеттер қойды. Осы орайда, отандық тарих ғылымында тұлға тану бағытының қалыптасқанын айтуымыз қажет. Тарихты жеке тұлғаларсыз жазу уақыты артта қалып, оқиғалар қайраткерлердің идеялары, позициялары арқылы беріле басталды.

Ақ пен қара, оң-теріс деген секілді кез келген құбылыстың екі жағы болатыны белгілі. Дәл осындай жағдай ХХ ғасыр тарихын зерттеуші ғалымдар арасында орын алды. Әсіресе, ұлт зиялылары тарихын зерттеуші тарихшылар белсенді қоғамдық-саяси қызметі кеңес өкіметінің орнауымен тұспа-тұс келетін топ өкілдерін қазан төңкерісі тудырған, яғни коммунистік партия қайраткерлері деп ғана бағалауды жөн көреді. Біздің ойымызша, бұл тарих ғылымындағы объективтілікті ескермей, біржақты бағалау болып табылады.

Осы орайда, еріксіз ойға, кезіндегі патшалық Ресейдің белгілі қоғамдық қайраткері Герценнің славянофильмдер мен батысшылдар туралы «олардың барлығы өз отаны мен халқының патриоттары» деген сөздері келеді. Айтпағым, XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы күрделі саяси жағдайда алаш қозғалысының өкілдері де, кеңес үкіметін қолдаған топ та өз ұлтының тәуелсіздігі үшін, оның болашағы үшін күресті.

Қазақстанның партиялық және кеңестік жетекші қайраткерлерінің алғашқы буынының мемлекеттік және қоғамдық қызметі әрі ауыр, әрі күрделі болды. Өкінішке орай, осы көрсетілген қай топтың да болмасын кеңес өкіметі кезінде нәубетке ұшырамағаны кемде-кем, тіптен жоқтың қасы деп те айтуымызға болады. Олардың қатарында - Ораз Жандосов та бар.

О.Жандосовтың қоғамдық-саяси қызметін зерттей отырып бір жағынан, әміршіл-әкімшіл жүйенің қазақ жерінде бірте-бірте қалай қалыптасқанын көрсек; екінші жағынан, әміршіл-әкімшіл жүйенің қалыптаса бастағанына қарамастан көзі ашық, көкірегі ояу қазақ азаматтарының қазақ ұлтының өркендеп дамуына атсалысқанын көреміз.

Айта кетер бір нәрсе – тарихтағы қандай саяси төңкеріс болмасын, өз қайраткерлерін асыра дәріптеп, оларды ту етіп көтерген. Бұл қазан төңкерісінің нәтижесінде біртіндеп қалыптасқан авторитарлық-деспоттық жүйеде – үлкенді-кішілі саяси тұлғалардың ақыл-ойы, күш-қайраты алғаш сол жүйе игілігіне толық пайдаланылды да, ал кейінірек осы жүйе идеясына күмән туғызу ахуалы көрініс берген кезеңде жаңағы қайраткерлердің көздері күшпен жойылды.

Ораз Жандосовтың қасіретті тағдыры қазан төңкерісінен кейінгі сол кезеңде өмір сүрген қазақ зиялыларының осындай өмір жолдарымен сабақтас. 1918 жылы социализм идеясына берік сеніммен қарап, одан өз халқына тән жақсылықтар күткен, сол себептен коммунистік партия қатарына мүшелікке өткен Ораз Жандосов, бұл жол басқаларды да, қазақ халқын да жарқын болашаққа апаратын бірден-бір дұрыс және сенімді жол деген сенімде болды.

Бүгінде қоғамдық өмір ықпалынан туындаған Ораз тәрізді азаматты осы сенімі үшін айыптау артық. Бар болғаны он тоғыз жастағы, күш-қайраты әрі өз ісіне деген сенімі мол, жалындаған Ораз өмірінің алғашқы кезеңін, әрине, оның келесі белестерімен салыстыруға болмайды.

Сонымен, О.Жандосовтың қоғамдық-саяси қызметінің алғашқы кезеңін, қызмет жасаған аймағына байланысты, жетісулық немесе түркістандық деп алдық. Саяси уақыт ағымына сай құбылып, зерттеушілерден кезінде әрқилы баға алып келген оның өмірінің жетісулық немесе түркістандық (1916-1924 жж.) кезеңі қалай дегенмен де, тың істерге толы. Бұл оның өмірінің келесі жаңа қоғамдық-саяси асуындағы ұстанған жолына көп әсерін тигізді.

Ораз Жандосов өзінің қызметін күрделі саяси хал-ахуалда бастаған. Түркістан өлкесін (оның ішінде Жетісу облысында) мекендеген халықтардың дені осы аймақтың байырғы тұрғындар болғанына қарамастан,

1917 жылы 25 қарашада құрылған үкіметтің, яғни Түркістан Халық Комиссарлар Кеңесінің құрамына жергілікті мұсылман халықтарының бірде-бір өкілі кіргізілмеді. Бұл жағдай ұлттардың теңдігі мен өзін-өзі басқару құқылығы туралы большевиктердің саяси ұрандарының мән-мағынасын жоққа шығарды.

Ал бұл істі Ташкент қаласында 1917 жылы 19 қарашада шақырылған Түркістан Кеңестерінің III съезінің қарары заңдастырып берді. Мінеки, осындай саяси хал-ахуалда О.Жандосовтың Кеңес үкіметі тұсында атқарған алғашқы ресми қызметі - 1918 жылғы мамыр айында Верный депутаттарының кеңесінің нұсқаушысы болды. Одан 1918 жылы Жетісу облысының ұлт істері жөніндегі бөлім меңгерушісі қызметін атқарған.

Ол Жетісу облысының ұлт істері бөлімін басқара отырып, талай игі істерге бастамашы болғанын көреміз. О.Жандосов көтерген кейбір мәселелер әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Сондықтан оның кейбіріне тоқтала кеткенді жөн көрдік. Облыстық ұлт істері бөлімі алқасының 1918 ж. аяғындағы хаттамалары О.Жандосовтың өзіне бағынышты органдармен қатар барлық өкімет және қоғамдық мекемелерден іс-қағаздарын жергілікті халыққа түсінікті тілде жүргізуді табанды түрде талап еткенін көрсетеді. Ол мұсылмандар мекендеген аудандарда бұрынғыша жат жерліктер – орыстың писарлеріне шейін диктатор болып табылады деп, қазақ болыстарындағы барлық іс қағаздары, ТурЦИК-тің шешіміне сәйкес жергілікті тілде жүргізілуін, ал ол үшін болыстың писарлер институтын тез арада жоюды ұлт істері бөлімінің атынан табанды түрде талап еткен. Ораздың осы бастамасы арқасында ұлт істерінің барлық уездік бөлімдерінде және кейбір кеңестік мекемелерде жоғарыдан келіп түскен қағаздарды болыстарға жіберер алдында әдетте мұсылман тілдеріне аударатын, ал өз кезегінде төменнен жоғарыға бағытталған құжаттарды орыс тіліне көшіретін аударма бюролары ұйымдастырылған. Ораздың бұл әрекеті бүгінде ұлтымыз үшін ең өзекті мәселенің бірі – мемлекеттік тілді іс жүзінде қорғаумен нақты айналысуының тамаша үлгісі.

Соңғы жылдарда ғана шешімін тапқан тағы бір мәселені О.Жандосов сол кездің өзінде-ақ шешуге тырысқан. Дәлел, мұсылмандар мейрамы Ораза айт пен Құрбан айт кезеңінде мемлекеттік кеңселерде қызмет жасаушы мұсылмандарды жұмыстан босату жөніндегі облыстық атқару комитетіне жіберген жедел хаты. О.Жандосовтың ұсынысы нәтижесінде қызмет жасаушы мұсылмандар жоғарыда көрсетілген мейрамдар уақытысында жұмыстан босатылып, оларға алдын ала жарты айлық жалақылары берілетін болған.

О.Жандосовтың осы тұстағы сан қырлы қызметінің бір бағыты ашаршылыққа ұшыраған қазақ жұртына көмек ұйымдастыру болды. Осы мәселені шешу жөнінде О.Жандосов 1919 жылдың 19 наурыз 10 сәуір аралығында өткен Жетісу облысының ІІ төтенше кеңестер съезінде сөйлеген сөзінде «... Қырғыздардың материалдық хал-ахуалын көтеру мәселесіне тоқталмастан бұрын, ұлттар арасында, нақты жағдайда, қырғыздар мен орыстар арасындағы қарым-қатынасқа тоқталу қажет: әлеуметтік тұрғыдан келгенде қырғыздар әлі каналушылар жағдайында; қырғыздар кеңес өкіметін қолдауда деген көзқарас өсіріліп айтылған; қырғыздар кеңес өкіметін оның идеялық негізінде мойындаған жоқ, тек үркіп-қорыққаннан, өз өмірлерін сақтап қалу мақсатында ғана; ал болып жатқан оқиғалардың мәнін түсініп, қабылдау өте қиын немесе тіптен мүмкін емес; олар революцияның алғашқы кезеңіндегі әртүрлі отряд мүшелерінің зорлық-зомбылықтарынан өте үркіп қалған... Сондықтан қырғыздардың экономикалық жағдайын көтеру мәселесін айтпастан бұрын, орыс-қырғыз қарым-қатынасын реттеу қажет», [1] - деп ашық айтты.

Міне осы мақсатта ол 1919 жылдың маусым-шілде айларында Шамалған, Жайылмышы, Верный, Тоқмақ, Қарғалы, Ұзынағаш, Бидалы және Күрті уездеріне іс-сапарға шығады. Осы көшпелі комиссия жұмысында О.Жандосов ұлттық салт-дәстүрді жақын білетіндігін тағы көрсетті.

Іс-сапар барысында Қарғалы уезінің Үлкенсаз атты жерінде О.Жандосов «Верный уезінің «атқа-мінерлері» мен халық адамдарының» съезін өткізеді. Жиын соңында сөйлеген Жандосов «...Осында айтылғандарды ертелі-кеш естеріңізге түсіріп, өзгелерге ұқтыруға, өздеріңіз іске асыруға әрекет жасайды деп сенеміз. Сіздер үшін тар жол, тайғақ кешуде қайырылып қарап бастарыңызды қостық. Ескілікті қалдырып, жаңалыққа бет бұруға шақырдық. Қазақ-қырғыздың жалпы бұхара жұмысшы халқы сіздерге («атқа-мінерлер» айтылып отыр – Г.Н.) көз тігіп қарап отыр. Сол бауырларыңызды икемдеп ел қатарына қосыңыздар. Халық тұрмысының қалай боларының бір ұшы сіздерге байланысты. Олар әлі де болса өз беттерімен іс бастап кете алмайды. Олар әркімге сенгіш, әркімнің тіліне ергіш. Адаспауына бас, көз болыңыздар. Бұрынғыдай мынау төре, мынау сұлтан, мынау бай деменіздер. Тізе теңдікке жеткен заман. Аласа-биік, күшті-нашар жоқ. Жалпы адам баласының дәрежесі бір болған уақыт. Бұларды сіздер түсініңіздер, олар түсінсін...», [2] - деп атқа-мінерлерге, халық арасынан шыққан беделді адамдарға сенім жүгін артты. Дәлірек айтсақ еш бүкпесіз, ашық сөйлеген Ораз өз қолдаушыларын тапты. Ол атқамінерлердің уездік съезін ұйымдастыру арқылы екі мәселені шешті. Бір жағынан, оларға (атқамінерлерге) пролетарлық революция идеясын түсіндіру; екінші жағынан, атқамінерлер мен тұрғындардың кедей бөлігі арасындағы қарым-қатынастың шиеленесуінен сақтау. Қызметінің екінші кезеңіне - саяси арпалысу және қарсыластарымен өзара арбасу тән. Бұл Ораздың Қазақ Өлкелік партия комитетінің хатшысы қызметін атқарған 1925-1927 жж. қамтиды. Бұл тек Ораздың жеке басы үшін ғана емес, бүкіл қазақ халқының тағдыры үшін маңызды, оның өзекті де өмірлік мәселелері күн тәртібіне қойылған және шешілген жылдар еді. Осы жылдары оның атқарған жауапты қызметі әрі Коммунистік Орталыққа сенімі оны саяси адасушылық соқпағына да түсірді. Бірақ, біздің ойымызша, бұл құбылыс ұзаққа созылған жоқ. От ауызды, өткір тілді Ораз халық арасында зор беделге ие болып, бірақ өзінің еркін ойлы, талап қойғыш жұмыс әдісінің салдарынан ақыры республикалық саяси басшылық қатарынан аластатылды.

О.Жандосов қоғамдық-мемлекеттік қызметінің келесі белеңі - халық ағарту саласында да ынта-жігермен белсене атқарды. 1928-1933 жылдарда, негізінен, оқытушылық және ғылыми-ағартушылықпен шұғылданып, бұл салада да өзіндік із қалдырған Ораздың саясаттан аулақтағанын, өз пікірін сақтана айтқанын, аңысын аңдаған, саяси қайраткер болып қалыптасқанын көреміз. Дәл осы халық ағарту комиссары қызметінде жүріп А.Байтұрсыновтың «Практическая грамматика», І.Жансүгіровтың «Малтабалалар кітапшасы», Ж.Аймауытовтың «Кемпір мен шал», «Көк өгіз» кітаптарының жарық көруіне мұрындық болды.

Ораз Жандосов Алаш қозғалысына тікелей қатыспаса да, оның идеясын және концепциясын жүзеге асыруға атсалысқанын көреміз. Ол А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Әуезов тәрізді осы қозғалыс мүшелеріне жақын болып, қандай жауапты қызметте болса да, оларға жағдай жасауға, олардың білімін халық мүддесіне қызмет жасатуға қолынан келгенше көмектесті. М.Жұмабаевтың «Тоқсанның тобы» толғау өлеңінің баспасөз бетінде жариялануына бірден-бір себепкер болған да Ораздың өзі.

1928 жылы М.Әуезовтің тұтқындалған «Қазақ әдебиеті тарихын» жарыққа шығару туралы Қазақ өлкелік партия комитетінің үгіт-насихат бөліміне хат жолдаған. Сонымен қатар, Т.Шонановпен бірге 1916 жыл туралы естеліктер жинағын шығаруға ат салысты. Бірақ жауапсыз қалған хат пен жарық көрмей қалған жинақ тағдырына сол кезеңде билік құрған коммунистік партия шенеуніктері кінәлі еді. Жөргегінде тұншықтырылған мұндай бастамалар Ораздың мемлекеттік және қоғамдық қызметінде көп болды. Оның тағы бір мысалы – Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи мешітін қалпына келтіруді қолға алуды ұсынып Түркістан аудандық партия комитетіне жазған хаты.

Ал 1931 жылы Мемлекеттік көпшілік кітапхана директоры қызметін атқарып жүргенде, қудалауға түсіп абақтыға отырып шыққан Мұхтар Әуезовке осы кітапхана қызметкерлерін, оған аса көңіл бөліп, ыждаһаттылықпен қызмет етуге шақырған. Мінеки, бұл оның азаматтығының, терең ойлап, болашақты көре білгендігінің тағы бір дәлелі дер едік.

О.Жандосов еліміздегі алғашқы арнаулы білім беретін орта және жоғары оқу орындарының ашыла бастауына белсене араласты. Ол республикамыздағы тұңғыш университетті (2013 жылы өзінің 85 жылдық мерейтойын атап өткен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетті – 1930 жылдан бастап Қазақ педагогикалық институты деп аталған оқу орнын) ашу істерімен айналысқан ұйымдастыру бюросына басшылық етті. Ол Қазақстан Халық комиссарлар Кеңесінің 1928 жылы 10 маусымда өткен мәжілісінде «Алматы қаласында Қазақ мемлекеттік университетін ұйымдастыру туралы» баяндамасында Қазақ мемлекеттік университетін үш факультеттен (педагогикалық, ауылшаруашылық, дәрігерлік) құру және 1928 жылдан 1 қазанынан бастап педагогика факультетін ашу, ал ауылшаруашылық факультетін 1929 жылдың 1 қазанынан ашуды ұсынды.

О.Жандосов университеттің материалдық-техникалық базасын нығайту, оларды маман-мұғалімдермен қамтамасыз ету мәселелерімен ғана шұғылданып қойған жоқ, ол Қазақ мемлекеттік университетінің 1928 жылғы 26 қыркүйекте қабылданған №5 бұйрығы бойынша алғашқы қабылдау комиссиясының төрағалығына сайланған. О.Жандосовтың өзіне жүктелген болашақ мамандар таңдауға байланысты маңызды істі қандай дәрежеде атқарғанын, алғашқы университет түлектерінің ортасынан шыққан көптеген өнеркәсіп басшылары мен ғалымдардың жемісті қызметі көрсете алады. Ол қазақ университетін мамандармен қамтамасыз ету үшін Ташкент жоғары оқу орындарынан білікті профессорларды, С. Асфендияров, Х.Досмұхамедов, А.Байтұрсынов, Ә.Ермеков сынды қазақ зиялыларын жұмысқа шақырған. Сонымен қатар, ол жана университетті оқу әдебиеттерімен қамтамасыз ету үшін Мәскеу, Ленинград қалаларына арнайы өкілдер жібертіп, құрал-жабдықтар алдыртуымен де айналысқан.

Өмірінің соңғы жылдарында аудан, облыс басшысының партиялық және кеңестік қызметтерін атқара жүріп, ол өз халқына жан-тәнімен қызмет істейтін тарихи тұлға екенін дәлелдеді.

Ол екі рет партиялық жазалауға ұшыраған. Оның алғашқысы – 1924 жылы, екіншісі – 1935 жылы болды. Соңғы 1935 жылы № 1126359 партиялық билетін 1933 жылдың желтоқсанында жоғалтса да, дер кезінде бұл жайлы партия комитетіне хабарламай жүргені үшін Алматы қалалық партия комитеті «партиялық билетті сақтаудағы салақтығы үшін О. Жандосов жолдасқа сөгіс жариялаған» [3]. Біздіңше, Ораздың коммунистік партия саясатына күмәнмен қарағанын осы мысалдар аңғартып тұрғандай. Егер 1935 жылы партиялық құжаттарды тексеру науқаны болмағанда, мүмкін Ораз да басқа шешімге келер ме еді?!

1935 жылдың желтоқсанында партиялық құжаттарды тексеру нәтижесінде «Жандосов жолдастың партиялығы күмән келтірмейді» деген облыстық партия комитетінің қаулысы қабылданса да, 1937 жылдың басынан Ораз Жандосов негізсіз қудалана бастады [4]. 1937 жылы 19-24 ақпан аралығында өткен Алматы БК(б)П облыстық комитетінің X пленумында облыстық атқару комитетінің қызметі сынға алынды. О.Жандосов осы пленумда сөйлеген сөзінде: «... Әрине, Кисилев жолдас көрсеткендей, облыстық атқару комитеті нашар жұмыс істеуде. Менің айтпағым, бізде кемшіліктер баршылық, әрине олар жеке менің басыма да қатысты. Сондықтан бұл кемшіліктер үшін жауапкершілік менің мойнымда. Облыстық комитет хатшысы Кисилев жолдас пен облыстық комитеттің кейбір мүшелері де облыстық атқару комитетінің жұмысына қанағаттанбауда. Мен бұл жағдайды түсінемін. Бұл заңды қанағаттанбаушылық, себебі, іс жүзінде кемшіліктер баршылық...» [5] – деп көрсеткен. Ал айтылған кемшіліктерге келетін болсақ, оның бірі – партиялық қудалауға түскен Гайсин атты азаматты жұмысқа қабылдағандығы еді. Мінеки, осылай О.Жандосов жоқ кемшіліктерді мойындауға, жолдастық көмек көрсеткені үшін жауап беруге мәжбүр болды. Көп ұзамай осы жылдың 29-31 наурыз аралығында өткен облыстық партия комитетінің XI пленумында Ораз Жандосовқа көсемшілдікке, жағымпаздыққа бой ұрды деген кінә тағылды. Осы пленумда сөйлеген Сүгіров: «... Орталық комитеттің архивінде және бюро мәжілісінде О. Жандосов қазақтардың өз туған-туыстарын тартатын (жұмысқа – Г.Н.) дәстүрі туралы сөз етті. Жандосов жолдастың бұл мәлімдемесі кем дегенде зиянкестікке жатады. «Правда» газетінің бар орыс халқын

обломовшылдықта кінәлаған Бухаринге қатысты айтқанын ескерткім келеді. Жандосов мәлімдесі осыған келмей ме?!» [6] – деп кінә тақты. Ал оның ойын келесі сөйлеген Көбеков былай жалғастырды: Сүгіров жолдастың айтқанын толықтырғым келеді. О. Жандосов жағымпаз. Оның сөйлеген көздерінен негізінде білгірлік жоқ, әрі митингілік сипатта және «жасасыны» көбірек» [6].

Керісінше, қашанда қателіктерді ашып айтып сынға алуға шақырып отыратын Ораз Жандосовқа қатысты мұндай оғаш сын шындыққа ешбір жуыспайтын еді. Оның үстіне, мұрағат деректерімен таныса отырып, бұл қудалаудың адал әдістермен жүргізілуіне жоспарлы түрде қасақана ұйымдастырылған саяси науқан екенін көре аламыз. Мүмкін осындай негізсіз кінә тағылуларға байланысты болар, О.Жандосов 1937 жылдың 1 сәуірінен бір айлық демалысқа кетеді [7]. Бірақ бұған қарамастан кінә іздеу қаралау процесі толастаған жоқ. «О. Жандосов мәселесі» 13 сәуірдегі орталық комитеттің бюро мәжілісінде және мамыр айының 26 өткен облыстық партия комитетінің XIII пленумында тағы қаралып, тағы да қараланды [8].

1937 жылдың 29-30 мамыр аралығында өткен Алматы облыстық партия конференциясында АОАК төрағасы О.Жандосовтың кандидатурасы облыстық партия комитеті мүшелігіне осыдан бұрын жау ретінде «әшкереленген» зиянкес ағасы мен байланысты болғаны және жағымпаздықты дәріптегені үшін өткізілмеген [9]. Осыдан көп ұзамай осы 1937 жылдың 3 маусымында Алматы облыстық партия комитетінің пленумы «... Бізде облыстық атқару комитетінің төрағасы О. Жандосов екені белгілі. Онша жақсы жұмыс істемегені де барлықтарыңызға мәлім. Оны жұмыстан босату туралы ұсыныс бар» [10] – деп, Ораздың жұмысын жан-жақты партиялық, кеңестік талқылаудан өткізбей-ақ, үстірт те шұғыл қарар ұсынды. Осы маусым айының басында өткен Қазақстанның коммунистік партиясының I съезінде Өлкелік Комитеттің есебі бойынша баяндамашы Л. Мирзоян: «Ораз Жандосовты Алматыдағы екіжүзді жаулардың» қатарына жатқызып, тіптен «... Бұл жаулар ұзақ уақыт біздің қырағылылығымызды алдап, біздің көрсақырлығымыздан әшкереленбей келді» деп көрсетілген [11]. Бірақ бұл кезде оны қамауға алып, тікелей жазаға тартуға әлі де болса қажетті материалдар жеткіліксіз болған тәрізді.

1937 жылдың 28 маусымында облыстық партия комитетінің бюро мәжілісінде «О.Жандосов жолдастың жұмысы туралы» мәселе күн тәртібіне қойылып, ол Түрген (Қаракемер) селосындағы жұмысшы факультетінің директоры болып тағайындалды [12]. Бұл қызметті Ораз шамамен екі-ақ ай атқарды. Олай дейтініміз «1937 жылдың 1 қыркүйегінде Түрген педагогикалық жұмысшы факультетіне директор болып Сарсенов Ж. жолдас тағайындалған» [13].

Сонымен, О. Жандосов 1937 жылдың шілде-тамыз айларында тұтқындалып, 1938 жылы 2 наурыз күні Ораз Жандосов жоғарғы сот үкімі бойынша ату жазасына кесілді. Жаза сол күні-ақ іске асырылған.

Біз мұрағат деректерін талдай келе, Ораз Жандосовтың болашақ ұрпаққа өнеге боларлықтай өмір кешкенін байқаймыз. Әрине, бұл өмірде тарихтың жықпылды да тартысты тар соқпағында асыра сілтеу құралына айналған, большевиктік даурықпа саяси науқандар тұлғасы болған, жалған саяси сенім жетегінде адасқан және осы бағытта кейде күштеу әдістері де еңбекшілерді бақытқа жеткізеді дегенге иланып, Голощекин тәрізді біржақты саяси қайраткер төңірегіне кірген тұстары да бар.

Бұларды, біздің ойымызша, тарихтан жасыра алмаймыз, мұндай олқылықтар кейінгі ұрпаққа сабақ болуға тиіс. Яғни, тәуелсіз Қазақстан қайраткерлері бұл жағынан да О.Жандосов өмірінен үйреніп, оның саясат қыспағындағы ауыр тағдырының қателіктерін қайталамауға тиіс. О.Жандосовты сынап отырып, одан үйренейік.

Дегенмен де, «тоғыз ауыз сөздің тобықтай түйінін» айтар болсақ, О.Жандосовтың голощекиндік ат төбеліндей партиялық азшылыққа жасаған қызметінен гөрі, оның өзінің туған еліне сіңірген еңбегі, қызметі әлдеқайда ауқымды да көлемді. Осыған назар аударғанымыз жөн. Сондықтан да, оның тарихи тұлғасы еңселі болып қала бермек. Оның қоғамдық-саяси тұлғасы сондықтан да коммунистік партия ұйымдастырушысы ретінде емес, отаршылдық пен әділетсіздікке қарсы күрескер, ойлы ұстаз, парасатты басшы және ізгі ниетті бастамалар мен үлкен әлеуметтік өзгерістердің басы-қасында жүрген ел жанашыры, халқын алға бастаған өз ұлтының төл азаматы ретінде сипатталуы және құрметтелуі тиіс деп ойлаймыз. Біз болашаққа сеніммен қарау үшін өткен тарихымызды тануымыз керек.

О.Жандосовтың күрделі әрі тағылымды ғұмырын зерттеу – ұлтымыздың өткен жолын, өзімізді өзіміздің жете танып – білуімізге көмектеседі. Кезінде коммунистік идеологияның дара үстемдігі дәуірінде бұрмаланған О.Жандосов сынды ірі күрескерлер туралы шындықты қалпына келтірудің тарихымыздан дұрыс сабақ алуға өз септігін тигізері анық.

1. Алматы ОМА, 489-қ., 1-т., 5-іс, 76-77 нн.
2. Алматы ОМА, 361-қ., 1-т., 89-іс, 43 нн.
3. ҚР ПА, 8-қ., 1-т., 258-іс, 187 н.
4. ҚР ПА, 8-қ., 1-т., 259-іс, 184 н.

5. ҚР ПА, 8-қ., 1-т., 615-іс, 113-134 тт.
6. ҚР ПА, 8-қ., 1-т., 625-іс, 128, 136 тт.
7. ҚР ПА, 8-қ., 1-т., 631-іс, 54 п.
8. ҚР ПА, 8-қ., 1-т., 628-іс, 18 п., 631-іс, 97-98 п.
9. *Казахстанская правда*, 1937. 1 июня.
10. ҚР ПА, 8-қ., 1-т., 598-іс, 9 п.
11. *Отчет Крайкома КП(б)К на первом съезде КП(б)К. Доклад Мирзояна 6 июня 1937 года // Казахстанская правда*, 1937. 8 июня.
12. ҚР ПА, 8-қ., 1-т., 632 іс, 113 п.
13. ҚР ПА, 8-қ., 1-т., 633-іс, 83 п.

Түйіндеме

Мақала ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында көрнекті мемлекеттік және қоғамдық қызметтер атқарған Ораз Жандосовтың саяси қуғын-сүргінге ұшырауын зерделейді. Автор мұрағат құжаттарының негізінде О.Жандосовтың қоғамдық-саяси қызметі үздіксіз партиялық және идеологиялық бақылауда болғанын ашқан. Оның қоғамдық-саяси тұлғасы сондықтан да коммунистік партия ұйымдастырушысы ретінде емес, отаршылдық пен әділетсіздікке қарсы күрескер, ойлы ұстаз, парасатты басшы және ізгі ниетті бастамалар мен үлкен әлеуметтік өзгерістердің басы-қасында жүрген ел жанашыры, халқын алға бастаған өз ұлтының төл азаматы ретінде сипатталуы және құрметтелуі тиіс деп ойлаймыз.

Тірек сөздер: қазақ, ұлт, тағдыр, тұлға, қайраткер, саясат, азамат, қоғам

Аннотация

В статье воссоздана история политических репрессий в Казахстане на примере Ораза Жандосова – видного государственного и общественного деятеля 20-30 годов ХХ века. На основе документальных материалов установлено, что он непрерывно находился под партийным и идеологическим контролем командно-административной системы. Его общественная-политическая деятельность раскрывается не только в качестве организатора и идейного вдохновителя партийных и коммунистических идей его эпохи, но и как борца за справедливость, как мыслящего учителя и дальновидного руководителя всех начинаний происходивших социальных преобразований в обществе в целом.

Ключевые слова: казах, нация, судьба, личность, деятель, гражданин, общество

УДК 94(574)

АКАДЕМИК В.В. БАРТОЛЬДТЫҢ ӨМІРІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСТАЛУЫ

Нүрпейіс Т.Ә. – т.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
«Халықаралық қатынастар» кафедрасының аға оқытушысы

Түйіндеме

Автор бұл мақаласын Орта Азия мен Қазақстанның тарихына ғана емес, әлемдік ғылымның дамуына қомақты үлес қосқан шығыстанушы ғұлама ғалым академик В.В.Бартольдтың өмірі мен ғылыми қызметінің басталу кезеңіне арнап, Қазан төңкерісіне дейінгі шығыстану ғылымы өз дамуының ұзақ та күрделі, ұлы жаңалықтар мен тамаша жеңістерге толы үлкен жолын басынан кешіргенін айта келе, бұл жолда, әрине, кез келген ғылым жолында болатын кателіктер де болмай қалған жоқ екенін нақтылайды. Ресей сияқты саяси оқиғалары аласапыран болып тұрған елде ғылыммен айналысу қиынның қиыны болып тұрғанда, бір қоғамдық құрылымды екіншісі күштеп алмастырып жатқан тұста, қазақ сияқты отарланушы елдердің тарихы мен мәдениетін жанашырлықпен зерттеу, басқа да шовинистік көзқарастағы, орыстық отаршылдық пиғылдағы ғалымсымақтарға қарсы тұру, ғылымның тазалығы үшін күресу

әркімнің қолынан келе бермейтін шаруа еді. Автор бұл мақаласында оқырман қауымға академик Василий Владимирович Бартольдты осы қырынан таныструды мақсат етіп отыр.

Тірек сөздер: Орта Азия, Қазақстан, шығыстану, тарих ғылымы, отаршылдық саясат, шовинизм, саяси оқиғалар, қоғамдық құрылым, ғылыммен айналысу, академик, әлемдік ғылым

Мен бұл екі бөлімнен тұратын мақаламды аса көрнекті шығыстанушы, академик Василий Владимирович Бартольдтың өмірі мен ғылыми қызметіне арнап отырмын. Бұл мақалалар осы жолдардың авторының 2005 жылы жарық көрген «Академик Василий Владимирович Бартольд – аса көрнекті шығыстанушы (1869-1930 жж.)» [1] атты тарихи библиографиялық очеркінің қысқартылған нұсқасы болып табылады. Бұрын жарық көрген академик туралы очерктің аз ғана тиражбен шұғуы себепті тарихшы ғалымдар мен студенттердің назарынан тыс қалап қалды. Осы орайда, атақты ғалымның Орта Азия мен Қазақстанның таихы мен мәдениетін зерттеуге қосқан аса зор үлесі жөнінде ой бөліскіміз келген ниетпен қайтадан жариялауды жөн көрдік.

Қазан төңкерісіне дейінгі шығыстану ғылымы өз дамуының ұзақ та күрделі, ұлы жаңалықтар мен тамаша жеңістерге толы үлкен жолын басынан кешірді. Бұл жолда, әрине, кез келген ғылым жолында болатын қателіктер де болмай қалған жоқ. Революцияға дейінгі орыстық шығыстану ғылымының жақсы үрдістері мен сабақтары кейінгі уақыттарда да жалғасын тапты. Атақты шығыстанушы академик В.В.Струве былай деп жазды: "Біз даңқты орыстың шығыстану ғылымының мұрагерлері болғанымызды мақтаныш тұтамыз. Революцияға дейінгі шығыс зерттеушілері шығыс тарихы мен филологиясын зерттеуде тамаша жетістіктерге жетіп, тамаша жаңалықтар ашты. [2]

Революцияға дейінгі шығыстану ғылымының риза көңілмен құптарлық бір тұсы мынада еді: бұл ғылым патша үкіметі Ресейдің шығыс шеткері аймақтарын аяусыз қанап, тонап отырған жағдайында және "бұратана халықтың мәдениеті мен тарихи ескерткіштерін жойып жіберуді көздеп, оны зерттеудің пайдасынан да зияндығы өте басым" дейтін шовинистік көзқарастың күш алып тұрған кезінде дамыды.

Орыстың шығыстанушы ғалымдары өздерінің кейінгі ұрпаққа қалдырған ғылыми туындыларында Қазақстан мен Орта Азия халықтарының өте бай мәдениеті мен өнері туралы, тамырын тұңғыықтан алар терең тарихы туралы көптеген құнды мәліметтер қалдырды. Әсіресе, біздің және бізге жақын түркі тілдес халықтардың мәдениет тарихын, этнографиясын, географиясын және тарихын зерттеген шығыстанушылар Орта Азия мен Қазақстанды мекендеген халықтардың да әлемдік тарихта алатын ерекше орны бар екендігін, олардың әлемдік ғылымға, әлемдік өркениеттің алтын қорына қомақты үлес қосқандарын бай фактілік материалдарға сүйене отырып дәлелдейді.

1917 жылға дейінгі шығыстану ғылымының ерекшелігі, біріншіден, оның патша үкіметінің озбыр шовинистік саясатынан аз да болса алшақ жатуында еді. Әрине, патша үкіметінің солақай саясатының сойылын соғып, соның шаңына көмілген еңбектердің болғаны айдан анық. Екіншіден, шығыстанушы ғалымдардың басым көпшілігі тарихи деректерге өте терең көңіл бөле білді. Бұл қасиет шынайы тарихшы үшін аса қажет іс болып табылады. Олар бұны жақсы түсінді. Тарихи деректерге өте мұқият сын көзімен қарай отырып, ішінен тарихи оқиғалардың болғанын бұлтартпас айғақпен дәлелдей алатын мәліметтерді іріктеп алып, талдау арқылы Қазақстан мен Орта Азия тарихын жазуда оларды кәсіби шеберлікпен пайдалана білді.

Орыстық шығыстану ғылымында 19-шы ғасырдың аяғы мен 20-шы ғасырдың басында әр түрлі бағыттар болды. Солардың ішінде ең күшті прогрессивтік бағыттың өкілдерінің бірі - кеңес екіметіне дейінгі буржуазиялық шығыстану ғылымының, кейіннен кеңестік дәуірдің аса ірі тұлғасы Василий Владимирович Бартольд (1869-1930 жж.) болды. Ол өзінің бар саналы өмірін Қазақстан мен Орта Азияның тарихын зерттеуге арнаған десек артық айтқандық болмас еді. Ол буржуазиялық қоғам жағдайында өмір кешіп, ғылыми қызмет жасаған адам. Қоғамдағы жағдайға байланысты тарихи процесті тануда ол идеалистік бағыт ұстады. Бірақ оны әрдайым әлеуметтік-экономикалық мәселелердің тарихы, халық бұқарасының жай-күйі қатты қызықтырды. Сондай-ақ ғалым саяси және діни мәселелердің де тарихын өте ұқыптылықпен зерттеді.

В.В. Бартольдтың ғылыми қызметі туралы А.Ю.Якубовский былай деп жазды: «Как бы ни ограничивал он себя узкой политической тематикой в силу малой разработанности предмета, он никогда не оставлял без внимания вопросы социально-экономической жизни». [3]

В.В. Бартольд 1896 жылы өзінің алдына қойған мақсатын айқындай отырып былай жазыпты: «...тарихшының міндеті тек саяси тарихты зерттеп, оны жазудан ғана тұрмайды, ол тарихтың әр түрлі кезеңдеріндегі халықтардың өмір тынысын, қоғамдық, әлеуметтік құрылымдарын терең білуі керек, тарихи өмірдің ағысы мен тынысы экономикалық жағдайлармен анықталады. Сондықтан зерттеушілер жер шаруашылығының, өнеркәсіптің және сауданың дамуын өз еңбектерінде терең қарастырулары қажет». [4]

Жас шағында, жаңадан құнды еңбектер жазуға аяқ басқан кезінде тарих туралы осындай келелі ойлар айтқан шығыстану ғылымының аса үлкен қайраткері В.В. Бартольдтың өмірі мен қызметі туралы мәселе тарихшы үшін өте қызық дүние. Өйткені, ол барлық өмірін және ғылыми еңбектерін түркі дүниесінің тарихын зерттеуге арнаған. Қазақстан тарихы туралы көптеген зерттеу еңбектерін қарастырған кезде ежелгі дүние мен орта ғасырлар кезіндегі тарихты зерттеушілердің көп бөлігі академик В.В. Бартольдтың еңбектеріне сілтеме жасауды «ұмытып» кетіп отырған. Атақты шығыстанушының еңбектерінің көп жерін үтір-нүктесіне дейін көшіріп алған тұстары да жетерлік. Тіпті, кейбір авторлар ғалымның жазғандарын «өздерінікіндей» етіп жіберген тұстары да кездесіп қалады.

Артына өте үлкен ғылыми еңбек, өшпес мұра қалдырған академик Бартольдтың өмірі мен қызметі туралы білуге құштарлық осындай тақырыпта мақалалар жазуға итермелеп отыр.

В.В. Бартольд шығыстану ғылымында артында аса бай мұра қалдырып отырса да, оның өмірі туралы мәселенің тарихнамасы өте жұпыны.

Оның кеңестік дәуірдің алғашқы жылдарында қызметтес болған қаламдас, дос-жолдастарының ол туралы жазғандары зерттеушінің өмірге, қоғамға, тарихи ізденіске деген көзқарасын анықтап алуымызға мүмкіндік береді. Оның бірі – В.В. Бартольдпен бірігіп "Алтын Орда және оның құлауы" деген өте күрделі еңбек жазған А.Ю. Якубовскийдің жоғарыда мен сілтеме жасаған мақаласы Бартольдтанудағы сүбелі еңбектің бірі болып табылады.

В.В. Бартольдтың қызметі мен өмірі туралы еңбектер ғалымның тірі кезінде-ақ шыға бастады. Солардың бірі - шығыстанушы ғалым И.И. Умяковтың еңбегі. 1926 ж. Ташкент қаласында шыққан бұл автордың кітабы "В.В. Бартольд" деп аталады. Онда ғалымның шығыстану ғылымына қосқан үлесі, Орта Азия мен Қазақстанды, әсіресе, Түркістан өлкесін зерттеуге қосқан үлесі жөнінде жан-жақты айтылған. "Бартольдтың еңбектерінде жинақталған бай фактілік материалдар Орта Азия мен Қазақстан тарихын зерттеу ісінде жалпылап сөйлеуден және экстенсивтіліктен (бұл жерде "сапасыз оқудан" деп түсінген дұрыс. - Н.Т.) арылып, Түркістантанудың жекелеген мәселелерін зерттеудің нақтырақ және ұқыпты да мұқият ісіне мүмкіндік берді", - деп жазады Умяков И.И. [5]

Екінші бір шығыстанушы ғалым И.Ю. Крачковский өзінің еңбектерінде В.В. Бартольдке өте жоғары баға береді. "Біздің мәдениетіміз тарихында, бүкіл дүние жүзінің тарихында оның аты ешқашан ұмытылмайды, оның есімі өшпейді. Оның еңбектерімен кез-келген шығыстанушы ғалым арабтардың немесе басқа да мұсылмандар өмірінің өте нәзік тарихи жақтарынан хабардар ететін анықтауларды таба алады. Ғалымның тарихи пайымдаулары өте дәл де әділ келіп отырады. Оның көп жылғы еңбектерінің жемісі болған ғылыми көпшілікке арналған кітаптарынан шығыс елдерінің өмірінің тамаша қайталанбас суреттерін табуға болады. Бұл бейнелеуді осы уақытқа дейін ешкім қайталап та, айырбастап та көрсете алмады", - деп жазады Бартольд туралы И.Ю. Крачковский. [6]

Әрине, бір өмірбаяндық мақала жазу барысында аса ірі тұлға В.В. Бартольдтың өмірі мен қызметіне арналған еңбектердің бәрін қарастырып шығуға мүмкіндігіміз болмады. Оның үстіне ғалым туралы еңбектердің тарихнамасы өте жұпыны. Бұл мақаланы жазу үшін В.В. Бартольдтың өзінің еңбектерін, кейінгі он-он бес жылдар көлемінде өткізілген "Бартольд оқулары" деп аталатын ғылыми конференциялардың материалдарын пайдалануға мүмкіндік алдық. Сондай-ақ, Орта Азия ғалымдары ішінен Б.В. Луниннің "Из истории русского востоковедения и археологии в Туркестане" дейтін (Ташкент, 1968) және Н.М. Акрамовтың "Выдающийся русский востоковед В.В. Бартольд" (Душанбе, 1963) деп аталатын еңбектері қарастырылды. В.В. Бартольдтың 1963-1968 жылдарда жарық көрген тоғыз томнан (он кітаптан) тұратын шығармалар жинағындағы жеке адамдарға, ғалымдарға, саясаткерлерге, қоғам қайраткерлеріне жазған хаттарымен, өзіне арналған басқа адамдардың хаттарымен таныса алдық.

Ұлы ғалымның өте бай мұрасымен танысқаннан кейін, біздің қазақ халқымыздың, туған елдің тарихының және бер жағы түркі дүниесінің, ар жағы бүкіл ислам әлемінің шын жанашыры болған академик В.В.Бартольдтың өнегелі өмірін, артына қалған мол мұрасын осы қысқаша мақалалардың арқауы етіп алуға мақсат тұттым.

В.В. Бартольдтың өскен ортасына қысқаша шолу жасап кеткенінді жөн көріп отырмыз. Василий Владимирович Бартольд 1869 жылдың 15 қарашасында Петербургте дүниеге келген. Оның әкесі Ригада туылып, кейін Петербург қаласына келіпті. Биржада маклер болып қызмет істеген адам. Өзінің біршама дәулеті бар, ауқатты кісі болған. Әкесінің байлығы мұрагерлік заңы бойынша өзі қайтыс болған соң баласы - Василийге қалады. Әкесінен қалған байлықтың пайдасын ғылым жолына түскен талапты В.В. Бартольд көп көрді Жоғарыда айтылғандай патша өкіметі шығыстану ғылымына қаржы бөлмек түгілі, шығыс елдерінің тарихы мен мәдениетіне менсінбеушілікпен қарап тұрған кезде әке мұрасының жас ғалым үшін қандай зор пайдасы болғаны айтпай-ақ түсінікті. Ол қаржы Василий Владимировичке сол

кездегі Ресей тұрғындарының ең бай өкілдерінің балалары ғана қолы жететін терең білімді алуға, одан соң сүйіп тандаған ісіне беріліп, ғылыми қызметпен айналысуына зор мүмкіндіктер берілді. Бұл жайында өзінің өмірбаянын жазған ғалым былай деп еске алады: «Әкемнің бар жинағаны маған мұрагерлікпен қалып, еңбекақы үшін жұмыс іздеп, ғылыми жұмысты тастап кетпеуіме зор пайдасын келтірді. Осы қаражаттың арқасында білім алу үшін, ғылыми ізденістер үшін бар күшімді салуға, тіпті ұзақ уақытқа созылған саяхаттар жасауға ешбір кідіріс жасамадым. Сөйтіп, мен өзімнің сүйікті ісіммен құлшына айналыса алдым». [7]

В.В. Бартольдтың шешесі де осал әулеттен емес еді. Шешесінің әкесі Петербургте туылған. Кейіннен үлкен бір банк конторының қожасы болған адам еді. Василий Владимировичтің шешесі жағынан нағашы атасы Гамбургтен Ресейге келіп, Петербургтегі ең ірі лютерандық шіркеудің священнигі болған.

Міне, осындай ауқатты да беделді ортада тәрбиеленген болашақ ғалым орта білімді Петербург қаласында ең сапалы білім ошағы болып саналатын №8 гимназиясының қабырғасында жүріп алады. Ол бұл оқу орнын 1897 жылы "Оқудағы үздік білімі үшін" алтын медалімен аяқтайды.

Замандастарының айтуларына қарағанда талапкер оқушы өзін болашақ ғылыми жұмысқа мектеп партасында-ақ отырғанда дайындаған екен. Оны мектептес достары да, оқытушылары да айтады. 1886 жылы гимназияның жетінші класында оқып жүрген ол, "Тетрадь для латынского языка ученика 7 класса В.В. Бартольда" деп архивте сақталып қалған жазбаларында оның шынымен-ақ шығыстың тарихы мен филологиясына қатты қызыққанын байқауға болады.

Гимназияны үздік аяқтаған жас Бартольд Петербург университетінің шығыс тілдері факультеті жанындағы араб, парсы, түрік, татар тілдерін баса оқытатын бөліміне оқуға түседі. Өзінің туа біткен дарынымен гимназияда алған озық білімі оны университет қабырғасында бірден көзге түсіреді. Оның үстіне шығыстану факультетінің оқу процесінің дұрыс методикалық жолға қойылуы және сол кездегі өте білімді шығыстанушы профессор-ғалымдардың факультетте лекциялар оқып, семинар сабақтарын жүргізуі В.В.Бартольдтың ғылымға деген құлшынысын одан әрі өрістетіп жібереді.

Ол кезде Петербург университетінде төмендегідей 14 пән жүргізілген еді:

1) араб тілі (сегіз семестр қатарынан оқытылатын еді), бұл пәннен сабақты ординарлық профессор В.Р. Розен жүргізді;

2) араб әдебиетінің тарихы – профессор В.Р. Розен;

3) парсы тілі – доцент В.А. Жуковский;

4) парсы әдебиетінің тарихы – профессор К.П. Патканов;

5) түрік-татар тілі – профессор В.Н. Березин;

6) осман тілі (үстеу) – профессор В.Д. Смирнов;

7) түрік тайпаларының тарихына шолу - профессор В.Н. Березин;

8) осман әдебиеті мен тілдері – профессор В.Д. Смирнов;

9) парсы және татар тілдерінің практикалық сабақтары – Мырза-Жапар және доцент С.И. Черняев;

10) араб тілінің практикалық сабақтары – Мырза-жапар және доцент С.И. Черняев;

11) шығыс тарихы. Жалпы курс. – профессор В.И. Веселовский;

12) парсылардың жаңа тарихы. Арнаулы курс – профессор К.П. Патканов;

13) Түркия тарихы. Арнаулы курс – профессор В.И. Веселовский;

14) Орта Азия тарихы. Арнаулы курс – профессор В.И. Веселовский.

Университет оқытушылары құрамының осындай атақты, дарынды ғалымдардан тұруы білім сапасының өте жоғары деңгейде болғанынан хабардар етіп тұрғанын байқауға болады. Әсіресе, осы кездерде Петербург университетінде атақты шығыстанушы, ғалым В.В. Вельяминов-Зерновтың жұмыс істеуі оқу орнының беделін әуелетіп тұрған еді. Алайда, В.В. Вельяминов-Зернов 1893 жылы шығыстану факультетін бітірушілердің сынақ комиссиясының төрағасы болғанда түлектердің алған білімдеріне риза болмағаны туралы жазба қалдырған. Әсіресе, Орта Азия мен Қазақстан тарихынан жүргізілетін пәндердің ауқымы тар екендігі туралы баса айтылады. Ғалымның бұл ойларын В.В. Бартольд та қуаттайды. Зерттеуші Н.М. Акрамов сол кездері университетте жүргізілген Орта Азия тақырыбына байланысты бағдарламаны мұрағат қорларынан тапқан екен. Ол төмендегі пункттерге бөлінеді:

1) жалпы курс: Европа саяхатшыларының Азияға шолу жасауы (Ежелгі дүниеден осы уақытқа дейін);

2) араб, парсы, түрік, татар бөлімдерінің студенттері үшін: Монғолдардың Орта Азияны жаулап алуы мен және Орта Азиядағы мемлекеттердің монғолдарға дейінгі пайда болуы;

3) жалпы курс: Классикалық және шығыс жазушыларының ежелгі дүниедегі деректері бойынша Орта Азия халықтары туралы шолулар;

4) Қытай-манчжур бөлімінің студенттері үшін: Монғол империясының тарихы;

5) деректермен танысу. [8]

Бұдан басқа да деректер Петербург университетінде шығыстану факультетінің жұмысы ақсай бастағаны туралы, әсіресе Орта Азия мен қазақ даласының тарихы туралы сабақтардың мардымсыз болғанын дәлелдейді. В.В.Бартольд Орта Азия тарихын қандай дәрежеде оқытқаны туралы былай деп жазды: «Тек қана бір профессор, Веселовский шығысқа жасаған Европа саяхатшыларының тарихын жалпы курс ретінде және Орта Азия тарихын бірнеше курс етіп оқыды. Сонымен ғана шығыс тарихы курсы тамамдалатын еді». В.В. Бартольд Николай Иванович Веселовскийдің оқытушылық қызметін бағалай келе, өзінің көңілі толмайтынын былай деп білдірді: «Университетке түсерде орыс тілінен басқа тіл білмейтін Н.И. Веселовский шығыс тілдерінің бірін де түпнұсқа құжаттарымен жұмыс істей алатындай үйрене алмады, ол қажет болған жағдайда құжаттарды аудару үшін тіл мамандары – лингвист ғалымдарға өтініш жасайтын». [9] В.В. Бартольдтың айтуынша Н.И. Веселовскийді университеттің барлық студенттері керемет сыйлаған. Бірақ оның лекцияларына жас талант, болашақ үлкен ғалым В.В. Бартольд қанағаттана алмады. Ұстазының шығыс тілдерін білмеуінің нәтижесінде оның лекциясының мардымсыз болуы оны көп ойларға қалдырды.

Орта Азия мен Қазақстан тарихын оқытудағы осындай жетіспеушіліктерге қарамастан Петербург университетінің шығыстану факультеті шығыстың тарихы мен мәдениетін, тілі мен әдебиетін зерттеуші ғалымдарды дайындаған үлкен мектеп болды. Әрине, факультеттің жетіспейтін жағын айтқанда тек ұлы ғалым В.В. Бартольдтың ғана көзқарасын айтып отырмыз. Ол жетіспеушілік университеттің кез келген студентіне немесе көлденең кездескен көк аттыға белгісіз болып, олар байқамай да, білмей де қалуы әбден мүмкін. В.В. Бартольд сияқты талантты студенттер бұны байқады. Олар өз беттерінше оқып, ізденіп жүріп, тарихты, әсіресе Орта Азия мен қазақ даласының ежелгі дүние және орта ғасырлық тарихын терең зерттеуге ден қойды. Бұған куә болатын еңбек студент күнінде-ақ жазған В.В. Бартольдтың «Орта Азиядағы христиандық туралы» деген көлемді туындысы болды. Бұл еңбек Н.М. Веселовскийдің ұсынысы бойынша факультеттің күміс медаліне ие болды. Кейініректе жарық көрген, неміс тіліне аударылған ғалымның бұл еңбегі осы күнге дейін өзінің құндылығын жойған жоқ.

Университетте оқып жүрген алғашқы жылдарда-ақ В.В. Бартольд өзінің керемет еңбек сүйгіштігімен ғылыми ізденісте адам таңқаларлық қабілетінің бар екендігін көрсете білген еді. Ол студент болып жүргенде-ақ Орта Азия, қазақ даласы, жалпы шығыс тарихына байланысты көптеген құнды деректер мен аса пайдалы мәліметтер жинап, оларға талдау жасап, үлкен, ғылыми жұмыспен айналысып-ақ кеткен болатын.

Тағы бір шығыстанушы В.Р. Розен Бартольдтың курстастары туралы ой қозғай келе былай деп жазады: «Университетте оқып жүріп олар тамаша ізденді, керемет еңбектенді. Бірақ олардың ішіндегі бірінші курстан-ақ көзге түскен талантты студенттер П.М. Мелиоранский мен В.В. Бартольд болды. Факультеттің барлық міндетті істерімен айналыса жүріп, оларды өте сәтті атқарып жүріп-ақ, бұл екеуі өздерінің мәңгілік сүйген істерін таңдап алды. Біріншісі – түркітанушы, екіншісі – Шығыс елінің тарихын зерттеуші ғалым болды». [10] Ал екінші бір кеңес дәуірінде Бартольд туралы көлемді еңбек жазған ғалым Н.И. Умняков былай дейді: «В.В. Бартольд студент күнінде-ақ өзінің алдына өте үлкен міндет қойды. Осы міндетті орындау жолында ол Европаға және әлем ғылымына танымал болды». [11] Әрине, үлкен ғалымның алдына қойған міндеті түркі және араб дүниесінің тарихын зерттеу болатын.

В.В. Бартольдтың университет қабырғасында жүрген кезінде, одан кейінгі ғылыми қызметте жүрген күндерінде оған көмектескен, ақыл-кеңесін берген ұстаздарының рөлі үлкен зор болды. Солардың бірі ғұлама ғалымның өзі керемет құрметтеген профессор – арабтанушы ғалым В.Р. Розен болды. Ол туралы В.В. Бартольд былай деп жазды: «Мен университет қабырғасында жүргенде басқа да шығыстанушылар сияқты, профессор, арабтанушы барон Розеннің жетекшілігімен көп жұмыс істедім. Аса талантты, өте қайратты ол жаңадан бастаған шығыстанушыларды өзіне қатты тартатын еді. Профессор Розеннің ықпалында мен әсіресе университетті аяқтаған соң көп болдым. Оның кеңесі бойынша бір жылға Германияға бардым. Ол өз шәкірттеріне тек оқушы деп қарамай, кез келгенін жақын тартып, туысындай құрметтейтін. [12]

В.В. Бартольд Виктор Романович Розенге шығыстану ғылымындағы сілтеген бағыты үшін өмір бойы өзінің ризашылық көңілінен айныған жоқ. Розен де В.В. Бартольдтың қабілетін өте жоғары бағалап, өзінің шәкіртімен бірге жұмыс істеуді құрмет санады. Розен шәкірттерінің ішінде В.В. Бартольд пен Н.Я. Марр ұстазының үйіде болып, ал Розен болса сүйікті шәкірттеріне тарихтың терең тылсымынан сыр шертетін еді, өмір бойы жинаған шығыс туралы құнды-құнды мәліметтерін алдына жайып салып, оларға дұрыс ғылыми кеңес беруден ешқашан жалыққан емес. Шәкірттерінің жүрегіне ғылымның қасиетті шуағын құя білді. Розеннің тек ғалым ғана емес, оның зор адамгершілігі бар адам болуының өзі Бартольд сияқты шәкірттеріне зор әсер етіп, оларды шығыс мәдениетін сүюге итермелегендей болды. Шәкірттері оған аса үлкен құрметпен, асқан сүйіспеншілікпен қарады. Бартольдтың Розенді құрметтеуі, ұстаздың

шәкіртіне тигізген әсері оның Розенге арнап жазған, қазір Ресей Федерациясы Ғылым Академиясының архивінде сақталған 62 хаттың мазмұнынан анық байқауға болады.

Виктор Романович Розен (1849-1908) шығыс халықтарына аса үлкен құрметпен қарады, олардың мәдениетін сыйлады. Ол азиялық шеткері аймақтарында ұйымдастырылып, пайда болып жатқан кез келген ғылыми жаңалықтар мен ашуларды қуанышпен қарсы алып, олардың дұрыс жұмыс істеуіне көп жағдайлар жасады. Ол 1895 жылы Түркістанда ұйымдасқан археологтар қоғамының құрметті мүшесі болып сайланды. Ол қызметіне принципшіл, ғылымда еңбекқор және адал, төңірегінде қоршағандарға барынша әділ адам еді. Ұстазының осындай жақсы қасиеттерін В.В. Бартольд та өмір бойы ұстанып, үлгі тұтып өтті.

Екінші бір ұстазы, тамаша ғалым В.А. Жуковский болды. Ол туралы Бартольд өзінің өлер шағына дейін асқан мақтанышпен айтып өтті. Бартольдқа қатты әсер еткен тағы бір ұстазы атақты семитолог, профессор Д.А. Хвольсон болатын. Ол кісі еврей тілінің барлық курсынан сабақ жүргізді. Бартольдтың мойындауына қарағанда профессор Хвольсон оған алғаш рет Орта Азия туралы араб деректерін жинау туралы кеңес берген.

В.В. Бартольд 1891 жылы университетті бірінші дәрежелі дипломмен тамамдайды. Содан кейін ол ұстазы В.Р. Розеннің ақылымен 1891-1892 жылдары шетелге барып, мықты профессорлардың жетекшілігімен өзінің білімін жетілдіру үшін көп жұмыс істеп келеді. Ол шетелде жүріп атақты ориенталист Август Мюллермен танысып, оның лекцияларын тыңдап қайтады. Кейініректе жазған жазбаларында бұл таныстықтың өзі үшін керемет пайдасы болғанын атап көрсетеді. Осы сапарында ол көбінесе Галле қаласында болып, А.Мюллерден дәріс алып, араб, парсы, түрік, сирия тілдерін үйреніп, санскрит тілін үйренуді бастайды. Аптасына екі рет Мюллердің үйінде болып, оның көмегімен тілін жаттықтырып, «Хамсаны» оқып үйренеді. Өзінің тарихи дүние танымын күшейту үшін профессор Э.Мейер оқыған «Ертедегі Римнің тарихы туралы» лекцияларды тыңдады. Ол бұл жерде атақты шығыстанушылар Теодор Нельдекемен (02.03.1836-25.12.1930) және Хюбшманн сынды атақты ориенталистермен танысады. Бұл екеуі де В.Р. Розенмен хат алысып, творчестволық байланыс ұстап тұрған ғалымдар болатын.

Екінші рет шетелге барғанында Бартольд Батыс Еуропаның атақты ориенталистері – Д.Россо, Э.Браун және т.б. танысып, пікір алмасып, солардың лекцияларын тыңдап келеді. Шетелге барған сапарларын тек білімін толықтыру үшін пайдаланған. Бұл уақытта Батыс Еуропалық шығыстану ғылымының ең жақсы жақтарын, әсіресе тарихи деректермен жұмыс істеудегі ұқыптылықты, тіл білу мәселесін жоғары деңгейде ұстауды бойына сіңіре отырып, ол батыстағы қалыптасқан шығыс мәдениеті Еуропалық деңгейде емес дейтін төмендетушілік көзқарасқа бар жан-тәнімен қарсы шықты. Шетелде тіл үйреніп жүргенде-ақ жас Бартольд Орта Азия тарихын зерттеу туралы ойын, бұл өлкенің тарихтың өте терең қойнауында жатқан бай мәдениеті бар екендігін бір сәт те естен шығармады.

Оқу жолында жүріп В.В.Бартольдтың көзінің жеткені – Батыста да, Шығыста да тарихи даму эволюциясы бір екенін, қоғамның дамуы экономикалық жағдайларға тікелей байланысты және соған тәуелді екендігін, Батыс та, Шығыс та қоғамдық дамудың тарихи бір заңымен жүретінін ұқты. Кейінірек атағы шығып, ғылыми әлем оны мойындаған кездерде де ол мұсылман әлемінің тарихы жалпы тарихтың үлкен негізгі бір саласы екенін, оны университет кафедраларында оқыту қажет екенін ерекшелей көрсетіп, осы көзқарасты уағыздаумен болды. Осындай пікірді ұстанған шығыстанушы ғалымдар енді білім іздеп шетелге баруды қойды. Петербургте В.В. Бартольд басқарған шығыстанушылар мектебі жұмыс істеді.

Шетелден келгеннен кейін жас ғалымды университетте жұмыста қалдырып, оған профессорлық атақ беру үшін дайындалуды ұсынады. Оған алдымен магистр дәрежесін алу қажет еді. Ол үшін, яғни, шығыстану ғылымының магистрі болу үшін жас маман Шығыс тарихы туралы деректерді жақсы білуі керек және олармен жақсы жұмыс істей білуі керек, тарихы мен тілін меңгерген маман болу керек. Яғни:

- 1) араб, парсы, түрік тілдеріндегі деректердің түпнұсқасымен жақсы оқып білуі керек;
- 2) ежелгі шығыстың әдебиеті мен тарихы туралы зерттеулердің нәтижелерімен таныс болуы керек;
- 3) үнді мәдениеті дамуы тарихын, әсіресе Үндінің діни ағымдарымен таныс болуы керек;
- 4) зороастризм туралы жақсы түсінік болуы керек, сасанилер кезеңіндегі мемлекеттік құрылысты терең түсіну керек;

5) ислам дінінің тарихы мен мұсылман мәдениеті туралы маңызды еңбектерді талдап-зерттеу, мұсылмандық шығыстың тарихын білу керек;

б) мұсылмандық шығыстың төмендегі тақырыптары туралы негізгі деректер мен оқу құралдарын сыни тұрғыда талдап, оны зерттеу:

- а) *Испания мен Африка тарихы;*

- а) Шығыс халифаттың тарихы;
- б) Монғол кезеңіне дейінгі парсы мемлекетінің тарихы;
- в) Монғолдардан кейінгі парсылардың тарихы;
- г) Түркия тарихы;
- д) Орта Азия тарихы.

- 7) Қытай мәдениеті және оның Орта Азия үшін маңызы туралы түсінік болуы керек;
- 8) Жалпы тарих және орыс тарихы жөніндегі маңызды еңбектердің көпшілігін оқып-зерттеу;
- 9) Деректану туралы шығармаларды оқу қажет болды.

Міне осындай талаптарды бағдарламадан артық орындаған В.В. Бартольд 1893 жылдың басында сынақтан табысты өтіп, сол жылдың мамыр айында ғылыми мақсатпен алғаш рет Орта Азияға жол сапарымен келіп, мұнда ежелгі дүние ескерткіштерін зерттеумен айналысады. Академик Н.И. Веселовскийдің айтуынша Бартольдты Орта Азияға сапар шегуге итермелеген жағдай оның магистрлікте қорғау барысындағы анықтаған монғолдардың Орта Азияға шапқыншылығы нәтижесінде халықтардың батыс пен оңтүстікке қарай көшу жолдарын зерттеу еді. Шығыстан Орта Азияға қарай халықтардың көшу жолдарын немесе Шыңғысхан әскерлерінің жорық жолдарын зерттеу үшін оған Шу өңірі мен Іле аңғарын зерттеуі қажет болды. Сөйтіп, 24 жасар жас шығыстанушы В.В. Бартольд ең алдымен Ташкентке келіп, содан соң өзінің алдына қойған мақсатына жету үшін Ташкенттен шығып Шымкент, Әулие-Ата бағыты бойынша жүріп, Талас өзенін бойлай отырып, Аққұм деп аталатын сайға келіп тоқтады. Бұл маршрут бойында ол Сайрам қаласының орнын, одан кейін Ақсу өзенінің бойындағы Қабалбұлақ қаласының қалдығын, Түлкібас және Мынбұлақ елді мекендерінің орнын зерттеді.

Ол Әулие-Ата уезіндегі Талас өзенінің бойындағы көптеген археологиялық ескерткіштерді зерттеді. Бірақ археологиялық қазба жұмыстары кезінде аяғын сындырып алып, мертігіп қалады да Ташкентке қайтуға мәжбүр болады. Ташкенттегі госпитальда жатқанын естіген оның ұстазы В.Р. Розен оған көмектесуін өтініп Н.П.Остроумовқа хат жазады. Н.П.Остроумов ол кезде Ташкентте қызмет ететін. Ол Бартольдты үйіне тұруға шақырып, қызметіне көмектеседі. Төсекте жатқан қайратты, қажырлы ғалым босқа уақыт өткізгісі келмей пайдалы іспен айналысқысы келеді, сөйтіп, ол Ташкентте шығатын «Окраина» газетінің редакторы болып тағайындалады. Осы газеттің және «Туркестанские ведомости» газетінің беттерінде оның публицистикалық, ғылыми және басқа да мақалалары шығып тұрады. Міне, осы кезеңде Ташкентте археология жанашырларының қоғамы құрылады да, Бартольд оның уставын жасайды.

1894 жылы Бартольд 1893 жылы үзілген жоспарын қайта жалғастырады. Бұл жолы ол Шу бойы және Іле аңғарында археологиялық ескерткіштерді зерттеп, бұрынғы заманда осы өңірлерде өмір сүрген тайпалар жөнінде тамаша деректерді жинап, оларға ғылыми сараптама жасай бастайды. Осы ғылыми жолсапар кезінде ол Тәжікстанда да болып, Ходжент қаласының орнын анықтауға тырысты. Ғалым Сырдарияның бойында кезінде А.Македонский салдырған қала Ходжент емес, одан 27 шақырым жерде орналасқан Нау дейтін елді мекенде болғандығын дәлелдейді.

1893-1894 жылдарғы ғылыми жорығы туралы ғалымның қаламдастары былай деп жазды: «Ыстықкөл маңының ежелгі тарихын және оның ескерткіштерін, сондай-ақ бүкіл Қазақстанның тарихын зерттеу үшін академик В.В. Бартольд көп еңбектенді. Ыстықкөл төңірегіндегі қалалар мен қорғандардың тарихы туралы көп деректерді жинап, оны ғылыми айналымға айналдырды. Талас, Шу, Іле өзендерінің бойларында болған ежелгі дүниелік қалалардың аталуын осы кездегі атауларымен салыстыра қарап, өте бай деректерге сүйене отырып, қай қаланың қай жерде тұрғанын, оның қалдықтары қай маңда жатқанын анықтауға күш салды». [13] Жетісуда орналасқан ежелгі дүниелік тайпалардың тарихы, әсіресе, үйсін тайпалары туралы деректерді көп жинады. Тараз қаласы туралы деректерді жинай отырып, оны орта ғасырлық қалалардың ішіндегі ең дамыған, экономикасы күшейген, жоғары мәдениеті бар қала болған деп алғаш рет дәлелдеді. Ол бұл 1893-1894 жылдары болған ғылыми жолсапары кезінде ел арасында сақталған жазбалармен қоса тарихи шежірелерді де жинастырды.

Жас ғалымның бұл ғылыми жолсапары оның тәжірибесіздігіне қарамастан өте сәтті аяқталды. Атақты академиктер Н.И. Веселовский, В.В. Радлов және басқалар Бартольдтың бұл сапары шығыстануға қосқан үлкен үлес, тамаша жетістік деп мадақтады.

Бұл ғылыми сапардан кейін 1895 жылы В.В. Бартольдты Петербург университеті тағы да шетелге жолсапарға жіберді. Бұл жолы ол Париж, Лондон және Оксфорд университеттерінің кітапханаларында жинақталған шығыс қолжазбаларын зерттеді.

1898 жылы тағы да Батыс Еуропаға жолсапарға аттанып, бұл жолы Германия, Бельгия, Англия, Франция сияқты елдерде болып қайтады. Бұл елдерде де шығыс қолжазбаларын зерттеп, Орта Азия

тарихымен тікелей байланысты деректерді жинайды. Осы кезде оның атақты тюрколог В.В. Радловпен жақындығы одан әрі нығайып, шын мәніндегі достыққа ұласады.

Ол 1896 жылдан бастап Петербург университетінде приват-доцент қызметінде алғашқы лекцияларын оқи бастайды. Оның алғашқы лекциясының аталуы «Шыңғыс-хан империясының құрылуы» болды. Бұл тақырып ғалымның ғылыми өмірінде өте маңызды орын алған мәселе болды. Өйткені, монғол держава-сының құрылуы, әлеуметтік мәні, қоғамдық құрылысы және басқа да мәселелер оның творчествосында басты рөл атқарады. Нақты тарихи деректерге сүйене отырып, сол кездегі үстем болып отырған буржуазиялық көзқарастарға қарсы шығып, монғол империясының пайда болуы жекелеген феодалдардың өз ішіндегі қырқыстың, билік үшін болған соғыстың нәтижесі деп дұрыс айтады. Оның айтуынша «Шыңғыс-хан ешқашан да халықтың қамқоршысы, көсемі болған жоқ, ал оның құрған мемлекеттік құрылымы таза аристократиялық сипатта болды». [14]

В.В. Бартольдтың алғашқы ғылыми сапарларынан кейін ол орныққан, нағыз ғалым ретінде танылып, ғылыми жұмыспен тереңдеп айналыса бастады. Ол Петербург университетінің шығыстану факультетінің жанынан жаңадан курс ашады да, онда Орта Азия мен Қазақстан, Иран, парсы елдерінің, т.б. таяу шығыс халықтарының тарихы мен этнографиясын көптеп оқыта бастайды.

1. Нұрпейісов Т.Ә. *Василий Владимирович Бартольд – аса көрнекті шығыстанушы (1869-1930). – Тарихи очерк. – Петропавловск, 2005 (көлемі-3.0 шартты баспа табақ).*

2. Струве В.В. *Советское востоковедение за сорок лет //Ученые записки института востоковедения. – Т. 25. – М., 1960. – С.3.*

3. Якубовский А.Ю. *Работы В.В.Бартольда // Вестник Ленинградского университета. 1947. № 12. – С.67.*

4. Акрамов Н.М. *Выдающийся русский востоковед В.В.Бартольд. – Душанбе, 1963. – С.4.*

5. Умняков И.И. *В.В.Бартольд. // Бюллетень САГУ, № 14. 1926. – С.175.*

6. Крачковский И.Ю. *В.В.Бартольд в истории исламоведения. – Т. – М., 1960. – С.143.*

7. Акрамов Н.М. *Указ. Соч., С. 17.*

8. *Там же. С. 19.*

9. Бартольд В.В. *Веселовский.(некролог). //Азиатский сборник Изв. АН России.. – Петроград, 1918. – С. 812.*

10. Акрамов ...- С.21.

11. Умняков И.И. *Указ. соч.- С.176.*

12. «Советская страна должна знать своих ученых». //Огонек. 1927, № 40 (246).

13. «Археологическая карта Казахстана». *Реестр. – Алматы, 1960. – С.12.*

14. Бартольд В.В. *Образование империи Чингис-хана. – Соч. Т.1. – с.144.*

Аннотация:

Автор данную статью посвятил жизни и научной деятельности крупного востоковеда, известного ученого академика Василия Владимировича Бартольда, который внес очень огромный вклад в развитии мировой исторической и востоковедческой науки, особенно в исследовании исторической науки и культуры Средней Азии и Казахстана. В дореволюционный период востоковедческая наука России прошла очень долгий и сложный путь своего развития, который был полон новыми открытиями и великими победами. Но несмотря на крупных достижений и она была не застрахована от ошибок, как любая наука, в переходный период от одного общественного строя к другому. Исследовать историю и культуру народов Средней Азии и Казахстана, где полным ходом шла колониальная политика России и когда происходили крупные политические события, был очень сложным и трудным делом для таких людей, как академик В.В. Бартольд. Он с большой любовью и теплотой относился к истории и культуре народов колониальных окраин, боролся против всяческих шовинистических взглядов ученых прорусской ориентаций. Не каждому ученому дано быть объективным и чистым в своей исследовательской работе. Автор в своей статье констатирует именно об этих качествах ученого.

Ключевые слова: Средняя Азия, Казахстан, востоковедение, историческая наука, колониальная политика, шовинизм, политические события, общественный строй, заниматься наукой, академик, мировая наука

Abstract

The author devoted this article to the life and scientific activity of great orientalist, a famous scientist academician VasilyBartold, who made a very significant contribution to the development of world history and Oriental studies, especially in the study of history and culture of Central Asia and Kazakhstan. In pre-revolutionary period, the oriental science of Russia had very long and difficult path of development, which was full of new discoveries and great victories. Nevertheless, despite the major achievements, it was not secured from mistakes, like any science, in the transition from one social system to another. Exploring the history and culture of the peoples of Central Asia and Kazakhstan, where in full the colonial policy of Russiahad been pledged, and when there were major political event it was very complicated and difficult for people such as Academician VasilyBartold. With great love and warmth hetreated to the history and culture of the colonial region peoples, he

fought against all chauvinistic views of pro-Russian oriented researchers. Not every scientist is given to be objective and clear in his research. The author in his article states about the qualities of this scientist.

Keywords: Central Asia, Kazakhstan, Oriental studies, historical science, colonial policy, chauvinism, political events, social order, science, academician, world science

УДК 94(574)

АКАДЕМИК В.В.БАРТОЛЬДТЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖОЛСАПАРЛАРЫ. В.В. АРТОЛЬД ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫ

Нүрпейіс Т. Ә. – т.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
«Халықаралық қатынастар» кафедрасының аға оқытушысы

Түйіндеме

Автор бұл мақаласын алдыңғы мақаласының жалғасы ретінде ғалымның тікелей өз білімі мен ғылыми деңгейін арттыру мақсатында алыс-жақын шетелдерге жолсапарға шығып, Еуропаның озық ойлы ғылыми жүйесімен танысып, мұрағаттар мен мұражайлардан мұсылман әлеміне байланысты, шығыс тарихы мен мәдениетіне қатысты материалдарды зерттеп, өзінің кең ауқымды ғылыми жұмысына қажеттілерін тіркеп жинағандығы туралы әңгімелейді. Ғылыми өмірінің көп уақытын Орта Азия мен Қазақстанның тарихы мен Мәдениетін зерттеуге арнағанына көңіл бөледі. Батыстан ғылым мен білімнің мол қорын жинақтаған ғұлама ғалым бар күшін Түркістан тарихы мен археологиясын зерттеуге жұмсайды. Түркістанда археологиямен шындап айналысатындардың үйірмесін ашып, өлкеде археологияның ғылым ретінде қалыптасуына жол ашады. Археологиялық ескерткіштерді бей-берекет тонап, «вандалдықпен» айналысатындарға қарсы шықты. «Монғол шапқыншылығы кезіндегі Түркістан», «Жетісу тарихының очерктері» деп аталатын сүбелі еңбектері жарық көргендігіне мән береді.

Тірек сөздер: ғылыми жолсапар, мұрағат, мұражай, ғылыми жүйе, алыс шетел, жақын шетел, Жетісу, Түркістан тарихы, археологиялық ескерткіштер, монғол шапқыншылығы.

В.В. Бартольд бар өмірін Шығыс пен Батыс елдерін аралаумен, онда өмір сүретін халықтардың тарихын зерттеумен өткізді деп айтуға болады. Шығыста жасаған жолсапарларында ол Самарқандта, Ташкентте, Түркістанда және басқа да қалаларда болып, шығыс халықтары туралы қолжазбаларды зерттеп, оларды Батыс Еуропаның ірі қалаларымен салыстырып, талдаудан өткізіп отырды. Оның Түркістан өлкесіне жасаған ғылыми сапары археологиялық мақсатты да ұстады.

1900 жылы ол Кавказға сапар шекті. 1902 жылы жаз айында Орта Азияға «жергілікті ғалымдармен байланысты жаңғырту үшін» келіп қайтады. Бұл жолы ол Ашхабад, Самарқанд, Ташкент, Қоқанд, Маргелан, Әндіжан, Ош және Ходжент қалаларында болып, Орта азия мен Қазақстан тарихының ортағасырлық дәуіріне жататын талай талас мәселелер туралы құжаттар жинады.

1903 жылы В.В. Бартольд Орта Азия мен Шығыс Азияны зерттеудің орыстық комитетінің екі хатшысының біреуі болып тағайындалады. Осы комитеттің тапсырмасымен 1904 жылы Самарқанд қаласына ғылыми жолсапарға жіберіледі. Онда ол Афрасиаб қаласының орнында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізбек болды. Бұл уақытта ол Орта Азия туралы жазба деректердің барлығын тамаша меңгерген еді. Ол өзінің денсаулығының нашарлығына қарамастан Түркістан археологиясымен айналысты. Ол археологияның тарих ғылымы үшін аса маңызды екенін жақсы білді және оны дамытуды белсенді түрде үгіттеді. Тарихты терең түсіну үшін археология мен этнографияны қосып, барлығын байланыстыра қарау керек екендігін айтты. Замандастарының айтуына қарағанда, ол археология ғылымын сол кездегі тек орыс археологтары ғана емес, тіпті Батыс Еуропа археологтарынан да терең түсінді, тамаша білді.

Ал Орта Азиядағы археологиялық қазбалардан ескі қалалар мен елді мекендерде қаншалық дамыған мәдениеттің жатқанын көруге болады дегенді дәлелдеу үшін археологиялық қазба жұмысын Афрасиабтан бастады. Самарқандтың түбінде ғана орналасқан бұл ескі қаланың орнын қазу барысында тамаша бай материалдарға кездесетініне көзі жетті, оны тапты да.

Талантты ғалым, түркі дүниесінің жанашыры В.В. Бартольд Орта Азияның тарихы адамдардың көз алдында өшіп бара жатқанына жаны ашына да, қайғыра да былай деп жазды: (орысша мәтінін беруді жөн көрдік – Н.Т.) «Вообще среди местного общества – русского и туземного, равнодушие к изучению прошлого полное; местная древность пропадает на глазах у всех, чем никто не огорчается; В.Л. Вяткин – исключение, но и на него начинает сказываться неоспоримая истина, что один в поле не воин; под влиянием общего равнодушия и насмешек, встречаемых им везде, даже в собственной семье, и его пруть

значительно сократилась: у него много начатых работ, но они едва ли когданибудь будут окончены: теперь в его доме нет даже писчей бумаги». [1]

Самарқанд пен оның төңірегіндегі елді мекендерді зерттеп жүрген В.В. Бартольд жоғарыда аталған қиындықтарға қарамастан көп еңбек сіңірді. Одан кейін «Ислам энциклопедиясын» шығару үшін Бұқара қаласының тарихын зерттеген материалдары бойынша көптеген мақалаларды шығарды. 1903-1904 жылғы Түркістан өңіріндегі істеген жұмыстарының жемісі ретінде көптеген мақалалар жазды. Түркістан өңірінен 16 қолжазбаны тауып, оны зерттеп, кейіннен оны Ресей Ғылым Академиясының Азиялық музейіне өткізген екен. Көптеген коллекцияларын антропологиялық және этнографиялық музейге өткізді. Осындай ауыр жұмыстардан кейін 1905 жылы ол қайтадан Германия, Австрия және Швейцария елдеріне ғылыми жолсапарға барып қайтады.

Орта Азия мен Шығыс Азияны зерттейтін комитет Орта Азия мен Қазақстанды таза ғылыми тұрғыда зерттеу ісінде ризашылықпен еске алатын көп шаруалар тындырды. Мысалы, 1905 жылы Орта Азиядағы ауыр жер сілкіністерінен кейін осы комитеттің ұсынысы бойынша Самарқанд сияқты қалалардың тарихына байланысты ескерткіштерді аман сақтап қалу үшін, қирағандарын қалыпқа келтіру үшін арнайы комиссия құрылып, ол комиссияның құрамында атақты ғалымдар Н.И. Веселовский, В.А. Жуковский, В.В. Бартольд және басқалар болды. Бұл комиссия Самарқанд қаласының ескерткіштерін суретке түсіріп, өлшеп, оны зерттеумен айналысты. Осы кезде Рух-Абад мавзолейін, Ұлықбек Мырза медресесін және басқа көне ескерткіштер зерттелінді.

1906 жылы В.В. Бартольд университеттің тапсырмасымен Турция мен Египет елдерінде болып, Константинополь мен Каир кітапханаларында сақталған Шығыс қолжазбаларымен танысып, жұмыс істеді. Бұл жолсапардың ғылыми нәтижесі туралы көлемді мақала жазды. Бұл жолы осы екі қаладан басқа Австрияда, Сербияда және Болгарияда болып Шығыс халықтары туралы деректер жинады. 1908-1909 жылдарда ол Финляндияға, Италияға барып, ол жерлердегі кітапханаларда жұмыс істеп қайтты. Қайтар жолда Кавказда болды. 1911 жылы ол Ирландияда, Америкада, Германия мен Францияда, ал 1912 жылы Венада, Тюбингенде, Гамбургте, Любек қаласында болды. Одан орала салып, Орынбор-Башкирия, Сібірден Кяхтаға дейінгі бағыытта сапар шегеді.

1912-1913 жылдарда В.В. Бартольд Швеция мен Норвегияға, 1914 жылы қайтадан Швецияға, Германияға, одан кейін Данияға, Англияға, Гибралтарға, Францияға, Италияға, Грецияға, Австрияға, Сербияға, Болгарияға, Румынияға сапар шегеді. Бұл сапарларында да ғалым тек Орта Азия мен Қазақстанның ежелгі дүние кезіндегі және орта ғасырлар тұсындағы тарихын зерттеумен, ол елдердің кітапханаларында жинақталған қолжазбаларды және басқа да тарихи деректерді жинаумен айналысты. Мысалы ғалымның өзі Англияға барған мақсатын былай деп түсіндіреді: «Менің жұмыстарымның негізгі мақсаты – Британ музейіндегі Темір және Темір ұрпақтары туралы әлі пайдаланбаған жазба деректерді зерттеп, оны ғылыми айналымға түсіру еді». [2]

В.В. Бартольдтың ұсынысы бойынша 1914 жылы этнограф және лингвист ғалымдар үшін Памир өлкесінің тарихын зерттейтін экспедицияның құрамында Р.Готье, В.Ханыков, И.Н.Зарубин сынды шығыстың білгір зерттеушілері болды.

1916 жылы Ресей Ғылым Академиясы В.В. Бартольдты Орта Азияға жолсапарға аттандырды. Бұл сапардың мақсаты: 1) кейінгі кездерде белгілі болған деректермен танысу; 2) бұрыннан келе жатқан ғылыми байланысты жаңғырту. Түркістан өлкесіндегі ғылыми жұмыстар үшін мүмкіншіліктерді анықтау және қазіргі күндердегі ғылыми міндеттерді белгілеу.

Осы жолсапар кезінде ол Түркістандағы көпшілік кітапханасымен, оның жанындағы музей материалдарымен, одан кейін жалпы Орта Азияға қатысты архив істерімен танысады. Ташкентте, Қоқандта, Самарқандта болды. 1917 жылы «Европа мектебі және болашақ Түркістандағы орыс ғылымы» деген мақала жазып, басып шығарды. Тарих үшін табылған қолжазбалардың, архив және музей материалдарының аса құнды екенін баса айтады.

1917 жылы ғалымның Финляндияға жолы түсіп, ғылыми сапарға шығады. Бұл сапардың негізгі мақсаты – бұрынғысынша, Орта Азия мен Қазақстан туралы тың деректер жинау болатын. Денсаулығының нашарлығына қарамастан осыншама қиын жолдардан өтіп, ғылыми жолсапарларды басынан кешіру өзінің бар жақсы нәтижесін берді деп ойлауға болады. Өйткені, шығыстың тарихы мен тілі туралы, әсіресе, Орта Азия мен Қазақстан тарихы туралы В.В. Бартольдтың жазған ғылыми еңбектері шығыстану ғылымына қосқан өте үлкен еңбек деп айтуға болады.

Жоғарыда айтылған көптеген жолсапарлардың нәтижесінде В.В. Бартольд Батыс пен Шығыстың ең ірі кітапханалары мен архивтерінде жинақталған қолжазба жинақтарын зерттеп, талдау жасап, ақырында солардың бірден-бір білгірі болып шықты. Ол бұрыннан ғылыми әлемге белгісіз болған көптеген

деректерді және қолжазба құжаттарды ғылыми айналымға түсірді. В.В. Бартольд жинақты түрде және методикалық жағынан Орта Азияның тарихы туралы мақалаларды жазып жүріп, ең алғашқы жазған ірі тарихи монографиясы Қазақстанның ең көне дәуірінің тарихы жөнінде жазылған «Жетісу тарихының очерктері» деген көлемді еңбегі болды. Бұл еңбегінде ол біздің эрамыздан бұрынғы кезеңнен бастап біздің дәуіріміздің 1758 жылына дейінгі кезенді қамтыған. Бұл очерктеріне қосымша етіп хронологиялық көрсеткіштерді де бастырған. Бұл тек қана Жетісу тарихының ғана ескерткіштері емес, Бүкіл Орта Азия тарихына да байланысты шығарма болды. 1898 жылы жазылған еді. Одан бір жыл бұрын, 1897 жылы В.В. Бартольд Н.Лакошин аударған Наршахидің «Бұхара тарихы» еңбегін редакциялаған болатын.

1898 жылы В.В. Бартольдтың өміріндегі ең маңызды жыл болды. Бұл жылы оның ең маңызды, ең көлемді еңбегі «Монғолдар кезеңіндегі Түркістан» деп аталатын еңбегінің бірінші кітабы шығады. Осыдан екі жылдан соң В.В. Бартольд (1900 ж.) осы аталған тақырыпта диссертация қорғайды. Бұл жұмысы үшін ол Шығыс тарихының докторы деген атақ алады. Өте үлкен және қалың болып басылған «Туркестан в эпоху монгольского нашествия» деген еңбек ғалымның шығыстану ғылымына қосқан аса зор үлесі болды. Докторлық диссертациясына оппонент болған профессорлар Н.И. Веселовский мен В.А. Жуковский өз сөздерінде «бірде-бір орта ғасыр тарихының зерттеушісі енді В.В. Бартольдтың еңбектерін айналып өте алмайды» деп әділін айтты. [3]

Өте сәтті қорғалған диссертациялық жұмыс туралы Түркістандық тілектестері үндемей қала алмады. «Үлкен ғалымның тамаша жеңісіне шын жүректен қуаныштымыз. Өзінің бар күшін, зор талантын біздің өлкені зерттеуге жұмсап отыр. Біз оны тамаша адам, талантты ғалым ретінде мақтан тұтамыз», - деп жазды олар. [4]

Бұл еңбек кейінірек басқа тілдерге де аударылды. 1930 жылы В.В. Бартольд қайтыс болғаннан кейін өзбек тіліне аударылған екен. Ал ең алғаш бұл еңбекті ағылшын ориенталистері өз тіліне аударыпты. Ағылшын тілінде авторлардың аздаған алғысөз жазуымен 1928 жылы жарық көріпті. Бұл жағдай сол кездегі кеңестік шығыстану ғылымын аса зор беделге ие болғызды. Бұл еңбектің бұрынырақ шықса да, кеңестік шығыстану ғылымы үшін қандай маңызы болғандығын профессор И.И. Умяковтың мына сөздерінен байқауға болады: «В.В. Бартольдтың «Түркістаны» жарық көрген соң автордың қорытындылары мен айтқандарын басшылыққа алмайынша бірде-бір зерттеуші Орта Азияның 7-13 ғасырлардағы тарихын зерттей алмайтын болды». [5] Бұл еңбек туралы бұлай айтатын себебі, біздіңше мынада: кез келген тарихи мәселелерді зерттеген еңбектерді көп монографиялардың ішінде біреу-екеуі негізгі ғылыми еңбек болып есептеледі. Қалғандары осылардың бағыты бойынша жұмыс істейді, соны негізге алып жазды. Қазақстан мен Орта Азияны арабтар жаулап алмай тұрған кезде-ақ, 7 ғасырдан бастап 14 ғасырға дейінгі кезенді қамтитын бұл екі кітаптан тұратын еңбекті осы уақытқа дейін бірде-бір зерттеуші айналып өте алмай отыр. Тіпті жарық көргеніне бәріміз қуанған «Қазақ ССР тарихының» (бес томдық) екінші томының кейбір авторлары ғалым еңбектерін үтір-нүктесіне айнытпай көшіре салған тұстары да бар екен.

В.В. Бартольдтың бұдан кейінгі тағы бір көлемді еңбегі «Сведения об Аральском море и низовьях Аму-Дарьи с древнейших времен до 17 века» деп аталады. Бұл еңбегінде Түркістан өңірі үшін аса маңызды болған мәселелер қарастырылып, тіпті Амудария өзені белгілі бір тарихи кезеңде Каспий теңізіне құйған деген пікірді айтады. Барлық жиған материалдарды осы пікірдің дұрыс-бұрыстығына жұмылдыра отырып, осы өңірде, яғни, Хорезммен оның төңірегінде болған тарихи оқиғаларды географиялық өзгерулермен салыстыра отырып зерттейді. Бұл еңбегі туралы автордың өзі де: «Амудария өзенінің Каспийге құйған-құймағаны менің зерттеуім үшін маңызды емес, ал маңызы бары негізінен тарихи оқиғалар» деп жазды. [6]

В.В. Бартольд өзінің творчестволық өмірінде көптеген зерттеулерін Қазақстан мен Орта Азия тарихына ғана арнап қойған жоқ. Ол шығыстың басқа халықтарын да зерттеді. Ол еңбектерінің ішінде ең маңыздысы 1903 ж. шыққан «Иранға тарихи-географиялық шолу» атты монографиясы болды. Бұл еңбегі негізінен университетте оқытқан лекциялар курсының негізінде жарық көрді. Автор бұл еңбегін жазарда материалдың аздығына байланысты тек тарихи-географиялық шолу жасамақ ниетте болған еді. Ал еңбегі жарық көрген кезде бұл ойдың шеңберінен жұмыстың мазмұны әлдеқайда асып кетті. Сөйтіп, бұл еңбек Парсы тарихындағы ең көлемді, мәдениет пен экономика тарихын көрсеткен үлкен еңбек болып шықты. Аталған еңбекке деген оңды пікірлер түркістандық және ирандық баспасөз беттерінде жарияланды. [7]

В.В. Бартольд өзінің еңбектерін шет тілдерге аударып, шығыстану ғылымында жеткен жетістіктермен шетел ориенталистерін де таныстырып отырды. Ол отаршыл аймақ болып саналған Қазан, Тифлиси, Ташкент сияқты провинциялық қалаларда жарлық көрген тарихи шығармаларды шетел ғалымдарының білмейтініне өкінеді.

Түркі дүниесінің жанашыры бола білген ғалым Орта Азия мен Қазақстанның ежелгі дүниелік және орта ғасырлық тарихына жалпы шолу мен оның міндеттерін шетелдік баспасөз беттерінде бірнеше рет жариялады. 1914 жылы неміс тілінде жарияланған еңбегінде Шығыс Түркістан туралы материалдарын қосып жариялады.

1913 жылы В.В. Бартольдтың «Европа және Ресейде Шығысты зерттеудің тарихы» деген тамаша еңбегі неміс тілінде жарық көреді. Халықаралық басылым болып есептелетін «Ислам энциклопедиясында» (1913-1936) В.В. Бартольдтың көлемді мақалалары жарық көрді. Мұнда ол мұсылман дінінің Орта Азия мен Қазақстанға таралу тарихына көп тоқталды.

Орыстың шығыстану ғылымының нәтижелерімен таныса алмай тұрып, шығыс туралы қате пікірде болған, шығыс тарихын бұрмалаған Батыс Европаның ориенталистеріне қарсы шықты. Ол 1903 жылы Түркістанда жүргізілген Р.Помпелли басқарған америкалық экспедицияның жұмысын да қатты сынады. Ол Түркістандағы археологиялық қоғамның мүшелеріне жазған хатында американдық экспедицияның Түркістан өлкесімен танысуына, зерттеуіне кедергі жасамау керек, бірақ олардың археологиялық қазба жұмысын жүргізуіне ешқандай рұқсат берілмеуі керек дейді, өйткені, экспедиция мүшелерінің ішінде Орта Азия мен Қазақстан тарихын білетін, бүгінгі өмірін түсінетін бір де бір адамның жоқ екендігін ескертеді. Кейін В.В. Бартольдтың айтқан бұл пікірі профессор Р.Помпеллидің археология экспедициясының бітірген жұмысы туралы есебінен де білініп қалды. Бұл экспедицияның есебі туралы зерттеуші Б.А. Литвинский де ашына былай дейді: «В целом американская экспедиция под руководством Р.Помпелли своими хищническими раскопками, разрушившими ценнейший памятник и своими «фундаментальными» отчетами, введшими в заблуждение многих легковых археологов, нанесла серьезный ущерб изучению энеолита и бронзового века юга Средней Азии». [8] Бұл экспедицияның осылай жұмыс істеп, біздің өлкенің тарихына нұқсан келтіруіне патша үкіметінің ғылымының ісі мұрнына бармайтын құйыршық – шенеуніктері рұқсат беріп, шынайы еңбек ететін ғалымдардың еңбегін жокқа шығарды. Бұндай жағдай Ресей тарихында жиі болып тұратын. В.В. Бартольд осындай расистік көзқарасқа жан-тәнімен қарсы болды. Ол шетел авторларының мақалалары мен кітаптарына жазған рецензияларында Шығысты менсінбеушілік көзқарастарды аямай сынады. Оның сыни мақалалары мен сөздері ғылыми негізде және өте әділ болатын еді. Ол тіпті өзінің әріптестерін қатты сынайтын. Оның әділдігі үшін оған ешкім өкпелемейтін еді. Мысалы, атақты зерттеуші В.Минорский неміс ғалымы И.Маркварттың еңбектеріне библиографиялық көрсеткіштер жасаған екен. Бұл істе оның жасаған асығыстығын аңғарған В.В. Бартольд оған хат жазып, сыни талдау жасайды. В.Минорскийдің айтуынша В.В. Бартольдтың кейігені соншалық, тіпті хатының соңына қол қоюды ұмытып кетіпті деп жазады.

Бартольд В.В. тек өзінің ғылыми жұмысынан басқа жұмысты білмейтін, кеңселік ғалым болып қала алмады. Оның айналасында болып жатқан дүниелер оны қатты қызықтырды. 1905-1907 жылдардағы революция кезінде ол тарихта кездесетін халық қозғалыстарының тарихын, тап күресінің тарихын зерттеуге көп көңіл бөлу керектігін айтты. Ол осы тұста 1365 жылы Самарқандта болған көтерілісті зерттеп, мақала жазды. Бұл көтерілістің монғолдардың билеушілеріне қарсы, әмірлерге қарсы бас көтерген бүкілхалықтық сипат алғанын көрсетеді.

1913-1914 жылдары В.В. Бартольд тағы да бір көлемді еңбегін шығарды. «К истории орошения Туркестана» деп аталатын еңбегінде ол Орта Азия мен Қазақстан тарихын өте кең көлемде алып баяндайды. Бұл еңбекті жазу үшін ол өте ежелгі дүниедегі Иран және Рим деректеріне қоса, 19-20 ғасырлар межесіндегі орыстық, батыс европалық деректерді кең түрде пайдаланды. Бұл шығарма Орта Азияның ауыл шаруашылығы туралы, әсіресе Сырдарияның жағалауындағы суландыру жүйесі туралы көлемді еңбек болып табылады.

Революцияға дейінгі кезеңдегі ең үлкен еңбегінің бірі «Темірді жерлеу туралы» деп аталатын еңбегі болды. Бұл еңбегінде тек Темірдің, атақты әміршінің жерленуі жөнінде ғана емес, оның жүргізген саясаты мен мемлекеттік қызметі, ұрпақтары және олардың атқарған мемлекеттік істері туралы да мол мәліметке толы көп деректерді ғылыми айналымға түсіреді. Гур-Әмір мовзолейі туралы мақала жазады. Бұдан кейінгі ең үлкен еңбегі «Грек-Бактрия мемлекеті және оның солтүстік-шығысқа қарай таралуы» деп аталады. Бұл осы уақытқа дейінгі Орта Азияның көне дәуіріне арналған құнды еңбек болып есептеледі.

В.В. Бартольд кеңестік шығыстану ғылымының қалыптасу кезеңінде де орасан зор еңбектер атқарды. 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін-ақ, 1918 жылдың көктемінен бастап, Халық Комиссарлар кеңесінің жетекшілігімен Ресей Ғылым Академиясы өз жұмысын қайта құруға кірісті. Революцияға дейін буржуазиялық көзқараста болған талай ғалымдар кеңес өкіметін қолдап, ғылыми жұмыстарын одан әрі жалғастыра берді. Біз ғалымның шығыстану ғылымына қосқан үлесі туралы айтып отырғандықтан, оның саяси көзқарастары туралы әңгімелеуді мақсат тұтпадық. Оның қазан төңкерісіне көзқарасын толығымен зерттеуді кейінге қалтыруды, әрине сәті түссе, жөн көріп отырмыз. Алайда, социалистік революцияны

қалай қабылдағанын зерттеуші, шығыстанушы Б.В. Луининнің сөзімен айтсақ: «... он воспринял социалистическую революцию настроенно и, собственно, враждебно». [9]

Көптеген ескі интеллигенттік адамдар сияқты ол үшін патшалық тәртіптің құлағаны оған ұнамады. Революциядан кейінгі өмір өте күрделі және қарама-қайшылыққа толы болды. Ол бір жағынан патшалық тәртіптің жойылғанына қуана алмады, екінші жағынан, буржуазиялық либерал ретінде, өз сөзімен айтқанда, болып жатқан оқиғаларды аяғына дейін түсініп, қабылдай алмады. Оның осындай бір пікірге келе алмаушылықта болуы оның жазған мақалалары мен сөйлеген сөздерінде анық байқалды. Әйтсе де, бұл өзінше қарастыруды керек ететін мәселе. Революциядан қорқу көптеген ғалымдардың ғылыми жұмысын жалғастыруға кедергі келтіре алмады. В.В. Бартольд та революциядан кейін өмірінің соңына дейін өзінің ғылыми жұмысын табандылықпен жалғастыра берді.

Пролетариат диктатурасы орнағаннан кейін пролетарлық мемлекеттің негізін қалаушы В.И. Ленин шығыстану ғылымының дамуына көп көңіл бөлді. Оған дәлел оның басшылығымен шыққан кеңестік-шығыстанушыларды дайындау туралы екі қаулы болды. Москваның шығыстану институты мен Петербургтің шығыс тілдері институты осы екі қаулының негізінде құрылды.

Петербург институтында В.В. Бартольд профессор қызметінде жұмыс істей бастады. В.В. Бартольдтың шығыстану ғылымы саласындағы қызметінің өрістеуіне Орта Азия мемлекеттік университетіндегі оқытушылық қызметі көп жағдай жасады. 1918 жылдың көкегінен бастап Ташкент қаласында Орта Азиядағы алғашқы жоғары оқу орны Түркістан халық университетінің жұмыс істей бастауы Петербург университетінің мықты ғалымдары С.Ф.Ольденбург, В.В. Бартольд, Н.И. Веселовский, Н.Я. Марр, А.Э. Шмидт, А.Н. Самойлович және басқалар үшін шығыстану ғылымын дамыту ісінде жаңа кезең болды.

1920 жылы Халық Комиссарлар кеңесінің Указымен Ташкент мемлекеттік университеті ұйымдастырылды. Бұл университетке орталықтан көптеген ғалымдар жіберілді, материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етуге көп көмек көрсетілді.

1920 жылы В.В. Бартольдты Халыққа білім беру комиссариаты Түркістан мемлекеттік университетіне ғылыми жолсапарға жіберді. Ондағы мақсаты университет жанынан Шығыс тарихы факультетін ұйымдастыру болатын. Талантты ғалым өмірінің соңғы он жылында кеңестік шығыстану ғылымының ұйымдастырушысы ретінде Орта Азия мен Қазақстан тарихы және филологиясы зерттеуде көптеген жетістіктерге жетеді. Көптеген ғылыми журналдар, жинақтардың шығуына басшылық жасайды. Ол 1918 жылы «Ұлықбек және оның дәуірі» деген еңбек жазды. «Ислам» және «Мұсылмандық мәдениет» деп аталатын екі кітап шығарды. Өзі зерттеу жүргізетін елдердің негізгі діні – мұсылман дінін зерттеуге көп күш салды. Ол 1922 жылы Түркістан университетінде оқыған лекцияларының негізінде «Түркістан тарихы» деген еңбегін жазып, басып шығарады. Онда Орта Азияның ежелгі дүниеден бергі тарихы 1917 жылға дейін баяндалады.

Ғалым 1922 жылы «Мұсылман әлемі», 1925 жылы «Тәжіктер», 1927 жылы «Түркістанның мәдени өмірінің тарихы», 1928 жылы «Парсы еліндегі шаруалар қозғалысы тарихы мәселесіне» деген еңбектері және жүзге жуық ғылыми мақалалары жарық көрді. Бар өмірін шығыстану ғылымына арнаған талантты ғалым, қайсар талант, Орта Азия мен Қазақстан тарихының, түркі дүниесінің жанашыры Василий Владимирович Бартольд 1930 жылдың 19 тамызында қайтыс болады. Ол Смоленск маңындағы мүрдеге жерленген.

В.В. Бартольдтың көп еңбектері өзбек, тәжік тілдеріне аударылған. Өкінішке орай, қазақ халқының тарихы жөнінде құнды мәліметке толы көп еңбектері бола тұрса да, оны қазақшалап, оқырмандарға кеңірек таныстыруда біздер әлі де жайбасарлық танытудамыз.

Қазақстан тарихын оқып үйренуде тарихты зерттеуші ғалымдардың еңбегін зерртеп, оны білудің маңызы өте жоғары. Әсіресе, Қазақстан тарихының ежелгі дүние мен орта ғасырлық дәуірін көршілес жатқан түркі тілдес халықтардың тарихымен байланыстыра қарастырған дұрыс. Шығыстанушы ғалымдардың ішінде В.В. Бартольдтың еңбектері осы тұрғыдан алғанда таптырмас тарихи шығарма ретінде де, түпнұсқа дерек ретінде де пайдасы мол еңбектер. Өйткені, бұл ғұлама ғалымның еңбектері ежелгі дүниенің, орта ғасырдың, жаңа заманның түпнұсқа деректеріне өте бай фактілік материалдарға сүйене отырып жазылған.

Өзінің нашар денсаулығына қарамастан, елдің солтүстігіндегі салқын аймағында дүниеге келіп, сол жақта өсіп, білім алып, ғылыми жолда Орта Азияның аптаған ыстығында жүріп, талай қиыншылықтарды басынан кешіріп, сондай-ақ алдына қойған мақсатынан таймай, орасан зор дүниені тындырған В.В. Бартольдтың өмірі мен ғылыми қызметін зерттеу, оның ғылыми мұраларын терең түсіну ел тарихын қадірлеген адам үшін үлкен абырой деп түсінеміз.

Басынан өткізген үлкен ауыртпалыққа қарамастан артына бай ғылыми дүние қалдырған В.В.Бартольдтың бұл қызметі ғылымға деген қызығушылық, немесе, патша үкіметінің отаршылдық саясатының үстем

болып тұрғанында бағындырған елдің тыныс-тіршілігін зерттеу керек, ол елді түгелдей отарға айналдыру керек деген шовинистік саясаттың сойылын соғушылық емес, үлкен ғалымның зор адамгершілігінен туған ұлы қасиет, түркі тілдес халықтар тудырған үлкен мәдениетке ғашықтықтан туған ұлы сезім, ақкөңіл халқымызға деген сүйіспеншіліктен туған әрекет деп түсінген жөн. В.В. Бартольдтың ғылыми мұрасы ұрпаққа қалдырған өте бай мұра.

Бұл қысқаша очеркте ғалымның өмірінен аз да болса хабардар болып, оқырманға сол білгенімізді жеткізе білсек бір жақсы іс тындырғандай болар едік. Әрине, В.В. Бартольдтың ғылыми-творчестволық еңбектері әлі де зерттеуді қажет етеді.

1. Бартольд В.В. *Письмо Н.Я.Марру из Самарканда от 03 июня 1904 г. Соч. Т. 8. – С.403.*
2. *Известия империйской Академии наук. 6 серия, 1914. – С.879.*
3. «Туркестанские ведомости». – 1900. –№ 217.
4. Там же. – № 97.
5. Умняков И.И. ... – С. 31.
6. Бартольд В.В. *Письмо Н.Г.Маллицкому, от 7 февраля, год неизвестен. Соч. Т. 9. – С.719.*
7. «Туркестанские ведомости». – 1903. № 766. – 1904, №37.
8. Акрамов... – С. 55.
9. Лунин Б.В. *Из истории русского востоковедения и археологии в Туркестане. – Ташкент, 1958. – С.220.*

Аннотация

Автор в данной статье продолжает свое исследование о плодотворной жизненной и научной деятельности академика В.В.Бартольда. С целью повышения своего образовательного и научного уровня ученый-востоковед отправляется в научные командировки в ближние и дальние зарубежья и набирает большой опыт научно-исследовательской работы. В крупных архивохранилищах и музеях европейских стран ознакомился со многими историческими документами, относящиеся к истории и культуре восточных стран, мусульманского мира, народов Средней Азии и Казахстана, с передовой научной системой научного исследования. Он собрал очень много ценных архивных материалов по теме своего обширного научного исследования. Много времени своей научной жизни он уделял проблемам истории и культуры Средней Азии и Казахстана. Находясь в Средней Азии он впервые организовал кружок любителей археологии Туркестанского края, и начал исследовать археологические памятники края. Он боролся против безцеремонного ограбления древних курганов вандалами – колонизаторами. Много трудов им было опубликовано, среди которых «Туркестан в эпоху монгольского нашествия» и «Очерки истории Семиречья».

Ключевые слова: научные командировки, архивохранилище, музей, научная система, ближнее зарубежье, дальнее зарубежье, Семиречье, история Туркестана, археологические памятники, монгольское завоевание.

Abstract

The author of this article is continuing its study on the productive life and scientific activity of academician Bartold V.V. In order to improve his educational and scientific level, the scientist-orientalist left for a scientific mission in the neighboring countries and foreign countries, gained the great experience in his research work. In large archives and museums of Europe, he had got acquainted with a number of historical documents relating to the history of eastern countries, of the Muslim world, of the peoples of Central Asia and Kazakhstan, learnt an advanced scientific system of academic institutions in Europe. He collected a lot of valuable archival material relating to his extensive research. For a long time, his scientific life was devoted to the problems of the history and culture of Central Asia and Kazakhstan. Located in Central Asia, he first organized a group of amateurs of archeologists of Turkestan and began to explore the archaeological sites of the region. He fought against unceremonious robbery of ancient burial mounds vandals - colonizers. Many papers being published on the history of our region, including "Turkestan in the era of the Mongol invasion" and "Essays on the History of Semirechye" and others.

Keywords: field trips, archives, a museum, a scientific system, neighboring countries, foreign countries, Seven Rivers, the history of Turkestan, archeological sites, the Mongol conquest.

УДК 929

ҚАЗАҚ «ХИМИГІ», ТЕХНИКАЛЫҚ ӘСКЕР ГЕНЕРАЛ –МАЙОРЫ ШӘКІР ЖЕКСЕНБАЕВ ЖАЙЛЫ: ЖЕКЕ ҚОР ҚҰЖАТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ

**Калиева Е.Т. – Әлем тарихы кафедрасының доценті, т.ғ.к.,
Ситақанов С.Д. – еңбек ардагері**

Түйіндеме

Мақалада Ұлы Отан соғысы кезіндегі кеңестік қарулы күштер генералы Шакир Жексенбаевтың майдандағы әскери ерлігі құжаттар негізінде баяндалады. Ш.Жексенбаев Қазақстандық армияның негізін салды, атты әскер армиясындағы эскадронының басшысының орынбасары қызметін атқарған. Қазақ Орталық Атқару Комитетінің (Орынбор) және Қазақстан әскери бөлімі комиссары (Қызылорда) бастығы болып жұмыс істеді. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде оның басшылығымен жарылыс заттардың рецептісін жасалды. Қашықтан өртегіш ампула, авиация-

лық бомба, жоғары температурада жалын - лақтыру қоспасы, сигналдық және түтіндету құтылар дайындалды. Мұндай қарулар жаудың күш-қуатын әлсіретті. Соғыс кезінде Ш.Жексенбаев Батыс бағыттағы Брянск, Прибалтика, Ленинград майдандарының химиялық қорғаныс бөлімдерінің бастығы қызметін атқарды. Ол Ұлы Отан соғысында техникалық әскер генерал-майоры (1943 ж.) атағын алған тұңғыш қазақ жауынгері болды. Генералдың жеке қорынан алынған архив құжатты тұңғыш ғылыми айналымға еніп отыр.

Тірек сөздер: Екінші дүниежүзілік соғыс, генералдар, химиялық әскер, Брянск майданы, жарылыстық заттар, тұтандырғыш «АЖ-2» ампула

Отандық тарих ғылымында Ұлы Отан соғысының тарихы мен республиканың жеңіске қосқан үлесіне қатысты мәселелер әлі де өзекті және басым бағыттарының бірі болып табылады. Ұлы Отан соғысы тарихы тақырыбына көптеген ғылыми жұмыстар арналған. Дегенмен соғыс сынағы жылдарындағы Қазақстан тарихының мәселелеріне жүргізілген талдаулар, жарық көрген зерттеулердің санының көптігіне қарамастан, көптеген мәселелердің одан әрі зерттеу мен өңдеуді қажет ететіндігін көрсетті. Соғыс жылдарындағы қазақстандықтардың майдандағы ерліктері көп жағдайда әділетті бағаланбағаны белгілі, сондықтан берілген тақырыптың ақтандақ тұстары әлі де толық зерттеуді қажет етеді.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта өткен тарихымызды қайра ой елегінен өткізіп, оның көптеген даулы да өзекті тұстарын ғылыми айналымға жаңа деректердің, шетелдік және отандық мұрағат құжаттарының кеңінен енгізілуіне байланысты жаңаша тұрғыда қарастыру мүмкіндігі туды.

Қазіргі мәліметтер бойынша бес жүзге жуық қазақстандық солдаттар мен офицерлерге, олардың ішінде, тоқсан сегіз қазаққа Совет Одағының Батыры атағы берілгендігі белгілі болып отыр. Қазір қазақтан шыққан он шақты генералымыз бар. Олар: Шәкір Жексенбаев, Бердіғали Игіліков, Нұрлы Байқенов, Сағадат Нұрмағамбетов, Камал Бошаев, Есет Әлібеков, Баһадүрбек Байтасов, Самұрат Сыртанов және Жансам Кереев. Бұлар әскери генералдар. Ал Шырақбек Қабылбаев пен Әбдіманап Тілеулиев бастатқан Ішкі істер қызметі мен мемлекет қауіпсіздігі қызметінің генералдары өз алдына бір төбе. Бұлар біздің халқымыздың тарихындағы тұңғыш генералдарымыз.

Тақырыптың өзектілігі маңызды бірқатар себептерге анықталады: Біріншіден, қазақтан шыққан тұңғыш кеңестік генерал ретінде оның өмірі мен қызметі, оның әскери мұрасы әлі де жеткіліксіз зерттелген, мүлдем зерттелмеген деп айтсақ та болады. Бізге белгісіз себептермен жарияланған деректі материалдар мардымсыз, даңқты генерал жайлы жеке мақалалар, арнайы ғылыми зерттеулер жүргізілмегендігі белгілі болып отыр. Екіншіден, жас ұрпақтың тұңғыш генерал ШәкірЖексенбаевтің жауынгерлік ерлік жолы туралы, оның әскери талантымен Отан қорғау ісіне қосқан қомақты үлесі жайлы білгісі келеді. Сондықтан осы бір батыр қолбасшы, әскери маманның өмірбаяны туралы толық ақпаратты қалпына келтіру ұлттық тарих ғылымдағы маңызды және жауапты міндет болып табылады. Үшіншіден, әскери және тарихи ғылымының міндеттерінің бірі биылғы Ұлы жеңістің 70 жылдығына орай белгісіз есімдерді зерттеу, нәтижелерін кең жариялау мен насихаттау өзекті болып отыр.

Қазақстан Республикасының өзінің егемендігі баянды болуы үшін еліміздің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ол үшін елдің әскери оқу орындарында жоғары білікті жас офицерлерді дайындау мәселесіне көңіл бөле отырып, осы мақсатты жүзеген асыру ісінде өскелең ұрпақтың әскери-патриоттық тәрбие беру жұмысын жандандыру керек. Біздің ата-бабаларымыз әскери және рухани мұрасы негізінде атап айтқанда ұлттық патриотизмді қалыптастыру, білікті жауынгерлік дәстүр, ата-бабаларымыздың ерлік істерін, сондай-ақ генералдар, қолбасшылар мен командирлердің ерліктерін насихаттау ешқашан да күн тәртібінен түспек емес.

Маңызды дерек көздері: Шәкір Жексенбаевтың жеке қоры (Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты, 2157-қор, 1-тізімдеме,18-іс, 19-іс,17-іс, 12-іс, 21-іс) құжаттары. Ұлы Отан соғысындағы мен соғыстан кейінгі кезеңде оның әскери және әскери-педагогикалық қызметі жайлы материалдар генералдың жеке мұрағатынан алынды. Ол құжаттар мыналар: отставкадағы техникалық әскер генерал-майоры Шәкір Жексенбаевтың өз қолымен жазған автобиографиясы (Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты, 2157-қор, 1- тізімдеме,12-іс, 8-16 парақтар, көлемі 6 бет), Брянск майданының қолбасшысы, генерал-лейтенант К.К. Рокоссовский, Майданның Әскери кеңесі мүшесі С.И. Шабалин қол қойған (Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты, 2157-қор, 1-тізімдеме,17-іс, 1парақ), Брянск майданы химиялық қорғаныс бөлімінің бастығы полковник Ш.Д. Жексенбаевқа әскери характеристика 07.09.1942 (1 бет) жыл.

Түпнұсқасы КСРО Кеңестер Одағы Орталық Мемлекеттік архивінде сақталуы деп көрсетілген «Аттестационный лист» (Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты, 2157-қор, 1-тізімдеме,18-іс,) онда Брянск майданының химиялық бөлімінің бастығы Шәкір Жексенбаевқа техникалық әскердің генерал-майор атағын беру туралы ұсыныс жасалып, 1942-1943 жылдардағы Майданның

шабуыл шептеріндегі ол басқарған химия бөлімінің жаудың 9 танкісі мен 1000-ға жуық жау әскерлерінің көзін жойғандығы сияқты ерлік әрекеттері тізіп (Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты, 2157–қор, 1- тізімдеме, 18-іс, 1-парақ) көрсетілген, бұл құжатқа Брянск майданы әскерлерінің қолбасшысы генерал-полковник Рейтер, Брянск майданы әскери кеңесінің мүшесі, танк әскерлерінің генерал-лейтенант Сусайков қол қойған 10 мамыр 1943 жыл деп көрсетілген.

Соғыстан кейін отставкаға шыққанда жұмыс істеген Мәскеудегі В.В. Куйбышев атындағы әскери – инженерлік академия бастығының қолы қойылған генералдың 50 жасқа толуына байланысты алғыс хат (Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты, 2157–қор, 1- тізімдеме, 21-іс, 1-парақ), онда генералдың өмір жолы мен кеңестер армиясындағы қарымды да қомақты істері тізбектеліп көрсетілген 28 ақпан 1951 жыл, Кеңестер Одағының Қорғаныс министрінің орынбасары Кеңестер Одағының маршалы И.Конева қол қойған бұйрық (Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты, 2157–қор, 1-тізімдеме, 21-іс), онда Кеңестер Армиясында 39 жыл әскери қызмет атқарған В.В. Куйбышев атындағы әскери – инженерлік академияның аға оқытушысы Шәкір Жексенбаевтың әскери қызметтен демалысқа шығуына байланысты қалтқысыз қызметі үшін алғыс жарияланған (26 тамыз 1958 жыл №1020 бұйрық).

7 мамыр 1984 жыл күні Кеңестер Одағының маршалы С.Тимошенко атындағы Химиялық қорғаныс академиясының бланкісінде А.Шабалин, В.Дьяков қол қойған (Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты, 2157–қор, 1- тізімдеме, 21-іс, 3-4 парақ), Жеңістің 40 жылдығына орай құттықтаулар (Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты, 2157 –қор, 1- тізімдеме, 21-іс, 4-5, 21, 26, 27, 28-29, 32, 33 парақтар), онда генерал ағамыздың жастар арасындағы жүргізген әскери-патриоттық жұмысы ерекше атап көрсетілген.

Сонымен қатар, біздің қолымызға белгісіз себептермен ұмыт болған генерал есімін жаңғыртуды көздеп жазылған хат- құжаттар да түсті. Олар мыналар: ҚР Қорғаныс министрі атына (05.01.2010), ҚР Президенті әкімшілік аппараты басшысына (16.03.2010), Астана қаласының әкімінің атына (05.01.2010) хаттар. Соңғы жылдары генерал есімін еске қалдыру мақсатында қоғамдық топтардың өкілдері тарапынан парламентке де хат жазылды. Үш беттен тұратын бұл құжатта Генерал Шәкір Жексенбаевтың әскери қызметінің қырлары, жоғары сыныпты әскери химик маман ретіне ойлап тапқан жарылыстық заттары, кәсіби әскери жоғарғы шендегі сан алуан қызметтері суреттеліп, Генерал есімін еске қалдыру шараларын ұсынылған. Алматыдағы әскери оқу орындарының біріне атақты генерал есімін беруді сұрайды. Құжатқа 10 шақты адам қол қойған. Олардың ішінде есімдері белгілі қайраткерлер С.С. Жиенбаев, Ш.Ж. Жанибеков, С.К. Кубашев, З.К. Камалиденов, С.З. Зиманов және т.б. бар (3 бет). Бұл істелінген қадамдар нәтижесінде 2015 жылғы шыққан 11 сыныпқа арналған Қазақстан тарихы оқулығына генерал жайлы (269 бетте) мәлімет енгізілді.

«Қазақстан генералдары» кітабының (2006) жариялау үшін үлкен материалдарын және жинау жұмысы атқарылды. Бұл жарияланым бүкіл посткеңестік кеңістіктегі осындай жинақ зерттеулердің бірегейі болып табылады. Ол Ресей империясының генералдары қазақтар, Ұлы Отан соғысындағы жерлестеріміз жайлы таптырмас аса құнды материалдарда қамтиды. Бірінші халық комиссары және Ішкі істер министрі, қауіпсіздік, қудалау және сот төрелігі жүргізген генералдар туралы қысқа әңгімелер бар. Көптеген беттер кеңестік кезең және егемен Қазақстанның ардагерлері мен ағымдағы генералдарға арналған.

Ресейдегі қазақтар жайлы ғылыми жобамен жұмыс барысында осы бағыттағы ірі және аумақты жұмыс нәтижесінде екі томдық «Ресейдегі қазақтар» [1, 49 б.] кітап жарық көрді. Осы жоба негізінде «Ресей қазақтары: тарих және қазіргі заман» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының ұйымдас-тырылды (Омбы қаласы, 2009 жылғы 20-22 мамыр). Онда Ресеймен өз тағдырын байланыстырған қазақ халқының өкілі тұңғыш кеңестік генерал Шәкір Жексенбаев және оның ұлы медицина ғылымының докторы, ғалым микробиолог Олег (Эрик) Жексенбаев туралы мәліметтер бар [1, 207 б.].

Ағамыздан қалған жалғыз ғылыми мұра Ш.Жексенбаев «...И горек дым войны» деген кітабы бар. Осы кітабының жарық көруіне сол кезеңдегі республика басшысы Д.А. Қонаевтың мұрындық болғандығы белгілі болып отыр. Кітап 1985 жылы «Жалын» баспасынан шықты. Ш.Жексенбаев өз кітабында: «Менің туған өлкем. Бір адамның дауысын ол қуатты етеді, он есе күшейтеді, ал оның жанын, бейне бір туған анасындай еркелетеді, мұнайған кезінде жұбатады, қолдайды» [2, 6 бет] деп тебіренеді. Бұл мемуарлық шығарма кезінде Мирболат Сүлейменовтың әдеби редакторлығымен жарық көрді.

Енді генералдың өмірі мен әскери қызметінің бастау көздеріне келейік. Шәкір Жексенбаев 1901 жылы 28 ақпанда Батыс Қазақстан облысының Долбұн-Шоңай ауылындағы кедей шаруаның отбасында дүниеге келген [3]. Ол бала кезінде ауылдағы бастауыш мектептен білім алғаннан кейін, оқуға деген талабын әрі қарай ұштап, Хан Ордасындағы бастауыш училищесіне түседі. 1917 жылға дейін сонда оқып, Бөкей

облысының Долбұн - Шоңай болысының жұмысшылар, шаруалар кеңесінің, қызылдар депутаттарының Атқарушы комитетіне мүше болып сайланады. Кейін бұл полктың таратылуына байланысты Орталық Қырғыз Комиссариаты Әскери Істерінің Қырғыз Кавалериялық эскадронына, Қызыл әскердің 1-ші жеке бөліміне ауыстырылады. Комиссариатпен бірге 1919 жылдың қыркүйек айында Орынбор қаласына жіберіледі. Бұл таңдаулы әскери бөлім болғандықтан Ш.Жексенбаев барлық күш-жігерін әскери жаттығуларды меңгеруге жұмсап, ерекше көзге түседі. Сол жылдың қараша айында Қызыл аттылар әскерінің құрамына Борисоглебск Кеңестер Кавалериялық курсына оқуға түседі. Курсты сәтті тәмамдаған соң, оған «Қызыл әскердің қолбасшысы» деген даңқты атақ беріледі. Бұл атақтың берілуімен оның өмірінде ірі өрлеу кезеңдері басталады. Ол Қырғыз өлкелік әскери комиссариатының қарамағына жіберіліп, 1-ші Қырғыз (Қазақ) Кавалериялық дивизионының командирі болды. Бұл қызметте взводты басқарып, кейін эскадрон командирінің көмекшілігіне ұсынылады. Әртүрлі басқару жұмыстарында жүріп, оқуға деген біліктілігін шыңдай түсуді ойлайды. Әскери іс-қимылдарда білім мен тәжірибенің қатар жүретінін жете түсінген Жексенбаев 1920 жылдың тамыз айында Мәскеудегі Орталық штабтың академиясына оқуға түседі. Сонымен, соғысқа дейін Мәскеудегі М.В. Фрунзе атындағы орталық штабтың Әскери академиясын (1924), жоғары әскери - химия академия курсы (1931) бітірді. Соғыс қарсаңында әскери академияны Шәкір Жексенбаевтан басқа Әбілхайыр Баймолдин, Хаби Халиуллин, Ғали Әділбековтер де бітірді. Осылардың ішінде Ш.Жексенбаевтан басқалары болашақ қазақтың генералдары полк, дивизия басқарып жүріп, ерлікпен қаза тапты.

Білікті әскери қолбасшыларды түлетіп ұшырған бұл оқу орнында оқу – үлкен мәртебе болатын. Оқу орнын сәтті бітіріп шыққандардың арасында 700 адам Кеңес Одағының Батыры атанған. 1924 жылы Шәкір Жексенбаев оқу орнын аяқтап, ерекше алғырлығымен көзге түсіп, әскери академия басшысы М.Ф. Фрунзенің қолынан «Жоғары әскери білімі бар қолбасшы» деген куәлік алады [5].

Одан кейін Приволжск әскери округінің 34-атқыштар дивизиясының 100-атқыштар полкінің қолбасшысы бола жүріп, 1925 жылы Қырғыз (Қазақ) Республикасының Орталық комиссариатының Қырғыз (Қазақ) әскерінің оқу бөліміне басшылыққа ұсынылады. Ал 1926 жылы ол Қазақ КСР Әскери Комиссариатының атқыштар бөліміне басшы болып тағайындалады.

Ол осынау қысқа мерзімнің ішінде еліміздің әскери күш-қуатының алғашқы негізін қалап, бірінші Атты әскер Кавалериясын жасақтауға, Колчак пен Дутов бастаған көтерілістерге, Қазақстанның әскери комиссариатын құруға қатысты, Біріккен Қырғыз (Қазақ) комиссариатының әскери оқу және атқыштар бөлімдерінің басшысы болды. 1928 жылы Белоруссия Әскери аймағының 37-ші дивизиясына 110-шы атқыштар полкының штабына басшы болып ауысады. Қызыл Әскер Республикалық басқармасының техникалық жабдықталуына және ұйым жұмысының жетілдірілуіне байланысты әскери-химиялық қызметке ауысу туралы ұсыныс жасалады. 1930-1931 жылы Жоғары химиялық курсты бітіріп, әскери химик атанады. Оның химиялық істерге байланысты жаңа қолбасшылық қызметі басталады.

Химиялық курстарды үздік тәмамдаған соң, 1931-1932 жылдары КСРО әскери және теңіз істері бойынша Халық комиссариатының Әскери-химиялық секторы бастығының орынбасары болып, Мәскеуде жұмыс істеді. Кейіннен Украина Әскери аймағында құрылған Байкалдың арғы жағындағы қызылтулықтардың Қиыр Шығыстағы Әскерінің жеке құрамына командир - комиссар болып барды.

1939-1940 жж. Полковник шенінде болып Солтүстік Әскердің 2-тобына басшылық жасады. Ал 1940-41 жылы Калининдегі Әскери училищені курсанттар батальонына жетекшілік етті. Ұлы Отан соғысы басталар алдында отбасымен теплоходта тынығып, Мәскеуге қарай кетіп бара жатады. Төтенше жағдай туындаған кезде Шәкір Жексенбаевқа полковник ретінде соғысқа кірісуіне тура келді [18]. Әйелдер мен балаларды сабырлық сақтауға, ер адамдарды Отанды қорғау үшін әскери комиссариатқа келуге шақырды.

Басты Химиялық әскери басқарма Ш.Жексенбаевты шақыртып, Батыс бағытының химиялық қорғау бөлімінің бастығына аға көмекші болып тағайындайды. Бас Жоғарғы қолбасшы Кеңес Одағының Маршалы С.К. Тимошенко еді. Штаб бастығы, Кеңес Одағының маршалы Б.М. Шапошников болды [4].

Соғыс басталысымен майдандардың жасақталуы жедел қарқынмен жүргізіліп, оны генерал К.К. Рокоссовскийдің қарамағына жібереді. Әскердің химиялық қорғау бөліміне басшы болып бекітілді. Көп уақыт өтпей, ол Орталық майданның орта шебінде соғысты. Дәл осы кездерде бір майданмен екінші майданды жалғау, бір-біріне қосу шаралары жүріп жатты. Сол себепті Брянск майданының құрамында болды. Онда Ш.Жексенбаев Брянск майданының химиялық қорғау бөлімінің бастығы [5] болып қызмет атқарады. Брянск майданы химиялық қорғану бөліміне немістің жаңа машинасы түседі. Шәкір Жексенбаев оған «АЛ-2» деген есім береді. Кейіннен ол химиялық зертханаға айналады. Ш.Жексенбаев бұл зертханада фугасты от қаруларына арналған тиімді рецептерін шығара бастайды. Мысалы үшін, жаңа

рецепт ойлап табылып, ол от жалынның қашықтарға жетуіне және жоғары қызумен жануын қамтамасыз ететін болды. Батыр жауынгердің қолындағы мұндай от пайда тұтандырғыш шөлмектер қауіпті қару болды. Олар тек соққы беріп қана қоймай, жаудың есін шығарып жіберетіндей қуатты еді. Дыбыстық және түтінді шашқалар, артиллериялық снарядтар, миналар мен ампулалар түнгі уақыттарда «У-2» ұшағынан жаулардың әскери базаларына тасталып, оларды талқандады.

Дәл осы шақтарда оның шығармашылық қабілеті бар әскери маман ретіндегі қыры байқалады. Ш.Жексенбаев әртүрлі әскери зертхана мамандарының басын қосып, ағымдағы міндеттер талқыланып, химиялық заттардың үлгілері қаралып, талдау түрлерінің жаңа әдістерін таныстырылу жұмыстарын өткізді. Туланы қорғау кезінің күрделі шағында жаудың қарсы беті танк дивизиясының жаңа жасақтарын алға шығарды. Туындаған жағдайда біздің әскердің химиялық қорғанына тез арада белсену аса маңызды еді. Қысқа мерзім ішінде Жексенбаев 50-ші әскерге мыңдаған от қоспалары бар бөтелкелер жібереді. От тудырғыш бөтелкелердің болуы танктерден қорғануға шыққан біздің әскердің өздеріне деген сенімділіктерін күшейтті. Отандық әуе күштері күндіз де, түнде де кең ауқымда фосфорлы және термитті бомбалармен, тұтандырғыш «АЖ-2» ампулаларымен, от тұтандырғыш шөлмектермен жаудың әуежайын, әуежайындағы ұшақтарды, жанармай қоймалары мен қару қоймаларын талқандады [4]. Жаудың адам шығыны да, ұрыс техникаларының шығыны да көп болды.

Осы іс-қимылдардың нәтижесінде 64-ші және 3-ші Армия Воронежск-Косторненск операциясының 220 шақырым және 160 шақырым тереңдіктегі жаудың қорғанысын талқандады. Майдан бойында 1927 елді мекен, Курс, Косторной қалалары азат етілді. Женістің табысы ретінде 1000 орудия мен миномет, 120 танк, 8000 автомат, 7000 винтовка, 100 астам пулемет тартылып алынды [5].

1943 жылдың 5 тамызында Мәскеуде жеңістің нышаны ретінде Ұлы Отан соғысының тарихында алғаш рет артиллериялық от шашу атылды. Осы жаңалығы үшін Ш.Жексенбаевқа Ұлы Отан соғысының 1 дәрежелі ордені беріледі. Осы кезде әскерлер қатарында дислокациялар жүріп жатты. Ш.Жексенбаевты КСРО Қорғанысының Халық Комиссариатының орынбасары, Химиялық әскерді басқарудың Халық Комиссариатына генерал-лейтенант В.В. Аборенковқа Брянск майданындағы шабуылдарды химиялық қамтамасыз ету тәжірибесі туралы баяндама жасауға және оны басқа майдандарға ендіруге шақырылды. Сөйлесу ұзаққа созылды. Соңында генерал-лейтенант В.В. Аборенков: «Енді қиындықтарға қарамастан, бұл бағыттағы істеріңізді жандандырып, тұтандырушы-түтіндету қоспаларын батылырақ пайдалануымыз қажет. Сіздің іс-қимылдарыңыз қалай болса, біз жақтағы шығындар да солай болмақ», – дейді.

Сол күннің кешкісінде, барлығына таныс Юрий Левитан дауысы Кеңестер ақпарат бюросының Ш.Жексенбаевқа техникалық әскердің генерал-майоры деген әскери шен берілгені туралы хабарлама таратты. Келесі күні Қазақ ССР Совнарком өкілі КСРО Совнарком жанындағы Халықтар Комиссарының кеңесі Ш.Жексенбаевқа қазақ арасындағы тұңғыш әскери шен – генерал атағына алуына байланысты, химиялық әскери басқарманың және химиялық қорғау академиясының жетекшілерін жинап салтанатты қабылдау өткізеді. Курск, Орел және Брянск майданындағы шайқастар аяқталған соң, 2-ші Прибалтикалық майдан жасақталды. Қолбасшы болып армия генералы А.И. Еременко тағайындалды. Ш.Жексенбаев майданның химиялық қорғанысында жұмысын жалғастырды. Кейінірек 1945 жылдың 1 сәуір айында Прибалтикалық майдан таратылды, ал жауынгерлер Ленинград майданына қосылады.

Бұл жерде де Ш.Жексенбаев майданды химиялық қорғау бөлімінің бастығы [6] қызметінде болды. Бұл кезеңде Ленинград майданын басқарған маршал Л.А. Говоров Ш.Жексенбаевты кезекті «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталады. Ұлы Отан соғысына бітуіне орай, Ленинград майданын тарату басталып, Жеңіс парадына дайындық жүргізілді. Бөлімдер мен байланыстар қайта жасақталып, жаңа орындар белгіленді. Әскери қаруларды, техникалар мен заттарды қабылдау өткізіліп, сол үшін Ш.Жексенбаев Жеңіс парадына қатыса алмайды. Десек те, Ш.Жексенбаевтың өміріндегі аса зор қуанышты жағдайдың бірі – 1945 жылы Мәскеу гарнизонының 7 қарашаға арналған әскери шеруге қатысуы болды [8]. Ол бірыңғай инженерлік факультеті тыңдаушыларынан құралған Химиялық қорғаныс әскери Академиясының 2-ші батальонының алдында келе жатты. Ш.Жексенбаевтың химиялық әскери қорғаныс майданындағы жүріп өткен жолдарын ойша елестетер болсақ, ол жол Татар бұғазынан Ақ теңізге дейін, жігіттік шақтан бірінші үлгілі Қырғыз (Қазақ) әскерінің аттылар полкінің жауынгерінен КСРО Халық Комиссариатының құрғақ күштерін химиялық қаруландыру мен қамтамасыз етудің Басқарма бастығы орынбасарына дейін өсті.

Ш.Жексенбаевтың соғыс жылдарындағы өмірі көрнекті қолбасшылар, маршалдар С.К.Тимошенко, Б.М. Шапошников, К.К. Рокоссовский, А.И. Еременко, Л.К. Говоров, генерал-полковник М.А. Рейтердің жанында өтті. Бұлар Ш.Жексенбаевты жоғары мемлекеттік наградаларға ұсынды. Ол өзінің таланты мен кәсіби біліктілігінің арқасында қатарластарынан оқ бойы озық болды. Өмірінің соңына дейін офицер

деген мәртебелі атқа кір келтірмей өтті. Біздің қазақ мамандарына Кеңес өкіметі көрнекті қайраткерлерінің жақсы баға беруі сирек кездесетін жағдай еді. Бұл оның жоғары ғылыми жетістігінің абыройы және әскери іске қосқан қомақты үлесінің нәтижесі болды. Отан алдындағы ұзақ әрі қалтқысыз қызметі үшін Ш.Жексенбаев жеті орденмен (Ленин, 4 рет Қызыл Ту, 2-ші дәрежелі Отан соғысы, Қызыл жұлдыз ордендерімен) оннан астам медальмен, Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің құрмет грамоталарымен марапатталған. Бірінші атты әскер кавалериясын жасақтауға, Колчак пен Дутов бастаған ақтардың көтерілістерінен қорғануға, Қазақстанның әскери комиссариатын құруға қатысты, Біріккен Қырғыз (Қазақ) комиссариаты әскери оқу және атқыштар бөлімдерінің басшысы болды [7].

Не бір жауапты кездерде генерал Тихомиров Курск майданының шебін көріп шығуға өзімен бірге Шәкір Жексенбаевты алып жүруі оны КСРО Қорғаныс министрлігінің орталық аппаратындағы басқарушылық орындарға екі мәрте сайлауы, содан кейін 2 әскери академияның кафедрасының басшысы етіп тағайындауы, оның Шәкір Жексенбаевты жоғары дәрежелі әскери химик екенін мойындауы болатын. Оның дайындаған химиялық қаруларының арқасында қаншама солдат пен офицерлер аман қалып, Кеңес Одағы Батыры атағына қол жеткізгенін атасақ та жеткілікті. Ол – қазақ халқының мақтанышы, оны елемей әділетсіз болар еді. Бұл деректердің барлығы Шәкір Жексенбаевтың мұрағаттағы жеке іс-қағазынан алынған.

1945–1949 жылдарда К.Е. Ворошилов атындағы химия шабуылдан қорғану әскери академиясының кафедра меңгерушісі, Кеңес Армиясы химия әскерлер басқармасы бастығының қару-жарақ жөніндегі орынбасары, Беломор әскери округінде химия қызметінің бастығы, 1949–58 жылында В.В. Куйбышев атындағы Әскери-инженерлік академияның кафедра бастығы, аға оқытушысы қызметтерін атқарды. 1958 жылда демалысқа шығып, Мәскеуде тұрды. Жексенбаев Ленин, 4 рет Қызыл Ту, Қызыл жұлдыз, бірінші, екінші дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

Шәкір Жексенбаев Мәскеу қаласындағы Кунцево зиратында жерленген. Ол халқының ауыр жүгін көтеріп, қазақ жігіттерін әскери оқуға үгіттеп, өмірінің соңғы жылдарын офицерлерді оқытумен өткізген. Біздің офицерлер Мәскеуде білім алып қана қойған жоқ, өздері де шәкірт тәрбиелеп, маман даярлауға атсалысты.

2010 жылы Ұлы Жеңістің 65 жылдығына орай туған жері Орал қаласында белгілі әскери қайраткер, генерал-майор-майор Шәкір Жексенбаевқа (1901-1988) ескерткіш тақта орнатылған. Оралдағы Камышинская көшесіне генерал Ш.Жексенбаевтың есімі берілген. Бөкей ордасы ауданында Ш.Жексенбаев атындағы орта мектеп те бар. Қазақстан Республикасының Алматы қалалық ономастика комиссиясы ұсынысының негізінде «Алтын бесік» ықшам ауданының көшелерінің біріне Шәкір Жексенбаев атауы берілген.

Десек те, бүкіл саналы ғұмырын әскери қызметпен байланыстырған даңқты батыр генерал туралы қанша айтсақ та, жазсақ та көптік етпесі анық. Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай Ш.Жексенбаевтың өнегелі өмір жолын жас ұрпақтың санасында жаңғырту міндеті тұр. Болашақта оның аяулы есімі Ұлы Отан соғысының шежіресінде алтын әріптермен жазылатыны сөзсіз. Енді ол туған елі – Қазақстанда ұлықталып, еліміздегі әскери оқу орындарының біріне аты берілсе деген тілегіміз бар. Оның Ұлы Жеңіске қосқан үлесі, әскери білімі мен атқарған қызметі бұған әбден лайықты деп ойлаймыз. Бұл келешек жас ұрпақ үшін тәрбиелік мәні бар қуанышты жағдайға айналар еді.

1. *Казахи России: история и современность: материалы Международной научно-практической конференции (20–22 мая 2009 г., Омск): в 2 т. / отв. ред. Ш.К. Ахметова, И.В. Толпеко, Н.А. Томилов. – Омск: Изд-во Ом. гос. ун-та, 2010. – Т. 1. – 308 с.*

2. *Джексенбаев Ш. ...И горек дым войны: Воспоминания/Лит.запись М. Сулейменова. – Алма-Ата: Жалын, 1985.- 212 с.*

3. *Жумағалиев Б. Генерал Шакир Жексенбаев: К 100-летию со дня рождения // Приуралье. 2001.*

4. *Ситақанов Сансызбай Дәуітұлы. Генерал [Мәтін] / С. Ситақанов // Ана тілі. - 2011. - 15-21 желтоқсан (№50-51). - Б. 17.; 110-летию со дня рождения. Великий сын великого народа. Литер. №113 (1783), 23 июня 2011 г.; Повелитель огня. Газета «Страна и мир». №18 (109) 9 мая 2011 г.; Наследник Ер Таргына. 105-летию Шакиру Джексенбаеву-первому казаху генералу-майору технических войск./Новое поколение. №17 (407) 17 марта 2006 г.; Он был военным химиком. /Вечерний Алматы, 22 июня 2006 г.; Нами забытый первый профессиональный казахский генерал. №23 (199) 20 июня 2013/Дат.с.11; Сансызбай Ситақановпен болған интервью материалдары.*

7. *Первый советский казахский профессиональный военный генерал. www.biografia.kz . ұлттық порталы[(Электрондық ресурс)]*

5. *Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты, 2157 –қор, 1- тізімдеме, 18-іс, 19-іс, 17-іс, 12-іс, 21-іс.*

Аннотация

В данной статье изложены факты о фронтовой жизни и подвигах генерала советских вооруженных сил Шакира Джекшенбаева во время Великой Отечественной войны. Ш. Джекшенбаев заложил основу армии Казахстана, в кавалерии дослужился до замкомандира эскадрона. Работал начальником учебной части КазЦИКа (Оренбург) и строевого отдела комиссариата Казахстана (Кзылорда). Во время Второй мировой войны он разрабатывал рецептуры мин, дистанционные зажигательные ампулы, авиационные бомбы, огнеметные смеси с высокой температурой, сигнальные и дымовые шашки. Они имели огромную поражающую мощь. Ш. Джекшенбаев в войну был начальником отдела химической защиты Брянского, Прибалтийского и Ленинградского фронтов. Он был первым казахом, получившим звание генерал-майора (1943 г.) во время войны.

Впервые введены в научный оборот архивные материалы из личного фонда генерала.

Ключевые слова: Вторая мировая война, генералы, химические войска, химическая защита, Западное направление, Брянский фронт, военная безопасность, зажигательная «АЖ-2» ампула.

Abstract

This article sets out the facts of life at the front and exploits of General Soviet armed forces Shakir Zhekshenbaev during the great Patriotic war. Sh. Zhekshenbaev laid the foundation of Kazakhstan army, the cavalry was promoted to deputy commander of the squadron. He worked as the chief of the educational department of Kazakh Central Executive Committee (Orenberg) and the combatant's Commissariat of Kazakhstan (Kyzylorda). During world war II he worked on the formulation mines, remote incendiary ampoules, bombs, flamethrower mixtures with high temperature, signal and fume bombs. They had a huge destructive power. In the war Sh.Zhekshenbaev was chief of the department of chemical protection Bryansk, Baltic and Leningrad fronts. He was the first Kazakh who received the rank of major-General (1943) during the war. For the first time introduced into scientific circulation of archival materials from the personal fund of the General.

Keywords: world war II, generals, chemical troops, chemical protection, Westward, Bryansk front, military security, incendiary "AJ-2" vial.

ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ НҰРТАС ОҢДАСЫНОВТЫҢ БІЛІМ АЛҒАН ОРТАСЫ

Амирканов М.Б. – *ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті аға оқытушы,*

Бегалиева А. – *ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті аға оқытушы*

Нұртас Оңдасыновтың жан-жақты білім алуына, қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілуіне өскен ортасының әсері зор болды. Жалпы Нұртас Оңдасыновтың білімі, мұғалімдік қызметі туралы ресми мәліметтер өте аз. Оңдасынның ұлдарының ішінде оқу-білімге айрықша ынта танытқаны Нұртас болатын. Нұртасты 7-8 жасында екінші анасы Дәрігүл ауыл молдасынан сауат ашуға береді. Сөйтіп, Нұртас алғаш ауыл молдасынан оқып, сауатын ашады. Бала кезінде ауыл молдасынан жазу-сызуды үйренген ол екі жылда хат танып, жыр-қисса сияқты кітаптарды оқу дәрежесіне жетеді. Сол кезде алған білімі, кейін қазақ тіліне енген араб-парсы сөздерінің түсіндірме сөздіктерін жазуға нақты көмегін тигізеді. Кейіннен ауылдастары оған түрлі хаттар жаздырып, қыстың ұзақ түндерінде қиссалар оқытатын болған. Сонымен қатар, ол бала кезінде «Алпамыс», «Қыз-Жібек», «Айман-Шолпан», «Көрұғлы», «Дәріға», «Ләйлі-Мәжнүн», «Зарқұм» сияқты жыр-қиссаларды және ақындардың өлеңдерін оқып беріп, ауыл адамдарының рухани шөлін қандырған. [1] Ол халықтық батырлық жырларды, аңыз-ертегілерді

жақсылап, мәнеріне келтіріп оқып жеткізе білді. Нұртастың сол кездегі білімі, кейінгі Ахмет Байтұрсыновтың жасаған жаңа қазақ емлесін тез игеруге септігін тигізеді. Нұртас Оңдасыновтың өнер-білім жолындағы ізденісінің қайнар бастауы да, осы киелі Түркістан топырағынан басталады. Әсем де әдемі табиғат кімнің де болса дүниетанымдық ой-өрісіне игі әсер берері сөзсіз. Осы өңірде талай ғұлама ақын-жазушылар, небір қазақтың жез таңдай би-шешендері туып-өскен аймақ екені анық. Нұртас Оңдасынов өзінің «Мен Түркістанның түлегімін» атты естелігінде алғаш жазу-сызу үйреткен ұстазы Керімқұл молда жайлы кеңінен тоқтаған. [2] Керімқұл молда сол жердің адамы, бірақ ол қайда оқыды, қайдан білім алды бізге белгісіз. Керімқұл молда өзінің кішіпейілдігімен, сыпайылығымен, адалдығымен, үлкен адамгершілігімен қалың бұқараның құрметтісі болып дүниеден өткен. Ал, кейінгі кезде біз «молда» деген сөзді естісек денеміз түршігіп, жек көретін болдық. Оның басты себебі – арабтың бұл сөзін тек дін қызметкері деген мағынада бір жақты түсінгендігімізден. Ал, бұл сөз өз мағынасында сауатты, оқымысты, білімді ұстаз деген кеңірек мағынаны білдіреді. Хат жазу мен кітап оқуды үйренгеннен кейін-ақ, Нұртас Оңдасыновты ауыл адамдары «молда бала» деп атаған. Арабша молданың көпше түрі – «улама (ұлама)», оның қазақшасы – «ғұлама». Ғұлама сөзінің мағынасы халқымыздың ұғымында үлкен ғалым деген мәнге ие екенін елдің бәрі де біледі. Бұл мысалды жоғарыда айтылған ой-пікірлерді дәлелдей түсу үшін келтіріп отырмыз. Молдалар да адам. Ал адамға пендешілік, күпірлік тән. Олардың бәріне бір деңгейден қарауға болмайды, әрине. Сонымен қатар, олар да қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетінің дамуына өзіндік үлес қосқан. Ал, ауыл молдаларынан сабақ алып шыққан шәкірттер қаншама. Олардың бәрі араб, парсы, қытай халықтарының мәдениеті, әдебиеті, өнерінің қазақ арасына кеңінен таралуына септігін тигізіп, ұлттық өнердің баюына үнемі ықпал еткен.

Нұртас Оңдасыновтың ата-анасы баласының білім алуына негіз болатындай мектепке жақын деп әдейі Ақжігіттің қыстауына қоныстанған. Бұл оның оқуға ден қойып кірісіп кетуіне мүмкіндік берген. 1916 жылы Нұртас Оңдасынов лаждап жүріп ауыл мектебіне оқуға түскен. Бірақ, сол жылы оның ағасын патша үкіметі тылға жұмысқа алып кеткеннен соң, Нұртас лажсыздан оқуды тастайды да, жұмыс істейді. 1917 жылдан бастап ол еңбекке араласып, ата мен ананың, содан кейін келе халық алдындағы перзенттік парызы мен жауапкершілігі басталады. Біраз уақыт өткеннен кейін тағдыр оны ізгі адамдармен жолықтырып, олардан тәрбие алуына мүмкіндік береді. Әсіресе, шығыс жастарының жарық жұлдызы Ғани Мұратбаевтың игі ықпалы өлшеусіз еді. Сондықтан болар, ол: «жақсы адамдармен, зиялы, білімді, ұлағат шарапаты мол адамдармен жақын болу дегеннің өзі өлшеусіз бақыт екенін, олардан алар тәлім-тәрбие мен білімнің де нәрлі, шырайлы, ізгі боларын барша жұртқа өсиет етіп айтқан. Ұзақ ғұмырдан бір түйіні – осы. Жақсыға жанаса жүруді әдет етіндер, өрендерім» - деп ағынан ақтарыла айтқаны әлі есімізде деп «Нұртас Оңдасынов» атындағы қордың төрағасы Жарылқасын Әзіретбергенов үлкен шабытпен еске алады. [3]

Уақыт өте келе кейін, әкесі Нұртастың ержетіп – есейгенін сезіп, білім алсам деген құштарлығын байқайды. Әкесінің жаңа заман туралы топшылаулары Нұртас Оңдасыновты да терең ойландырады, әке ой-толғамы оны жаңа өмірге, жақсы тұрмысқа жетелеген. Әкесі Оңдасын да, баласы Нұртас та қазақ тіршілігіне бұрын-соңды болмаған бір өзгерістің келгенін ұғып пайымдаған болатын. Нұртас Оңдасынов жаңа өмірдің келгенін, техникалық прогресс дами бастағанын көріп сол өскен елге еру үшін оқудың, білімнің қажеттігін сонда ғана алғаш сезінген. Не керек бар дүниенің кілті – оқу, білім, ғылымға келіп тірелгенін түсінді. Түсінуін түсінгенмен, қаржы-қаражаттың жоқтығынан жұлқынып шыға алмай, арман жетегінде жүргенде көктен сұрағаны жерден табылған. Ақырында, ол Ташкентте жетім балаларға арнайы ашылған мектеп-интернаттан бір-ақ шыққан. Ал Ташкенттің №14 мектеп-интернаттың тәрбиесі жас Нұртастың көзқарасын қалыптастырып, саяси санасын оятты. Халық басындағы, өз басындағы тақсырет пен нәубеттің қайдан, қалай туындап жатқанын түсіне алатын, талдай, екшей алатын халге жеткен. Сан-сауалдың жауабын білімнен, ғылымнан ғана табуға болатынын ұқты. Сол кездің қоғамдық-саяси сипаты да басқаша болды. Бұрынғы көшпенді ел – отырықшы тұрмысқа бет бұрған көшелі елге айналды.

Осылайша, кедей балаларына жарқын, бақытты өмірге жетудің даңғыл жолы ашылады. 1920 жылы Нұртас Оңдасынов Ташкент қаласында ашылған мектеп-интернатқа қабылданып, сол жерде тәрбиеленеді. Нұртастың өміріне бұл интернат өзгеріс, жаңа құлшыныс әкелгені рас. [4] Білімге деген мол құлшынысының нәтижесінде зерек те ақылды Нұртас Оңдасыновтың бұған дейін тек мұсылмандық сауаты бар жас шәкірт оқудың қиыншылығына қарамастан өз бетінше ізденіп, ерінбей оқып, орыс тілін жетік меңгерген. Нұртас мұнда негізінен жалпылама пәндерді өтіп, түрлі дәрежедегі ұстаздардан дәрістер тыңдаған. Осы интернатта орыс тілінен алғаш дәріс берген ұстазы Ғани Мұратбаев еді. 1921 жылы сәуір айында интернат жанында Ғани Мұратбаев ұйымдастырған комсомол ұясына мүшелікке қабылданады. Сол кездегі №14 мектеп-интернатынан оқыған 265 жетім бала ішінен небір айтулы азаматтар өсіп шықты.

Олар: жазушы Өтебай Тұрманжанов, әдебиетші-ғалым, профессор Бейсенбай Кенжебаев, мемлекет қайраткері Өмірзақ Орымбетов, Жамалбек Шалабаев, орман шаруашылығының алғашқы білгір мамандары Райымбек Ахметов, Бектас Шынарбаев осы интернаттың түлектері. «Жылан жылғы» ашаршылықта ата-аналарынан айырылып, панасыз, қорғансыз, көше кезіп, теміржол бойын жағалап, базар торыған ашқұрсақ жетімдер жетіліп қана қоймай, шынында да, қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шыққан жастардың бірі болды.

1922 жылы Нұртас Оңдасынов аталмыш мектеп-интернаттын тәмамдайды. Осы интернатты оқып бітісімен бірден Ташкенттегі Орман-тоғай техникумының дайындық бөліміне оқуға қабылданады. Сол жылы ақпанда Қазақ орман шаруашылығы техникумының өзіне оқуға түседі. Осы техникумда Нұртас комсомол ұйымының жауапты хатшы жұмысын атқарады. Комсомол жұмысын өте белсенді, абыройлы атқарғандықтан Нұртасты кейін осы орынға екі рет сайлайды. Бұл оның Ғани Мұратбаевпен тығыз қарым-қатынаста араласып, өмір жолын, білімін шыңдай түсуіне септігін тигізеді. Одан алған тәлім-тағылымын, естіген өсиеттерін басқаларға да айтып отырған.

Қиын жағдайда алған білімі оның таптық санасын ерте оятты. Оқу тоқусыз алдағы күннің қараң екенін ол жете түсінді. Сондықтан да Нұртас жас кезінен-ақ оқу білімге құштар болып өседі. [5] Әрине, Нұртас Оңдасынов үшін бұл жылдар жеміссіз болған жоқ. Алғыр да, зерек ол қатарының алды болып, ой-санасы толысып, халық ауыз әдебиеті мен шығармаларын өздігінен оқитын дәрежеге қол жеткізді. Сол кездегі талап бойынша жергілікті ұлт өкілдері дайындық бөлімінде орыс тілін үйренетін. Ал, Нұртас өзінің ана тілімен қоса араб, парсы, түрік тілдерін және орыс тілін де жақсы меңгерген. 1926 жылы қазанда Орман-тоғай техникумының студенті кезінде, Коммунистік партияның қатарына өтеді. 1927 жылы Нұртас Ташкенттегі техникумды ашқұрсақ болып жүріп, аяқтайды.

Техникумды бітірген соң өз мамандығы бойынша орманшы-техник қызметін атқарады. Бірақ осы техникум қабырғасында оқығаны жайлы, оқу-үлгерімі туралы, білім ордасын үздік аяқтағандығын куәландыратын құжаттық деректерді мұрағаттардан біз кездестіре алмадық. Н.Оңдасынов 1927 жылдың сәуірінен 15 қыркүйегіне дейін Қостанай облысы, Қарабалық ауданының Михайловск орман шаруашылығында орман қараушының көмекшісі болып еңбек етеді. Осы жылдың 23 қазанынан – 1928 жылдың сәуір айына дейін Қызылорда қаласында су шаруашылығында санақшы болып жұмыс істейді. Осы жылдың 1 мамырынан 27 қыркүйегіне дейін Жамбыл қаласында – Талас зерттеу партиясының кіші технигі міндетін атқарды. 1928 жылдың қазанынан 1930 жылдың ақпанына дейін Сырдария су шаруашылығында – Аймақтық су шаруашылығының зерттеуші технигі қызметін атқарады. [6]

Сонымен қатар, Орталық мұрағаттан Нұртас Оңдасыновтың Сырдария су шаруашылығында, Орта Азия жұмысшылар факультетінде оқытушы қызметін атқарғандығы туралы анықтамаларын да таптық. [7] . Бұл анықтамалар біздің ары қарай жұмыс істеуімізге көп көмек тигізді. Ал, Ресей Мемлекеттік жаңа тарих мұрағаттық құжаттарда Нұртас Оңдасыновтың 1930-1934 жылдарда Ташкент қаласындағы Орта Азия ирригация (жер суландыру) инженерлер институтында оқығандығы, кейін «ирригация» факультетінен 4 курстан кеткендігі туралы мәлімдеген. Ал 1931 жылы 1 қазаннан бастап 1932 жылдың қазан айына дейін Ташкент қаласында – Ирригациялық институттың графика катескетінің меңгерушісі қызметін атқарған. Осы жылдың 1 қазанынан – 1933 жылдың 1 қазанына дейін – Су шаруашылығы техникумында оқытушы болып істейді. 1933 жылдың 15 қарашасынан – 1934 жылдың 23 қыркүйегіне дейін – ауыл шаруашылығы жұмысшы факультетінің меңгерушісі, кеңшарлар курстарының оқытушысы және директор орынбасары қызметтерін атқарады. Сондай-ақ, ол ҚазКСР Су шаруашылығының меңгерушісі болып та жұмыс істейді. Басшылық қызметте жүріп, ол жоғары білім алудың қажеттігін жете түсінеді. Бірақ та Нұртас Оңдасыновтың білгенінен білмейтіні көп болып шығады. Осылайша тағдырмен тайталаса жүріп 1932 жылдың ақпан айынан бастап 1934 жылдың наурыз айына дейін Ташкенттегі Орта Азиялық ирригация су инженерлері институтында оқиды [8]. Ол сол кезде бүкіл аймақтағы ең ірі жоғары оқу орны болатын. Кейін осы Орта Азиялық жұмысшы факультетінде дәріс береді. Айналасы 5-6 жылда бірнеше пәндердің негізі жөнінде жалпылама ғана мәліметтер алып шыққан Нұртас Оңдасынов өздігінен көп ізденіп, шәкірттерінің ой-өрісіне сай сабақтар жүргізіп, бар білгенін жас ұрпаққа үйретумен болды. Өз ісіне ұқыпты да, дарынды ұстаз оқушылармен тез тіл табысып, олардың ықыласына бөленеді. Осы институтта жұмыс істегендігі туралы анықтамасы Орталық мұрағаттан таптық. Орталық мұрағаттан Нұртас Оңдасыновтың Орта Азия жұмысшы факультетінде 1934 жылдың 25 -ші ақпанынан –1-ші қыркүйекке дейін мұғалім болып жұмыс істегендегі құжаты сақталған. Институттың үшінші курсын бітіргеннен кейін 1934 жылы Қазақ Орман шаруашылығы трестіне әуелі директордың орынбасары, сосын директор қызметіне ауысады [9]. Нұртас Оңдасыновтың көкірек көзін оятқан сауатын ашқан алғашқы ұстазы – Ғани Мұратбаев еді. Ғани үлкенді – үлкен, кішіні – кіші деп сыйлай білетін тамаша тәрбиелік

қасиеттерімен шәкірттерінің орасан зор құрметіне бөленген адам. Ол шынында да тумысы бөлек жан-тұғын. Нұртас Оңдасынов үшін Ғани есімі аса қадірлі, білім алсам, дүниені танысам деген арманын шындыққа айналдырған ұстаз. Оны алғаш көрген, дәріс алған күні Нұртас Оңдасыновтың көз алдында мәңгі қалған, өмірі ұмытқан емес. Нұртас Оңдасынов «Ғанидан ғибрат өмірбаяным» атты естелігінде [10] Ғани Мұратбаев интернаттағы балаларға: «жарқын болашақ алда, оны салатын өздерің. Ол үшін көп оқу керек, білім керек» дегенді күн сайын айтатын. Бірақ та оқуға зерек Нұртас, Ғани ұстазы берген тапсырмасын уақытында орындап, бар ынта-жігерін білсем деген бір мақсатқа бағыштады. Нұртас Оңдасыновтың үлкен жолға түсуіне Ғани Мұратбаев себепші болған. Ғани Мұратбаевтың мұраты – қазақ жастары оқыса, білім алса, орыс тілін үйренсе, дүние-әлемге көзін ашса деген ниет екенін түсінді. Бұл Нұртас Оңдасыновтың Ғани Мұратбаевтан алған алғашқы ғибраты. 1921 жылы Нұртас Оңдасынов Ғани Мұратбаев ұйымдастырған БЛКЖО-ның ұйымына мүшелікке қабылданады. Сол интернатта Ленин комсомолының қатарына түсіп, жақсы оқиды. Нұртас Оңдасыновқа ұстазы Ғани Мұратбаев интернатта да, Қазақ орман шаруашылығы техникумында да комсомол ұйымын басқаруға үнемі сенім білдіріп отырған [11]. Бұл оның аудандық, қалалық, облыстық комсомол комитетінде және мәжілістер мен конференцияларда Ғани Мұратбаевпен жиі кездесуге мүмкіндік туғызып отырды. Нұртас Оңдасынов «Комсомол – жастығым менің» атты естелігінде Ғани Мұратбаевпен алғаш кездесіп, ақылын тыңдаған, дәм-тұздас болған кездерін сағынышпен еске алғандығы айтылады [12]. Ол Ғани Мұртабаевпен кездескен күндерін ешуақытта ұмытпаған, қайта сол кездерді өмірдің ең бақытты сәттері деп білген. Ал, Ғани Мұртабаев әрдайым өзінің білімділігімен, парасаттылығымен, қарапайымдылығымен өзгелерден оқшауланып тұрған. Н.Оңдасынов өзінің болашақтағы ұстазы, Алаштың көрнекті қайраткері Ғани Мұратбаевты танып-білуі осы кезден бастау алған. Н.Оңдасыновтың Ғани Мұратбаевпен бұл таныстығы оның өмірінде терең із қалдырды.

Нұртас Оңдасыновтың бағын ашқан екінші ұстазы – Мұхтар Әуезов. Нұртас мектеп-интернатты өте жақсы үлгеріммен бітіріп, Ташкенттің Орман шаруашылығы техникумында оқығанда алғаш қазақ әдебиетінен сабақ берген ұстазы – Мұхтар Әуезов еді. Алғаш әлем әдебиетінен мағлұмат алып, хабардар еткен, қазақ ауыз әдебиетінің інжу-маржандарын түсіндіріп, ұлы Абайды таныстырған да осы – М.Әуезов. Студент Нұртас алдында ұстаз Мұхтар ұлы Абай хақында ой тербегенде, жас шәкірттің қия қияндарға қалықтап, арманы аққу болып ұшатын. М.Әуезов арқылы Нұртас Оңдасынов ұлы Абайды, Абай арқылы қазақтың өзге елден көш кейін қалған халін ұққан, тағдырын таныған. Баяғы диқандар ортасы жауап бере алмаған сан сауалға ұстазы Әуезовтің дәрістерінен тапқан болатын. «Біз Абаймен көп жұрттан бұрынырақ және тереңірек таныстық. Абайды толық түсінуімізге қадірлі ұстазымыз Мұхтар Әуезовтің мағыналы сабақтары тікелей себебін тигізді», - деп қысқаша мәлімет береді [13]. Сонымен қатар, Н.Оңдасынов «Үлкен ұстаз» атты естелігінде [14] Мұхтар Әуезовтей үлкен адамдармен кездесу, жақын сырлас болу, олардан тәлім-тәрбие алу кімге болса да – үлкен мәртебе екенін айтып тоқталады. Нұртас Оңдасыновтың ұстазы Мұхтар Әуезовтен ұққан ең басты тағылымы – ұлы Абайдың қабырғасын қайыстырған, ой қазынасын қопартқан өз қамы емес, ел қамы, халық мұраты. Мұхтарды да жауларымен жағаластыра жүріп, Мәскеу мен Алматының арасында қашып-пысса да ретін тауып, білгенін жастарға талмай, шаршамай айтқызып жүрген күш – Абай мұраты, Абай арманы екен. Абай арманы Мұхтар мұратына ұласып, онысын алдындағы студенттерге мақсат пен аманат еткендей болған. Әйтеуір, жалықпай жастарды мақсаткерлікке, еңбекқорлыққа, білім мен ғылым қууға күн сайын уағыздап жататын ұстаз – Мұхтар Әуезов. Артынша Абай арманын, Мұхтар мұратын шындыққа айналдырсам деген айбынды қазақ жастары көптеп кездесетін. Кейін Ғ.Мұратбаевтан тәлім, М.Әуезовтен дәріс алған көптеген жастар ақырында білімін арттыру мақсатында Мәскеу, Ленинград, Ташкент, Қазан, Омбы, Саратов қалаларына оқуға аттанады.

Әрине, Нұртас Оңдасыновтың ондай үлкен, алыс жаққа барып оқуға жағдайы келмеген. Нұртас Оңдасыновтың халықшыл, ұлтын ұлықтай білетін білікті басшы болуына ұстазы Әуезовтің қалай да қалай әсері болған.

Нұртас Оңдасынов қай жұмыста болса да, өзін адал қызметкер екенін таныта білген. Сондай-ақ өзіне тән адалдықпен, жігерлілікпен, қажырлылықпен еңбек еткен. Ол еңбекте шындалып, мол тәжірибе жинап, лауазымды, жауапты қызметтерге дейін көтеріледі. Білімге құштар жігерлі жас Орта Азия ирригация инженерлері институтын бітірген соң, орман шаруашылығы саласында әртүрлі деңгейдегі басшылық қызметтерде еңбек етеді [15]. Тағдыр оған ізгі адамдарды жолықтырып, олардан тәрбие алуына мүмкіндік берген. Әсіресе, Шығыс жастарының жарық жұлдызы Ғани Мұратбаевтың оған тигізген игі ықпалы өлшеусіз. Сондықтан болар, ол: «жақсы адамдармен, зиялы, білімді, ұлағат-шарапаты мол адамдармен жақын болу дегеннің өзі өлшеусіз бақыт екенін, олардан алар тәлім-білімнің де нәрлі,

шырайлы, ізгі боларын барша жұртқа өсиет етіп айтып отырған [16]. Өзі де осы қағиданы өмір бойы ұстанып келді. Мұны нақты істерімен де көрсете білген.

Қорыта айтсақ, алғыр, зерек, сезімтал, пайымшыл Нұртас Оңдасынов ізденіп, өз білімін өзі толықтыру арқылы, жаңа дүниеге деген жаңа көзқарасын қалыптастырды. Қазақ елінің басына қиын-қыстау күн туған шақта қазақтың сенімін арттыруға тұратын азаматтарының қатарынан оның есімінің тізімге ілігуі бұл оның қоғамдық қызметке ерте араласып, есейгендігіннің, ел-жұртына ісімен танылғандығының айғағы болмақ.

1. «Нұртас Оңдасынов» Құрастырған Г.Оразалиева. – Алматы, 2004. – 12 б.
2. ҚР ОММ 2330-қор, т-1, іс-21.
3. ҚР ОММ 2330-қор, т-1, іс-101, 6-п.
4. ССР Одағы Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидаттар Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов. // Социалистік Қазақстан 15 январь 1946 жыл №11. – 1 б.
5. ҚР ОММ 2330-қор, т-1, іс-18, 4-п.
6. Ресей Мемлекеттік жаңа тарих мұрағаты. 5-қор, т-98, іс-35640, 3-4 п.
7. ҚР ОММ 2330-қор, т-1, іс-68, 2-3-7-п.
8. ҚР ОММ 2330-қор, т-1, іс-67, 2-п.
9. Г.Оразалиева Нұртас Оңдасынов (ғұмырбаяндық хикаяттар). – Алматы, «Білім» 2004. – 19 б.
10. ҚР ОММ 2330-қор, т-1, іс-19, 1-п.
11. Н.Оңдасынов «Ганидан гибрат өмірбаяным» // Ленинийл жас. 29 қазан 1986 ж.
12. ҚР ОММ 2330-қор, т-1, іс-18, 4-6-7 пп.
13. Г.Оразалықызы «Оңдасынов – өз дәуірінің дара қайраткері» // Жалын. 2008. №9. 4 б.
14. Н.Оңдасынов. «Үлкен ұстаз» //Қазақстан әйелдері, 1987. №8. – 11-13 бб.
15. Қасиетті жердің перзенті. Ж.Әпетова., А.Байтөлеуов. //Шалқар. 16 желтоқсан. 1994 ж.
16. ҚР ОММ 2330-қор, т-1, іс-81, 1-п.

Аннотация

Автор в данной статье рассматривает факты биографии, связанные со становлением Н.Ондасынова как общественного деятеля. Также говорится о влиянии на формирование его личности таких учителей и наставников, как М.Ауэзов и Г.Муратбаев. Также раскрывается неизгладимая роль в становлении его как личности, как общественного деятеля наставников и учителей, в работе он смог проявить себя в качестве сильного духом гражданина, который прошел свой трудовой путь до управленческого персонала.

Ключевые слова: общество, общественный деятель, биография, гражданин, личность, трудовой путь

Summary

The author in this article examines biographical facts associated with the development of AN Ondasynova as a public figure. Also it talks about the impact on the formation of his personality of teachers and mentors, as M. Auezov and G. Muratbaev. Keywords: society, social activist, biography, Citizen, personality, career The author of this article considers the facts of N.Ondasynov biography connected with his formation as the public figure. Also the influence of his teachers and instructors, M.Auezov and G.Muratbaev, individuality is analyzed in the article.

Keywords: society, social activist, biography, Citizen, personality, career

ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

ӘОЖ 94 (574) 908 93.2

АСТАНАЛЫҚ КЕЗЕҢДЕГІ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР, ДЕМАЛЫСЫ ОРЫНДАРЫ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ АХУАЛ

Жалмагамбетов Е.А. –

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Түйіндеме

Мақалада автор Қызылорда қаласы өмірінің жаңғыруы Қазақстан орталығының көшіп келуінен басталғандығы және Қызылорда қаласы өзінің дамуында жаңа серпіліс жасады. Қызылорданы астаналық қала мәртебесіне лайықтандыру мақсатында үкіметтің бұйрығымен кинотеатр, театр және саябақтар салу көзделді. Алғашқы қазақ театрі Қызылорда қаласында ашылып, еліміздің мәдени өмірінде үлкен жаңалық алып келді. Қызылорда тұрғындары үшін қаланы көркейту және оның таза қалпында ұстау мәселесі басты орында тұрды. Астана мәртебесіне лайықты болу үшін Қызылорда қаласының архитектуралық калпы өзгергенін, сонымен қатар жергілікті қазақ халқының қатысуымен ұлттық театр кадрлары қалыптастығына тоқталады.

Тірек сөздер: күнделікті өмір, қала, Қызылорда, ҚазАКСР, тәркілеу, демалыс орындары, сауда, мәдени орындар, интеллигенция

Қызылорда қаласы астаналық мәртебеге ие болғаннан кейін қаланың мәдени өмірінде өзгерістер басталды. Мәселен, 1925 жылға дейін жергілікті қала тұрғындары өздерінің бос уақыттарын базар алаңында жүргізілетін жәрмеңкелерде және мерекелер кезінде ұйымдастырылатын іс-шараларда өткізетін еді. Қарапайым провинциялық қалада арнайы театр, кино немесе цирк сияқты мәдени орталықтар болмады. Қала өмірінің жаңғыруы Қазақстан орталығының көшіп келуінен басталды. Қызылорда қаласы өзінің дамуында жаңа серпіліс жасады. Қызылорданы астаналық қала мәртебесіне лайықтандыру мақсатында үкіметтің бұйрығымен кинотеатр, театр және саябақтар салу көзделді. Алғашқы қазақ театры Қызылорда қаласында ашылып, еліміздің мәдени өмірінде үлкен жаңалық алып келді. Жергілікті қазақ халқының қатысуымен ұлттық театр кадрлары қалыптасты. 1925 жылдың соңына таман Қызылорда қаласында құрылған театр Қазақ ұлттық театры болып құрылды. Театрдың алғашқы директоры әрі көркемдік жетекшісі ретінде Д.Әділовты тағайындады. Осы тұста 1925 жылдың желтоқсан айында Қызылорда қала-сында Қазақ өлкелік партия конференциясының бесінші мәжілісі өтіп, оның ашылу салтанатына Мұхтар Әуезовтың 3 актіден тұратын «Еңлік-Кебек» пьесасы қойылған еді. 1926 жылдың 31 қаңтар айында Қызылорда қаласында Қазақ ұлттық театрының ресми ашылуында Қ.Кемеңгеровтың “Алтын сақинасы” ойналды. Театр репертуарын жақсарту мақсатында Халық ағарту комиссары Смағұл Сәдуақасовтың тікелей басшылығымен арнайы бәйге өткізілген болатын. Сонымен қатар қаланың мәдени құрылысына көп үлес қосқан С.Сәдуақасов ұлттық негіздегі құрылған театрға қолдау көрсетіп отырды. Алғашқы қазақ театр қала өмірінде елеулі өзгерістер алып келді. Өйткені Қызылорда қаласы Қазақстанның орталық қаласы ретінде ғана емес, республиканың мәдени орталығы мәртебесін өзіне иемденуі қажет болды [195]. Қазақ театрінің салтанатты ашылуына Әміре Қашаубаев шақырылған еді. Сонымен қатар, 1925 жылы Парижды дүрілдеткен, қазақтың бір туар ақыны, күйшісі және белгілі әншісі Әміре Қашаубаев жоғарыда айтқандай Қызылорда қаласында өткен V жалпы Қазақстан кеңестерінің съезіне қатысып, сонда өз өнерін көрсеткен. Әміре Қашаубаевпен алғашқы кездесуі туралы және өзінің өмірі мен болашағына елеулі әсер еткені жайлы Елубай Өмірзақов естелігінде төмендегідей мәліметтерді келтіреді: «1925 жылдың жазы. Біз оқып жүрген ағарту институты Орынбордан Қызылордаға көшіп келіп, Қазақстанның жаңа астанасына орналасқан кезі еді. Өлең мен өнерге әуес бір топ талапкер халыққа анда-санда концерт көрсетіп қоятынбыз. Кісі неге әуес болса, соған құлағы түрік болатыны белгілі ғой, «пәлен жерде пәлен ақын, пәлен әнші бар екен» десе, елеңдеп, соны көргенше ынтығатынбыз. Бір күні Әміре Қашаубайұлы Парижге барып, бәйге алып келіпті деген лақап дүр ете түсті. Өміренің Семейде екенін әбден білетінбіз, Қызылордаға келеді деген хабар бізді қатты толғандырды. Сол жылы Қазақстанның бес жылдық мерекесі болып, тұңғыш рет ойын қойып, жұртшылықтан жақсы баға алдық. Бұл жайт біздің рухымызды көтеріп, талабымызды өршітті. Шақырылған жолдастар келіп орнықты. Оларға ағарту институтынан арнайы босатылған Әбілқай Абдоллаұлы, Иса Байзақов, Қапан Бадырұлы, Жүсіпбек Оспанұлы, Сейфолла Байқожаұлы, сосын мен қосылдым» деп алғашқы Қазақ театрының өмірге келуі туралы өзінің жеке ойын және толғаныстарын айтады келтірген [95]. Осы іс-шарада Елубай Өмірзақов алғашқы рет үлкен шахнаға шығып, өзінің өнерін көрсеткен еді. Жұмат Шанин мен Смағұл Сәдуақасовты өз көзімен көруі болашақ шығармашылығына үлкен әсер етті. Қазақтың бір туар азаматтары, таланты жастар Қызылорда қаласында кәсіби тұрғыдан шындалды. Бұл тұста біз Қызылорда қаласындағы болған елеулі оқиғалардың қарапайым адамға әсері, әсіресе, жастар деген оң ықпалын көре аламыз. Бұл бірінші кезекте жастар рухын өршітіп, болашаққа деген сенімін нығайтқан.

1926 жылы Қызылорда қаласы тұрғындарының қажетліктерін қанағаттандыра алатын кітапхана ашылды. Кітапхана Карл Маркс көшесіндегі Жер халық комиссариатына қарама-қарсы орналасқан еді. Кітапхана қорында орыс және қазақ тіліндегі кітаптар жинақталған еді. Оның оқырмандарының ішінде ересек және мектеп оқушылары болды. Кітапхана азаңғы 8-де ашылып, кешкі сағат 9-ға дейін жұмыс істеді. Себебі қала бойынша кешкі мектептерге баратын адамдардың сұранысына байланысты кешкі уақытқа дейін қызмет істеді [184].

Сонымен қатар қалада В.И. Ленин атындағы еңбекшілер үйінің ішінде кітапхана, өнер галлерейасы, музей, радио қабылдайтын бөлме, арнайы дәрістер оқытатын орындар, дене шынықтыру үшін жасалған залдар, 600 адамдық театр, алты жүз адамдық кинотеатр жұмыс істеп тұрды. Мектеп оқушылары өздеріне қажетті әдебиеттерді қалалық кітапханалардан алып, кітапхана жанындағы оқу залдарында сабақтарына дайындалуға мүмкіндік алды. Қызылорда қаласына орталықтың ауысып келуі қаланың мәдени өміріне көптеген өзгерістер алып келді. Қаладағы кинотеатрда республика аумағында бірінші рет «Испанская танцовщина» деген кино қойылым көрсетіле бастады. Көрсетілген кинолардың барлығы үкімет тарапынан бекітілген цензура арқылы тексерістен өткізіліп отырды. Киноға бару үшін кинотеатрдың кассаларында елу тиыннан бастап екі сомға дейін тұратын билеттер сатылды. Кино көруге қала тұрғындарының ауқатты бөлігі ғана мүмкіндік алған. Себебі күнелту деңгейінен төмен жалақы алған тұрғындар киноға баруға мүмкіндік алмаған еді. Қала тұрғындары үшін киноға бару мейраммен тең болатын. Себебі кинотеатрда қала тұрғындарының интеллегенциясы жиналатын. Көрсетілетін кинолардың басым бөлігі дыбыссыз болатын. Себебі бұл жылдары кино түсірілімде қоданылатын технологиялар дыбыстарды жазуға мүмкіндік бермеді.

Қызылорда тұрғындары үшін қаланы көркейту және оның таза қалпында ұстау мәселесі басты орында тұрды. Астана мәртебесіне лайықты болу үшін Қызылорда қаласының архитектуралық қалпы өзгере басталды. Азиялық типтегі ғимараттардың орнына еуропалық стилдегі мекемелер салынды. Қала тұрғындары жаңадан тұрғызылған ғимараттардың архитектуралық қалпына мақтанышпен қарап, қаланы тазалықта ұстау үшін өз үлестерін қосты. Одақ бойынша етек алған сенбіліктер Қызылорда қаласында әр апта сайын өтіп тұрған. Басты мәселе қала астаналық көшелерін үнемі тазалықта ұстап, қалаға келетін қонақтар алдында өз келбетін сақтау болды. Әсіресе қаладағы шаң мәселесі жергілікті билікті қатты алаңдатты. Қызылорда қаласының географиялық орналасуына жергілікті климатына өз әсерін беріп тұрды. Қалада жаңадан жүргізілген құрылыс жұмыстары кезінде шаң-тозан көбейіп кеткен еді. Шаңға қарсы күресті жергілікті шаруашылық бөлім үнемі жүргізіп тұрды. Қаланы жасылдандыру жұмыстарымен қатар орталық көшелерде су шашып, арықтар үнемі толық болды.

Мейрам күндері қалада арнайы шерулер және жергілікті мәдени орындарда тұрғындар үшін қойылымдар мен көріністер көрсетіп отырған. Негізінен мемлекеттік мейрам күндері – 22 қаңтар қанды жексенбі күні, 12 наурыз самодержавияны құлатқан күн, 18 наурыз Париж коммунасы күні, 1 мамыр интернационал күні, 4 қазан ҚазАКСР құрылған күні, 7 қараша пролетариат революциясы күні, 22 наурыз мерекесі, 14 сәуір Рамазан айт мейрамы, 2–3 мамыр пасха, 21–22 шілде құрбан айт (1926 жыл), 25–26 христиан мерекесі болып қабылданып, осы күндері демалыс күні етіп бекітілген [186].

Қалада пәтер мәселесі өте күрделі жағдайда болған, тұрғындардың көп бөлігі пәтерлерді жалға алып отырды. Пәтерлердің қорын жаңадан тұрғызу қарқыны жоғары жүргенімен қала халқының өсуіне байланысты қала қорындағы үйлердің тапшылығы байқала бастады. Сондықтан қала басқармасы қаланың ішіндегі және сыртындағы жерлерді халыққа тегін беріп, кей жерлерді нарықтық бағадан төмен сатты. Қала ішіндегі жер қоры жоспар бойынша мемлекеттік мекемелерді салуға арналған еді. Сондықтан қала ішіндегі жерлер сатылмады, тек қана жалға беріліп отырды. Әзірше бос тұрған жерлерді халыққа жалға беру арқылы, қалада қалыптасқан пәтерлік мәселені шұғыл түрде шешу күн тәртібінде тұрған. Мәселен салынатын үй ағаштан болса отыз жылға, егер аралас болса қырық жылға, тастан салынатын болса алпыс жылға келісілді. Ескі үйдің орнына жаңадан салынған жерлерге салық алынбады, бірақ бес жылдан кейін жердің немесе сол жерде салынған үйдің иесі міндетті түрде салық төлеуге тиісті еді. Ал дайын пәтерлерді тұрғындарға жалға беріп отырған, мәселен, оқуға немесе басқада жұмыстарымен келген адамдар бір тәулікке жалға алатын болса күніне 40–50 тиыннан төлеген, ал бір айға алатын болса пәтердің бір айлық жарнасы 40–50 сомға дейін барған.

Қоғамдағы өзгерістер және мемлекет тарапынан жүргізілген саясаты қала мен ауыл тұрғындарының өміріне өз әсерін тигізген. Мәселен ірі бай қожалық иелерін тәркілеу науқаны кезінде қоғам екіге бөлініп кеткен: бірінші жақта мал мүліктері көп байлар, екінші жақта, малдары жоқ немесе кедей топтарға жататын адамдар. Кеңес үкіметі билікке келген кезде қоғамды екі топқа бөліп қарастырды және екі топты бір-біріне қарсы қойып, бөліп алда, билей бер саясатын ұстанды. Қазақ қоғамындағы өмір салты, дәстүрлі шаруашылық пен қоғамдағы адамдар арасындағы қарым-қатынас өзіндік ерекшеліктерімен өмір сүріп келді. Үкіметтің қабылдаған қаулысы ірі және орташа қожалық иелерін тәркілеу науқаны қоғамдағы кеңес билігіне төтеп бере алатын топты жою және мемлекеттің экономикалық жағдайын көтеру мақсатында жүзеге асырылды [188, 21п].

Тәркілеу науқаны барысында Қызылорда қаласында орналасқан Қазақстан Орталық атқару комитетіне жекелеген тұрғындардың өтініштері мен арыздары түсе бастады. Мәселен, Жұсыпұлы Айтқұлдан түскен

өтініште өзі тұрып жатқан жерінде байлар туралы мәлімдеме берген. Оның өтінішінде былай жазылған еді: «осы турада мәлімдеймін, біздің ауданда кампескеленетін байлар бар. Әсіресе, Ергебек деген бай бар. Осы бай кәмпескелеуден қалып, осы байдың ілінетін жөні бар. Неге десеңіз өзі және атасынан бері кісі жұмысын пайдаланады, қарамағында кедейлер бар. Егер бір адаммен ерегiссе немесе ол адам оған ұнамай қалса оны дүниесімен айналдырып, оған қарсы бүкіл руластарын қарсы қояды. Үкіметке қауіп бар, мемлекеттің жүргізіп отырған саясатына қарсы пікірлер айтады. Сауранбай деген баласы 18 жыл болыс болған. Жасаған жауыздығы жаудан жаман болған. Нұртай, Кенжебек, Сабыржан деген балалары бар, олар ежелден жаман. Байлығына оба жоқ, алтын деген онда көп. Сондықтан мүмкін болса жарлық қылсаңыз, кәмпескіге алынса» деген өтініш хатын жазған еді [188, 26 п].

Орталық комиссияның атына түскен арыздардың ішіндегі тағы бір мысал ретінде келтіруге болады. Мәселен, Қызылорда округінің тұрғыны Ескожин Әбдіқалидың Бүкіл Одақтық Орталық Атқару комитетінің төрағасына жолдаған арызы. Онда арыз иесі өз аулында орын алып отырған жағдайды туралы айтып кеткен. Есенқожин Әбдіқали өзінің жасы 55 екенін көрсеткен. Сонымен қатар әкесі туралы айта кете, ол кедей болған. Қолында жинақталған мүлікті таза өз еңбегі арқылы жиналғанына назар аудартты. Осы ретте Ә.Есенқожиннің берген арызынан үзінді келтіріп кетуді жөн көрдік. Ол өз арызында: «Осы 1928 жылы қыркүйек айында менің мал-мүлкім үкімет тарапынан тәркіленді. Малды жарлыларға үлестіретін болды. Мені отбасымен бірге жер аударуға шешім қабылданды. Тәркілеуге еш қарсылығым жоқ, себебі мал мүлкімді үкіметке берер едім. Мен жер аударылмай-ақ мал-мүлкімді мемлекеттің қорына қажет жағдайда қарсылықсыз тапсыруға даярмын. Өйткені мен онсызда малы жоқ, қаражаты тапшы жарлыларға көмектесіп отырған едім. Мені жер аударылуға байланысты шешімді кедей-батрақтар қолдап, олардың бірауыздан қабылдаған еркі еді. Бұдан басқа мен жүрек ауруына шалдыққан едім. Бұл туралы ауыл дәрігерінің берген анықтама қағазы бар. Сол себепті менің жұмыс жасауға денсаулығым көтермейді» деп жазған [189].

Жоғарыдағы хатта жазылғандай Ескожин Әбдіқали деген адам өзіне қатысты тәркілеу науқанының қалай жүргендігі және қажет болған жағдайда өзінің жеке меншігіндегі мал-мүлкін кедейлер мен батрақтарға үкімет тарапынан тәркілеместен бөліп беруге даяр екендігін мәлімдейді. Оның басты мақсаты мал-мүлкісінен айырылып қалса да, бірақ туған өлкесінен жер аударылмай, өзінің тұрып жатқан жерінде қалу. Бұл жерде Ескожин Әбдіқалидің аңғармаған кеңес үкіметінің бір нәзік саясаты бар. Әрине тәркілеу науқаны барысында үкімет өзінің басты мақсаты байлар мен кулактар мүліктерін тартып алып, жерсіз, малсыз жүрген кедейлер мен батрақтарға береміз деп түсіндірді. Әрине тәркілеу науқаны тұсында байлардан тартып алған мүлікті кедейлердің арасында үлестірілді, оларға бөліп берілді. Кедейлер оны үкімет тарапынан болған қамқорлық деп түсінді. Кеңес үкіметінің жасаған барлық саясаты ол қарапайым халық үшін емес, ол большевиктердің билік басында нық орнығып, халықты үреймен бақылап, басқарып, биліктің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсаты көзделді. Тәркілеу барысында ғасырлар бойы көшпенді халық арасында қалыптасқан дәстүрлі шаруашылық пен қоғамдағы қарым-қатынастар жүйесі бұзылды [190].

Қала өміріндегі дивантты құбылыстар қатарына төмендегідей мәселелерді жатқызуға болады. Қоғамдағы қылмыс, мемлекет тарапынан жүргізілетін саяси репрессиялар және қарапайым адамның қоғамдағы қалыптасқан этикалық, эстетикалық нормалардан ауытқуы. Қызылордада одақтың басқа қалалары қоғамдағы бұл құбылыстардың қатарына жезөкшеліктің болуы және оған қарсы күресті жатқызуға болады. Жезөкшеліктің пайда болуы және оның қоғамда белең алуы мемлекеттегі саяси жүйеге, қалыптасқан діни наным-сенімдерге қарамайды. Ғасырлар бойы мемлекет және қоғам тарапынан жезөкшелікке қарсы күрес жүргізіліп келеді. Бірақ бұл қоғамның әлеуметтік дерті толық жойылмады. Кеңес үкіметі тұсында жезөкшелікпен күрес жүргізілген, оны репрессия жылдарында да толық жоюға мүмкіндік болмады. Ресей империясы кезінде жезөкшілікке қарсы мемлекет тарапынан күрес жүргізілді және толық бақылауға алынды. Бірақ күрестің нәтижесі күткендей болмады, сондықтан 1843 жылы жезөкшелікті империя бойынша заңдастырып, белгілі бір мамандық иесі ретінде қарады. Заңдастырылған жезөкшелікті империя тарапынан қадағаланып отырды. Оларға арнайы медициналық көмек көрсетілді, айына бір рет толық тексерістен өтуге мүмкіндік берді. Қазақстан жағдайында жезөкшеліктің таралуы және одан түсетін қауіп империяның ішкі губернияларындағыдай жоғары болған жоқ.

Ақпан және қазан төңкерістерінен кейін бұрынғы империяды әлеуметтік және саяси анархия орнай бастады. Большевиктер тарапынан жезөкшелікпен айналасып жүрген әйел адамдарын қаналушы тап ретінде қарап, одан туатын әлеуметтік мәселелерді капитализмнің қалдықтары деп санады. 1918 жылы елдің түк-түкпірінде анархиялық топтар және көптеген ағымдағы саяси партиялар билікті өз қолдарына ала бастады. Осындай топтардың ішінде Самара қаласының Краншдаттық жұмысшылар және демократтар тобы қаладағы барлық әйел адамдарын ортақ мүлік деп, оны ортақ қолданысқа жіберу қажет деген

декретті жарыққа шығарды. Бұл қоғамдағы анархия және большевиктердің билігімен келген қоғамдық аномалия еді [195, 4 п].

Кеңес билігі орнамастан бұрын, бұрынғы Перовск қаласында жезөкшелікпен айналысып жүрген әйелдерді тіркеуге алып, оларға қатысты үнемі қадағалау жүргізіліп тұрды. Бізде бар мәліметтерге сүйенсек, қаладағы жезөкшелікпен айналысып жүрген әйелдер көп болмаған және олар тұрақты қалада өмір сүрмеген. 1923 жылдың 15 мамыр күні уездік денсаулық сақтау басқармасы Ақмешіт қаласы бойынша арнайы жезөкшелікпен күресетін комитет құрды. Бұл комитеттің мәжілісі 15 мамырда өтіп, онда жезөкшелікпен күресу жолдары мен оған қажетті іс-шараларды талқылады. Біріншіден, комитеттің шешімімен тұрақты жезөкшелікпен күрес жүргізетін комитет құрып, оның жұмысын денсаулық сақтау басқармасы қадағалап отырды. Екіншіден, комиссияның президиумы сайланды. Бұл комиссияны құру туралы шешімді қабылдау Түркістан Автономиялық Кеңестік социалистік республикасының Ішкі істер халық комиссариятының 14 мамырында шығарған №235/1335 бұйрығы болатын. Бұйрық бойынша Ақмешіт қаласында жезөкшелікпен күресетін арнайы тұрақты комиссия құру және бұл комиссияның мүшелерін бекіту мәселесі қаралды. Жезөкшелікпен күресу комитетінің мүшелері: денсаулық сақтау комитетінен Түркістан жастарының коммунистік кеңесінің өкілінен және уездік атқару комитеті әкімшілік саяси бөлімінің өкілі кірді. Бірінші қолға алынатын іс-шара қала бойынша барлық қоғамдық жерлерді аралап, әсіресе, шайханаларды, асханаларды, моншаларды қадағалауға алу болды. Жалғыз тұратын әйелдерге және жатаханаларға арнайы адамдар жіберіп, сол жақтағы жағдайды анықтады. Комиссия жұмысының нәтижесі туралы ақпарат қала орталығында плакаттар тұрды. Жезөкшеліктің қаупі мен одан таралатын аурулар туралы қала тұрғындарына ақпарат беріліп тұрды. Осылайша Ақмешіт қаласы бойынша (1925 жылдан бастап Қызылорда) жезөкшелікпен күрес жұмыстары жүзеге асырылды.

Бұл комиссияның кезекті отырысы 1923 жылдың бірінші маусым күнінде өтті. Мәжіліске қосымша халықты еңбекпен қамту, денсаулық сақтау бөлімінің мамандары, қаланың санитарлық дәрігері, жер және жергілікті уездік атқару комитеті жанындағы әйелдер комитетінің өкілдері қатысты. Мәжілісте басты талқыланған мәселе қала бойынша жезөкшелікпен күрес жолдары және оның алдын алу шаралары болды. Комиссияның отырысы нәтижесінде қала бойынша тоғыз іс-шара жүзеге асырылды. Қала бойынша кәсіподақтар және әйелдер арасында үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Қала тұрғындары ішіндегі әйел адамдарға техникалық мамандықтар алуға жол ашылды. Жұмыссыз жүрген әйелдерге арнайы артелдер құрылды, бұл артелдерге бау-бақшадағы және егін алқабындағы жұмыстар тапсырылды.

Қаладағы бүкіл шаруашылық мекемелердің басшылары қажетті тігін жұмыстарын жұмыссыз отырған әйелдерге тапсырыс арқылы беріп, олар қосымша жұмыспен қамтылды. Жұмыссыз жүрген немесе әлеуметтік жағдайы нашар әйелдерге қала бойынша тегін асханалар ашылып, күнделікті асхананың менюсы жаңартылып тұрды. Қызыл әскер, жұмысшы жастар, мектеп және басқада оқу орындарындағы тәлімгерлер арасында ақпараттық үгіт-насихаттар жүргізіліп, жезөкшеліктің зиянды жақтары туралы ақпарат беріліп тұрды. Притондарды ұйымдастырып, оларды басқарып отырған адамдарға қатысты бақылау орнатылып, оларды тиесілі жазаға тартты. Қалалық амбулаториядан арнайы орындар бөліп, венерологиялық ауруларға шалдыққан адамдарды емдейтін орындар ашылды. Қалалық дәрігердің, комитеттің қызметкерлері құқық қорғау орындарымен тығыз жұмыс істеді. Қоғамдық орындардағы, әсіресе моншаларда, жұқпалы аурулардың таралуынан сақтау жұмыстары жүргізілді. Моншаға түсетін адамдардың денесі тексеріліп тұрды. Егер оның денесіне тері ауруларының белгілері табылса дереу қалалық дәрігерге хабарласып, оны тіркеуге алу тәжірибесі жүзеге асырылды.

Бұл іс-шаралардың барлығы қалалық атқару комитетіне бақылауға алып отырды. Қажет жағдайда қосымша қаражатты орталық бюджеттен бөлінді. Қолға алынған шаралардың біраз бөлігі жұмыссыз жүрген әйелдерге көмектесу, олардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталды. Осыған байланысты қала бойынша кәсіподақтар мен жұмысшылар арасында үгіт-насихат және түсіндіру жұмыстарын жүргізу әйелдер комитетіне жүктелді. Жұмыссыз әйелдерді жұмыспен қамту және оларға артелді құруға көмектесу мақсатында жер комитетінің бір қызметкері даярланды. Қала бойынша жұмыссыз отырған әйелдердің мамандықтарын, бау-бақша мен егін жұмыстарына даярлығы тексерілді. Қажет болған жағдайда жұмыссыз отырған әйелдерді қосымша курстар арқылы қайта мамандандыру жұмыстары жүрді. Қала бойынша жүргізілген жұмыстардың басым бөлігі жұмыссыз отырған әйелдерді жұмыспен қамту және қажет жағдайда оларға бір мамандық алуға мүмкіндік беру болды. Қалада орналасқан бір асхананы 500 адамдық орынға дейін кеңейтіп, түскі және кешкі асты тегін беріліп тұрды. Асханадан тегін тамақтану үшін жұмыссыз жүрген әйел азаматтар халықты жұмыспен қамту биржасынан арнайы анықтама алып, сол анықтаманы асханада көрсетіп, тегін тамақтануға мүмкіндік алды. Егер жұмыссыз отырған әйелдің кішкентай баласы болатын болса, денсаулық сақтау басқармасының ішінде арнайы сүт беретін бөлім ашылды. Бұл бөлім таңғы сағат 7 ашылып, кешкі сағат 8-ге дейін жұмыс істеді. Асханада берілетін тамақ

түрлері көп болған жоқ, түскі асқа бір кесе сорпа және нан, ыстық қара шай берілді. Кешкі аста ыстық ботқа немесе еті бар сорпа, қант қосылған қара шай болды. Асхана аптасына 7 күн жұмыс істеп, күніне екі ауысымда 800–900 адамды қабылдады. Аталған шаралармен қатар қаладағы жұқпалы ауруларға қарсы күрес жұмыстары жүргізілді. Өйткені жұқпалы аурулардың таралуынан сақтау, әсіресе ортақ ыдыс, ортақ киім қолдану арқылы жұғатын аурулармен күресі бірінші кезекте тұрды. Барлық тұрмыс құрмаған және жұмыссыз отырған әйелдер медициналық тексерістен өткізілді, ауруы бар адамдар тіркелсе оны қалалық емханаға емделуге жіберетін.

Бұл Қызылорда қаласы қоғамында көрініс алған әлеуметтік дертпен күрестің алғашқы қадамдары еді. Қала бойынша қанша жезөкше тіркелгендігі туралы бізде нақты мәліметтер жоқ, себебі мұрағаттарда сақталған құжаттардағы ақпарат өте жұпынды, ал қажетті ақпараттар жергілікті ішкі істер басқармаларында сақталған және оларды емін-еркін қолдану, жұмыс істеу өте шектеулі адамдарға рұқсат беріледі. Сол себепті біз Қызылорда қаласындағы бұл күрестің барысын және нәтижелері туралы орталық және жергілікті мұрағаттар қорынан алып отырмыз. 1925 жылға дейін қала бойынша жүргізілген жұмыстар жезөкшеліктің алдын алу іс-шаралары еді. Ал 1925 жылдан бастап, Қазақстанның орталық қаласын Орынбордан Қызылордаға көшіргеннен кейін, қала бойынша жезөкшелікпен айналасып жүрген әйел адамдардың үлес салмағы арта бастады. Жезөкшелікпен айналысқан адамдардың ұлты және жасына байланысты бізде нақты мағлұматтар жоқ. Бірақ қалалық кеңестің беретін жылдық есептерінде қызық ақпараттар кездеседі. Мәселен, жезөкшелікпен айналасып жүрген әйел адамды арнайы атты арбасы бар адам керекті мекен-жайға апарып, белгіленген уақыт аралығында қайтып алып кететін.

Қала өмірінде ұрлық, адамдарды тонау фактілері жиі кездесіп отырған. Қызылордада Қазақстанның орталық қаласы ретінде жұмыс іздеп келген адамдармен қатар, әртүрлі сатыдағы қылмыскерлер келе бастады. Жергілікті газеттер мен журналдарда қаладағы қылмыстық жағдайға байланысты мақалалар жарыққа шығып отырды. «Советская степь» газетінің тілшісі арнайы мақсатпен қалалық қылмыспен қарсы күрес бөлімшесінің қызметкерлерімен түнгі астаналық өмірді көруге аттанды. Мақалада астаналық милиция қызметкерлерінің бір күндік өмірімен танысып, түнгі қаланың тыныс-тіршілігі туралы мәлімет көруге болады. Мақалада түнгі астаналық өмірінің бір күндік эпизоды көрсетіледі. Астаналық қалада түнгі сағат он екіден кейін басқа өмір басталады. Қаланың Чердаковский атындағы көшесінің бойында қылмыспен қарсы күрес бөлімшесі орналасқан еді. Күнделікті түнгі сағат он екіден кейін милиция қызметкерлері күнделікті жоспарлы тексеріске шығады. Милиция қызметкерлері рейдтерді қаланың шетінен бастайды. Күнделікті тексеріске қаруланып, даярлықпен шығады. Себебі кез-келген сәтте олардың алдынан қаруланған қылмыскерлер шығуы мүмкін. Рейдтің басты мақсаты қаладағы түнгі қылмыстың алдын алу, қылмыскерлерді милиция картотекасына тіркеу [191]. Тіркелген қылмыскерлер арасында кәмелетке толмаған жас балалар болған. Тіркелген балаларды интернаттарға жіберіп, олардың қылмыстан аулақ жүруін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар жаман жолға түскен жасөспірімдерге қамқорлық жасайтын арнайы комитет құрылған еді. Бұл комитет милиция қызметкерлерімен тығыз жұмыс істеп, жасөспірімдерге психологиялық көмек көрсетіп отырды. Милиция қызметкерлерінің күнделікті жұмысындағы басты міндеттердің бірі қалада қараусыз жүрген, ата-анасы жоқ балаларға қамқорлық жасау еді.

Қылмыскерлер қалада қараусыз қалған ғимараттардың ішінде пана тауып жүрген. Қылмыскерлер арасында иерархия болған. Олар «кәсібіне» байланысты бөлініп, қала бойынша өздеріне тиесілі секторлары болған. Сонымен қатар пәтер ұрылары мен қалта ұрылары бір-біріне көмектесіп тұрған. Басқа жерден келген қылмыскерлерге бастапқы кезде өмір сүру үшін ақшалай көмек берген. Бұл қылмыстық топтар арасында кеңінен қолданылатын тәжірибе. Сонымен қатар біздің бұл жерде басқайтынымыз қылмыскерлер арасындағы әлеуметтік байланыс. Милиция қызметкерлері барлық тіркелген қылмыстық фактілер туралы қала басшылығына және ішкі істер комиссариатына есеп беріп тұратын. Астаналық қалада қылмыстық ахуал үкімет тарапынан қадағаланып отырылды. Себебі республикалық маңызы бар қала қауіпсіз болуы керек еді. Орталық қалада барлық экономикалық, қаржылық орындар шоғырланған, банктерден ақшалар бүкіл республика таралатын еді. Сонымен қатар барлық республикалық маңызы бар мекемелер, үкімет пен басшылық Қызылорда қаласында орналасқан еді. Сол себепті астаналық қаланың қауіпсіздігі тұтас республиканың қауіпсіздігімен пара-пар келеді.

Қалада қылмыстық ахуал өте нашар болған, көп жағдайда ұрлық, тонаушылық кездесіп отырған. Мәселен, Сырдарияның қасында Қазақ облыстық байланыс басқармасының қаражатына салынған үйі жаңа қалада орналасқан болатын. Жаңа қаланың басым бөлігінде халық толық қоныстанбаған еді. Бұл жақта екі қабатты үш тұрғын үйде 80 адам тұратын пәтерлерден тұрды. Ауданның жергілікті тұрғындары мәлімдеуінше бір топ адам қолдарына балта және күрек ұстап алып, жергілікті адамдарды қорқытып, түнгі уақыттарда өтіп бара жатқан жолаушылардың бағалы заттарын тонап отырған. Осыған байланысты

тұрғын үйдің иелері жергілікті басқармаға ашық хат жазып, осы мәселеге байланысты шаралар қолдануға шақырған [192].

Бұл мәселеге қатысты қалалық атқару комитеті шұғыл түрде шаралар қолдануға байланысты милиция басқармасына тапсырған. Қызылорда қаласы қымбатшылыққа қарамастан, республиканың қаржылық орталығы болды. Алғашқы жылдары құрылыс жұмыстарына байланысты республикалық және орталық бюджеттен қомақты қаражаттар бөлінген. Сол себепті ақшаның айналымы көп жерде қылмыстық топтардың шоғырлануы заңды құбылыс. Бұл қаланың көлеңкелі, қала тұрғындарының күнделікті өміріндегі шынайы бейнесі еді. Қалада орын алған қылмысқа қатысты деректердің басым бөлігі ішкі істер басқармасында сақталған.

XX ғасырдың басында еліміздің тарихында орын алған тарихи оқиғалар қарапайым адамның өміріне, оның санасына, тұрмыс-салтына өз әсерін тигізген болатын. Қызылорда қаласы астаналық мәртебеге ие болғаннан кейін қаланың өмірінде, оның тыныс-тіршілігінде сандық және сапалық өзгерістер басталды. Кез келген құбылыстың теріс, жағымсыз жақтары болады, сонымен қатар динамикалық, дамуы да қатарлас жүреді. Қаланың өміріндегі көлеңкелі жақтар көп жағдайларда ресми есептерде, жиындарда айтылмайды, мүмкіндігінше бұл мәселені жауып, көпшілік бұқараға көрсетпеуге талпынады. Біздің зерттеу нысанымыз қала тұрғындары және олардың күнделікті өміріндегі өзгерістер. Әрине, бұл өзгерістер оң динамикалық түрде жүді, алайда сонымен қатар қала өмірінің екінші жағын көрсету қарапайым адамның өмірін ашуға мүмкіндік береді. Қала тұрғындарының күнделікті өмірі денсаулық саласындағы, білім беру жүйесіндегі өзгерістерге тәуелді болады. Себебі бұл салалар қаланың және оның өмірінде маңызды рөл атқарады.

1 *К открытию городской библиотеки//Советская степь. – 1926, январь – 8.*

2 *Облигации для народа//Советская степь. – 1928, январь – 1.*

3 *Постановление Казакского народного комиссариата труда о праздновании//Советская степь. – 1926, февраль – 15.*

4 *Торговая информационная бюро// Советская степь. – 1926, январь – 3.*

5 *ҚР ОММ. 135– қор, 1 – тізбе, 8 – іс, 21 – парақ.*

6 *Ермұқанов Е.Н. Ауқатты шаруа қожалықтарын тәркілеуге қарсы халықтың наразылықтары//Отандық тарих - Қазақстандық қоғамның жинақтаушы негізі» Республикалық жоғары оқу орындары арасындағы ғылыми-теориялық конференциясы. – Алматы, 2007. – Б. 68–69.*

7 *Масанов Н. Кочевая цивилизация казахов. – Алматы: Социнвест, 1995. – 14 с.*

8 *После двенадцати. Столица ночью //Советская степь. – 1926, январь – 21.*

9 *На нашей окраине появились каины// Советская степь. – 1926, январь – 3.*

10 *Гаев А. Ложный «узын-кулак»// Советская степь. – 1926, январь – 8.*

11 *ҚР ОММ. 5 – қор, 3 – тізбе, 2 – іс, 4 – парақ.*

12 *Материалы Всероссийских переписей 1920 года. Перепись населения в Туркестанской Республике. – Ч.1, вып.*

111. *Поселение итоги Сыр-дарьинской области. –Ташкент: Изд. ЦСУ Туркестанской Республики, 1923. – 68 с.*

Резюме

В данной статье рассматривается повседневная жизнь горожан столичного города Кызылорды. Кызылорда была столицей республики период 1925-1929 г.г. В эти года жизнь горожан проходила в интенсивном темпе. Городская повседневность в данной время привлекает внимание многих исследователей. Бытовая сторона горожан рассматривается в данной статье. Досуг, торговля, обеспеченность рабочими местами, цены и зарплата горожан отражает повседневную жизнь города Кызылорды.

Ключевые слова: повседневная жизнь, город, Кызылорда, КазАССР, конфискация, досуг, торговля, культура, интеллигенция.

Summary

This article examines the everyday life of the citizens of the capital city of Kyzylorda. Kyzylorda was the capital of the republic during the 1925-1929 y.y. During these years the life of the townspeople took place in an intensive pace. City everyday life at this time attracted the attention of many researchers. Home side of the citizens is discussed in this article. Leisure, trade, providing jobs, wages and prices reflect the daily lives of the citizens of the city of Kyzylorda.

Keywords: everyday life, the city, Kyzylorda, KazASSR, confiscation, leisure, shopping, culture and intellectuals.

УДК: 903.02 (653)(574.52)

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДА «МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Ақымбек Е.Ш. – *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің PhD докторанты*

Түйіндеме

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастауымен «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасын құру 2003 жылы қолға алынып, 2004 жылдан жүзеге асырыла бастады. Ол бойынша ұлттық тарих үшін ерекше маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру туралы мәселе де қолға алынады. Бағдарламаны жүзеге асыру әрбір үш жылдан бірнеше кезеңде жүргізілді. Соның екінші кезеңіне, яғни 2007 жылдан 2009 жылға дейінгі бағдарламасына ортағасырлық Ақтөбе қаласы кіреді. Бағдарлама аясында Ақтөбе қаласының орталық бөлігі мен шаруашылық аймағында археологиялық зерттеулер жүргізіледі. Осы үш жылдың ішінде шаруашылық аймағынан шарап жасайтын шеберхана, ал шахристаннан қыш кірпіштен қаланған мұнара мен тұрғын үй орындары ашылады. Шаруашылық аймағынан анықталған үш бөлмеден тұратын шарап жасайтын шеберхана XI-XII ғғ. мерзімделеді. Цитадельдің шығыс жағындағы, шахристанға салынған қазба нәтижесінде IX-XI ғғ. Жататын он төрт бөлменің орны анықталады. Цитадельден 50 м батыстан қыш кірпіштен қаланған мұнараның іргетасы анықталып, салыстырмалы түрде жасалынған талдаулар XI-XII ғғ. жататындығын көрсетті. Анықталған құрылыс орындары ортағасырлық қалаларға және Қазақстанның орта ғасырлар тарихына қатысты құнды мәліметтер береді. Сондықтан осы ашылған археологиялық нысандар аталған ғылыми еңбегімізге негіз болып отыр.

Тірек сөздер: Мәдени мұра, Ақтөбе қаласы, мәдениет, археология, мәдени қабат, керамика.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, халқымыз жасаған тарихтың барын бағамдап, жоғын түгендеп, ақтаңдақ беттерін қайта жазып толтыруда ортағасырлық қалалар мен қоныстарды зерттеу басқа қырынан қарастырыла бастады. Ортағасырлық қалалар мен қоныстарға археологиялық қазба жүргізулердің нәтижелері әлемдік тұрғыда қазақ жеріндегі ескерткіштердің өркениет пен мәдениеттегі орнын көрсетуге бағытталды. Ескерткіштерді зерттеуде алынған мәліметтер ұлттық мәнге ие болып, халқымыздың ажырамас мұрасына айналды.

Жібек жолы бойында орналасқан Қазақстан жеріндегі ортағасырлық қалалар мен қоныстарды зерттеу әлем назарын өзіне аударғты. Сауда керуен бағытын зерттеу, оның бойында орналасқан қалаларды, қоныстарды, керуен сарайларды, бекіністер мен мұнараларды зерделеу ел тарапынан қызығушылық тудырды.

Ұлы Жібек жолындағы өркениет пен мәдениет тоғысы, көненің көзі болған алып ескерткіштерімізді жан-жақты зерттеу басты назарда ұсталынып, отырықшылық пен көшпенді мәдениеттердің өзара баланысындағы қалалар рөлінің маңызын ашып көрсету басты мақсатта тұрды. Ортағасырлық ескерткіштердің түрлері кеңінен іздестіріліп, тарихи-топографиялық құрылымдары толық қарастырыла бастады.

Халқымыздың тереңнен бастау алатын тарихында үлкен орынға ие археологиялық ескерткіштерімізді мемлекет тарапынан зерттеп, көпшілік қауымға ұсыну мақсатында бағдарламалық жобалар жасалып, еліміздің өткен уақытындағы заттай және рухани мәдениетін білуде үйінді төбе күйінде жатқан қалалар мен қоныстардың қыр-сырын ашу қолға алынды.

Сондай мемлекеттік бағдарламалардың бірі, 2004 жылы «Мәдени мұра» бойынша тарихи-мәдени ескерткіштерді қайта жаңғырту, мәдени мұраны зерделеу іс-шаралар жоспарын іске асыру басталды. Мәдени мұраның алуандығы мен байлығы өркениетті қоғамның негізгі сипаты, мемлекеттік және ұлттық сананы біріктіретін құрамасы болып табылды.

Осы бағдарлама бойынша әртүрлі бағытта ғылыми жұмыстар атқарылды. Сондай ауқымды істерді жүйелі түрде орындап келе жатқан археологиялық зерттеулер бойынша ел көлемінде бірнеше нысандарда қазба жұмыстары жүргізіліп, бұрын топырақ астында көміліп жатқан тарихымыздың ашылмаған жаңа парақтары толықтырылды. Олар өткен мәдениетіміз туралы түсінігімізді кеңейтіп, тарихымыздың даму кезеңдерінен маңызды мағлұматтар беруде. Солардың бірі, 2007-2009 жылдар аралығында «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында ауқымды археологиялық зерттеулер жүргізілген ескерткіш – ортағасырлық Ақтөбе қаласы [1].

Ортағасырлық Ақтөбе қаласы Жамбыл облысы, Шу ауданы, Ақсу ауылының маңында, Шу өзеніне құятын Сарғау, Ақсу, Қарабалта және Тоқташ өзендерінің аралығындағы тегістік алқапта орналасқан [2, р. 435-451].

Қалада тұрақты зерттеу жұмыстарын 1974 жылдан бастап қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археологиялық экспедициясы (жетекшісі: У.Х. Шәлекенов; негізгі мүшелері: М.Елеуов, Н.Алдабергенов) 1990 жылдардың басына дейін жүргізіп келген болатын. Бірнеше жылдық зерттеулердің нәтижесінде көптеген нысандар ашылып, бай деректер қордаланды. Қаланың үш бөліктен: цитадель, шахристан, шаруашылық аймағынан тұратындығы және цитадель мен шахристанға салынған стратиграфиялық кесік қазба нәтижесінде VI ғ. – XIII ғ. басы аралығында өмір сүргендігі анықталды. Сонымен қатар қаланы қоршап жатқан қорғаныс жүйесіндегі бірнеше ұзын қорғандар желісі зерттелді. Жалпы алғанда қаланың топографиялық құрылымы, қорғаныс және суландыру жүйелері, тұрғын үй мен үй-жай орындары және құрылысы зерттеліп, қала өмірі туралы мәліметтер жарияланды [3]. Дегенмен, ұзақ жылдық зерттеулердің нәтижесін толықтыру мәселелері орын алып келді.

Бірнеше жылдық үзілістен кейін, 2007-2009 жылдары жоғарыда аталған бағдарламаға енген Ақтөбе қаласында жоспар бойынша бұрынғы зерттелген нысандар туралы деректерді саралап, жаңа мәліметтермен толықтыруда қала өміріндегі заттай мәдениет ошақтарын ашу жұмыстары жалғастырылды. Осы жылдар аралығында қаланың барлық бөліктерінен бірнеше құрылыс қалдықтары ашылып, жекелеген мәселелер бойынша бай деректер жиналды. Бұрын белгілі мағлұматтарды жаңа қазбалар толықтыра түсті.

2007 жылы қала орталығы (цитадель) мен шаруашылық аймағында зерттеулер жүргізілді.

Цитадельде бұрынғы жылдарда жүргізілген зерттеулер кезінде аршылған үлкен алаңды қайтадан тазарту жұмысы күрделі көлемде жүргізілді. Оның үстіне, алаңның солтүстік-шығыс және оңтүстік-шығыс шетінен алаңға кіретін тастан және күйдірілген кірпіштен төселген жол тазаланды. Жалпы ортағасырлық қалалардың орталығында алаңның болуы сирек жағдай.

Алаң цитадельдің оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан [4, 159-163 бб.]. Үш жағы құрылыспен қоршалған, оның бұрыштары әлемнің шартарабына бағытталған, жалпы көлемі 30x28 м алаң толығымен аршылды (1-сурет). Алаңның жартысы, яғни солтүстік-батысы мен батысы және алаңға (цитадельге) кіретін солтүстік-шығыс қақпа жолы 1986 жылы аршылған болатын. Ұзындығы 38 м. солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай созылып жатқан қақпа жолында қабырғаны жағалай төселген ұзындығы 23 м., ені 1м. тас жолды тазалауда бұрын белгісіз болып келген тас мүсін шықты. Тас жолдың басталар жеріне төселген тас мүсін нашар сақталғанымен оның бетінен адам бейнесін анық байқауға болады. Тас мүсіннің ұзындығы 90 см., ені 11-26 см., қалыңдығы 14 см.



1-сурет. Цитадельдегі алаң. Солтүстіктен көрінісі

Алаңның үстінен 0,4-0,5 м. қалыңдықтағы топырақ алынып, табанына дейін аршылды. Алаңның табаны (едені) көлемі 24x24x5; 25x25x5; 31x17x5 см., ал, оның солтүстік-шығыс жиегі 38x21x5; 38x38x5;

39x39x5 см. қыш кірпіштен төселген. Негізінен көлемі 31x17x5 см. қыш кірпіштен (1 шаршы м-ге шамамен 15-тен астам кірпіш) төселген және оңтүстік-шығыстан солтүстік-батыс бағытында ұзынынан жүйе сақтап төселген кірпіш осы жағында, яғни алаңның оңтүстік-шығысында жақсы сақталған. Алаңның солтүстігінде және ортасында екі шұңқыр орналасқан, олардың диаметрі 1 м., тереңдігі 1-1,2 м.

Алаңның оңтүстік-шығысы мен шығыс бөлігінде археологиялық зерттеу жұмысы жүргізіліп, оңтүстік-шығыс қақпа ашылды. Қақпа 1980 жылы алаңның шығысынан ашылған болатын. Содан бері бұл жолды топырақ басып қалған. Бұл жерде күрделі қазба жұмыстары жүргізіліп, алаңның шығыс бұрышы мен солтүстік-шығыс шетін жағалап келіп, орта тұсынан шығатын, оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай созылып жатқан ұзындығы 20 м., ені 3-4 м. келетін қыш кірпіш төселген қақпа жолы аршылды.

Алаңның табанынан және астынан шыққан бірлі-жарым асханалық, тұрмыстық ыдыс-аяқтарға қарағанда XI-XII ғғ. жататын алаң VIII-X ғғ. құрылыстың үстіне тұрғызылған.

Қала өмірі негізінен орталық төбенің айналасындағы үлкен аумақта шоғырланған. Осы территорияда құрылыстың құланды қалдықтары үлкенді-кішілі төбе болып жатыр. Төбелер қаланың орталық бөлігінен батыста, оңтүстік-батыста жиі кездеседі. Сондай төбелердің біріне зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Қазба қаланың орталық бөлігі цитадельден оңтүстік-батыста, шаруашылық аймағында, қаланы қоршаған жалдардың біріне жақын, шетін жағалай арық іздері қоршап жатқан көлемі 70x65 м. алаңның солтүстігінде орналасқан шығыстан батысқа созылып жатқан ұзындығы 23 м., ені 14 м., биіктігі 1,5 м. төбеге салынды.

Жұмыс барысында XI-XII ғғ. жататын өндіріс орны болған бөлмелердің қалдықтары толық аршылды (2-сурет). Қабырғалары әлемнің төрт тарабына бағытталған үш бөлмеден тұратын төртбұрышты құрылыстың ұзындығы 12,3 м., ені 5,5 м. Соқпа саз бен қам кірпіштен тұрғызылған қабырғаларының қалыңдығы 1-1,2 м., сақталған биіктігі 0,5-0,6 м. Құрылыстың солтүстік қабырғасының батыс бұрышында көлемі 1x0,65 м. қаланды қабырғадан шығып тұр. Және де солтүстік-шығыс бұрышында солтүстікке қарай кеткен құрылыстың жалғасқан қалдықтары сақталған. Алды ашық бөлме ретінде салынуына қарағанда, бұл құрылыс алдындағы бастырмаға ұқсайды. Құрылыстың оңтүстік қабырғасының сыртында 2 м. дейін құланды қабырға жатыр.



2-сурет. Шарап шеберханасы. Шығыстан көрінісі

Құрылыстағы бөлмелер жүзім сығып шырынын (бекмес) алатын шеберхана ретінде қолданылған. Барлық үш бөлме де шырын дайындаумен немесе шарап пен шырынды сақтаумен байланысты. Шарап жасау үдерісі 1- және 2-бөлмелерде жүргізілген. Алғашында 1-бөлмені жүзімге толтырып сыққаннан

кейінгі шырыны құбыр арқылы ағып келіп 2-бөлменің батыс қабырғасы жиегіндегі еденге көмілген құмға құйылған.

Құрылыс осы қаладан 1979 жылы жеке төбеге жүргізілген қазбадан аршылған шарап жасайтын шеберханаға (XI-XII ғғ.) ұқсас [5, с. 57-61]. Жобасы, жасалу құрылымы бірін-бірі қайталайды. Бүгінде ол шеберхана Ақсу су қоймасының астында қалған.

Шу және Талас өңірлері тұрғындарының ерте орта ғасырда жүзім өсіру, шарап жасау ісімен айналысқандығы жазбаша деректерде кездеседі. Мұны Қостөбедегі (Джамукат) тұрғын-жайдан (VIII-IX ғғ.) табылған оймышты өрнек сылағындағы жүзім сағы мен жапырағы дәлелдей түседі. Оның үстіне бұған дейін де Құлан (Луговой) Б тұрғын-жайынан бекмес (жүзім шырынын) дайындайтын шеберхана, Төменгі Барысханнан шарап өндірісі, Сарық (Сарығ) рабадынан екі шеберхана ашылған. Олай болса, Ақтөбе қаласының шаруашылық аймағында бау-бақша, яғни жүзім өсіру шаруашылығы кең етек алғандығын әуеден түсірілген суреттегі шаршыларға бөлінген жер телімдері және Қарабалта мен Ақсу өзендерінен тартылған ірі арықтардың іздері дәлелдейді.

Бөлмелерден табылған қыш ыдыстардың барлығы негізінен шарап дайындау өндірісіне қатысты екендігін байқауға болады. Табылған ыдыстардың басым көпшілігін қазандар мен оның қақпағы құрайды. Одан басқа да табак, саптыаяқ, көзе, құмыра, келі және шырақтар шықты.

Археологиялық қазба нәтижесінде ашылған шарап жасайтын шеберханаға тікелей қатысы бар айналасындағы төбелерді зерттеу алдағы жылдардың еншісіне қалып отыр.

2008 жылғы археологиялық зерттеулер барысында цитадельдің оңтүстік-шығысынан жаңа қазба жұмысы жүргізілді. Көлемі 35x10 м. қазба салынып, ол 0,8-1,6 м. тереңдетілді. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде цитадельдің сыртқы қалың (қорғаныс) қабырғасы мен IX-XI ғғ. жататын тұрғын-үйлердің бірнеше бөлмесі аршылды [6, б.77-81].

Қазбаның солтүстік-батысынан, яғни цитадельдің шығыс жағындағы көлемі 42x14 м., тереңдігі 2 м. сайдың жағасынан солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай созылған қалыңдығы 2,1 м., биіктігі 1,5 м. болатын қабырғаның жоғарғы бөлігі ашылды. Қабырғаның ашылған биіктігі 0,85 м. Бұл қабырғаға 1980 жылы стратиграфиялық кесік салынған. Қабырға өлшемі 42x23x9; 41x21x9-10; 40x23x9; 41x22x10; 21x21x8-9 см. қам кірпіштерден өрілген. Зерттеу жұмыстарының барысында қабырғаның тұғыр төсеніші бар екендігі анықталды. Тұғыр төсеніштің көлемі толық анықталған жоқ, биіктігі шамамен 3,5-4 м., іргесінің ені 10 м. болғанға ұқсайды. Қабырға бірнеше құрылыстан тұратындықтан астындағы төсеніш бір кездегі қалың қорғаныс қабырғасы қызметін атқарып, кейін үстіне қабырға қаланған сияқты. Себебі қабырғаның цитадель жағындағы ені 3 м. созылған кертпешіне қалыңдығы 0,3-0,4 м. қатпарланған қатты қабат тапталған. Шамасы, бұл қабырға жағасындағы жол болуы мүмкін. Қабырғаның екі жағында да құлаған кірпіштер шашылып жатыр. Шахристан жағындағы құланды мен қабырға шайындысы 3,5 м. созылады. Оңтүстік-шығысындағы бөлмелер қабырғадан 10,5 м. қашықтықта орналасқан. Екі аралықтағы кеңістіктен өртенген ағаш қалдықтары мен күл кездесті. Табанындағы топырақтың қатпарланып тапталғанына қарағанда, екі аралық ашық алаңқай болғанын аңғару қиын емес. Қазба жұмысы барысында, қабырға айналасы мен бөлмелер аралығындағы ортадан айтарлықтай заттай деректер кездескен жоқ.



3-сурет. Шахристаннан ашылған тұрғын үй орындары.
Солтүстік-батыстан көрінісі

Қабырғаға қарама-қарсы орналасқан құрылыс қалдықтарын тазалауда, жер бетінен 0,7-1 м. Тереңдіктен онға тарта бөлме орындары аршылды (3-сурет). Бөлме қабырғалары 0,2-0,9 м. биіктікте сақталған. Соқпа саз бен қам кірпіштен (34x18x8-9; 41x21x8-9; 30x18x8-9; 23x20x9; 43x20x8-9; 45x22x8-9; 33x19x8-9; 21x21x8-9 см.) тұрғызылған қабырғаларының қалыңдығы 0,8-1,2 м. Құрылысты қалыңдалған топырақ пен күл аралас топырақ жапқан. Бөлме қабырғаларының негізгі бөлігінің іргесі жақсы сақталғанымен ішке кіретін есік орындары бұзылып кеткен. Оның үстіне сақталған қабырғалар құрылыстың іргетасы болғанға ұқсайды. Бөлмелердің еденін тазалағанда 35-40 см. қалыңдықта қатпарланып тапталған күл аралас топырақ қабаты ашылды.

Араларын уақыт кеңістігі бөлмеген бірінің үстіне бірі салынған құрылыс қалдықтары анықталды. Себебі, құрылыстың салынуы мен тұрғызылуына қарағанда қайта жасақтаудан, күрделі жөндеу жұмыстарынан өткендігі байқалады. Қабырғалар да қайта жасақтау кезінде біршама өзгерістерге ұшыраған және қабырғаларды үнемі жаңартып отырғанға ұқсайды. Сонымен қоса, ішкі жабдықтарына да өзгерістер енген. Жөндеу жұмыстары жүрген кезде бөлмелердің едені биіктетілген. Дегенмен, шаршылы және дәліз тәрізді болып келген бөлмелердің көлемі үлкен емес.

Ашылған бөлмелердің цитадельдің солтүстігіндегі шахристаннан ашылған X–XII ғғ. жататын бөлмелерге қарағанда біршама ерекшеліктері бар. Негізінен X–XII ғғ. шахристандағы бөлмелер көбіне шаршылы болып келеді. Ал, ашылған IX–XI ғғ. бөлмелер біршама ұзындау не дәліз тәрізді және олардың шаршылы бұрышы сақталмаған. Зерттеу жұмыстарына қарағанда шахристанның осы бөлігі XI ғ. Тіршілігін тоқтатқанға ұқсайды. Оның үстіне, 1977–1978 жж. шахристанның солтүстік-шығысынан қорғаныс қабырғасына салынған стратиграфиялық кесік көрсеткендей жоғарғы мәдени қабаты X–XI ғғ. Мерзімделеді [7, б. 48-57]. Бөлмелердің солтүстік-батысынан шыққан қабырға сол уақытқа тәуелді қаланың орталық бөлігінің сыртқы қабырғасы болса керек. Қаланың орталық бөлігінің (цитадель) өмірі XI–XIII ғ. басында жанданғанын XI–XII кезінде салынған монша мен цитадельдің солтүстік-батыс бөлігінен ашылған XI–XIII ғғ. басына жататын 13 бөлме орындары дәлелдейді. Қала XI–XII ғғ. оңтүстік, оңтүстік-батыс және батысқа қарай өскендігін шаруашылық аймағына салынған стратиграфиялық кесік анықтап берді. XI–XII ғғ. қала орталығындағы кейбір ауқатты тұрғындар шаруашылық аймағындағы үй-жайларға ауысқанға ұқсайды. Мұны шаруашылық аймағындағы X–XII ғғ. мерзімделетін үй-жайға жүргізілген қазба барысында табылған бай жәдігерлер көрсетеді.

Бөлмелерден шыққан заттардың басым көпшілігі қыш ыдыс-аяқтар. Оларды ас үйлік, асханалық, шаруашылық-тұрмыстық деп бөлуге болады. Ас үйлік ыдыстардың ішіндегі көбі қазандар мен көзелер

қақпағымен. Қазан мен көзелердің сырты от қызуына қатты күйген. Қазандардың көбі қазбаның солтүстік-батыс жағындағы бөлмелерден шықты. Асханалық ыдыстар: табақ, таба, тостаған, түбек, құты және т.б. Шаруашылық-тұрмыстық ыдыстардың ішінде құм, құмыра, құмша, тегене, келіге ұқсас ыдыстар, шырақ және т.б. бар. Сырланған ыдыстардан түбек пен тостаған ғана кездесті. Қабырғаларына сызылған жазуы бар бір құты мен төрт ыдыс сынықтары табылды.

2009 жылы жергілікті тұрғындардың мешіт орны деп атап жүрген цитадельден 50 м. батыста қыш кірпіштер көрініп жататын жерге қазба жұмыстары жүргізілді [8, р. 384]. Бұл жерге 1976 жылы көлемі 15x15 м., тереңдігі 0,6-0,8 м. қазба жүргізілгенде, оның тек солтүстік бөлігінен қыш кірпіштен қаланған қабырғаның қалдықтары шыққан. Одан қыш кірпіштен салынған ерекше ғимараттың орны байқалған. Сондықтан, осы жүйесіз қаланған қыш кірпіш қаландысы ерекше ғимараттың орны болуы мүмкін деген мақсатпен қазбаның солтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс жағына екі бақылау қазбасы салынды. Бақылау қазбалары 3,5-4,2 м. тереңдетілуде құрылыстың табанына дейін жеткізіліп, құрылыстың түп жағының екі қабырғасы анықталды.

Құрылыстың бұрыштары мен қалған қабырғаларын анықтау үшін қазба 10,4x10,3 м. кеңейтілді. Нәтижесінде екі бөліктен: іргетасынан (стилобат) және жоғарғы бөліктен (цоколь) тұратын, XI-XII ғғ. жататын мұнара құрылысының қалдықтары ашылды (4-сурет).

Құрылыстың сақталған биіктігі 3,6 м. құрайды. Құрылысты 1-1,5 м. қалыңдықтағы құланды қыш кірпіштер басып қалған. Бүтін кірпіштерін тасып алынғандығы анық байқалады.



4-сурет. Мұнараның іргетасы. Батыстан көрінісі.

Біршама жақсы сақталған төртбұрышты іргетасының көлемі 8,65x8,5 м., биіктігі 2,6 м. Бұрыштары әлемнің төрт тарабына бағытталған. Оның іші, ортасы толығымен қыш кірпішпен қаланған. Тығыз әрі өте берік етіліп ашық жерсіз өрілген. Қабырға біркелкі бүтін кірпіштерден қаланса, құрылыстың ортасына сынған және әртүрлі өлшемдегі кірпіштер пайдаланылған. Кірпіштердің өлшемдері біркелкі емес: 22x11x4,5; 22-22,5x22-22,5x4,5; 23x23x4,5-5; 24-24,5x24-24,5x4,5-5,5; 24x12x5; 25x25x4,5-5; 31-32x13,5-14x5 см.

Құрылыстың жоғарғы бөлігінен батыс қабырғасының кішкене қаландысы және шығысында екі кірпіші ғана сақталған. Тұрғызылуы мен сәулеттік ерекшеліктеріне қарағанда мұнараның осы бөлігі (цоколь) сегіз қырлы болғанға ұқсайды. Орта тұсындағы сақталған биіктігі 1 м. Сегіз қырлы бөлігінің батыс бұрышында сақталған қабырғасының ұзындығы 1,8 м., биіктігі 0,33 м. Қабырға іргетас бұрышына қарама-қарсы үшбұрыш жасап тұр. Осыған қарама-қарсы іргетастың шығыс бұрыш жағындағы жоғарғы бөліктің екі кірпіші сегіз қырлы құрылыстың бір бұрышын құрап қаланған. Бір кірпіші іргетастың шығыс бұрышына үшбұрыш жасап қойылса, екінші кірпіші (диагональынан сындырылған жарты кірпіш) іргетастың оңтүстік-шығыс қабырғасына параллель 0,35 м. ішкері қаланған. Олай болса, мұнараның жоғарғы бөлігінің төрт қабырғасы іргетас қабырғасынан 0,35 м. ішке кіріп тұрған. Қалған төрт қабырғасы төрт

бұрышына қарама-қарсы тұрғызылған. Батысындағы қабырға мен шығысындағы кірпіштің арасы 7,85 м. Соған қарағанда мұнаның сегіз қырлы түбінің (цоколь) диаметрі 7,85 м. болған болуы керек.

Қыш кірпіштерді бір-біріне қиюластырып қалауда арасына саз балшықты қолданған. Кірпіш арасындағы ашық қара түсті саз балшықтың қалыңдығы 0,5-2 см. Сақталған ортасындағы биіктеу қаландыға қарағанда құрылыс айналдыра өрілуде тұрғызылғандығын аңғаруға болады. Іргесінің үш бұрышы (оңтүстік, шығыс және батыс) біршама жақсы сақталғанымен солтүстік бұрышы бұзылып кеткен.

Мұнара іргесінің солтүстік-батыс қабырғасын бойлай қарама-қарсы шыққан қабырға қам кірпіштен (40-42x20-21x8-9 см.) қаланған. 0,8 м. болатын екеуінің арасынан өлшемі 56x7x7,5 см сынған жарты қыш (кірпіш) табылды.

Құрылыстың солтүстік-шығыс қабырғасы сыртына салынған көлемі 2,6x1 м. бақылау қазбасынан жер бетіне жақын биіктігі 0,5 м., құрылысқа қарама-қарсы 2,4 м. қашық қам кірпіштен (40-42x20-21x8-9 см.) қаланған қабырға, ал оның астынан ғимараттың қазаншұңқырының орны белгілі болды. Іші күл аралас топыраққа толтырылған қазаншұңқырдың жоғарғы жағы құрылыстан 2,1 м. қашық жатыр.

Қазбаның солтүстік-батыс шеті төменгі қабатқа қатысты қам кірпіштен қаланған құрылыстың жиегінен түсті. Қазаншұңқыр да осының шетінен өткенге ұқсайды. Бір қабырғасы көрініп жатқан бұл құрылыс жағындағы қазба кеңейтілмеді.

Мұнара қатты тапталған жерге салынған. Құрылыстың салынуымен бірге қазаншұңқыр бір уақытта топырақпен, күл аралас топырақпен толтырылып отырған. Сонымен бірге, тапталған топырақ арасынан жұқа қабатты қыш кірпіш сынықтары кездеседі. Іргесі топыраққа 2,6 м. биіктікте толтырылған, яғни бұрыштарында сақталған беті тегіс қаландыға дейін жеткізілген. Ғимарат сыртының едені осы төрт қырлы бұрыштарымен бір деңгейде болғандығын жұқа қатты тапталған топырақ қабаты дәлелдейді.

Мұнара маңының мәдени қабаты аса қалың еместігіне қарағанда құрылыс қала өмірінің соңғы кезеңдерінде салынғанға ұқсайды.

Тік төртбұрышты, барлық қабырғалары бірдей құрылыстың сақталған іргетасына қарағанда XI-XII ғғ. жататын Бурана мен Үзген мұнараларына ұқсас екендігі анықталды. Негізінен мұнаның төртбұрышты іргесі мен сегіз қырлы бөлігінің жобасы Бурана, XI ғ. жататын Термез мұнараларына өте ұқсас. Бурана мұнарасы сөз етіп отырған мұнарадан біршама үлкен болғанымен, екеуі де қазаншұңқырға тұрғызылған және іргетасы мен сегіз қырлы бөлігі бірдей.

Қазбаның жоғарғы жағындағы құланды арасынан арнайы өңделген кірпіштер де кездеседі.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» (XVI ғ.) еңбегінде мұнаралар туралы кездеседі. Онда «Йанги» деп аталатын далада бірнеше қалалардың іздері, мұнаралардың күмбезінің қалдықтары, ханака және медреселердің орны сақталып қалғандығы жазылған [9, 402 б.]. «Йанги» деп моғолдар Таразды атаған, яғни Моғолстан жерінде орналасқан. Моғолстан территориясына Шу өңірі кіретіні анық. Бүгінде аталған аумақта мекендер мен қалалардың қиранды орындары көп болғанымен сақталып қалған немесе құланды сәулеттік құрылыстар сирек.

1941 жылы қала қирандысының орнында болған Г.И. Пацевич жергілікті тұрғындардың аузынан цитадель мен шахристандағы мұнара орындарынан тұрмыстық қажеттілікке бүтін қыш кірпіштерді маңайдағы колхоздар қазып алып жатқандығын естіген [10]. Олай болса, мұнара қирандысының жоғарғы бөлігінің кірпіштері XX ғ. ортасына дейін сақталған болуы мүмкін.

Қазбадан шыққан сәулет орнының салыну құрылысына қарағанда шахристанның осы жағында күрделі құрылыс кешені болғанға ұқсайды. Мұны құрылыс айналасындағы сансыз қыш кірпіштердің сынығы және оймышты қаптауыштың қалдықтары дәлелдейді. Негізінен құрылыс шығысқа қарай құлағандығын арасындағы балшық жігі ажырамаған кірпіштердің осы жағынан көптеп шығуы куәландырады. Керісінше қазбаның солтүстік-батыс жағынан қыш ыдыс сынықтары көптеп шықты. Мұнаның қандай қызмет атқарғандығы мен маңыздылығын алдағы қазба жұмыстардың нәтижелері көрсететін болады.

Шыққан заттардың басым көпшілігі қыш ыдыстар. Олар: құмша, құмыра, тегене, қазан, көзе, қақпақ, сынапкөзе және т.б. сынықтары. Негізінен сынапкөзенің бірнеше түрі шықты. Саны жағынан да сынапкөзе көп табылды. Оларды көлемі мен пішініне, сонымен қатар өрнектелуіне қарай бірнеше топқа бөлуге болады. Сырланған ыдыстардан табақтың сынықтары кездесті. Және де, металдардан өлшемі жұдырықтай темірдің тат басқан бірнеше қалдықтары табылды.

Қорыта айтқанда, 2007–2009 жылдары аралығындағы «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша ортағасырлық Ақтөбе қаласындағы зерттеу жұмыстарының нәтижесінде бірнеше нысандар ашылып, қала өмірі туралы жаңа мәліметтер алынды. Ол бойынша IX-XII ғғ. қаланың барлық бөліктерінде құрылыс салу ісі жанданып, өндіріс орындарының пайда болғандығы және суландыру жүйесі кең етек алып, егіншілік пен бау-бақша кәсібі дамығандығы анықталды. Қала халқының жүзім өсіріп, одан түрлі

сусындар дайындағандығын шаруашылық аймағындағы тарамдалған арық іздері мен аршылған шарап шеберханасының қалдығы дәлелдейді.

Қала орталығында құрылыстар қарахан дәуіріне дейін тығыз шоғырланып, XI–XII ғғ. ол жерде тек үлкен сарай ғана қалып, негізгі ірі үй-жайлар шаруашылық аймағына ауысқандығын шахристаннан ашылған оннан астам бөлме орындары анықтап берді.

Құрылыс салу ісінде Ақтөбе қаласында X–XII ғғ. жаңа материал қыш кірпіштерді кеңінен пайдалану қолға алынғандығын археологиялық қазба жұмыстарынан анықталып отыр. Оның дәлелі XI–XII ғғ. жататын архитектуралық жоспарлануы ерекше, Қазақстан археологиясында әзірге жалғыз ғана мұнара қалдығы өзіндік ерекшелігімен, салыну есебінде жоғарғы дәлдігімен өте маңызды болып табылады.

Ортағасырлық Ақтөбе қаласындағы зерттеу жұмыстарын одан ары кеңейту мен дамыту тарих қойнауында жатқан орта ғасырлардағы қала өмірінен құнды мағлұматтар береді. Қаланы жан-жақты зерттеу ортағасырлық заттай және рухани мәдениеттен мол мәліметтер алуға көмектесіп, мәдениеттер тоғысында өмір сүрген ерте ортағасырлық қалалар туралы дүниетанымымызды кеңейтеді. Сонымен қоса, қаладан ашылған әрбір құрылыс орындарын болашақта қалпына келтіру, және оларды ашық аспан астындағы музейге айналдыру жұмыстары Қазақстан туризмінің дамуына септігін тигізеді.

1. *Aktobe in the medieval ages, 2006. – Ankara.*

2. *Baipakov K.M., Kapenkova G.A., Voyakin D.A., Maryashev A.N. 2011. Treasure of ancient and medieval Taraz and Zhambyl region, pp: 435-451*

3. *Шәлекенов У.Х. V-XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы. – Алматы: Жібек жолы, 2006. – 248 б.*

4. *Ақымбек Е.Ш. Ортағасырлық Ақтөбе қаласы орталығындағы қыш кірпіш төселген алаң // «Ғылым ордасы» РМК Археология мұражайының 40 жылдығына арналған «Қазақстан археологиясы: қорытындылары және келешегі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. 2013 жыл, 5-желтоқсан. 159-163-бб.*

5. *Елеуов М. Раскопки средневековой мастерской на городище Актобе // История материальной культуры Казахстана. – Алма-Ата, 1980. – С. 57-61.*

6. *Akymbek Y., Baibuginov B. Inscriptions on ceramics of medieval city Aktobe // 2nd World Conference on Design, Arts and Education – DAE-2013. Procedia – Social and Behavioral Sciences 122 (2014) 77-81 (ISSN: 1877-0428).*

7. *Елеуов М. Этапы развития крепостной стены шахристана городища Актобе // История материальной культуры Казахстана. – Алма-Ата, 1980. – С.48-57.*

8. *Yeleuov M., Akymbek Y.S., Chang C. Sphero-conical vessels of Aktobe medieval ancient settlement // Life Science Journal 2014; 11(11): P. 384-387. (ISSN:1097-8135).*

9. *Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. – Алматы: Тұран, 2003.*

10. *Пацевич Г.И. Археологические памятники района среднего течения реки Чу // Архив Института археологии им. А.Х. Маргулана. 1941.*

Аннотация

Культурное наследие стало предметом пристального внимания в Казахстане. 2003 г. стал этапным в развитии культуры, в ежегодном Послании Н.Назарбаева к народу в числе неотложных задач стоящих перед страной, определены изучение и сохранение историко-культурного наследие. Важную часть этой программы составляет археологическое культурное наследие. Оно охватывал все виды археологических памятников: руины замков и крепостей, оплывшие погребальные курганы, остатки древних стойбищ и городов, эффектные монументальные строения. По реализации этой программы 2007-2009 годы на средневековом городища Актобе были произведены комплексное археологические раскопки. Были исследованы центральная часть города (цитадель), шахристане раскопан монументальная строения эпохи караханидов (X-XII вв.) основания башни (мунара). Сельском округе исследованы винодельческая мастерская X-XII вв. археологические материалы городища Актобе показывает, что здесь прочно складываться местный урбанистический культурный комплекс с общемусульманскими стандартами и эталонами в его средневековом воплощении.

Ключевые слова: культурное наследие, городище Актобе, культура, археология, культурный слой, керамика.

Summary

Abstract: Cultural heritage has become the object of sustained attention in Kazakhstan. The 2003 has become a landmark in development of culture, since Nursultan Nazarbayev determined the study and preservation of historical and cultural heritage among the urgent issues for the country in his annual Message to the nation. The important part of this program is the archaeological and cultural heritage. It covers all types of archaeological sites: the ruins of castles and fortresses, swollen burial mounds, remains of ancient camps and cities, spectacular monumental structures. For implementation of this program, the comprehensive archaeological excavations were produced in 2007-2009 within a medieval fortress of Aktobe. The central part of the town (citadel) was investigated, the monumental buildings of Karakhanids era (X-XII centuries), including the base of the tower (Munara) were found in shakhristan. The wine shop of X-XII centuries was investigated in the rural district. The

archaeological materials of Aktobe settlement show that there had been shaped the local urban cultural complex with the general Muslim standards and benchmarks in its medieval incarnation.

Keywords: cultural heritage, Aktobe settlement, culture, archeology, cultural layer, ceramics.

УДК 94 (574) 935 93.2

НАРЫНҚОЛ АУДАНЫ МАЙДАНГЕРЛЕРІНІҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНЕН

Балабекова Н.Е. – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 2 курс магистранты

Түйіндеме

Бұл мақалада Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Нарынқол ауданы тұрғындарының күнделікті өмірі жан-жақты қарастырылған. Мақаланы жазу барысында Алматы облыстық Мемлекеттік мұрағатынан, Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағатынан, облыстық және аудандық басылымдардан құжаттар мен материалдар зерттелді, сондай-ақ жергілікті тұрғындардан сұхбат алынды.

БОАК Президиумының 1936 жылғы 29 маусымдағы қаулысымен Нарынқол ауданы құрылды. Аудан құрылғаннан кейін көп уақыт өтпей-ақ Ұлы Отан соғысы басталды. Ұлы Отан соғысы жылдары Нарынқол ауданынан 2500-ге жуық адам майданға алынды. Олардың қатарынан 1206 жауынгер соғыс жылдары жараланып қайтыс болған немесе хабарсыз кеткен.

Нарынқол ауданынан майданға аттанған жерлестеріміз сол бір сындарлы шақта өмір мен өлім белдескен сәттерде Отанына, артында қалған елі мен жеріне адалдығын көрсетті, жауымен күресті. Мақалада соғыс жылдары жауынгерлердің күнделікті өмірдегі көрсеткен ерлігі мен тыл еңбеккерлерінің қосқан үлесі жайында жазылған.

Тірек сөздер: Ұлы Отан соғысы, Нарынқол ауданы, Күнделікті өмір, Мұрағат құжаттары, Сұхбат, Майдан, Ерлік, Тыл еңбеккерлері.

Белгілі тарихшы-ғалым, профессор Мәмбет Қойгелді «Қазақ әдебиеті» газетінің журналисі Қарагөз Сімәділге берген сұхбатында ауыл тарихын зерттеу жайында былай дейді: «...қазақтың шалғайдағы, түкпірдегі бір ауылын алайықшы. Бәріміз де ауылдың баласымыз. Сол ауылдың шынайы тарихы микротарих тұрғысынан жазылса. Ол ауыл қашан пайда болды? Қанша буын сол ауылда өсіп-өнді? Ауылдың шаруашылығы, оның экономикалық, тарихи ортасы қандай өзгерістерге ұшырады? Бізде осындай зерттеулер жоқ. Егер осындай зерттеулер болса, біз өз тарихымызды, өткен өмірімізді тереңірек білген болар едік» [1]. Осы тұрғыдан алғанда Нарынқол ауданы тұрғындарының күнделікті өмірін зерттеу маңызды болып табылады.

Нарынқол ауданы БОАК Президиумының 1936 жылғы 29 маусымдағы қаулысымен құрылған. Аудан құрылғаннан кейін көп уақыт өтпей-ақ Ұлы Отан соғысы басталды. Ұлы Отан соғысы жылдары Нарынқол ауданынан 2500-ге жуық адам майданға алынды. Аудан әкімінің орынбасары болған Т.Қасымберкебаев, ауданның әскери комиссары М.Қалиев және жұмысшы топтың жетекшісі А.Сүлейменовалар 1993-1994 жылдары соғыс жылдары жараланып қайтыс болған, хабарсыз кеткен жауынгерлердің тізімін жасаған. Бұл тізімде 1206 адам жазылған, олардың әрқайсысының туған жылдары, қандай әскери құрамада болғаны, қай жылы қайтыс болып, қайда жерленгені мен хабарсыз кеткендер туралы мәліметтер келтірілген [2].

Нарынқол ауданынан майданға аттанған жерлестеріміз сол бір сындарлы шақта өмір мен өлім белдескен сәттерде Отанына, артында қалған елі мен жеріне адалдығын көрсетті, жауымен күресті. Соғыс жылдары көптеген қазақстандық жауынгерлер «Даңқ» орденінің толық иесі болды. Солардың қатарында нарынқолдық Бейкүтбай Дембаев та бар, ол кейін соғыстан аман оралып бейбіт өмірге араласты. Шәлкөде ауылының тұрғыны Жансая Мақышұлы Севастопольді қорғаушылардың бірі болды. «Даңқ» орденінің II және III дәрежесімен, «Ұлы Отан соғысы» орденінің I дәрежесімен марапатталған. Оған Севастополь қаласының құрметті азаматы атағы беріліп, осы қалада Жансая Мақышұлына да бюст орнатылған.

1941 жылы Алматыда жасақталған 100-ші атқыштар бригадасының құрамында ерлікпен шайқасқан Әлнұр Мейірбековтың есімі Райымбек ауданы көлемінде көпке мәлім. 100-шінің бригаданың құрамындағы командирлердің бірі Қасым Шәріпов «Қаруластар» атты кітабында былай деп жазады: «Қызыл әскер Әлнұр Мейірбеков жараланғанына қарамастан зеңбірегінің қасынан кетпей, дәл көздеп, алда келе жатқан танкті қиратты, жалыны аспанға шаншып танк тұрып қалды. Тоғыз жерден жараланса да Мейірбеков ата берді. Оның оғынан немістердің тағы бір танкісі жанып кетті». Әлекең 4 жарым ай госпитальда жатты. 4 рет операцияға түсті. 1944 жылы тағы да оқ тиіп, аяғын сындырды. 7 жарым ай емделіп, елге оралған. Бұл белгілі жазушы-журналист, ауданымыздың Құрметті азаматы, ақылман дана

қариясы Әлнұр Мейірбековтың өндірдей жастық шағында, жорық жолдарында басынан өткергені, сұрапыл соғыстан тартқан дәмі [3, 80-б.].

Майдан даласынан жауынгерлер өз жерлестеріне шайқастарда жеткен жетістіктері туралы айтып, тыл еңбеккерлерін аянбай еңбек етуге шақырып хаттар жазып тұрды. Әлнұр Мейірбеков және басқа да жауынгерлер 1943 жылы майданнан өз жерлестеріне былай деп хат жазады: «Қымбатты туысқандар! Ел басына ауыр күндер туған кезде, Сіздер бізге өмір кілтін тапсырып, неміс – фашист оккупанттарына аяусыз соққы беруді жүктедіңіздер. Сіздердің бұл тапсырмаларыңызды орындау жолына қажет болған жерде өмірімізді қиюға да бармыз. Жақында, біз Орталық майданның жауынгерлеріне қосылып, жауға қарсы жайрата соққы берістік. Сөйтіп, 12 елді пункті неміс окупанттарынан азат еттік. Әрине, бұл біздің алғашқы адымымыз ғана. Соғыс өрті жаңа ғана лаулап, ұлғаюда. Күшті күрес күні әлі алдымызда. Сондықтан да, біздің майдандағы жеңістеріміз, Сіздердің тылда тапжылмай еңбек етулеріңізбен тығыз байланысты. Сіздер быйыл екінші рет соғыс жағдайында көктем егісіне кіріскелі отырсыздар. Көктем егісінде агро-техникалық шаралардың барлық шарттарын мүлтіксіз орындау – егістен мол өнім алудың кепілі. Биылғы жылы Сіздер планнан тыс Қызыл Армия қорына жүздеген, мыңдаған танаптар егін салуға тиіссіздер.

Мал шаруашылығында істейтін туыстар! Сіздердің алдарыңызда тұрған жауынгерлік талап – малдардан алынатын төлдерді мәпелеп өсіріп, түрлі ауруларға шалдықтырмау.

Сонымен, майдандағы туысқан Қызыл Армияға астықты, мал шаруашылығының продукцияларын мол беру үшін күресулерің керек. Сіздердің бұл көмектеріңіз жексұрын жауды талқандау күнін неғұрлым тездетеді. Сондықтан, «барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін» деген ұранмен еңбек істеулеріңіз керек. Біздің тілек сол.

Сіздердің жауынгер балаларыңыз: Әлнұр, Әшімбек, Әбдіхалық, Айдарбек, Қырғызалы және Қурманалы.

Біздің адрес: Полевая почта 1745, часть 255» [4].

Жамбыл ауылының тұрғыны Қылыш Шәкіров 1945 жылы Ұлы Жеңісті Берлинде қарсы алып, қызыл алаңдағы әскери шеруге қатысты. Сол дәстүрмен ол 1985 жылы да Мәскеуге барып Жеңістің 40 жылдығына орай өткізілген парадты тамашалады. Бұл кісінің де өмір жолы ұрпаққа үлгі-өнеге. Соғыс жылдары көрсеткен ерліктері мен батылдықтары үшін ордендермен, көптеген медальдармен марапатталған. Нұрым Сыдықов, Тілеуберді Ошақбаев, Нұрділдә Әлімов, Күмісбек Тастанбаев, Тоқтар Сариев, Петр Романов, Омаржан Жазықбаев, Қыдырбай Айдаров, К.Ұлтанбаев, Ә.Керімқұлов, Е.Рақымбаев, Мұқамеди Айманбеков, Байқан Игінісов, Қапен Әбітов, Шайхслам Баймұханбетов, Қанатай Қамыров, Анатолий Строганов, Баданбек Әлімбеков, Әлғожа Тілепбердиев, Нөке Жартыбаев, Атамқұл Шындалиев, Шоғанбай Мұсаев, Елемес Шаршыбаев, Байділдә Үмбетжанов секілді жерлестерін ауылдастары мақтан тұтады [3, 81-б.].

Нарынқолдан жұптарын жазбай бірге аттанған жерлес жеті жігіт 100-ші атқыштар бригадасының танкіге қарсы шайқасатын ротасында еді. Олардың арасында бұрын «Осоавиахимда» қызмет істеген, әскери өнерге жасынан ынталы Әбдіхалық Ысқақов, колхозда шопан болған Құрманәлі Өсімбаев т.б. болды. 1942 жылдың ақпан айында атыс алаңында басқа жауынгерлердің атқан оқтары нысанаға дарымай жатқанда, Құрманәлі Өсімбаевтың атқан үш оғы да нысанаға дәл тиіпті. Сол жылдың жаз айында жауынгерлер тағы да нысананы көздеп, өздерін байқауға барды. Тек бұл жолы бесатар, автоматтан емес, танкіге қарсы мылтықтан атпақ. Нысананы бетке алған көздеуші орнында – майор Львов-Белов, көмекші орнында – қатардағы жауынгер Құрманәлі Өсімбаев. Нысана қашықтығы төрт жүз метр. Көк беткейге ұзыны қырық-елу сантиметрдей, ені отыз-отыз бес сантиметрдей жасылмен боялған қалқан қойылған. Майор соны алдымен өзі атып, танкіге қарсы қолданылатын мылтықтың құдіретін көрсетпек болады, бірақ оғы нысанаға дарымайды. Одан кейін атқан Құрманәлі Өсімбаевтың атқан оғынан көк жалын жарқ етті. Бригаданың артиллерия бастығы майор Львов-Беловтың өзі Құрманәлі Өсімбаевқа алғыс жариялаған.

...1943 жыл. 7 январь. Сақылдаған сары аяз. Бетті қарып, бойды бүріп тұр. Великие Луки қаласының батыс беті. Алда Н. биігі. Капитан Қасымов бастаған автоматшылар тобы жауды қас қақпай аңдып жатыр. Аралары жап-жақын. Кейде құлаштай лақтырылған гранат бұлардың үстінен асып түсіп жарылады.

Биіктен бергі жер едәуір жазық. Танкіге қарсы шайқасатын ротаның лейтенант Кузнецов басқаратын взводы осы жазыққа орналасқан. Белден ор қазып алып, жасырын жатыр. Аңдығандары танк. Күн сәске түске көтерілгенде автоматшылардың оң жақ қанатын орай жылжыған жау қарасы байқалды. Нобай бір взводтай. Сірә, тура тиісуден қаһары өтпеген соң көшсе керек. Үстерінде ақ халат. Төбелеріне қорғасын құйып қойғандай бастарын көтермейді. Тұмсықтарымен қар сүзіп, жыландай жылжып келеді. Взвод командирі: - Жауынгер Өсімбаев, серігіңнің бесатарын ал да көздеп ат, - деп шұғыл команда берді.

Мерген де соны күткендей екен. Алғашқы оғын айнытқан жоқ. Алғы саптағы ақ халаттының басы, белінен соққы тиген жыландай бір қайқаң етті де қимылсыз қалды. Енді біз оққа ұшып опат болғандарды санай бастадық. Бір.. екі...бес... ашқан аузымызды жинай алмай қалдық. Өзекті суырған өкіре құлаған минаның қара қошқыл түтіні қолқаны қауып, көзді қарып кетті. Шек солқылдап, құлақ шыңылдап қалды. Сәлден соң абайласақ жау тобы кейін серпілген екен. Бет-бетімен бел аса берді [5].

Ұлы Отан соғысынан Құрманәлі Өсімбаев туған ауылына аман оралды. Ол өмірінің соңына дейін Октябрьдің 40 жылдығы атындағы колхозда тұрды, темірден түйін түйетін, ағаштан ою оятын іскерлердің бірі атанды.

Нарынқол ауданының тұрғыны Тағаева Несіпханнан алынған сұхбатта қайын атасы Бөлекбаев Нүсіпбек туралы мынадай мәліметтер айтады: «Атамыз 1942 жыл 18 жасында өз еркімен соғысқа аттанған. Ол Сталинград түбіндегі шайқастарға қатысқан. Кескілескен шайқастарға қатысып, бір жылдан кейін оның жанына түскен снарядтың жарықшағынан екі аяғынан айырылған. Бір жылға жуық ауруханада жатқан. Осылайша, соғыстан мүгедек болып туған еліне оралып, колхозда экономист болып қызмет етті. Ол ауылдағы сыйлы адамдардың бірі болды». Бөлекбаев Нүсіпбек 1946 ж. 10 мамырда «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.» медалымен, 1947 ж. 7 тамызда «За доблестный труд в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.» медалымен, «Отан соғысының» I дәрежелі орденімен т.б. көптеген марапаттаулар алған [6].

Нарынқол ауылында қазір соғысқа қатысқан жалғыз ардагер тұрады екен. Ол 1921 жылы Үкірші ауылында дүниеге келген Мұсаев Шоғанбай ақсақал. 2015 жылдың 8 тамызында сұхбат алуға барып, ол кісі жайында көптеген мәліметтер алдым. Жасы 94-ке келген қария өзі туралы шыққан кітаптармен таныстырды. Жеңістің 70 жылдығына арнап, аудан ардагерлері туралы жазылған Қанат Біржансалдың «Соғыстың соңғы солдаттары» атты кітапта Мұсаев Шоғанбай туралы былай дейді: «1941 жылы мамыр айында әскер қатарына алынып, 1941 жылы 22 маусымда Балтық жағалауындағы Рига қаласында тұрған 7 дивизия құрамында жауға қарсы соғысқа аттанған. Соғыста 154 дивизияның 437-ші полкінің 140-шы танкіге қарсы ататын ПТР взводыныңкомандирі болған. Кескілескен соғыста жүріп, Новгород, Ржев, Невель, Воронеж, Харьков қалаларын азат етуге қатысқан. 1943 жылы Харьков қаласын азат етудегі бір ұрыста ауыр жараланып, контузия алған. Мичурин қаласындағы госпитальда емделіп, денсаулығына байланысты 1944 жылы елге қайтарылған». Елге оралысымен қайтадан жұмысқа араласып, 1988 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін аудандағы білім беру саласына зор үлес қосқан [7].

«Қазақстан сарбазы» газетінің 28.03.2000 жылғы санында Нарынқол ауылынан Отан қорғауға аттанған Намазов Шал ақсақалдың бес баласы туралы мақала жарияланды.

Бір отбасынан шыққан 5 жауынгердің 3-і майданда қайтыс болды. Атап айтқанда, үлкені Әбіш Сталинградты қорғауға, Еділ өзенінен өтіп бара жатқанда кемеге жау самолеттерінің бомбасы түседі. Кеме мындаған солдаттарымен суға батып, Әбіш те қаза табады.

Анарбек озат танкист атанып, Мәскеуді қорғауға қатысып, Тула маңында ерлікпен қаза табады.

1941 жылы «енді үш күннен соң әскери міндетім аяқталады, ауылға қайтам деп» елге хат жазған Сыдық Брест қаласын қорғауда қаза тауып, елге оралмады.

Мүсілім соғыстан аман – есен оралып, елге қызмет етіп жүріп, соғыс зардабының жарасынан дүниеден озды.

Дігәрбек атақты «Катюшаның» жас командирі болып, батарея басқарды. Батыс Германияның Бонн қаласына дейін азаттық жорыққа қатысты. Ауылға оралған соң Дігәрбек Күзембеков еңбекке араласып, көп жылдық мектепте қызмет етті. Аудан мектептерінде, аудандық оқу бөлімінде 40 жылға жуық халыққа білім беруде қалтқысыз қызмет етті [3,121-б.].

1945 жылдың 4 мамырында КСРО Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығына сәйкес, неміс басқыншыларына қарсы күрес майданында командованиенің жауынгерлік тапсырмаларын үлгілі орындап, батырлық пен қаһармандық көрсеткені үшін ауданның он жауынгеріне Отан соғысының ордендері мен медальдары тапсырылды. Алматы облыстық соғыс комиссариаты, полковник Мусабаев наградталғандарға ордендер мен медальдарды тапсырды.

«Алдымен, гвардия старшинасы Шабанбаев Сүлеймен жолдасқа «Отан соғысының» I дәрежелі ордені тапсырылды. «Отан соғысының» II дәрежелі ордені гвардия сержанты Садуақасов Мұтай жолдасқа тапсырылды. Қатардағы жауынгер Жексенбиев Т. жолдасқа да «Отан соғысының» I дәрежелі ордені берілді. «Ерлігі үшін» медалін қатардағы жауынгерлер Ақжігітов Жұмабек, Қанапияев Қыйнаш, Бүкев Б., Макаров В. Ф. жолдастар алды.

Ауданымыздан қазіргі уақытта кетіп қалған Гаркавий «Отан соғысының» I дәрежелі, Власов II дәрежелі ордендерімен және Акшурин «Ерлігі үшін» медалімен наградталған» [8].

Майдан даласынан жерлестеріне көптеген хаттар келіп тұрды. Олар өздерінің жауынгерлік істері жөнінде хабарлап, мұндағы колхоз жұртшылығына қажырлы еңбек етіп, Қызыл Армияға деген көмегін әлі де күшейтуге шақырады.

Гвардия аға лейтенанты Нұрлыбеков Әбен және қызыләскер Рысов Жұмақан Карл Маркс атындағы колхоздың жылқы фермасының бастығы Құрманбаев Сұлтанға жазған хатында «Сіздің 90 биеден шығынсыз 90 құлын өсіргеніңізді оқып шаттандық» - деп мақтана жазады.

«А» деревнясы үшін кескілескен ұрыста ерекше көзге түсіп, ерлік көрсеткендерімізді, командования үкімет наградасына ұсынды» - дейді Киров атындағы колхоздан кеткен, майданда гвардия қызыләскері Бейбітов Қызыралы.

Біздің гвардия бөлімдері Кубанның құйылысында көптеген елді пункттерді босатуда айырықша ерлік көрсетіп, немістерді ең соңғы тіректі пункттен қуып шығып, тактикалық маңызы зор бір биіктікті алды. Мен осы жолы үш жерімнен жараландым. Қазіргі уақытта госпитальда емделіп жатырмын, - деп Ворошилов атындағы колхоздан кеткен Керібаев Сансызбай жазады [9].

Отан қорғаудың сарқылмас қорын жасау туралы халықтық қозғалысқа Ворошилов атындағы колхоздың мүшелері бар ықыластарымен үн қосты. Отан қорғау қорына колхоз орталығынан 10 центнер ет, 10 центнер астық, 52 кг май, 100 жұмыртқа, 2 центнер жүн береді.

Жеке колхозшылар да Отан қорғау қорына қолдарындағы жыйған тергендерін, малдарын, ақшаларын, облигацияларын және басқа да бағалы заттарын беруде. Колхозшылар 420 сом ақша, 2555 сомның облигациясын, 14 қой-ешкі, 885 еңбек күндерінің ақшалай және заттай алатын табыстарын Отан қорғау қорына беретін болды.

Колхоз мемлекет алдындағы міндеттемелерінде толық өтеп бітуге жақындады. Ет, май тапсырудың жылдық пландарын тегіс өтеп бітірді. Жүн тапсыру планын да орындауға жақын отыр.

Қызыл Тулы Ленин атындағы колхоздың мүшелері Отан қорғау қорына колхоздың ортасынан 15 центнер ет берді. Колхозшылар 28 қой ешкі, 110 сом ақша, 5750 сомның облигациясын берді [10].

Райком секретарының кабинетіне райком мен редакцияның коллективі жиналды. Райком секретарі Айдапкелов Сталиннің «майданға танктерді, танққа қарсы ататын мылтықтар мен зеңбіректерді, самолеттерді, пулеметтерді, винтовкаларды, ұрыс жабдықтарын барған сайын мол берейік» деген шақыруына нақты істермен жауап беруге шақырды.

«Райкомның учет секретарының бастығы Рысбаев «Қазақстаншылар» танкін жасауға 175 сом берді. Райкомолдың учет секретарының бастығы Айдаров 100 беріп, әрбір демалыста жұмыс істеп тапқанымды осы қорға қосамын деді. Пропаганда және агитация бөлімінің бастығы Бөбетаев 150 сом беретіндігін айтты. Сонымен бірге Райсоветтің коллективін және бұл игілікті іске қосылуға бүкіл аудан еңбекшілерін шақырды. Айналасы 10-15 минуттық жиналыста «Қазақстаншылар» танкін жасауға 4375 сом қаржы жиналды [11].

Аудандық советтің мәжілісі «Қызылшекара» колхозы мүшелерінің инициативасын қостап, саудагерлерге қарсы мәселе қарап, колхоз базарында сатылатын заттардың бағасын белгілеп қаулы алған. Қаулыда: Ең жақсы бидайдың центнері 130 сом, ұнның центнері 150 сомнан аспасын. Арпаның тазалығына қарай центнері 50-60-70 сомнан болсын. Картоптың және капустаңың килограммы сапасына қарай 25-30-50 тыйыннан артбасын.

Ал тірідей сатылатын қойлардың ең семізі 200 сом, ешкі 150 сомға дейін сатылсын. Соып сатқанда қой еті арық-семізіне қарай 5-6-7 сом, жылқы, сиыр, ешкі еттері 6 сом болсын. Тірідей сатылатын тауық 3-5 сом, үйрек 8 сом, қаз 10 сом болсын.

Мал шаруашылығынан өндірілетін продуктылар: сүттің литрі бір сом, қымыздың литрі 50 тиын, құрттың килосы 2 сом, ірімшіктің килосы, сарымайдың килосы 10 сом, жұмыртқаның оны 2 сом 50 тиыннан болатын болсын.

Бұл қаулыны ауылдарда және колхоздарда дұрыс жүзеге асыру жергілікті партия комсомол және совет орындарына жүктелсін. Кімде-кім бұзатын болса саудагерлер ретінде жауапқа тартылатыны ескертілсін делінген болатын [12].

Отан соғысы күндерінде Қазақстан жауды талқандау үшін не керек болса, Қызыл Армияны соның бәрімен жабдықтап отыратын сарқылмас қорға айналды. Алматы облысының колхозшылары қол қойған міндеттемелерде Ленин колхозының да колхозшылары мынадай деп жазыпты: Біз, Ленин колхозының колхозшылары мен колхозшы әйелдері, бұрынғымыздан арттырып, мынадай нақтылы міндеттемелер аламыз:

«Мал шаруашылығы жөнінде

1. 1944 жылғы 1 январьға дейін сиыр малын 420 бас, қой мен ешкіні 4040 бас, жылқыны 124 бас, құсты 360 бас арттырамыз.

2. Ет тапсыру планын, Қызыл Армия қорына мал беру планын 1943 жылғы 1 ноябрьден қалдырмай орындаймыз. Мемлекетке семіз және орташадан жоғары семіз мал етінен 50 центнер, орташа семіз мал етінен 52 центнер ет тапсырамыз.

1943 жылы мерзімінен бұрын 1,6 центнер май тапсыру планын YII айының I қалдырмай, 15 центнер жүн тапсыру планын IX айының I қалдырмай, 1,281 мың дана жұмыртқа тапсыру планын YII айының I қалдырмай тапсырамыз.

3. 14 мың центнер пішен шауып, мал азығын жинау планын егін ору жұмысы басталғанға дейін орамыз.

4. Барлық малды жаңа қора азбармен қамтамасыз етеміз, мұның үшін 1943 жылғы 1 октябрьге дейін 3 сиыр қорасын, 7 қой қорасын, 2 ат қорасын және басқа сондай 4 қора азбар саламыз.

5. Әрбір сауын сиырдан орта есеппен 950 л. сүт, ал бүкіл колхозда барлығы 69500 л. сүт аламыз.

Әрбір қойдан орташа есеппен 2,6 кг. жүн, ал колхоз бойынша 60,2 центнер жүн қырқамыз...

Егін шаруашылығы жөнінде

1. Көктемгі егіс үшін 97 гектар тыңайтылған жер, 178 гектар тың жер жыртамыз.

2. 356,9 га көктемгі егіс егіп, планды 15 га асырып орындаймыз», - деп 12 жастан асқан 132 колхозшылар қол қойған [13].

Соғыс зардабы оқушыларға оңай соқпады. Нарынқол орта мектебінің оқушылары мен оқытушылары төмендегі міндеттерді қабылдады:

1. Үстіміздегі оқу жылы бітісімен 5-9 кластың оқушылары және барлық оқытушылар біріміз қалмай колхоздарға шығып, бригадаларға бөлініп ауыл шаруашылық жұмыстарын атқарамыз. Әрбір оқушы, оқытушы ең кемінде 50 еңбек күн табамыз.

2. Мұғалімдер мен оқушылар әсіресе, 3-4 кластардағы оқушылардың күшімен 2 тонна металл сынықтарын жинап тапсырамыз [14].

Райымбек (бұрынғы Нарынқол ауданы) аудандық «Хантәңірі» газетінің 1995 жылғы 4 наурыздағы арнаулы номері Жеңістің 50 жылдығына орай Қарасаз ауылына арналыпты. Содан белгілі ақын Еркін Ібітанов қарасаздық соғыс ардагері Мұқаметжан Қилыбаймен сұхбат жүргізген екен. Соғыстан ауыр жараланып ауылға оралған Мұқаметжан қария сол бір ауыр жылдардағы ел өмірі туралы: «Байқаймын колхоздардың күйі келісіп тұрған жоқ. Кейін бір ауыл болып біріккен 3 колхозда мен майданнан қайтқан тұста 44 ат соқа, сол шамалас тырма, бар жоғы 960 қой, ешкі, 119 ірі қара, 260 жылқы, 745 егістік жер бар екен. Оның өнім-түсімдері түгелдей дерлік майданға жөнелтілуде. Ал халықтың несібе сыбағасына қалатыны аңыздағы масақ, майы алынған іркіт қана екен. Содан соң өзінің қолындағы там-тұмдаған малының өнімдері. Мал демекші оны сойып азық ету үшін де жергілікті өкіметтің арнайы рұқсаты керек. Селолық кеңестің жекеменшік малы жөніндегі есебін жасырын бұзған жанның жауапталып кетуі ықтимал» - деп есіне алған. Мұның бәрі шындық [3,79-б.].

Соғыстың соңғы жылындағы ауыл тұрғындарының ауыр жағдайын Қазақ балалар әдебиеті классиктерінің бірі, Нарынқол ауданының тумасы, жазушы Бердібек Соқпақбаев «Өлгендер қайтып келмейді» романында былай суреттеген: «Бұрын мұнда осындағы барлық колхоздар секілді, сиыр күніне екі мезгіл сауылатын. Май жоспары орындалмай, колхоз басшыларының жандары мұрындарының үшіне тірелген кезде енді үш мезгіл сауылатын бопты. Сиыр саууға қосымша адамдар шығаруы да содан екен.

Мал арық. Итеріп қалса құлағалы тұрған, ыңыршағы айналған, кілең дерлік көтерем. Қыстан қысылып, жүдеп шықса әлі көкке тойып қонаймаса, арық болмай қайтеді?

Сауыншы әйелдердің түрлері сауып жатқан сиырларынан да аянышты. Бәрінің дерлік үстінде, қолдары қалт еткенде, жүннен өздері тоқып киген, баяғының батырларының оқ өтпес темір сауығына ұқсайтын, әрі қалың, әрі тұрпайы бір-бір қап көйлек. Жөнді жуылып, таралмаған дудыраған кір шаштар. Кір орамалдар.

Бір жапаның алдындағы тақыр жерде қол-аяғы шидей жас сәби манадан бақырып жылап отыр. Үстінде ит көйлектен өзге лыпа жоқ. Әуелде астына тоқым төсеп, есіктің көзіне отырғызған. Сиыр сауып жатқан шешесіне бармақ боп, талпына-талпына сәби жерге түсіп кеткен. Қазір енді тоқым бір жақта, өзі бір жақта. Оны жұбатып, мұрны-басын тазалауға шешесінде мұрша жоқ» [15].

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Нарынқол ауданы тұрғындарының күнделікті өмірі ешкімге оңай болған жоқ. Еңкейген кәріден еңбектеген балаға дейін соғыс тауқыметін тартты. Соған қарамастын тыл еңбеккерлері қиындыққа мойымай, әрқайсысы Жеңіске жету үшін аянбай еңбек етті. Майдандағы аудан

азаматтарының ерлігі кейінгі ұрпаққа үлгі, жастарды Отансүйгіштік рухта тәрбиелеуде маңызы орасан зор. Олардың есімдері мәңгі есте сақталады.

1. <http://www.writers.kz> «Қазақ әдебиеті газетінің» арнайы сайты
2. Алматы облыстық Мемлекеттік мұрағаты. 941-қ., 1-т., 77-іс, 180-п.
3. Құсайынов К., Тастанов И., Біржансалұлы Қ. «Хантәңірінің етегі – Райымбек баба мекені». – Алматы, 2000. – 80-б.
4. Мейірбеков Ә. «Нарынқолдықтарға». //Советтік Шекара. – 1943 жыл. –11 апрель. – № 26 (522).
5. Мейірбеков Ә. «Мерген». //Жетісу, 5 май 1970 ж., № 88.
6. Аудан тұрғыны Н. Тагаевамен сұхбат. – Нарынқол, 30 сәуір 2015 ж.
7. Қанат Біржансал «Соғыстың соңғы солдаттары». – Алматы, 2015. 24-28бб.
8. Отан соғысына қатысушыларға ордендер тапсырылды. //Советтік Шекара, 1945 жыл, 5-сентябрь № 29(612).
9. Отан соғысы майдандарынан келген хаттар обзоры. //Советтік Шекара, 1943 жыл, 31 октябрь № 51(547).
10. Мейірбеков Ә. Отан қорғау қорына. //Советтік Шекара, 1941 жыл, 5 сентябрь № 71 (387).
11. Мейірбеков Ә. Игілікті инициативаны іле көтеру ең ардақты міндетіміз. //Советтік Шекара, 1941 жыл, 23 ноябрь № 93 (409).
12. Ұсақ сәудегерлерге жол берілмесін. Бұл да сонда.
13. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты. 1660 қ., 2- т, 1-іс, 71-п.
14. Нарынқол ауданындағы барлық оқушылар мен оқытушыларға. //Советтік Шекара, 1942 жыл, 14 май № 32 (451).
15. Соқпақбаев Б. «Өлгендер қайтып келмейді», 1 т. – Алматы, 2014, 212-б.

Аннотация

В этой статье рассматривается повседневная жизнь жителей Нарынкольского района в годы Великой Отечественной войны. В статье использованы документы и материалы из Государственного Архива Алматинской области, Центрального Государственного Архива Республики Казахстан, областные и районные периодические издания, а также указаны интервью с местными жителями.

С Постановлением Президиума ВЦИК в 1936 г. был образован Нарынкольский район. Первые годы основания района совпали с началом Великой Отечественной войны. В годы Великой Отечественной войны с Нарынкольского района на фронт отправились около 2500 солдат. Среди них 1206 солдат погибли или пропали без вести во время войны.

Воевавшие на фронтах ВОВ соотечественники доблестно сражались за Родину и показали верность своему народу. В статье указаны повседневные подвиги солдат и вклад трудящихся тыла в годы войны.

Ключевые слова: Великая Отечественная война, Нарынкольский район, Повседневная жизнь, Архивные материалы, Интервью, Фронт, Подвиг, Трудящиеся тыла.

Summary

In this article, the years of the Great Patriotic War in Narynkol demonstrate day-to-day life of the inhabitants of the area. In the course of writing the article, I examined regional and local publications, the documents and materials, as well as interviews with local residents, materials from State Archives of the Almaty region and the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.

Narynkol area was formed by Resolution of June 29, 1936 in the Presidium of the Central Executive Committee. A short time after the establishment of the area, the Great Patriotic War had started. About 2500 people were sent to the front of the Great Patriotic War. 1206 of wounded or missing soldiers died during the war.

The moment when Narynkol countrymen went to the front area is one of those critical periods when there was a question between life and death. The heroism of the soldiers' daily life and the contribution of the employees and workers during the war are questioned in this article.

Keywords: Great Patriotic War, the area of Narynkol, everyday life, archival documents, interviews, the Maidan, the courage, the workers in the rear.

903.27(574)

ҚАЗАҚСТАН ЖАРТАС СУРЕТТЕРІНДЕ ЖЫЛҚЫ БЕЙНЕСІНІҢ КЕСКІНДЕЛУІ: УАҚЫТНАМАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Жуматаев Р.С. – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты

Түйіндеме

Мақала Қазақстанның қола дәуірінен орта ғасырларға дейінгі тұрғындарының жартас өнеріндегі жылқының рөлін талдауға арналған. Тақырыпты ашу үшін бұрын зерттелген жартас суреттерінің кешендеріндегі жылқы кескіндері қолданылады. Жылқының кескіндері қарастырылып отырған кезеңдегі аймақтың бейнелеу өнерінің

құрамдас бөлігі ретінде қаралады. Қашалған суреттер екі белгі бойынша талданады: бейне мен иконография және көріністер мен композиция.

Жылқы бейнелерін бейнесіндегі тұрпаттық ұқсастықтары бойынша бірнеше топқа бөлуге болады. Ол өз кезегінде ежелгі және ортағасырлық көшпелілердің түсінігіндегі жылқы бейнесінің рөлін ашуға көмектеседі.

Тірек сөздер: Жылқы, қола дәуірі, жартасқа сурет салу өнері, дүниетаным, ерте көшпелілер.

Жартас бетіне салынған суреттер ежелгі адамдардың материалдық және рухани мәдениетінен мәлімет беретін құнды археологиялық дерек болып табылады. Ежелгі тұрғындардың тас бетіне салған сан-алуан жеке әрі топтасқан кескіндеріне қарап, оларда ашық аспан астындағы өзіндік бір ғибадат ету орындары болғандығы туралы пікір жасауға негіз бар. Мұндай кешендердегі негізгі бейнелер жануарлар әлемімен байланысты болды. Уақытнамалық жағынан тас дәуірінің соңғы кезеңдерінен бастап кейінгі орта ғасырларға дейінгі кезеңді қамтитын жартас бетіндегі суреттер қазақ даласының түкпір-түкпірінде кездеседі. Тас бетіне қашалған белгілі бір жануарлардың бейнелері тарихи кезеңдердегі өзгерістерге қарай бейімделіп, өзгерістерге ұшырап және жаңа қағидаларға сай дамыды. Біздің алдыға қойған мақсатымыз Қазақстан петроглифтеріндегі жылқы кейіпінің ерекшеліктерін ашып көрсету. Мақсатқа қол жеткізу үшін келесідей міндеттер алдыға қойылды: қола дәуірі тайпаларының жылқыны бейнелеу ерекшеліктерін сипаттау, ерте темір дәуірі мен түркі кезеңі петроглифтерінде жылқы кейіпінің өзгерістерін көрсету және жылқы бейнесін байланысты желілер мен сарындарды басқа да археологиялық деректермен салғастыру.

Қола дәуірі петроглифтеріндегі жылқы бейнесі. Қола дәуірі халықтарының кескіндеу өнерімен байланыстырылатын жылқы бейнелері бар жартас сурет кешендері елемізде өте көп. Солардың ішінде классикалық үлгіге айналғандары қатарына әрине Баянжүрек, Таңбалы, Теректіәулие, Құлжабасы, Ешкюлмес, Саусқандық және т.б. жатады. Солардың ішінде жылқы бейнесі ерекше салтанатқа ие болған немесе жылқы кескіндері қайталанбас үлгіде орындалған дала галереяларына тоқталсақ.

Аталған ескерткіштердің ішінде біздің қарастырып отырған тақырыбымыз бойынша Теректіәулие кешенінің орны ерекше.

Зооморф бейнелерінің 90% жуығын жылқы суреті құрайтын Теректіәулие петроглифтерінің біздің тақырыбымызды ашудағы маңызы зор. Негізгі кескіндердің жылқы бейнесімен астасуын зерттеушілер бұл кешеннің жылқы малына деген ғибадат етушілікпен байланысты болуын жоққа шығармайды [1].

Теректі әулие жартас суреттеріндегі жылқы бейнелерінің ішінде жалпақ тастқа салынған ірі жылқының арқасын бойлай салынған 25 шұңқырдың бейнеленуі ерекше қызығушылық тудырады (1-сур.). О.О. Полякова бұл бейнені астрономиялық тұрғыдан түсіндіруге тырысты [2]. Ескерткішті зерттеушілер аталған автордың зерттеу бағытымен келіскенімен, ұсынылған тұжырымның қисынсыз екендігін алдыға тартады [1, 164-165 бб.].

Теректі әулие петроглифтеріндегі жылқы кескіндерінің негізгі тобын сейма-турба мәнеріне жақын үлгіде орындалған жылқы суреттері құрайды. Сейма-турба мәнеріне ұқсас орындалған Теректіәулиенің қола дәуіріне жататын жылқы кескіндері: мүсіні нобайлы, қалпы қимылсыз, тек жуан, түбіне қарай жуандап, доға тәрізді иілген кекілге ұласатын жалы мойынын жауып тұрады.

Теректі Әулиедегі жылқы кескіндеріне иконографиялық және бейнелік жақын ұқсастықтарды біз Жоғарғы Ертіс, Жетісу және Қаратау жотасының батыс шетіндегі петроглифтер арасынан табамыз [3, 15-16 бб.]. Мәселен, Қаратаудағы дәл аталған мәнерге жақын жылқы кескіні ШҚО Шемонайхадан табылған қанжардың басындағы мүсінмен кейбір бөліктері жағынан ұқсас болып келеді. Атап айтқанда, жылқының төменгі ернінен астыға қарай тілкем-қоспа орналасқан, оның қызметін зерттеушілер бекітпе құрылғы деп түсіндіре отырып, сонымен қатар шылбыр да болуы мүмкін деген ұстанымды жоққа шығармайды. З.С. Самашев бұл құрылғының жануарды басқаруға арналған белдік не болмаса арқан деген пікірді алдыға тартады [1].

Жалпы, Қаратау жартас суреттерінде жылқы бейнелерінің сан алуан түрде кескінделген үлгілерін кездестіреміз. Көп жағдайда олар келісідей мәнерде берілген - тік жалды, басы үлкен, жақ сүйектері шығыңқы, мойны мен аяқтары және тұлғасы қысқа әрі жуан, қарны шығыңқы, жылқының алдыңғы бөлігі артқы бөлігіне қарағанда төмендеу, алдыңғы аяқтары тік, ал артқы аяқтары буыннан аздап бүгілген болып келеді.

Жоғарыда келтірілген жылқы сипаттамалары бір жағынан сол замандағы адамның жануарға қатысты таным-түсінігін білдірсе, екінші жағынан белгілі бір тарихи кезеңнің өзіндік ерекшелігін сипаттауы мүмкін. Осылармен қатар қола дәуірі петроглифтерінде күрделі салт-жоралғылық ұстанымды анықтайтын композициялар да кездеседі. Солардың кейбіріне тоқталып өтсек.

"Әлем ағашы түбіндегі жылқы" немесе "жүйрік жылқыларды иеленуші" сияқты мифтік діни көзқарастар үндіеуропалық халықтардың таным-түсінігімен астасады [4, 3-6 бб.]. Жан-жануарлар құдайы деген бейне сол уақыттарда қалыптасуы мүмкін. Сол замандағы салт жүйесінде құрбан шалу ғұрпы нақты бір

тәртіпке негізделді. Соған сәйкес құрбандық малы да қатаң иерархия сақтады. Мәселен, ежелгі үнді мәтіндерінде құрбандық түрлері келесі сатыда анықталды: адам - жылқы - бұқа - қошқар - тауешкі.

Осымен қатар құрбан шалу құрбандықтың түрлілігімен ғана шектелмейді, одан да бөлек белгілер бойынша анықталады. Солардың ішінде құрбан шалу орнына аса мән беріледі. Мифологиялық тұрғыдан келгенде осындай құрбан шалу орнының бейнесін "әлем ағашы" атқарады. Көп жағдайда тігінен орнатылған бағана, өсіп тұрған ағаш т.б. оның қызметін атқаратын болған. Үндіарийлерде жылқыны әлем ағашының түбінде құрбандыққа шалу - "ашвамедха" атты күрделі ғұрпы болды. Ол бойынша көк (ақ) түсті айғырды аспан құдайына "әлем ағашының" түбінде құрбандық етіліп, бұл әрекет космогониялық сипат алды. Айғыр құрбандыққа шалынар алдында символикалық тұрғыда патшаның бірінші әйелімен қатынасқа түсетін, мұның өзі өсіп-өну культімен байланысты болса керек [5, 200 б.]. Күршім петроглифтеріндегі атқазық суреттері осы ғұрыппен астасуы мүмкін (2-сур.). Егер үндіеуропалықтардың Орталық Азия халықтарымен байланыстарын негізге алар болсақ, онда олардың арасында атқазықтағы жылқымен байланысты кейбір ғұрыптарының сәйкес келуі таңданыс тудырмайды.

Өзіміз сипаттап отырған Күршім кескіндік композициясында жылқылармен бірге 6 шабағы бар шеңбер бейнеленген. Ашвамедха барысында ғұрыптың мазмұнын одан әрі тереңдету үшін құрбан бағанының үстіне күннің нышаны ретінде дөңгелек орнататын. Осы ретте біз сипаттап отырған шеңбер де осы ғұрыптың терең мағынасына арналса керек.

Осындай мазмұндық мәні бар кескін Жетісудағы Құлжабасы жартас суреттерінде де кездеседі. Мұндағы атқазықта үш жылқы бейнеленген.

Жалпы алғанда, "әлем ағашы" түбіндегі жылқы әртүрлі халықтардың дүниетанымы мен өнерінде уақытнамалық және территориялық ерекшеліктерге ие. Сондықтан оның толыққанды мазмұнын ашу үшін сол жердегі автохтонды халықтың этнографиясымен байланыстыра қараған жөн сияқты.

Осылайша, байқап отырғанымыздай қола дәуірі жартас бетіндегі суреттерде жылқы бейнесінің өзі екі бағытта анықталады. Ең алдымен жылқылар жалғы-жарым немесе топтасқан қалыпта сурттелсе, еді бір кезекте күрделі діни-салттық композициялардың асты кейіпкеріне айналған.

Ерте темір дәуірі жартас суреттеріндегі жылқы бейнесі. Б.з.д. I мыңжылдықта Еуразия даласындағы тұрғындардың жаңа шаруашылық-мәдени тұрпатына – көшпелі бақташылыққа ауысуы, сонымен бірге алғашқы мемлекеттік құрылымдардың құрылуы нәтижесінде түрлі әскери институттардың қалыптасуы жаңа идеология мен дүниетанымның жүзеге асуына себеп болды. Мұның өзі жерлеу ғұрпы мен өнерде көрініс тапты. Осы уақыттағы жартас суреттерінде аң бейнелі стилде орындалған бейнелер, жыртқыштардың басқа жануарларға шабуылы, аңшылық желілер, әскери қактығыстар сияқты сарындар басымдық алады.

Ерте көшпелілер қоғамында жылқы малына деген түсінік тіптен арта түседі. Қаратаудың жартас бетіндегі суреттерінде осы кезеңге тән жылқы немесе салтаттылардың түрлі үлгілерін кездестіруге болады. Аталған кезеңдегі жылқылар мойны жіңішке әрі ұзын, қарны тартыңқы сарында беріледі. 1949-1950 жылдары Ходжакент петроглифтерін зерттеген Х.Алпысбаев олардың қолдан будандастырылған үй жылқысы екендігін алдыға тартқан болатын [6, 186 б.].

Қарастырылып отырған кезеңде жылқы бейнесі күн және жылдамдық нышыны, жауынгердің сенімді серігі ретінде кескінделеді. Яғни, осы уақытта салт атты жауынгер дүниетанымдық құндылықтар жүйесінде өзіндік орнын алғанымен, аталмыш кезеңде толыққанды басымдық алмайды. Екінші жағынан, зерттеушілердің пікірінше жылқы немесе салт атты бейнесі басқа тұрғыдан да түсіндірілуі мүмкін. Оған, Таңбалы (3-сур.) мен Қаратаудағы басына тау текенің мүйізімен бітісетін бетперде кигізілген жылқылар дәлел бола алады.

Қызылшың жартас суреттерінің бірінде тік беткейлі тегістікте қола дәуірінің суреттерінің үстінен қашалған, үлкен көрініс ретінде салынған төрт жылқы бейнесінің барлығы «жарты ай» тәріздес қос мүйізбен кескінделген. Бұл бейнелердің жартас суреттеріндегі баламасын Таңбалы петроглифтерінен, Хантаудағы Теректі петроглифтерінен көре аламыз [7].

Бұл бейнелер Таулы Алтайдағы пазырық, Қазақ Алтайындағы Берел обаларында жерленген жылқылардың басындағы бетперделерді қайталайды.

Ортағасырлық сурттердегі жылқы бейнесі. Осы кезеңде алғашқы дәуірлердегі бейнелеу сарындары қалыс қалып, алдыңғы қатарға қоғамдағы саяси-әлеуметтік қатынастарды суреттейтін кескіндер шығады. Ортағасырлар бойы әскери істің негізгі қозғаушы күш болуы өнерге де өзінің ықпалын тигізеді. Ендігі жерде жылқы жеке дара емес, жауынгердің жорықтағы серігі ретінде бейнеленеді. Жартас бетіндегі жауынгер, ат-әбзелімен берілген жылқы және қару-жарақ кешені – ғасырлар бойы дамып келе жатқан жылқышылық мәдениеттің шарықтау шегінің көрінісі болып табылады. Ортағасырлық салт атты жауынгердің бейнесі Орталық Азия петроглифтеріндегі ең танымал суретке айналады. Жартастағы бейнелерде

жауынгердің жылқысына ерекше мән берілген. Ол жараған қалыпта, жіңішке аяқты, қысқа қиылған жалы бар мойыны аққу тәрізді майысып, тік құлақты басы кішірек мәнерде берілген. Осы уақыттағы танымал бейнелердің бірі – қолына ту ұстаған жауынгер (4-сур.). З.Самашевтың пікірінше бұл бейне ежелгі түрік кешенінің ерекше «мәдени шартты белгісі» болып табылады [8].

Осылайша жоғарады өзіміз тоқталып өткен тарихи кезеңдер бойынша жартас бетіндегі жылқы бейнесінің өзгеруіне қатысты төмендегідей тұжырымдар жасауға болады.

Қола дәуірі петроглифтеріндегі жылқы бейнесі зооморф кескіндерінің ішінде жиі қолданылатын сарындар қатарына жатады. Алғаш қолға үйретіліп, шаруашылықта алдыңға қатарға шыға бастаған жылқы дүниетаным жүйесінде де өзіндік нышан белгісін алады. Яғни, жылқы түрлі ғұрыптық көріністердің ортасында бейнеленеді.


Келесі, яғни ерте көшпелілер заманында жылқы бейнесі екі түрлі мәнде сипатталады. Бір жағынан, жылқы кескіні сол замандағы қоғамдық қатынастармен байланыстырылса, екінші жағынан жосын-жоралғылармен де астасып жатады.

Ал ортағасырлық кескіндердегі жылқы бейнесі сол дәуірдің әскерлендірілген жүйесіне икемделіп берілген. Яғни, жылқы өзіміз жоғарыда айтып кеткініміздей қарулы жауынгермен қосылып ортақ бір жүйені құрайтын бейнені береді.

Жалпы алғанда, қазақ даласында сонау энеолиттен бастау алатын жылқы малымен байланысты түрлі әдет-ғұрыптар (жерлеу ғұрпы, жартастағы сурет, шағын мүсіндер және т.б.) әр дәуірде өзіндік сипат алып, қоғамдық қатынастардың өзгеруіне қарай жаңаша бейімделіп отырды. Бір айта кетерлігі, жылқы бейнесін тасқа қашау бертінгі уақытқа дейін сақталып, еліміздің батыс өлкесіндегі мазарлардың қабырғаларында өзіндік орнын алады. Бұл өнер арқылы қола дәуірінен бері жеткен тарихи тамырластықтың айқын куәсі бола алады.



1-сурет. Теректі әулие кешеніндегі жылқы бейнелері



2-сурет. Күршімдегі жартас бетіне салынған композициядағы әлем ағашы түбіндегі жылқылар



3-сурет. Таңбалыдағы мүйізді жылқы кескіні



4-сурет. Ту ұстаған салт аттты бейнесі. Баянжүрек

1. Самашев З, Байтілеу Д, Құрманқұлов Ж. Теректі әулие петроглифтері. – Астана, 2013.
2. Полякова О.О. Астрономическая интерпретация изображения коня в петроглифах Теректы Аулие (Центральный Казахстан) // Экология древних и традиционных обществ. - Вып. 3. - Тюмень, 2007. – С. 125-128.
3. Самашев З. Изобразительные памятники бронзового века // Материалы II Международной научной конференции "Кадырбаевские чтения-2010". – Актөбе, 2010. – С.4-33
4. Кузьмина Е.Е. Кони и колесницы Южного Урала и индоевропейские мифы // Проблемы изучения энеолита и бронзового века Южного Урала. – Орск, 2000. – С. 3-9.
5. Самашев З.С. Наскальные изображения Верхнего Прииртышья. – Алма-Ата: Ғылым, 1992. – 288 с.
6. Кадырбаев М.К., Марьяшев А.Н. Наскальные изображения хребта Каратау. – Алма-Ата: Наука, 1977. – 232 с.
7. Мургабаев С. Үлкен Қаратаудың жартастарындағы ежелгі жылқы бейнелерін мерзімдеу // Алаш. - 2009. - N 3. - Б.94-99.
8. Самашев З. Графическое искусство средневековых народов Великой степи // Тюркское наследие Евразии VI-VIII вв. – Астана, 2008. – 41-92

Аннотация

Статья посвящена анализу лошади в наскальном искусстве древнего населения Казахстана от эпоху бронзы до средневековья. В качестве источников для раскрытия темы используются материалы из ранее исследованных комплексов наскального искусства. Изображения лошадей рассматриваются в качестве одной из составляющих изобразительного искусства региона в указанное время. Гравировки анализируются по двум параметрам: образы и их иконография, сцены и композиция.

Изображения коня можно разделить на несколько групп, которые имеют не только типологические сходства в изображении, но и дают возможность делать определенные выводы о роли образа коня в представлениях древних и средневековых кочевников.

Ключевые слова: Конь, бронзовый век, наскальное искусство, мировоззрение, ранние кочевники.

Abstract

This article analyzes the horses in the rock art of the ancient population of Kazakhstan from the Bronze Age to the Middle Ages. As sources for the disclosure of threads used materials from the previously studied complexes of rock art. Images of horses are regarded as one of the components of the fine arts in the region at that time. Engraving analyzed by two parameters: the images, and their iconography, and the composition of the scene.

Images of the horse can be divided into several groups, which have not only typological similarities in the image, but also make it possible to draw conclusions about the role of the image of a horse in the views of the ancient and medieval nomads.

Keywords: horse, bronze age, rock art, world view, early nomads.

